ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

«ӨРКЕН» БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

«ҚАУІПСІЗДІК САБАҚТАРЫН»

өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар



АЛМАТЫ 2026

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«ӨРКЕН» БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

«ҚАУІПСІЗДІК САБАҚТАРЫН»
өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

АЛМАТЫ 2026

«ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды (2026 жылғы 4 маусымдағы № 6 хаттамасы).

«Қауіпсіздік сабақтарын» өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. – «ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ, 2026. – 448 бет.

Осы әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдарда 4–5 жастағы тәрбиеленушілерге, 1–11-сынып білім алушыларына, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 1–2-курс білім алушыларына «Қауіпсіздік сабақтарын» өткізуге арналған материалдар қамтылған.

Материалдар тәрбиеленушілер мен білім алушылардың әртүрлі өмірлік жағдайларда қауіпсіз әрі жауапты мінез-құлық танытуға қажетті білімдерін, біліктері мен практикалық дағдыларын қалыптастыруға, оның ішінде жеке, қоғамдық және цифрлық қауіпсіздік мәселелеріне, қауіп-қатерлерді тануға, қауіпті жағдайлардың алдын алуға және төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарға бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдар «Қауіпсіздік сабақтарын» өткізу кезінде және балалардың, жасөспірімдер мен жастардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысын жоспарлау барысында пайдалануға арналған.

© «ӨРКЕН» БӘАҰҒПИ КеАҚ, 2026

МАЗМҰНЫ

1.	Кіріспе	5
2.	4 жастағы балаларға арналған «Қауіпсіздік» тақырыбындағы ұйымдастырылған іс-әрекет	9
3.	Мектепалды жастағы (5 жастағы) балаларға арналған «Қауіпсіздік» тақырыбындағы ұйымдастырылған іс-әрекет	32
4.	1-сыныпқа арналған қауіпсіздік сабақтары	58
5.	2-сыныпқа арналған қауіпсіздік сабақтары	86
6.	3-сыныпқа арналған қауіпсіздік сабақтары	118
7.	4-сыныпқа арналған қауіпсіздік сабақтары	148
8.	5-сыныпқа арналған қауіпсіздік сабақтары	180
9.	6-сыныпқа арналған қауіпсіздік сабақтары	217
10.	7-сыныпқа арналған қауіпсіздік сабақтары	255
11.	8-сыныпқа арналған қауіпсіздік сабақтары	290
12.	9-сыныпқа арналған қауіпсіздік сабақтары	326
13.	10-сыныпқа / ТжКБ ұйымдарының 1-курс білім алушыларына арналған қауіпсіздік сабақтары	364
14.	11-сыныпқа / ТжКБ ұйымдарының 2-курс білім алушыларына арналған қауіпсіздік сабақтары	401

КІРІСПЕ

2026–2027 оқу жылында «Қауіпсіздік сабақтарының» мазмұны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы №56 қаулысымен бекітілген 2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 35-тармағына сәйкес жаңартылды.



Қауіпсіздік сабақтарын іс-әрекетке негізделген тәсілді қолдана отырып өткізу ұсынылады. Бұл тәсіл білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өмірлік жағдаяттарды талқылауды және қауіпсіз мінез-құлық алгоритмдерін іс жүзінде пысықтауды көздейді.

Мақсаты:

тәрбиеленушілер мен білім алушылардың түрлі жағдайларда өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған қауіпсіз әрі жауапты мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері:

қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен әрекет ету тәртібін меңгерту, ықтимал қауіп-қатерлерді танып-білуге және түрлі жағдайларда дұрыс әрекет етуге үйрету;

қауіптерді бағалау, қауіпсіз шешім қабылдау және дер кезінде көмекке жүгіну дағдыларын дамыту;

өз өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен әрі ұқыпты қарауға, сондай-ақ өзге адамдардың құқықтарын, жеке шекарасы мен қауіпсіздігін құрметтеуге тәрбиелеу.

Қауіпсіздік сабақтарын ұйымдастыру

Қауіпсіздік сабақтары мынадай тәртіппен өткізіледі:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында – ұйымдастырылған іс-әрекет аясында;

орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында – сынып / кураторлық сағаттар аясында аптасына бір рет, ұзақтығы 10 минуттан.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері үшін 11 ұйымдастырылған іс-әрекет, 1–8-сынып білім алушылары үшін 11 тақырып, ал 9–11-сынып білім алушылары және техникалық

және кәсіптік білім беру ұйымдарының 1–2-курс білім алушылары үшін 12 тақырып өткізу көзделген.

Әр тақырып оқу жылы ішінде тиісті сабақ әзірлемесіне сәйкес үш рет өткізіледі. Тақырыпты қайталап өткізу негізгі ережелер мен қауіпсіз мінез-құлық алгоритмдерін бекітуге және оларды практикада пысықтауға бағытталады.

Тақырыпты қайталап өткізу кезінде педагог сабақтың мақсатын, негізгі мазмұнын және қауіпсіз мінез-құлықтың алгоритмін сақтай отырып, мысалдарды, сұрақтарды және тәжірибелік жағдаяттарды өзгерте алады.

Сабақ әзірлемесі тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жас ерекшеліктерін, білім беру қажеттіліктерін, сондай-ақ білім беру ұйымының нақты жағдайларын ескере отырып бейімделуі мүмкін. Бейімдеу барысында сабақтың мақсатын, негізгі мазмұнын, қауіпсіз мінез-құлықтың негізгі алгоритмін және күтілетін нәтижені сақтау қажет. Сұрақтардың, мысалдардың және қосымша тапсырмалардың саны сабақтың ұзақтығын ескере отырып қысқартылуы мүмкін.

Сабақтарды өткізуге қойылатын негізгі талаптар:

Қауіпсіздік сабақтарын өткізу барысында:

1) тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жас ерекшеліктерін, танымдық мүмкіндіктері мен эмоциялық жай-күйін ескеру;

2) түсінікті әрі шынайы өмірде кездесетін жағдаяттарды пайдалану;

3) психологиялық тұрғыдан қауіпсіз орта қалыптастыру;

4) қауіпсіз әрекет ету тәсілдерін іс жүзінде пысықтауға басымдық беру;

5) шынайы, сенімді және өзекті ақпаратты пайдалану;

6) қауіпсіздік мәселелері бойынша әрекет ету тәртібін, жаднамалар мен бейнематериалдарды пайдалану ұсынылады.

Тәрбиеленушілер мен білім алушылардың психологиялық жай-күйіне кері әсер етуі мүмкін материалдарды пайдалануға, сондай-ақ оларды зорлық-зомбылыққа, қауіп-қатерге, буллингке және өзге де психологиялық тұрғыдан ауыр жағдайларға байланысты жеке тәжірибесін көпшілік алдында айтуға мәжбүрлеуге жол берілмейді.

Егер тәрбиеленуші немесе білім алушы өзінің қауіпсіздігіне не әл-ауқатына қатер төндіретін жағдай туралы хабарласа, педагог бұл жағдайдың мән-жайын топтың немесе сыныптың қатысуымен талқыламайды. Мұндай жағдайда педагог білім беру ұйымының баланы қорғау және тиісті шаралар қабылдау тәртібіне сәйкес әрекет етеді.

Сабақтың ұсынылатын құрылымы

10 минуттық «Қауіпсіздік сабағын» өткізу үшін төмендегідей құрылым ұсынылады:

1. Тақырыпты өзектендіру – 1-2 минут.

Қарастырылатын қауіпсіздік мәселесіне білім алушылардың назарын аудару үшін өмірлік жағдаятты, сұрақты, мысалды немесе иллюстрацияны пайдалана отырып, сабақ тақырыбына қысқаша кіріспе жасау.

2. Қауіпсіз әрекетті практикалық тұрғыда пысықтау – 6-7 минут.

Сабақтың тақырыбы мен білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай жағдайларды талқылау, рөлдік ойындар, практикалық жаттығулар, кейстерді талдау және қауіпсіз мінез-құлық алгоритмдерін пысықтау ұсынылады.

Қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын көрнекі түрде таныстыру және бекіту үшін постерлерді, иллюстрацияларды, сызбаларды, презентацияларды және бейнероликтерді пайдалануға болады.

3. Қорытындылау және негізгі алгоритмді бекіту – 1-2 минут.

Сабақ соңында қарастырылған жағдаятқа қатысты негізгі ережелер мен іс-әрекет алгоритмін қысқаша қайталау қажет.

Рефлексия жасау үшін төмендегі сұрақтарды пайдалану ұсынылады:

Бүгін қауіпсіздік туралы қандай маңызды нәрсе білдім?

Қауіп төнгенде кімге көмекке жүгінемін?

Осындай жағдайға тап болсам, қалай әрекет етемін?

Қауіп төнген жағдайда кімге көмек сұрап жүгіне аламын?

Күнделікті өмірде қандай қауіпсіздік ережесін есте сақтап, қолданамын?

Педагог білім алушылардың кері байланысын алдағы сабақтарды жоспарлау мен жетілдіру барысында пайдалана алады.

Қосымша тапсырма (қажет болған жағдайда): білім алушыларға сабақ тақырыбы бойынша шағын практикалық немесе шығармашылық тапсырма орындауды ұсынуға болады. Мысалы, сурет салу, жаднама әзірлеу немесе сабақта меңгерген қауіпсіздік ережелерін ата-аналарымен талқылау.

Күтілетін нәтижелерге қол жеткізу

Күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейі педагогикалық бақылау, практикалық және жағдаяттық тапсырмаларды орындау арқылы айқындалады.

Жас ерекшеліктеріне сәйкес мынадай нәтижелер көзделеді:

4–5 жас – қарапайым қауіпті жағдаяттарды таниды, қауіпсіз мінез-құлықтың негізгі ережелерін сақтайды және ересек адамнан көмек сұрайды;

1–4-сыныптар – типтік қауіпті жағдаяттарды таниды, қауіпсіз іс-қимыл нұсқасын таңдайды және көмек алу үшін кімге жүгіну керектігін біледі;

5–8-сыныптар – қауіп-қатерлер мен олардың ықтимал салдарын бағалайды, меңгерген қауіпсіз іс-қимыл алгоритмдерін орындайды және қажет болған жағдайда көмекке жүгінеді;

9–11-сыныптар және ТжКБ ұйымдарының 1–2-курс білім алушылары – қауіп-қатерлерді талдайды, ықтимал салдарды бағалайды, қауіпсіз шешімді негіздеп таңдайды және тиісті көмек алу жолдарын айқындайды.

Бағалау ережелер мен терминдерді жай ғана қайталап айтуды емес, қауіпсіз іс-қимыл тәсілдерін нақты жағдайда пайдалана білу қабілетін анықтауға бағытталады.

Отбасымен және әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимыл

Ата-аналарға (заңды өкілдерге) балалармен қауіпсіз мінез-құлық ережелерін талқылау және сабақ барысында меңгерген қауіпсіз іс-қимыл алгоритмдерін пысықтау ұсынылады. Бұл ретте қауіп-қатерді әсірелеп көрсетуге немесе жағымсыз салдарға шамадан тыс назар аударуға болмайды.

Жекелеген сабақтарды өткізуге құқық қорғау және азаматтық қорғау органдарының, денсаулық сақтау ұйымдарының, психологиялық қызметтердің және басқа да бейінді ұйымдардың өкілдері тартылуы мүмкін. Олардың сабаққа қатысу форматы мен мазмұны педагогпен алдын ала келісіліп, сабақтың тақырыбына, сондай-ақ тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, білім беру қажеттіліктеріне сәйкес болуы тиіс.

Әдістемелік қамтамасыз ету

Қауіпсіздік сабақтарын өткізу барысында сабақ әзірлемелерін, презентацияларды, жаднамаларды, қауіпсіз іс-қимыл алгоритмдерін, бейнематериалдарды, практикалық тапсырмаларға арналған карточкаларды, плакаттарды, инфографикаларды және басқа да көрнекі материалдарды қолдануға болады.

Бұл материалдар білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, сабақтың мақсатына және психологиялық қауіпсіздік қағидаттарына сәйкес келуі, сондай-ақ сенімді әрі өзекті ақпаратты қамтуы тиіс.

Әдістемелік және ақпараттық материалдар «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ-ның ресми сайтындағы «Қауіпсіздік сабақтары» бөлімінде орналастырылған, сондай-ақ оларға QR-кодтар арқылы қол жеткізуге болады. https://orken-instituty.kz/kz

4 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «ҚАУІПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТЕР ТОПТАМАСЫ



№	Тақырыптар
1	Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері
2	Мен сенім артатын ересектер
3	Қоғамдық орындарда қауіпсіздікті қалай сақтауға болады?
4	Бейтаныс адам жақындағанда не істеу керек?
5	Үйдегі қауіпті заттар мен орындар
6	Қолды таза ұстау: аурудан қалай сақтануға болады?
7	Смартфон мен планшетті қалай дұрыс пайдалану керек?
8	Экранда көрсетілгеннің бәріне сенуге бола ма?
9	Адасып қалғанда не істеу керек?
10	Жолдағы қауіпсіздік ережелері
11	Балалар алаңындағы қауіпсіздік ережелері

№1 сабақ	**Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері**
Мақсаты	Тәрбиеленушілерде қауіпсіз мінез-құлықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	- балаларды жедел көмек қызметтерімен және байланыс орталығымен таныстыру; - балалардың зейінін, сөйлеу қабілетін және қарапайым өмірлік жағдайларды түсіну дағдыларын дамыту; - сенімді ересек адамға жүгінуге және көмек сұрауға дайын болу қасиетін тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар:

Телефон макеті, телефон нөмірлері көрсетілген карточкалар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Тәрбиеші телефон макетін көрсетеді.

– Балалар, телефон тек сөйлесу үшін ғана қажет емес. Ол қажет кезде көмек шақыру үшін де қолданылады. Бүгін біз қиын жағдайға тап болған адамдарға көмектесетін қызметтермен танысамыз.

Тәрбиеші тәрбиеленушілерге алған білімдерін кеңейту мақсатында тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады:

https://drive.google.com/file/d/1CpHsUuaZrvtFqm_VlWwva3vGJQtC74gi/view?usp=sharing

Тәрбиеші 101 нөмірі жазылған карточканы көрсетеді.

– Балалар, егер өрт шықса, адамдарға кім көмектеседі?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші:

– Дұрыс айтасыңдар, балалар! Өрт сөндірушілер өрт болған жерге келіп, адамдарды құтқарады. Өрт сөндірушілерін 101 нөміріне қоңырау шалу арқылы шақырамыз.

Барлығы бірге қайталайды:

– Егер түтін немесе өртті көрсең, 101 нөміріне қоңырау шал!

Тәрбиеші 102 нөмірін көрсетеді.

– Ал егер адам адасып кетсе не қауіп төнсе, кім көмектеседі?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші:

– Дұрыс, балалар! Егер қауіп төнсе, бізге көмекке полиция қызметкерлері келеді. Полицияны 102 нөміріне қоңырау шалу арқылы шақырамыз.

Жедел желі нөмірлері

Тәрбиеші:

– Егер шұғыл көмек қажет болса, 102 нөміріне қоңырау шал!

Тәрбиеші 103 нөмірін көрсетеді.

– Балалар, ауырған адамдарға кім көмектеседі?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші:

– Дұрыс айтасыңдар, балалар! Егер біреу ауырып қалса, оған жедел жәрдем дәрігерлері көмек көрсетеді.

Барлығы бірге қайталайды:

– Егер біреу ауырып қалса, дәрігер көмектеседі – 103 нөміріне қоңырау шал!

Шұғыл құтқару қызметі және 111 байланыс орталығы

Тәрбиеші 111 және 112 нөмірлері жазылған карточкаларды көрсетеді. Тәрбиеші:

– Балалар, бұл нөмірлерді де есте сақтайық. 111 және 112 – көмек қажет болған жағдайда хабарласатын маңызды нөмірлер.

Тәрбиеші қарапайым тілмен түсіндіреді:

– 111 нөмірі – балалар мен отбасыларға қажет көмек пен қолдау көрсететін байланыс орталығы. Сенде қиындық туындаса, осы нөмірге хабарласуға болады.

– 112 нөмірі – бірыңғай жедел құтқару қызметінің нөмірі. Егер төтенше жағдай болса, осы нөмірге қоңырау шалып, қажетті көмек шақыруға болады.

Тәрбиеленушілер бірге қайталайды:

– Кенеттен көмек қажет болса, 111, 112 маңызды нөмірлерін есте сақта!

«Көмекке асығамыз» қимылды ойыны

Топ бөлмесінің әр бұрышына өрт сөндіруші, дәрігер және полиция қызметкері бейнеленген суреттер орналастырылады.

Тәрбиеші жағдайды айтады:

– Қағаз өртеніп кетті!

Балалар өрт сөндірушінің суретіне қарай жүгіреді.

– Қуыршақтың тамағы ауырып қалды!

Балалар дәрігердің суретіне қарай жүгіреді.

– Балақай адасып кетті!

Балалар полиция қызметкерінің суретіне қарай жүгіреді.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші сұрақтар қояды:

– Өрт болған кезде адамдарға кім көмектеседі?

– Ауырған адамдарды кім емдейді?

– Адам адасып кеткен жағдайда кім көмектеседі?

– Төтенше жағдай орын алса, не істеу керек?

Жалпы қорытынды жасалады:

– Егер қауіпті жағдай орын алса, мен жалғыз қалмаймын, міндетті түрде ересек адамды шақырамын.

Шұғыл көмек қажет болса, 111, 112 нөмірлеріне қоңырау шалып, көмек шақыруын сұраймын.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) материалдары негізінде әзірленген қауіпсіздік сабағы

№2 сабақ	Мен сенім артатын ересектер
Мақсаты	Тәрбиеленушілердің жеке қауіпсіздігі туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру
Міндеттері	– таныс және бейтаныс адамдарды ажырата білуге үйрету, көмек сұрауға болатын сенімді ересектер туралы түсінік қалыптастыру; – қауіпті жағдайда көмекке қатты дауыстап шақыру дағдысын дамыту; – сенімді ересектерге жүгінуге және олардан көмек сұрауға баулу.

Материалдар мен ресурстар:

Телефон нөмірлері жазылған карточкалар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тәрбиеші:

– Балалар, қараңдаршы, бізге қонаққа Айбар келді. Бірақ ол неге қорқып тұр? Не болды екен?

Айбар:

– Мен саябақта серуендеп жүріп, адасып кеттім. Мен жалғыз қалдым деп ойладым!

Тәрбиеші:

– Айбар, ұмытып кеттің бе? Әр баланың оны әрдайым қорғайтын, қамқор болатын сенімді ересектері бар. Балалар, Айбарға сендерді кім қорғайтынын көрсетейік.

«Менің қауіпсіздік шеңберім» жаттығуы

Тәрбиеші анасының, әкесінің, әжесінің, атасының және тәрбиешінің суреттерін көрсетеді.

Тәрбиеші:

– Балалар, суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші:

– Дұрыс! Бұл – біз үшін жақын әрі сенімді ересектер. Олар бізге қамқор болады және қиын жағдайда әрдайым көмектеседі.

Тәрбиеші:

– Дұрыс, бұл – анамыз бен әкеміз. Олар – сендер үшін ең жақын әрі сенімді ересектер. Егер өздеріңді жайсыз сезінсеңдер, көңілдерің

түссе немесе біреу сендерді ренжітсе, бірден кімге жүгіріп барасыңдар?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші:

– Дұрыс айтасыңдар. Ал балабақшада болған кезде сендерге ең жақын әрі көмектесетін ересек адам кім?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші:

– Дұрыс, біз – тәрбиешілер. Мына ережені есте сақтаңдар:

«Қауіп төнсе, мен сенетін ересек адамнан көмек сұраймын».

– Қорықсаңдар, жалғыз емес екендеріңді ұмытпаңдар. Бірден аналарыңды, әкелеріңді немесе тәрбиешілеріңді көмекке шақырыңдар.

Тәрбиеші:

– Балалар, егер бейтаныс адам сендерді өзімен бірге жүруге шақырса немесе қолдарыңнан ұстауға тырысса, не істеу керек?

Тәрбиеленушілер жауап береді.Тәрбиеші:

– Иә, бейтаныс адаммен бірге кетуге болмайды! Қатты дауыстап көмекке шақырамыз! Қане, көмекке дұрыс шақыру үшін жаттығып көрейік.

Жай ғана «А-а-а!» деп айқайламаймыз. Анық әрі қатты дауыспен: «Мен бұл адамды танымаймын!» деп айқайлаймыз.

Балалар бірге және кезек-кезек қатты әрі анық дауыстап осы сөйлемді қайталайды.

«Дұрыс шешім» ойыны

Тәрбиеші әртүрлі жағдаяттарды оқиды. Тәрбиеленушілер «болады» немесе «болмайды» деп жауап береді.

– Қорқып қалсаң, анаңа айту. – Болады.

– Тәрбиешіден көмек сұрау. – Болады.

– Адасып қалсаң, полиция қызметкерінен көмек сұрау. – Болады.

– Жалғыз өзің алысқа кетіп қалу. – Болмайды.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші:

– Айбар, енді қиын жағдайда кімнен көмек сұрауға болатынын түсіндің бе?

Айбар:

– Иә! Қорқып қалсам немесе қиын жағдайға тап болсам, анамнан, әкемнен, ата-әжемнен, тәрбиешімнен немесе өзім сенетін басқа ересек адамнан көмек сұраймын.

Тәрбиеші:

– Дұрыс! Ал адасып қалсаңдар, полиция қызметкерінен, дәрігерден немесе күзетшіден көмек сұрауға болады.

– Естеріңде болсын: кез келген бейтаныс адамға сене беруге болмайды.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№3 сабақ	Қоғамдық орындарда қауіпсіздікті қалай сақтауға болады?
Мақсаты	Тәрбиеленушілердің қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріп-тұрудың бастапқы дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріп-тұру ережелерімен таныстыру; - зейінін және қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; - сақтыққа және жауапкершілікке тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар:

Бағдаршамның түстері: қызыл, жасыл.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тәрбиеші:

– Балалар, бізге қонаққа Айбар келді. Ол жылап тұр. Ол анасымен бірге дүкенге барған екен. Бір сәтте әдемі ойыншыққа қызығып, анасының қолын жіберіп, алыстап кетіпті. Сөйтіп, анасынан адасып қалған. Айбарға қауіпсіздік ережелерін үйренуге көмектесеміз бе?

Жағдаяттармен жұмыс

Тәрбиеші әртүрлі жағдаяттарды оқиды, ал тәрбиеленушілер жауап береді.

1-жағдаят

– Балалар, біз саябаққа келдік. Мұнда бейтаныс адамдар көп. Айсұлу адасып, жоғалып кетті. Ол не істеуі керек?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші:

– Егер саябақта адасып қалсаң, жүгіріп алысқа ұзап кетпе. Бір орында тоқтап, сол жерде күт. Көмек сұрау үшін полиция, саябақ қызметкеріне немесе қасында балалары бар ересек адамға жүгін.

Адасып қалғаныңды айт. Өз атыңды және анаңның немесе әкеңнің атын айт. Ең бастысы, бейтаныс адаммен бірге ешқайда кетпе!

2-жағдаят

– Айсұлуға бейтаныс адам тәттілер ұсынып жатыр. Бейтаныс адамдардан тәтті алуға бола ма?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші:

– Дұрыс, балалар! Бейтаныс адамдардан ешқашан тәтті немесе басқа зат алмаңдар және олармен бірге ешқайда бармаңдар.

– Бірден қатты дауыстап: «Мен сізді танымаймын!» – деп айтыңдар.

3-жағдаят

– Айсұлудың үйге қайтатын уақыты болды. Ол анасымен бірге жаяу келе жатыр. Айналада көліктер жүріп жатыр. Балалар, жолды қай жерден кесіп өтуге болады?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші:

– Дұрыс айтасыңдар! Жолды тек анамызбен бірге, жаяу жүргіншілер өткелімен және бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана кесіп өту керек.

«Бағдаршам» қимыл ойыны

Тәрбиеші жасыл түсті дөңгелекті көрсетеді – балалар орнында тұрып адымдайды.

Қызыл түсті дөңгелекті көрсетеді – балалар қимылсыз тұрып қалады.

Тәрбиеші:

– Айбар енді күлімдеп тұр, барлық ережені жақсы түсініп алды! Қане, оған қауіпсіздіктің негізгі ережелерін тағы бір рет қайталайық.

Жолдан өткенде, көпшілік жерде және эскалаторда әрдайым анаңның немесе әкеңнің қолынан ұста.

Жолды бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана кесіп өт.

«Қол созым жер» ережесі

Ересек адамға жақын тұр. Қажет болған жағдайда оның қолына қолың жететіндей жақын жерде бол**.**

Егер адасып қалсаң, тоқта және ешқайда кетпе. Анаңды немесе әкеңді өз бетіңше іздеуге тырыспа. Көмек сұрау үшін полиция қызметкеріне, күзетшіге, сатушыға немесе сол жердің басқа қызметкеріне жүгін. Қатты дауыстап «Анашым!», «Әкешім!» деп шақырған дұрыс.

Бейтаныс адам «мысық немесе қуыршақ көрсетемін», «тәтті беремін» деп шақырса да, онымен бірге ешқайда барма.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші сұрақтар қояды:

– Қоғамдық орындарда өзімізді қалай ұстауымыз керек?

– Егер адасып қалсақ, не істеуіміз керек?

– Көмек сұрап, кімге жүгінуге болады?

Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Қауіпсіздік ережелерін білсеңдер, қауіпті жағдайдан сақтана аласыңдар.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№4 сабақ	Бейтаныс адам жақындағанда не істеу керек?
Мақсаты	Тәрбиеленушілердің бейтаныс адамдармен кездескен кездегі қауіпсіз мінез-құлық туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру
Міндеттері	– «Бейтаныс адам» ұғымымен және бейтаныс адаммен кездескен кезде қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру; – бейтаныс адаммен кездескен жағдайда дұрыс әрекет ете білуге үйрету; – сақ болуға және қажет кезде сенімді ересек адамнан көмек сұрауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар:

Постерлер

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тәрбиеші:

– Балалар, біз балалар алаңында серуендеп жүргенде, айналамызда көптеген адамдар болады. Олардың арасында біз жақсы танитын адамдар да, бейтаныс адамдар да бар.

«Таныс па, бейтаныс па?» ойыны

Тәрбиеші балаларға ойынның ережесін түсіндіреді:

– Егер мен сендер жақсы танитын адамды айтсам, қол шапалақтайсыңдар. Ал егер танымайтын адам туралы айтсам, қолдарыңды арқаларыңа жасырасыңдар.

Тәрбиеші мысалдарды атайды:

анаң;

әкең;

әжең;

тәрбиешің;

саябақта алғаш рет көрген адам;

дүкенде сенің жаныңа келген танымайтын адам;

аулада бұрын көрмеген адам.

Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Балалар, біреу сендерге күлімдеп, жылы сөйлесе де, егер оны танымасаңдар, ол – бейтаныс адам. Бейтаныс адамнан тәтті, сыйлық немесе басқа зат алмаңдар және онымен бірге ешқайда бармаңдар.

Жағдаяттық ойын

1-жағдаят

Тәрбиеші:

–Бейтаныс адам саған: «Жүр, мен саған кішкентай марғауды көрсетемін», – деді. Мұндай жағдайда не істеу керек?

Тәрбиеленушілер жауап береді.

2-жағдаят

Тәрбиеші:

– Бейтаныс адам саған тәтті ұсынып жатыр. Не істеу керек?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Дұрыс айтасыңдар! Бейтаныс адаммен бірге ешқайда кетуге болмайды және одан сыйлық немесе тәтті алуға болмайды.

«Артқа шегін» практикалық жаттығуы

Тәрбиеші:

– Егер бейтаныс адам саған жақындап, сөйлеп бастаса, бір қадам артқа шегініп, бірден өзің сенетін ересек адамға жақындап, болған жағдайды айту керек.

Тәрбиеші бейтаныс адамның рөлін сомдайды. Ол балаға жақындап:

– Менімен бірге жүр! – дейді. Бала бір қадам артқа шегініп, қатты дауыстап:

– Мен сізді танымаймын! – дейді.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші сұрақтар қояды:

– Бейтаныс адам деген кім?

– Бейтаныс адаммен бірге кетуге бола ма?

– Бейтаныс адам саған жақындаса, не істеу керек?

Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Балалар, ең басты ережені есте сақтаңдар:

«Мен бұл адамды танымаймын, сондықтан онымен бірге ешқайда бармаймын. Егер маған көмек қажет болса, анама, әкеме, ата-әжеме, тәрбиешіме немесе өзім жақсы танитын басқа жақын ересек адамға айтамын. Ал олар қасымда болмаса, полиция қызметкерінен немесе сол жердің қызметкерінен көмек сұраймын. Қажет болса, 102 нөміріне қоңырау шаламын».

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№5 сабақ	Үйдегі қауіпті заттар мен орындар
Мақсаты	Тәрбиеленушілердің үйде кездесетін қауіпті заттар және олардан сақтану ережелері туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру
Міндеттері	– балаларды үйде кездесетін қауіпті заттармен және «Ұстама, ересек адамды шақыр!» ережесімен таныстыру; – балалардың зейінін, қауіпсіз және қауіпті заттарды ажырата білу дағдыларын дамыту; – сақ болуға, қауіпті заттарды ұстамауға және қажет кезде ересек адамды көмекке шақыруға баулу.

Материалдар мен ресурстар:

Ойыншықтар мен тұрмыстық заттар салынған қорап (немесе олардың суреттері бейнеленген карточкалар): доп, қуыршақ, кітап, текшелер, қайшы, пышақ (макеті немесе суреті), дәрі-дәрмектер (бос қаптамасы), сіріңке (муляжы немесе суреті), ойыншық фен, ойыншық үтік.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

«Қорапта не бар?» ойыны

Тәрбиеші жабық қорапты көрсетеді.

– Балалар, бұл қорапта әртүрлі заттар бар. Кейбір заттарды балалар пайдалана алады, ал кейбіреулері қауіпті болуы мүмкін.

– Қане, қораптың ішінде не бар екенін бірге анықтап көрейік.

Тәрбиеші қораптан заттарды біртіндеп алып шығып, балалардан сұрайды: «Қауіпті ме, әлде қауіпсіз бе?»

- доп;
- кітап;
- қайшы;
- пышақ;
- дәрі-дәрмектер;
- сіріңке;
- жуғыш заттар;
- үтік.

Әр затты көрсеткеннен кейін тәрбиеші:

– Бала бұл затты өзі алып пайдалануына бола ма?

Тәрбиеленушілер жауап береді.

Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Үйдегі кейбір заттарды тек ересектер қолданады. Балалар оларды өз бетімен пайдаланбауы керек.

«Қауіпсіз үй» ұжымдық жапсырма жұмысы

Ватман қағазында үйдің/пәтердің суреті бейнеленген. Тәрбиеленушілерге үйдің бір бөлігіне өздігінен пайдалануға болатын заттарды (доп, кітап, қалам) орналастыру ұсынылады.

Үйдің екінші бөлігіне балалар өз бетімен пайдаланбауы тиіс заттар (пышақ, қайшы, дәрі-дәрмектер, үтік) орналастырылады.

Жұмыс аяқталғаннан кейін тәрбиеленушілер өз таңдауларын түсіндіреді. Тәрбиеші сұрақтар қояды:

– Үйде қандай заттар қауіпті болуы мүмкін?

– Дәрі-дәрмектерді немесе сіріңкені көріп қалсаң, не істеу керек?

– Үтікті немесе пышақты өз бетіңше пайдалануға бола ма?

Тәрбиеленушілер жауап береді.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші тәрбиеленушілерге сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

– Егер мен қауіпті затты көріп қалсам, мен...

– Егер маған қайшы қажет болса, мен...

– Егер үйде дәрі-дәрмектер жатса, мен...

Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Бүгін сендер үйдегі қауіпсіздіктің негізгі ережесін білдіңдер: «Ересек адамның рұқсатынсыз қауіпті затқа қол тигізбе!».

Тәрбиешіге арналған әдістемелік ұсынымдар

Сабақты өткізу барысында балаларға заттың өзі қауіпті емес, оны дұрыс пайдаланбау қауіпті екенін түсіндіру маңызды. Балаларда тұрмыстық заттардан қорқу сезімін қалыптастырмаған жөн. Негізгі назарды қарапайым ережені түсіндіруге аудару қажет: зиян келтіруі мүмкін заттарды балалар тек ересектермен бірге пайдаланады немесе оларға мүлдем тимейді. Сабақ барысында «Қауіпті затты көрсең, өз бетіңше ұстама, ересек адамды шақыр!» деген ережені бірнеше рет қайталау ұсынылады. Бұл ереже балаларға түсінікті болып, есте оңай сақталуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№6 сабақ	Қолды таза ұстау: аурудан қалай сақтануға болады?
Мақсаты	Тәрбиеленушілердің қол тазалығына аурулардан қорғанудың негізгі тәсілі ретінде саналы көзқарасын қалыптастыру
Міндеттері	- балаларды қол жуу ережелерімен таныстыру; - балалардың байқағыштығын, зейінін және қол жуу әрекеттерінің реттілігін сақтай білу дағдыларын дамыту; - ұқыптылыққа және өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар:

Жылтыр ұнтақ (немесе қауіпсіз глиттер), қол кремі, сұйық сабын, сүлгі, «Қолды қашан жуу керек?» карточкалары.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

«Көрінбейтін микробтар» ойыны

Тәрбиеші алдын ала алақанына аздап жылтыр ұнтақ жағады:

– Бүгін мен барлығымен қол алысып амандастым. Алақаныма не пайда болғанына қараңдаршы.

Тәрбиеші бірнеше баламен қол алысады, жылтыр ұнтақ олардың қолдарына жұғады:

– Қараңдаршы, сендердің қолдарыңа да жылтыр ұнтақ жұқты. Бұл жылтыр ұнтақты көрінбейтін микробтар деп елестетейік. Қалай ойлайсыңдар, тамақ ішер алдында қолымызды жумасақ, не болуы мүмкін?

Тәрбиеленушілер жауап береді.

Тәрбиеші тәрбиеленушілерге тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1ML4TdbOaq9fsVBCYIkuW0OXiO546cgam/view?usp=sharing

«Қолды сабынмен не үшін жуу керек?» тәжірибесі

Тәрбиеші жылтыр ұнтақ жағылған екі алақанын көрсетеді. Алдымен жылтыр ұнтақты тек сумен жуып кетіруге тырысады. Содан кейін сабын қолданады. Тәрбиеленушілер тәжірибені бақылап, қорытынды жасайды.

– Балалар, біз жай ғана сумен жуған кезде микробтардың толық кетпейтінін көрдік. Қолымызды таза ұстау үшін оларды сабынмен мұқият жуу керек.

«Таза алақандар» практикалық жаттығуы

Тәрбиеші қол жуу реттілігін көрсетеді, ал балалар оның қимылдарын қайталайды.

- қолды сулау;
- алақанды сабындау;
- алақандарды және әр саусақты мұқият ысқылау;
- көбікті сумен шаю;
- қолды сүлгімен сүрту.

Барлығы бірге ережені қайталайды:

– Таза қол – денсаулық кепілі!

Тәрбиеші балаларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

– Тамақ ішер алдында мен...

– Серуендеп келгеннен кейін мен...

– Ауырмау үшін мен...

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші сұрақтар қояды:

– Қолды қашан жуу керек?

– Қолды немен жуған дұрыс?

– Неліктен тек сумен жуу жеткіліксіз?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Бүгін сендер таза қолдың ағзаны микробтардан қорғауға және денсаулықты сақтауға көмектесетінін білдіңдер.

Тәрбиешіге арналған әдістемелік ұсынымдар

Тақырыпты түсіндіру барысында балаларға түсінікті «микробтар», «кір», «таза қол» сияқты сөздерді қолдану ұсынылады. Балаларды қорқытатын сөз тіркестерін қолданбаған жөн.

Жылтыр ұнтақпен жүргізілетін тәжірибені ойын түрінде ретінде өткізген дұрыс. Балаларға жылтыр ұнтақтың микробтардың таралу жолын көрнекі түрде көрсетуге ғана көмектесетінін түсіндіру қажет.

Негізгі назар тамақ ішер алдында, серуеннен кейін, дәретханаға барғаннан кейін және қол кірлеген жағдайда қолды сабынмен жууды тұрақты әдетке айналдыруға аударылуы тиіс.

Практикалық жаттығу барысында балаларға қол жуудың дұрыс реттілігін Қазақстан Республикасында қолданыстағы санитариялық талаптарға сәйкес көрсету ұсынылады.

Қол жуудың негізгі кезеңдері:

- *қолды жылы ағын сумен сулау;*
- *сұйық сабын жағу;*
- *алақандарды мұқият ысқылау;*
- *қолдың сыртқы бетін, саусақтардың арасын және бас бармақтарды мұқият жуу;*
- *қолдағы сабынды сумен шаю;*
- *қолды таза сүлгімен сүрту.*

№7 сабақ	Смартфон мен планшетті қалай дұрыс пайдалану керек?
Мақсаты	Тәрбиеленушілердің смартфон мен планшетті қауіпсіз пайдалану бойынша бастапқы дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- балаларды смартфон мен планшетті қауіпсіз және ұқыпты пайдалану ережелерімен таныстыру; - қарапайым цифрлық қауіпсіздік ережелерін сақтай білу және өз денсаулығына қамқорлық жасау дағдыларын дамыту; - цифрлық құрылғыларды пайдалануға жауапкершілікпен қарауға және ересектер белгілеген ережелерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар:

Смартфон немесе планшет макеті; жасыл және қызыл дөңгелектер; кітап, доп, құрастырғыш, бояулар бейнеленген карточкалар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тәрбиеші:

– Балалар, Айбар смартфонды жиі қолданады. Бір күні ол планшеттен мультфильм көріп, ұзақ уақыт бойы экраннан көз алмады. Соның салдарынан оның көзі шаршады, басы мен мойны ауырды. Қалай ойлайсыңдар, Айбар неліктен өзін жайсыз сезінді?

Тәрбиеші:

– Айбар, телефон мен планшетті пайдаланудың да өз ережелері бар. Балалар, қане, Айбарға көмектесіп, оларды дұрыс пайдалануды үйретейік.

«Дұрыс әрекетті таңда» жаттығуы

Тәрбиеші балаларға жасыл және қызыл дөңгелектерді таратады. Егер айтылған әрекет дұрыс болса балалар жасыл дөңгелекті, дұрыс емес болса балалар қызыл дөңгелекті көтереді.

– Ересектердің рұқсатымен смартфонды пайдалану. – Жасыл
– Қуаттағышты тоқ көзіне өз бетіңше қосу. – Қызыл
– Экранда бейтаныс немесе түсініксіз нәрсе пайда болса, смартфонды ересек адамға беру. – Жасыл
– Планшетті еденге немесе диванға лақтыру. – Қызыл
– Экранға тым жақын отыру. – Қызыл
– Анаң: «Уақытың бітті», – десе, телефонды қайтарып бересің. – Жасыл.
– Планшетті аяғыңмен басу немесе үстіне шығу. – Қызыл
– Ата-ананың смартфонын рұқсатсыз алу. – Қызыл

– Смартфонды пайдаланғаннан кейін орнына қою. – Жасыл

Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Смартфонды немесе планшетті пайдалану кезінде бейтаныс немесе түсініксіз нәрсе пайда болса, түймелерді өз бетіңше басуға болмайды. Ересек адамды шақыру керек.

«Смартфоннан демаламыз» практикалық жаттығуы

Тәрбиеші:

– Балалар, экранға ұзақ қарасақ, көздеріміз шаршайды. Көздеріміз қыранның көзіндей қырағы болуы үшін телефоннан демалуымыз керек. Қане, біраз демалып, көзге арналған жаттығулар жасайық:

«Жасырындық» – көзімізді қатты жұмайық (1, 2, 3), содан кейін ашайық. *(3 рет қайталау).*

«Терезеге қарайық» – терезеден алыстағы заттарға қарап, құсты іздейік. *(3 рет қайталау).*

«Көзімізді жыпылықтатайық» – көбелек қанаттарын қаққандай, кірпіктерімізді жылдам-жылдам жыпылықтатайық. *(3 рет қайталау).*

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші:

– Айбар, ережелерді есіңде сақтадың ба?

Айбар:

– Иә! Мен планшетпен ұзақ ойнамауым, көзімді демалдырып отыруым және уақыты келгенде оны анама беруім керек.

Тәрбиеші:

– Балалар, бүгін сендер тапсырмаларды өте жақсы орындадыңдар. Бүгін сендер Айбарға смартфон мен планшетті қауіпсіз пайдалану ережелерін білуге көмектестіңдер. Енді ол гаджеттерді тек ересектердің рұқсатымен пайдалану керектігін, бейтаныс түймелер мен сілтемелерді басуға, ересектердің рұқсатынсыз қоңырауларға жауап беруге болмайтынын біледі. Ал гаджетті пайдаланғаннан кейін көзге демалыс беріп, басқа да қызықты істермен айналысу керек.

№8 сабақ	Экранда көрсетілгеннің бәріне сенуге бола ма?
Мақсаты	Балалардың медиасауаттылық туралы бастапқы түсініктерін және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– балаларға шынайы әлем мен экрандағы бейненің арасындағы айырмашылықты түсіндіру; – көрнекі ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдау қабілетін дамыту; – көрген нәрсесіне сенбес бұрын немесе жаңа бейнематериалды қоспас бұрын ересектермен кеңесу әдетін қалыптастыру.

Материалдар мен ресурстар:

Картоннан жасалған жақтау (гаджет экранының макеті), мысықтың суреті, суперқаһарман ойыншығы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тәрбиеші:

– Балалар, қолымдағы сиқырлы терезеге қараңдаршы. Бұл – теледидардың немесе телефонның экраны. Айтыңдаршы, сендер мультфильм көргенді ұнатасыңдар ма?

Тәрбиеленушілердің жауаптары. Тәрбиеші:

– Ал сендер экранның ішінде нағыз сиқыршылар өмір сүретінін білесіңдер ме? Олар біздің шынайы өмірімізде жасауға болмайтын нәрселердің өзін жасай алады. Қане, осы сиқырлы терезенің ішінде болып жатқанның бәріне сенуге бола ма, соны тексеріп көрейік.

1. «Экран немесе шынайы өмір» ойыны

Педагог жақтауды бетінің алдына ұстап, әртүрлі әрекеттерді көрсетеді: бірде «экранға» қарайды, бірде жақтаудың сыртына шығады. Тәрбиеші *(жақтаудан қарап, балаларға сөйлейді):*

– Мультфильмде марғау биік шатырдан секіріп, қолшатырын ашып, парашютпен ұшқандай жайлап қалықтап кетті. Керемет емес пе?

Тәрбиеленушілердің жауаптары. Тәрбиеші *(жақтауды алып қояды):*

– Ал ойыншық қонжық биік шкафтан қолшатырмен секірсе, ол ұша ала ма?

Тәрбиеленушілердің жауаптары. Тәрбиеші:

– Дұрыс! Ол құлап қалады! Оған денесін ауыртып алуы мүмкін. Себебі экрандағы көрініс – бұл ертегі, суретшілер салған бейне. Ал шынайы өмірде басқа ережелер сақтаймыз. Экрандағы бейне шынайы болмауы мүмкін.

Тәрбиеші суперқаһарман ойыншығын алады:

- Балалар, экрандағы суперқаһармандар өте күшті болады. Олар отқа секіріп, қауіпті заттармен ойнай алады немесе биіктен құлап кетсе де, ештеңе болмайтындай көрінеді. Бірақ бұл – арнайы әсерлермен салынған бейнелер! Егер экраннан сендерге біртүрлі, қызықты немесе қорқынышты нәрсе көрінсе, ең алдымен не істеу керек?

Тәрбиеленушілердің жауаптары**.** Тәрбиеші:

– Дұрыс. Анаңа айту керек! Анаңа, әкеңе немесе тәрбиешіге барып: «Бұл шын ба?» – деп сұрау керек. Ең басты ереже: «Экран – ертегі, өмір – шынайы». Мультфильмдердегі әрекеттерді қайталауға қатаң тыйым салынады.

«Ережені есте сақта» ойыны

Тәрбиеші сөйлемді бастайды, ал балалар оны аяқтайды. Тәрбиеші:

– Егер жаңа мультфильм көргің келсе...

Тәрбиеленушілер:

– Ересек адамнан рұқсат сұраймын.

Тәрбиеші:

– Егер қорқып кетсең...

Тәрбиеленушілер:

– Ересек адамға айтамын.

Тәрбиеші:

– Егер кейіпкер қауіпті әрекет жасаса...

Тәрбиеленушілер:

– Оны қайталамаймын.

Тәрбиеші:

– Егер түсініксіз белгі көрсең...

Тәрбиеленушілер:

– Ересек адамнан сұраймын.

Тәрбиеші балаларға сабақтың негізгі ережесін қайталауды ұсынады:

– Егер бір нәрсені білмесең, ересек адамнан сұрау керек!

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Бүгін сендер мультфильмді анаңның, әкеңнің, тәрбиешіңнің, ағаңның немесе әпкеңнің рұқсатымен көру керектігін білдіңдер. Қауіпті әрекеттер мен қимылдарды қайталауға болмайды. Ал мультфильм көріп отырғанда қорқып қалсаңдар немесе бір нәрсені түсінбесеңдер, өздерің сенетін жақын адамдарға айтыңдар.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№9 сабақ	Адасып қалғанда не істеу керек?
Мақсаты	Тәрбиеленушілердің адасып қалған жағдайда қауіпсіз әрекет ету бойынша бастапқы дағдыларын қалыптастыру
Міндеті	- балаларды адасып қалған жағдайда өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру; - қауіпсіз шешімді жылдам қабылдау және көмек сұрай білу дағдыларын дамыту; - өз әрекетіне сенімді болуға және қажет жағдайда анасына, әкесіне, тәрбиешісіне немесе өзі сенетін жақын адамға жүгінуге баулу.

Материалдар мен ресурстар:

Жарқын түсті кілемше («Қауіпсіздік аралы»), телефон макеті, полиция қызметкері, сатушы, күзетші, тәрбиеші бейнеленген карточкалар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тәрбиеші:

– Балалар, бүгін Айбар анасымен бірге үлкен дүкенге келді. Ол әдемі ойыншықты көріп, тоқтап, оны тамашалай бастады. Айбар жан-жағына қараған кезде, анасы қасында жоқ екенін байқады. Ол абдырап қалды және не істерін білмей тұр.

Тәрбиеші:

– Қане, Айбарға көмектесейік!

Тәрбиеленушілер:

– Иә!

Тәрбиеші:

– Егер бала адасып қалса, жүгіріп, анасын немесе әкесін іздеуге болмайды. Үш қарапайым ережені есте сақтау керек:

1. Тоқта, қауіпсіз жерде тұр.
2. Бейтаныс адаммен бірге ешқайда барма.
3. Полиция қызметкерінен, саябақ қызметкерінен немесе балалары бар ересек адамнан көмек сұра.

Тәрбиеші тәрбиеленушілермен бірге бірнеше рет қайталайды:

– Тоқта! Кетпе! Ересек адамнан көмек сұра!

«Кім көмектесе алады?» дидактикалық ойыны

Тәрбиеші карточкаларды көрсетеді:

- полиция қызметкері;

- сатушы;
- күзетші;
- тәрбиеші.

Әр карточканы көрсеткеннен кейін:

– Бұл қауіпсіз ересек адам балаға көмектесе ала ма?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші:

– Иә, осындай қауіпсіз ересек адамдардан көмек сұрауға болады.

«Көмек сұра» практикалық жаттығуы

Тәрбиеші:

– Өзіңді адасып қалған бала ретінде елестет. Ересек адамға не айтар едің?

Тәрбиеші балаларға қысқа сөйлемдерді дұрыс айтуға көмектеседі. Балалар қайталайды:

– Менің аты-жөнім...

– Мен адасып қалдым.

– Маған көмектесіңізші.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші балалармен бірге негізгі ережені тағы бір рет қайталайды:

Егер адасып қалсаң:

Тоқта! Бейтаныс адаммен бірге ешқайда барма! Қауіпсіз ересек адамнан көмек сұра!

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№10 сабақ	Жолдағы қауіпсіздік ережелері
Мақсаты	Тәрбиеленушілердің жол жүру ережелері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру
Міндеттері	– балаларды жолда қауіпсіз жүріс-тұрыстың қарапайым ережелерімен таныстыру; – жолдағы қауіпсіздікті бағдарлай білу және бағдаршамның сигналдарын тану дағдыларын дамыту; – тәртіпке және өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар:

Бағдаршамның макеті, қызыл және жасыл дөңгелектер, жаяу жүргіншілер өткелінің («зебра») макеті, ойыншық автокөліктер, ойыншық руль, постер.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

«Қауіпсіз көшені құрастырамыз» жаттығуы

Еденге алдын ала ойыншық автокөліктер, жаяу жүргіншілер өткелінің макеті және бағдаршам орналастырылады.

Тәрбиеші:

– Қараңдаршы, бізде нағыз көше пайда болды. Мұнда көліктер жүріп жатыр, ал адамдар жолдан өткісі келеді. Жаяу жүргіншілерге жолдан қауіпсіз өтуіне не көмектеседі?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Жолдан тек жаяу жүргіншілер өткелі арқылы, бағдаршамның жасыл белгісі жанғанда және ересек адаммен бірге өту керек.

«Жолдан өтеміз» практикалық жаттығуы

Тәрбиеші балаларды жол макетінің жанына шақырады.

Барлығы бірге әрекеттердің орындалу реттілігін қайталайды:

1. Жолдың алдында тоқтау.
2. Ересек адамның қолынан мықтап ұстау.
3. Сол жаққа қарау.
4. Оң жаққа қарау.
5. Бағдаршамның жасыл белгісінің жанғанын күту.
6. Жаяу жүргіншілер жолымен өту.

Тәрбиеші ойыншық көлікті көрсетіп, оны ақырын итереді. Көлік біраз уақыт қозғалысын жалғастырады.

Тәрбиеші:

– Неліктен көлік бірден тоқтап қалмады?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Көліктің тоқтауы үшін уақыт қажет. Сондықтан жолға жүгіріп шығуға болмайды.

Тәрбиеші тәрбиеленушілерге тақырыптық постермен танысуды ұсынады.

https://cloud.mail.ru/public/dHRB/58bQrEgcp/В%20работе/плакаттар/posters%203%20каз.jpg

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші:

– Қане, қауіпсіз жүргінші ережелерін еске түсірейік.

Тәрбиеленушілер бірге қайталайды:

- Жолдың жанында жүгірмейміз.
- Көшені тек жаяу жүргіншілер жолы арқылы кесіп өтеміз.
- Бағдаршамның жасыл сигналын күтеміз.
- Ересек адамның қолынан ұстаймыз.

Тәрбиеші:

– Бүгін сендер өте мұқият жаяу жүргінші болдыңдар және барлық тапсырмаларды жақсы орындадыңдар!

Тәрбиешіге арналған әдістемелік ақпарат

Сабақты өткізу барысында ережелерді тек түсіндіріп қана қоймай, ойын жағдаяттары мен жол қозғалысы жағдайларын модельдеу ұсынылады.

4 жастағы балалар үшін қауіпсіз жүріс-тұрыстың төрт негізгі ережесін қалыптастыру жеткілікті:

- *жолдың жанында ойнамау;*
- *жолдан тек жаяу жүргіншілер өткелі арқылы өту;*
- *бағдаршамның белгілеріне назар аудару;;*
- *жолдан өткенде әрқашан ересек адаммен бірге өту.*

Жол макеті арқылы орындалатын практикалық жаттығулар мен ойындар балалардың қауіпсіз әрекет ету алгоритмін сөзбен түсіндіруге қарағанда жақсы меңгеруіне ықпал етеді.

№11 сабақ	**Балалар алаңындағы қауіпсіздік ережелері**
Мақсаты	Тәрбиеленушілердің балалар ойын алаңында қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– балаларды әткеншек пен сырғанақта кезек сақтау ережелерімен таныстыру; – қимыл-қозғалыс үйлесімділігін, зейінін және сақтық дағдыларын дамыту; – достық қарым-қатынасқа, әдептілікке және басқа балаларды құрметтеуге тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар:

Бос балалар ойын алаңы бейнеленген ватман, сырғанақ, әткеншек, айналмалы аттракцион, құмсалғыш, орындық, ағаштар және балалар бейнеленген суреттер, желім, қауіпті заттар (шыны сынығы, үшкір зат) бейнеленген карточкалар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

«Ойын алаңын құрастырайық» ұжымдық жапсырма жұмысы

Тәрбиеші балалардың назарын бос ойын алаңы бейнеленген ватманға аударады:

– Бүгін біз бәріміз бірге өзіміздің ойын алаңымызды құрастырамыз.

Тәрбиеленушілер кезекпен мына заттардың суреттерін жапсырады:

- сырғанақ;
- әткеншек;
- айналмалы аттракцион;
- құмсалғыш;
- орындық;
- ағаштар.

Содан кейін тәрбиеші тәрбиеленушілерге ойын алаңына мына әрекеттерді жасап жүрген балалардың суреттерін орналастыруды ұсынады:

- өз кезегін күтіп тұрған;
- тұтқалардан мықтап ұстап тұрған;
- тату ойнап жүрген;
- бір-біріне көмектесіп жүрген балалар.

Тәрбиеші сұрайды:

– Біздің ойын алаңымызда қандай нысандар пайда болды?

– Ойнағанда өзіңе де, достарыңа да қауіп төнбеуі үшін не істеу керек?

Ойын алаңындағы ережелер

Тәрбиеші балаларға құрастырылған ойын алаңында «серуендеп» жүруді ұсынады: Тәрбиеші:

– Біз әткеншекке келдік. Бұл жерде қандай ережелерді есте сақтауымыз керек?

Тәрбиеленушілер жауап береді.

Тәрбиеші нақтылайды:

- біреу әткеншекте тербеліп отырғанда, оның алдына да, артына да жақындамау, кесіп өтпеу;
- тербелгенде екі қолмен мықтап ұстау;
- бір әткеншекке тек бір бала отыруы қажет. Бірнеше балаға бір әткеншекке мінгесуге болмайды.

Тәрбиеші:

– Енді біз сырғанаққа келдік. Сырғанақтан қалай қауіпсіз ойнау қажет?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші толықтырады:

- жоғарыға тек баспалдақпен көтерілу;
- бір-бірін итермеу;
- сырғанап түскеннен кейін бірден шетке қарай кету.

Тәрбиеші:

– Ал енді құмсалғышта ойнап жатырмыз. Шыны сынығын немесе басқа да үшкір затты көріп қалдыңдар. Не істеу керек?

Тәрбиеленушілер:

– Қолымызбен ұстамаймыз. Қасымыздағы сенімді ересек адамға айтамыз.

Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Үшкір және қауіпті заттарды қолмен ұстауға болмайды. Ойын алаңында ондай заттарды кездестірсең, ересек адам оны алып қоқысқа тастауы қажет.

Тәрбиеші тәрбиеленушілерге тақырыптық постермен танысуды ұсынады.

https://cloud.mail.ru/public/dHRB/58bQrEgcp/B%20работе/плакаттар/posters%207%20каз.jpg

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші балаларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

– Әткеншекте мен...

– Сырғанақта мен...

– Егер қауіпті затты көрсем...

Тәрбиеші:

– Жарайсыңдар! Бүгін біз қауіпсіз ойын алаңын құрастырып, денсаулығымыз бен жақсы көңіл күйімізді сақтауға көмектесетін ережелерді еске түсірдік. Қауіпсіздік ережелерін сақтасақ, ойын алаңында ойнау әрі көңілді, әрі қауіпсіз болады.

5 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «ҚАУІПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТЕР ТОПТАМАСЫ



№	Тақырыптар
1.	Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері
2.	Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік ережелері
3.	Сенім шеңбері: көмек сұрау үшін кімге жүгінуге болады?
4.	Адасып қалғанда не істеу керек?
5.	Үйдегі қауіпті заттар мен орындар
6.	Неліктен дәрі-дәрмекті ересектерсіз қабылдауға болмайды?
7.	От немесе түтін көргенде не істеу керек?
8.	Интернетте қандай ақпараттан сақ болу керек?
9.	Бейтаныс адамға «жоқ» - деп айтуды үйренеміз
10.	Далада ойнағандағы қауіпсіздік ережелері
11.	Жолдағы қауіпсіздік ережелері

№1 сабақ	Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері
Мақсаты	Тәрбиеленушілерді шұғыл қызметтермен және көмек көрсету нөмірлерімен таныстыру
Міндеттері	– балалардың төтенше қызметтердің телефон нөмірлері мен 111 байланыс орталығының нөмірі туралы білімдерін бекіту; – есте сақтау қабілетін, сөйлеуін және қарапайым өмірлік жағдайларды талдай білу дағдыларын дамыту; – жауапкершілікке, сақтыққа және қажет болған жағдайда ересектерден дер кезінде көмек сұрауға дайын болуға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар:

Телефон макеті, 101, 102, 103, 112, 111 нөмірлері жазылған карточкалар, әртүрлі қауіпті жағдайлар бейнеленген карточкалар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тәрбиеші телефон макетін көрсетеді. Тәрбиеші:

– Балалар, бүгін Айбар қиын жағдайға тап болды. Ол әжесімен үйде отырған кезде, әжесі кенеттен өзін жайсыз сезінді. Айбар абдырап, не істеу керегін білмей қалды.

– Айбарға қалай көмектесе аламыз?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші:

– Егер арнайы қызметтердің көмегі қажет болса, телефон арқылы қоңырау шалу керек.

Тәрбиеші тәрбиеленушілерге тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1CpHsUuaZrvtFqm_VlWwva3vGJQtC74gi/view?usp=sharing

Тәрбиеші карточкаларды көрсетеді:

101 – өрт сөндіру қызметі.

102 – полиция.

103 – жедел медициналық көмек.

112 – шұғыл қызметтердің бірыңғай нөмірі.

Тәрбиеші түсіндіреді:

– Егер қай қызметке қоңырау шалу керектігін білмесеңдер, ең басты нөмірді – 112 нөмірін есте сақтаңдар.

Содан кейін тәрбиеші 111 нөмірі жазылған карточканы көрсетеді.

– Тағы бір маңызды нөмір бар – 111. Бұл – балалар мен отбасыларға көмек көрсететін байланыс орталығы. Егер балаға көмек, қорғау немесе қолдау қажет болса, балалар да, ересектер де осы нөмірге хабарласа алады.

«Дұрыс қоңырау шал» практикалық жаттығуы

Тәрбиеші тәрбиеленушілерге ойыншық телефон макетін ұсынады. Жаттығуды бастамас бұрын тәрбиеші еске салады:

– Қоңырау шалған кезде сабырлы және анық сөйлеу керек.

Тәрбиеленушілер тәрбиешімен бірге әрекет ету реттілігін қайталайды:

1. Өз аты-жөніңді айт.
2. Не болғанын түсіндір.
3. Қай жерде екеніңді айт *(егер білсең)*.

Тәрбиеленушінің жауап беру үлгісі:

Менің атым – Айбар.

Әжем өзін жайсыз сезініп тұр.

Біз Абай көшесі, 25-үй, 10-пәтерде тұрамыз.

Тәрбиеші еске салады:

– Төтенше қызметтерге әзіл үшін қоңырау шалуға болмайды. Жалған шақырту көмекке мұқтаж адамдарға қажетті көмектің дер кезінде көрсетілуіне кедергі келтіруі мүмкін.

«Қажетті нөмірді тап» ойыны

Топ бөлмесінің әр жеріне тиісті суреттері бар карточкалар орналастырылады. Тәрбиеші жағдайды атайды:

– Өрт шықты!

Тәрбиеленушілер 101 нөмірі жазылған карточкаға барады.

– Адам өзін жайсыз сезінді!

Тәрбиеленушілер 103 нөмірі жазылған карточкаға барады.

– Бала адасып қалды!

Тәрбиеленушілер 102 нөмірі жазылған карточкаға барады.

– Қай қызметке қоңырау шалу керектігін білмесең ше?

Тәрбиеленушілер 112 нөмірі жазылған карточкаға барады.

Ойын бірнеше мәрте әртүрлі ретпен өткізіледі.

Тәрбиеші бірнеше сұрақ қояды:

– Қауіпті жағдай орын алса, ең алдымен не істеу керек?

– Қай қызметке қоңырау шалу керектігін білмесең, қандай нөмірді теру керек?

– Өрт болған жағдайда қай қызмет көмектеседі?

– Адамның жағдайы нашарласа, кім көмектеседі?

– Ойын үшін төтенше қызметтерге қоңырау шалуға неліктен болмайды?

– 111 нөмірі не үшін қажет?

Тәрбиеленушілер жауап береді.

Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Бүгін Айбар қауіпті жағдайда сабыр сақтап, ересек адамды шақыру және көмекке дұрыс жүгіну керектігін білді.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші тәрбиеленушілерге сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

– Егер төтенше жағдай орын алса, мен...

– Егер көмек қажет болса, мен...

– Қай қызметке қоңырау шалу керектігін білмесем, мен...

Тәрбиеленушілер жауап береді.

Тәрбиеші тәрбиеленушілермен бірге сабақтың негізгі ережесін қайталайды:

Сабыр сақта. Ересек адамды шақыр. Егер шұғыл көмек қажет болса – 112 нөміріне қоңырау шал.

№2 сабақ	Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік ережелері
Мақсаты	Тәрбиеленушілердің қауіпсіздік ережелеріне өмірі мен денсаулығын қорғаудың негізгі шарты ретінде саналы көзқарасын қалыптастыру
Міндеттері	– жолда, үйде және балабақшада сақталатын негізгі қауіпсіздік ережелерін бекіту; – қауіпті жағдайларды талдай білу және қорытынды жасау дағдыларын дамыту; – ережелерді сақтауға, тәртіп нормаларын құрметтеуге тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар:

Өмірлік жағдайяттар бейнеленген карточкалар, қауіпсіз және қауіпті әрекеттер бейнеленген иллюстрациялар, «Ережелер қауіпсіз болуға көмектеседі» ватманы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

1. «Жоғалған ережелер» ойыны

Тәрбиеші:

– Бүгін таңертең ерекше жағдай болды. Біздің қаламыздан барлық қауіпсіздік ережелері жоғалып кетіпті. Енді жолға жүгіріп шығуға, сіріңкемен ойнауға, бейтаныс адамдарға есік ашуға және баспалдақпен жүгіріп жүруге болады деп елестетіп көріңдер.

– Қалай ойлайсыңдар, не болуы мүмкін?

Тәрбиеленушілер өз болжамдарын айтады.

Тәрбиеші:

– Тәртіпті қайта қалпына келтіру үшін біз тапсырмаларды орындап, «Қауіпсіздік сақшыларына» айналамыз.

2. «Қауіпті әрекетті таны» ойыны

Тәрбиеші қауіпті жағдайлар бейнеленген карточкаларды көрсетеді. Мысалы:

- бала доптың артынан жолға жүгіріп шықты;
- қыз бала ашық тұрған терезеге жақын тұр;
- бала сіріңкемен ойнап отыр;
- балалар баспалдақта бір-бірін итеріп жатыр;
- бала бейтаныс адамға есік ашып жатыр.

Тәрбиеші сұрақтар қояды:

– Балалар, біз қандай қауіпті әрекеттерді байқадық?

– Бұл жағдайда қалай әрекет ету керек?

Әр жауаптан кейін тәрбиеленушілер тәрбиешімен бірге тиісті ережені тұжырымдайды.Мысалы:

– Жолға қарай жүгіріп шығуға болмайды.

– Ашық тұрған терезеге жақындамау қажет.
– Сіріңке – балаларға арналған ойыншық емес.
– Баспалдақта асықпай, абайлап жүру керек.
– Бейтаныс адамдарға есік ашуға болмайды.

3. «Қауіпсіздік ережелері кітабы» ұжымдық жұмысы

Ватман қағазында бос кітаптың бейнесі бейнеленген.

Тәрбиеленушілер кезекпен қауіпсіз мінез-құлықты бейнелейтін иллюстрацияларды орналастырады.

Мысалы:

– бағдаршамның жасыл түсіне өтіп бара жатқан бала;
– баспалдақтың сүйенішінен ұстап келе жатқан бала;
– ойыншықтарын жинап жатқан бала;
– бейтаныс адамға есік ашпай тұрған бала;
– тамақтанар алдында қолын жуып жатқан бала;
– қауіпті затты көріп, ересек адамды шақырып тұрған бала.

Жұмыс аяқталғаннан кейін тәрбиеленушілер әрбір ережені неліктен сақтау маңызды екенін түсіндіреді.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші сұрақтар қояды:

– Бүгін қай ереже есіңде жақсы сақталды?
– Неліктен ережелерді біздің көмекшілеріміз деп атаймыз?
– Ережелерді сақтамасақ, не болуы мүмкін?
– Сен қандай ережелерді күн сайын орындайсың?
– Бүгін үйге барған соң ата-анаңа қандай ереже туралы айтып бересің?

Тәрбиеші сабақты қорытындылайды:

– Бүгін сендер біздің қаламызға қауіпсіздік ережелерін қайтарып, Қауіпсіздік сақшылары атандыңдар!

№3 сабақ	Сенім шеңбері: көмек сұрау үшін кімге жүгінуге болады?
Мақсаты	Тәрбиеленушілердің «сенім шеңбері» туралы түсінігін және сенімді ересек адамдардан көмек сұрау дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– балаларды әртүрлі өмірлік жағдайларда дұрыс әрекет етуге және сенімді ересектерден көмек сұрауға үйрету; – қауіпті жағдайларды талдай білу және қорытынды жасау дағдыларын дамыту; – қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар:

Жасыл, сары және қызыл түсті шеңберлер; анасы, әкесі, әжесі, атасы, тәрбиеші, дәрігер, полиция қызметкері, сатушы, күзетші, көрші және бейтаныс адам бейнеленген карточкалар; телефон макеті; «Сенім шеңбері» ватманы; ойын жағдаяттары бейнеленген карточкалар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

1. «Сенім шеңберін құрастырайық» ойыны

Тәрбиеші еденге үш түсті үлкен шеңбер орналастырады. Тәрбиеші:

– Әр адамның өзі сенетін ересек адамдары болады. Бірақ әр ересек адам әртүрлі жағдайда көмек көрсете алады. Бүгін біз «Сенім шеңберін» құрастырып, әртүрлі жағдайларда кімнен көмек сұрауға болатынын анықтаймыз.

Тәрбиеленушілер кезекпен карточкаларды таңдап, тиісті шеңберге орналастырады.

Жасыл шеңбер – ең жақын адамдар: анасы, әкесі, әжесі, атасы.

Сары шеңбер – таныс әрі қауіпсіз ересектер: тәрбиеші, педагог, дәрігер.

Қызыл шеңбер – бейтаныс адамдар.

Тәрбиеші тәрбиеленушілердің назарын аударады:

– Егер қастарыңда ата-аналарың болмаса, көмек сұрау үшін жұмыс орнында жүрген немесе арнайы киім киген қауіпсіз ересектерге: полиция қызметкеріне, күзетшіге, сатушыға, медицина қызметкеріне жүгінуге болады.

2. «Кімнен көмек сұрауға болады?» ойыны

Тәрбиеші балаларға әртүрлі жағдайларды ұсынады:

Сен дүкенде адасып қалдың.

Досың құлап, қатты жарақат алды.

Сен түтін көрдің.

Сені бейтаныс адам қорқытты.

Сен саябақта анаңнан адасып қалдың.

Тәрбиеші барлық осы жағдайларда төмендегі әрекеттерді орындау қажет екенін атап көрсетеді:

1. Тоқта.
2. Қай жерде тұрғаныңды анықта.
3. Қауіпсіз жерде қал.
4. Қызметкерге немесе полиция қызметкеріне көмек сұрап жүгін.
5. Өз атыңды және іздеп жүрген ересек адамның (анаңның, әкеңнің, әпкеңнің немесе ағаңның) атын айт.

Тәрбиеші:

– Көмек қажет болса, анаңнан, әкеңнен, тәрбиешіңнен немесе өзің жақсы танитын ересек адамнан көмек сұра. Егер адасып қалсаң, ата-анаңды іздеу үшін бейтаныс адаммен бірге ешқайда кетпе. Орныңда қалып, полиция қызметкеріне, күзетшіге немесе сол жердің қызметкеріне жүгін.

3. «Біздің сенім шеңберіміз» ұжымдық жұмысы

Ватман қағазында үлкен шеңбер бейнеленген.

Тәрбиеленушілер өздеріне сенімді және көмек сұрауға болатын ересектердің суреттерін шеңберге орналастырады.

Жұмыс аяқталғаннан кейін әр тәрбиеленуші сөйлемді аяқтайды:

– Егер маған көмек қажет болса, мен ... көмек сұраймын.

Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Әр баланың жанында оған көмектесіп, қорғай алатын ересек адамдар бар. Ең бастысы – көмек сұраудан қорықпау.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші сұрақтар қояды:

– «Сенім шеңбері» дегеніміз не?

– Сенің сенім шеңберіңе кімдер кіреді?

– Дүкенде адасып қалсаң, кімнен көмек сұрауға болады?

– Бейтаныс адам көмектесемін деп уәде берсе, онымен бірге кетуге бола ма?

– Саған көмек қажет болса, ересек адамға не айту керек?

Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Бүгін сендер кімге сенуге болатынын және қиын жағдайда қалай дұрыс көмек сұрау керектігін үйрендіңдер.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№4 сабақ	Адасып қалғанда не істеу керек?
Мақсаты	Тәрбиеленушілердің адасып қалған жағдайда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- балаларды адасып қалған жағдайда қауіпсіз әрекет ету алгоритмімен таныстыру және қауіпсіз ересектерден көмек сұрауға үйрету; - өмірлік жағдайларды талдай білу, сабыр сақтау және қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын дамыту; - өз әрекеттеріне сенімділікке, сақтыққа тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар:

Телефон макеті, бағдар ретінде қолданылатын суреттер (үлкен дүкен, саябақ, автобус), рөлдік ойынға арналған бейджде (полиция қызметкері, сатушы).

Ұйымдастырылған іс-әрекет

1. «Адасып қалдым. Не істеу керек?» ойыны

Тәрбиеші үстел үстіне әртүрлі әрекеттер бейнеленген төрт карточканы орналастырады:

- анасын іздеп жүгіріп кету;
- тұрған жерінде қалу;
- жылап, тығылып қалу;
- полиция қызметкерінен немесе сатушыдан көмек сұрау.

Тәрбиеші:

– Алдарыңда әртүрлі әрекеттер бейнеленген карточкалар тұр. Бала дүкенде адасып қалды деп елестетіп көріңдер. Қалай ойлайсыңдар, анасына тезірек табысуына қандай әрекеттер көмектеседі?

Тәрбиеленушілер карточкаларды таңдап, өз таңдауларын түсіндіреді.

Тәрбиеші тәрбиеленушілермен бірге қауіпсіз әрекет ету алгоритмін құрастырады:

1. Тоқта.
2. Алысқа кетпе.
3. Анаңды немесе әкеңді дауыстап шақыр.

4. Егер ата-анаң қасында болмаса, қауіпсіз ересек адамнан көмек сұра.

Тәрбиеші тәрбиеленушілерге тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады

https://drive.google.com/file/d/15dsCygHnvsBrOCuXEIbQ5qD4XJuLWc43/view?usp=sharing

2. «Кім көмектесе алады?» практикалық ойыны

Тәрбиеші карточкаларды көрсетеді:

- полиция қызметкері;
- сатушы;
- күзетші;
- медицина қызметкері;
- бейтаныс өтіп бара жатқан адам.

Тәрбиеші:

– Әрқайсысы қандай жағдайда көмектесе алады?

Тәрбиеленушілер өз нұсқаларын ұсынады. Тәрбиеші қорытынды жасап, еске салады:

– Бейтаныс адам ата-анаңды табуға көмектесемін деп уәде берсе де, онымен бірге ешқайда баруға болмайды.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші сұрақтар қояды:

– Адасып қалсаң, не істеу керек?

– Неліктен ата-анаңды өз бетіңше іздеуге болмайды?

– Кімнен көмек сұрауға болады?

– Ересек адамға не айту керек?

– Бүгін қай ережені жақсырақ есте сақтадың?

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№5 сабақ	**Үйдегі қауіпті заттар мен орындар**
Мақсаты	Тәрбиеленушілерге үйдегі қауіпті заттар мен терезеге қатысты қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– қауіпсіз тұрмыстық заттарды қауіпті заттардан ажырата білуге үйрету; – кеңістікте бағдарлай білу дағдысын дамыту; – ата-анасы қасында болмаған кезде тәртіп сақтауға және сақтық танытуға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар:

Үй бөлмелері, ас бөлмесі, жуынатын бөлме бейнеленген ватман, терезе, электр плитасы, электр сымдары, ойыншықтар бейнеленген карточкалар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

1. Топтық жұмыс

Тәрбиеші үй бейнеленген ватманды көрсетеді. Тәрбиеші:

– Балалар, бүгін Айбар үйде өзін қауіпсіз ұстай біле ме, соны тексергісі келеді. Қане, оған көмектесейік!

Тәрбиеленушілер кезекпен карточкаларды тиісті бөлмелерге орналастырып, өз таңдауларын түсіндіреді.

Бөлме

- терезе алдына шығуға болмайды;
- терезені өз бетінше ашуға болмайды.

Ас бөлмесі

- ыстық плитаға жақындауға болмайды;
- электр құрылғыларына ересек адамсыз қол тигізуге болмайды.

Жуынатын бөлме

- еден су болған кезде жүгіріп жүруге болмайды;
- жуғыш заттарды ересектердің рұқсатынсыз алуға болмайды.

Балкон

- қоршаудан асып түсуге болмайды;
- ашық балконның жанында ойнауға болмайды.

Тәрбиеші терезе алдына шығып, сыртқа қарап тұрған баланың суретін көрсетіп, тәрбиеленушілерге сұрақ қояды:

– Терезе алдына шығуға және терезені ашуға бола ма?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші:

– Әрине, болмайды! Ашық терезенің жанында бала ерекше сақ болуы керек. Терезе бөлмеге жарық пен таза ауа кіруі үшін қажет. Терезеде тор болса да, оған сүйенуге болмайды. Тор тек жәндіктерді кіргізбеу үшін қажет. Ол баланың салмағын көтермейді. Оған сүйенсең, тор жыртылып, құлап кетуің мүмкін. Сондықтан терезе торына сүйенбе және оған шықпа.

Тәрбиеші тәрбиеленушілерге тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1kRfBSA7SXxjjm_5F564nSYkFR2XjOoc-/view?usp=sharing

2. Терезеден сыртқа қарағың келгенде...

Тәрбиеші:

– Далада қандай қызық! Ана жақта үлкен өрт сөндіру көлігі кетіп бара жатыр! Оны қатты көргің келсе, не істеу керек?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші:

– Дұрыс! Терезеге өзің шығуға болмайды. Анаңды немесе әкеңді дауыстап шақыру керек. Қане, дұрыс көмек сұрап үйренейік: «Анашым, терезеден даланы көрсетші!».

– Анаң келгенде, ол сені өзі көтеріп, қызық болып тұрған нәрсенің бәрін көрсетеді. Ашық терезеге өзіңе жақындауға болмайды. Далаға қарағың келсе, міндетті түрде ересек адамнан көмек сұра!

3. «Қауіпті – қауіпсіз» ойыны

Кілемнің үстіне екі шеңбер қойылады: жасыл шеңбер – қауіпсіз заттарға, қызыл шеңбер – қауіпті заттарға арналған.

Тәрбиеші:

– Үйде балаларға қауіпті заттар бар. Қане, бірге ажыратып көрейік.

Тәрбиеленушілер кезекпен заттарды (доп, электр розеткасының макеті, қайшы, дәрі-дәрмек) алып, оларды тиісті шеңберге орналастырады және өз таңдауын түсіндіреді.

Мысалы:

– Қайшының жүзі өткір, одан қолымызды жарақаттап алуымыз мүмкін. Сондықтан оны қызыл шеңберге саламыз.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші:

– Қане, үйдегі қауіпсіздік ережелерін тағы бір рет қайталайық.

– Терезені өз бетіңше ашуға бола ма?

Тәрбиеленушілер:

– Жоқ!

Тәрбиеші:

– Егер далаға қарағың келсе, не істеу керек?

Тәрбиеленушілер:

– Анамды, әкемді немесе басқа ересек адамды шақыру керек.

Тәрбиеші:

– Қауіпсіздік ережелерін өте жақсы есте сақтапсыңдар! Жарайсыңдар!

Тәрбиеленушілер хормен қайталайды:

– Терезеге жақындамаймын, қауіпсіздігімді сақтаймын!

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№6 сабақ	**Неліктен дәрі-дәрмекті ересектерсіз қабылдауға болмайды?**
Мақсаты	Тәрбиеленушілерде дәрі-дәрмекті өз бетінше қабылдаудың қауіпті екені туралы түсінігін қалыптастыру
Міндеттері	– балаларды ата-анасының немесе басқа да ересектердің рұқсатынсыз дәрі-дәрмекті алмауға және қабылдамауға үйрету; – үй жағдайында жауапты әрі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту; – сақтыққа және өз денсаулығына ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар:

Дәрумендерден қалған ашық түсті бос құты, пайдалы тағамдар (алма тілімдері немесе сәбіз).

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тәрбиеші:

– Балалар, қараңдаршы, бізге қонаққа кім келді! Бұл – Айбар. Айбар бүгін көңілсіз көрінеді. Айбар, не болды?

Айбар:

– Мен үстелдің үстінен кәмпитке ұқсайтын қызғылт дәрілерді көрдім. Оларды кәмпит деп ойлап, біреуін ішіп қойдым. Кейін оның дәрі екенін білдім. Енді дәріні өз бетімше алуға болмайтынын білемін.

Тәрбиеші:

– Қап, Айбар-ай! Дәрі-дәрмек салынған құтыларға қол тигізуге бола ма? Балалар, Айбарға көмектесіп, мұның неліктен қауіпті екенін бірге анықтап көрейік.

Тәрбиеші:

– Балалар, қалай ойлайсыңдар, дәрі-дәрмек не үшін қажет?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші:

– Дұрыс, адам ауырған кезде емделу үшін қажет. Дәрі-дәрмектер – аурумен күресуге көмектесетін құрал. Бірақ дәрі-дәрмекті дәрігер немесе ата-ана берген жағдайда ғана қабылдауға болады. Ал балаларға дәріні өз бетінше алуға және қабылдауға неліктен қатаң тыйым салынады?

1-ереже. Дәрі-дәрмекті тек ересек адам берген кезде ғана қабылдауға болады. Дәріні өз бетіңше алып ішсең, өзіңді нашар сезінуің мүмкін. Сондықтан ешқашан ересек адамның рұқсатынсыз дәрі-дәрмекті алма және қабылдама.

2-ереже. Ересектер дәрінің қабылдау мөлшерін біледі. Балаға арналған дұрыс мөлшердегі дәрі емдеуге көмектеседі. Ал шектен тыс қабылдау денсаулыққа үлкен зиян келтіруі мүмкін.

3-ереже. Дәрі-дәрмек дұрыс әрі уақытылы қабылдаған жағдайда ғана көмектеседі.

Тәрбиеші:

– Айбар, енді түсіндің бе? Ендеше, балалар, қауіпсіздік ережелерін еске тексеріп көрейік.

«Қалай әрекет ету керек?» ойыны

1-жағдаят. Сендер кілемнің үстінде ойнап отырсыңдар. Кенеттен еденнен әдемі, қызғылт түсті дөңгелек затты тауып алдыңдар. Не істеу керек?

Тәрбиеленушілер:

– Оған қол тигізбейміз. Анама, әкеме, тәрбиешіге немесе қасымыздағы сенімді ересек адамға айтамыз.

2-жағдаят. Сен қатты жөтеліп қалдың. Ал анаң бөлмеде жоқ. Үстелдің үстінде тәтті сироп тұр. Оны ішуге бола ма?

Тәрбиеленушілер:

– Жоқ, анамды күту керек немесе басқа ересек адамнан көмек сұрау керек.

3-жағдаят. Балабақшадағы досың қалтасына дәруменге ұқсайтын «дәмді кәмпит» салып әкеліп, сені дәм татуға шақырды.

Тәрбиеленушілер:

– Бас тарту керек және бұл туралы тәрбиешіге айту керек.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші:

– Жарайсыңдар, балалар! Ережені дұрыс есте сақтапсыңдар. Айбар, сен басты ережені түсіндің бе?

Айбар:

– Иә! Мен түсіндім: «Барлық дәрі-дәрмекті тек ересектер береді және ішкізеді!» Енді дәрі қобдишасына ешқашан қол тигізбеймін. Дәрігерге барып, емделемін.

Тәрбиеші:

– Сау бол, Айбар! Ал енді балалармен бірге біздің алтын ережемізді қайталайық:

«Дәрі-дәрмек – ойыншық та, кәмпит те емес! Ересектерсіз дәрі-дәрмекке қол тигізуге болмайды!».

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№7 сабақ	**От немесе түтін көргенде не істеу керек?**
Мақсаты	Тәрбиеленушілердің от немесе түтін жағдайында қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– от пен түтіннің қаупі туралы түсіндіру; – өрт байқалған жағдайда отқа жақындамауға, жасырынбауға және қауіпсіз жерге шығуға үйрету; – өрт жағдайында жеке қауіпсіздігін сақтауға тәрибелеу.

Материалдар мен ресурстар:

Түтін, өрт сөндіруші және өрт кезіндегі әртүрлі әрекеттер бейнеленген карточкалар, 101 және 112 нөмірлері жазылған карточкалар; телефон макеті, «Шығу» белгісі, «қауіпсіз орын» – шеңбер немесе еденге қойылатын белгі.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тәрбиеші:

– Тыңдап көріңдерші, бүгін не туралы сөйлесетінімізді тауып көріңдер:

От жарқырап жанады,
Жылу, жарық тарады.
Бірақ отпен ойнама,
Қол созба да, жолама.

Түтін көрсең, тұрмағын,
Үлкендерді шақырғын.
Сіріңкені қолға алма,
Қауіп болса, жақын барма!

Тәрбиеленушілер:

– От!

Тәрбиеші:

– Дұрыс. Оттың көмегімен тамақ пісіруге, үйді жылытуға болады. Ал өртке қатысты қауіпсіздік талаптарын сақтамау – қауіпті. Бүгін біз от немесе түтін көргенде не істеу керектігін үйренеміз.

Тәрбиеші балаларға негізгі әрекет ету алгоритмін көрсетеді:

- Отты немесе түтінді көрсең – жасырынба – тез сыртқа шық – қауіпсіз жерге бар – ересек адамнан көмек сұра. Қасыңда ересек адам болмаса, 112 нөміріне қоңырау шал.

Тәрбиеші тәрбиеленушілерге тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1cTlChZpQ9Ni94I3kLzASqxBV_jSbHQoo/view?usp=sharing

1. «Қауіпсіз жерге шығамыз» жаттығуы

Тәрбиеленушілер ойыншықтармен ойнап отырады. Тәрбиеші «Түтін» карточкасын көрсетеді.

Тәрбиеленушілер ойыншықтарын қалдырып, тығылмай, тәрбиешімен бірге «Шығу» белгісіне қарай жүреді. Тәрбиеші:

– Ойыншықтарың іште қалып қойса, қайтадан ішке кірмейміз. Егер түтін болса, еңкейіп жүреміз.

Балалар еңкейіп жүру әрекетін қайталайды.

2. «Көмекке шақыр» жаттығуы

Тәрбиеші телефон макетін және 101 – өрт сөндіру қызметі, 112 – бірыңғай шұғыл көмек нөмірі жазылған карточкаларды көрсетеді.

Балалар кезекпен телефонды алып, 101 немесе 112 нөмірін теріп, мына сөздерді айтады:

– Өрт шықты. Көмек қажет. Менің мекенжайым: ... көшесі, ... үй.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

«Дұрыс әрекетті көрсет» ойыны

Тәрбиеші карточкаларды кезекпен көрсетеді, ал балалар оған сәйкес әрекетті көрсетеді немесе атайды:

1. От немесе түтін – «Ересек адамды шақырамын!»
2. Шығу – «Ересек адаммен бірге шығамын!»
3. Телефон – «101 немесе 112!»

Тәрбиеші:

– Ал егер сүйікті ойыншығың бөлмеде қалып қойса, қайта кіріп аласың ба?

Тәрбиеленушілер:

– Жоқ!

Сабақ соңында тәрбиеленушілер бірге негізгі ережені қайталайды:

«Отты немесе түтінді көрсең – жасырынба – тез сыртқа шық – қауіпсіз жерге бар – ересек адамнан көмек сұра. Қасыңда ересек адам болмаса, 112 нөміріне қоңырау шал».

№8 сабақ	**Интернетте қандай ақпараттан сақ болу керек?**
Мақсаты	Тәрбиеленушілерді интернетте кездесетін күмәнді немесе қорқыныш тудыратын ақпараттан сақтану дағдысын қалыптастыру
Міндеттері	– балаларды интернетте кездесетін ақпараттан сақтану ережелерімен таныстыру; – шынайы және күмән тудыратын ақпаратты ажырата білуге үйрету; – қажет болған жағдайда анасына, әкесіне, тәрбиешісіне немесе өзі сенетін жақын ересек адамға жүгінуге баулу.

Материалдар мен ресурстар:

Планшет (немесе смартфон) макеті, балаларға арналған мультфильмдер, танымдық ойындар, бейтаныс бейне және «Сыйлық алу» батырмасы бейнеленген карточкалар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

1. «Мультфильм таңдаймыз» жаттығуы

Тәрбиеші планшет макетін көрсетеді. Тәрбиеші:

– Бүгін Айбар планшеттен мультфильм көргісі келді. Экранда балаларға арналған мультфильм, бейтаныс бейне және «Сыйлық алу» деген батырма пайда болды.

Тәрбиеші:

– Балалар, неліктен телефондағы немесе планшеттегі кез келген суретті, сілтемелерді аша беруге болмайды?

1-себеп

Интернетте балаларға арналмаған бейнематериалдар бар. Оларда қорқынышты дыбыстар, зұлым құбыжықтар немесе көңілге жағымсыз көріністер болуы мүмкін. Мұндай бейнематериалдар көңіл-күйді түсіреді және ұйқыңыздың бұзылуына әкеледі.

2-себеп

Кейде суретте сүйкімді мысық бейнеленіп тұрады, ал оны басқанда мүлде басқа, жағымсыз бейне ашылуы мүмкін. Бұл – алдау, яғни қақпан болуы мүмкін.

3-себеп

Егер интернеттен кез келген нәрсені ұзақ уақыт көре берсек, басымыз ауырып, көзіміз жасаурауы мүмкін. Интернет далада ойнап, көңілді ойындарға жұмсайтын күшімізді азайтады.

Тәрбиеші:

– Ең басты ережені есте сақтаңдар:

«Экранды тек ересек адамның рұқсатымен және онымен бірге қосамыз!».

2. «Тоқта! Ересек адамды шақырамын!» ойыны

Тәрбиеші әртүрлі жағдайларды атайды. Егер жағдай қауіпсіз болса, балалар қол шапалақтайды, ал қауіпті болса, алақанымен «Тоқта!» белгісін көрсетіп:

– Ересек адамды шақырамын! – дейді.

Мысалы:

- анасы мультфильм қосты;
- әкесі танымдық ойын таңдады;
- бейтаныс бейне пайда болды;
- экранда бейтаныс батырма пайда болды;
- бейне қорқынышты бола бастады.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші сұрақтар қояды:

– Барлық бейнелерді бірінен соң бірін аша беруге бола ма?

– Бейтаныс бейне пайда болса, не істеу керек?

– Мультфильм немесе ойын таңдауға кім көмектеседі?

Тәрбиеленушілер жауап береді.

Тәрбиеші балаларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

– Егер бейнені көруге болатынын білмесем, мен...

– Егер бейтаныс батырма пайда болса, мен...

Тәрбиеленушілер жауап береді.

Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Бүгін сендер барлық мультфильмдер мен бейнелердің балаларға арналмайтынын білдіңдер. Егер бейнені ашуға немесе батырманы басуға болатынын білмесеңдер, оны өз беттеріңше жасамаңдар. Бірден ересек адамнан көмек сұраған дұрыс.

Сабақтың басты ережесі:

Білмесең – баспа. Кез келген бейнені аша берме. Анаңнан, әкеңнен, тәрбиешіңнен немесе өзің сенетін ересек адамнан сұра.

№9 сабақ	Бейтаныс адамға «жоқ» - деп айтуды үйренеміз
Мақсаты	Тәрбиеленушілердің қауіпті жағдайларда дұрыс әрекет ету және қажет кезде «жоқ» деп нық айта білу дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- балаларды «жоқ» деп нық айту қажет болатын жағдаяттармен таныстыру; - қауіпті ұсыныстардан бас тарта білуге және анасына, әкесіне, тәрбиешісіне немесе өзі сенетін жақын ересек адамға жүгінуге үйрету; - өз ойын батыл айтуға, сақ болуға және қажет кезде көмек сұрауға баулу.

Материалдар мен ресурстар:

«Тоқта» карточкасы, әртүрлі өмірлік жағдаяттар бейнеленген сюжеттік суреттер, «ана», «тәрбиеші», «полиция қызметкері», «сатушы» бейджиктер.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Қашан «жоқ» деп айтуға болады?

Тәрбиеші:

– Балалар, біреу бір нәрсе ұсынса, әрқашан «иә» деп айту керек пе?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші:

– Кейде адам саған ұнамайтын, қорқынышты немесе қауіпті болып көрінетін нәрсені жасауды ұсынуы мүмкін. Мұндай жағдайда әр баланың «Жоқ!» деп айтуға құқығы бар.

Тәрбиеші балаларға келесі жағдаяттарды талқылауды ұсынады:

- Біреу: «Менімен бірге жүр», – дейді, бірақ сенің барғың келмейді.
- Біреу: «Бұл туралы анаңа немесе әкеңе айтпа. Бұл екеуміздің ғана құпиямыз болсын», – дейді.
- Біреу сенің қолыңнан ұстағысы немесе құшақтағысы келеді, бірақ бұл саған жағымсыз болуы мүмкін.

Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Егер сен қорықсаң, өзіңді жайсыз сезінсең немесе ұсыныс қауіпті болып көрінсе, «Жоқ!» деп айту керек.

Негізгі ереже:

Егер саған бір нәрсе ұнамаса, «жоқ» деп айт та, өзің сенетін ересек адамға бар.

Егер бір жағдай сені қорқытса немесе көңіліңе жақпаса, бұл туралы анаңа, әкеңе, тәрбиешіңе немесе өзің сенетін ересек адамға міндетті түрде айт. Біреу «ешкімге айтпа» десе де, сен көмек сұрай аласың.

2. «Қалай әрекет ету керек?» ойыны

Тәрбиеші тәрбиеленушілерге әртүрлі жағдаяттарды ұсынады.

1-жағдаят

Бейтаныс адам саған кәмпит ұсынды. Не істеу керек?

2-жағдаят

Біреу:

– Бұл туралы ересектерге айтпа. Бұл екеуміздің ғана құпиямыз болсын, – дейді.

Не істеу керек?

3-жағдаят

Біреу сенің қолыңнан ұстағысы немесе құшақтағысы келеді, бірақ бұл саған жағымсыз әсер қалдырды. Не істеу керек?

4-жағдаят

Досың биік қоршауға өрмелеп шығуды ұсынды. Не істеу керек?

Әр жауаптан кейін тәрбиеші тәрбиеленушілермен бірге дұрыс шешімді талқылайды.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиеші тәрбиеленушілерге сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

– Егер мен қорықсам немесе өзімді жайсыз сезінсем, мен...

– Егер менен қауіпті құпияны сақтауды сұраса, мен...

– Егер маған көмек қажет болса, мен...

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Әр баланың өзін қауіпсіз сезінуге құқығы бар. Егер сендер қорықсаңдар, өздеріңді жайсыз сезінсеңдер немесе сендерге қауіпті нәрсе жасауды ұсынса, сенімді түрде «Жоқ!» деп айтып, ол жерден алыстап, болған жағдайды міндетті түрде өздерің сенетін ересек адамға айту керек.

Сабақтың басты ережесі:

«Жоқ!» де – алыста – ересек адамға айт!»

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№10 сабақ	Далада ойнағандағы қауіпсіздік ережелері
Мақсаты	Балалардың далада ойнау кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– балаларды далада ойнау кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен таныстыру; – қауіпті жағдайларды байқай білуге және қауіпсіз шешім қабылдауға үйрету; – өз денсаулығы мен айналасындағылардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар:

Доп, қызыл және жасыл түсті шеңберлер, балалар алаңы, саябақ, аула, жол, құрылыс алаңы, гараждар, әткеншек, сырғанақ, сондай-ақ қауіпті заттар бейнеленген карточкалар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

1. «Қауіпсіздік инспекторлары» ойыны

Тәрбиеші:

– Бүгін біз серуенге шығып, қауіпсіздік инспекторлары боламыз. Біздің міндетіміз – ойын ойнауға болатын қауіпсіз орындарды таңдау және басқа балаларға қауіптен сақтануға көмектесу.

– Дайынсыңдар ма?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші әртүрлі орындар бейнеленген карточкаларды көрсетеді:

– Қай жерде қауіпсіз ойнауға болады?

Тәрбиеленушілер өз таңдауын түсіндіреді. Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Балалар көліктер жүрмейтін және басқа да қауіп-қатерлер жоқ қауіпсіз жерлерде ғана ойнауы керек.

2. «Не істейсің?» практикалық жаттығуы

Тәрбиеші тәрбиеленушілерге өмірлік жағдаяттарды ұсынады.

1-жағдаят. Доп жолға домалап кетті. Не істейсің?

Күтілетін жауап:

– Доптың артынан жолға жүгірмеймін. Қасымдағы ересек адамнан көмек сұраймын.

2-жағдаят. Балалар алаңының жанында сынған әйнек жатыр. Не істейсің?

Күтілетін жауап:

– Әйнекке қол тигізбеймін. Қасымдағы ересек адамға айтамын.

3-жағдаят. Әткеншек қатты тербеліп тұр, ал сен оның жанынан өтуің керек. Не істейсің?

Күтілетін жауап:

– Әткеншекке жақындамаймын. Ол тоқтағанша күтемін немесе қауіпсіз жермен айналып өтемін.

4-жағдаят. Сен ашық тұрған құдықты көрдің. Не істейсің?

Күтілетін жауап:

– Құдыққа жақындамаймын. Қасымдағы ересек адамға бірден айтамын.

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші дұрыс әрекеттерді нақтылайды:

– Жарайсыңдар! Ең бастысы – өздеріңді қауіпке төндірмей, ересек адамнан көмек сұрау.

Тәрбиеші тәрбиеленушілерге тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1aqaiI8ciVIq43J1SHVcMVVjYAnhBoKmA/view?usp=sharing

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

3. «Тоқта: қауіпті!» ойыны

Тәрбиеші жасыл шеңберді көрсетеді. Тәрбиеленушілер топ ішінде еркін қозғалып, серуендеп жүргендерін бейнелейді.

Тәрбиеші қызыл шеңберді көтеріп, қауіпті жағдайды атайды:

– Доп жолға домалап кетті.

– Жолда сынған әйнек жатыр.

– Әткеншектің алдынан бала өтіп бара жатыр.

– Сен ашық тұрған құдықты көрдің.

– Көшеде саған ит жақындады.

Тәрбиеленушілер тоқтап, алақанымен «Тоқта!» белгісін көрсетіп:

– Ересек адамды шақырамын! – дейді.

Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Бүгін сендер нағыз қауіпсіздік инспекторлары болдыңдар. Көңілді серуендеу қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтаудан басталатынын білдіңдер. Егер балалар алаңында қауіпті жағдайды байқасаңдар, оған жақындамаңдар және өздерің еш әрекет жасамаңдар. Дереу ересек адамнан көмек сұраңдар.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№11 сабақ	Жолдағы қауіпсіздік ережелері
Мақсаты	Тәрбиеленушілерде жолда қауіпсіз жүріп-тұрудың бастапқы дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– балаларды жолдағы қауіпсіз мінез-құлықтың негізгі ережелерімен таныстыру; – зейінін дамытуға, жолдағы жағдайларды байқай білуге және қауіпсіз шешім қабылдауға үйрету; – тәртіпке және жол қозғалысы ережелерін сақтауға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар:

Бағдаршам макеті, қызыл, сары және жасыл түсті шеңберлер, «Жаяу жүргіншілер өткелі» кілемшесі

Ұйымдастырылған іс-әрекет

1. «Қала бойынша саяхат» ойыны

Тәрбиеші:

– Бүгін біз қала бойынша серуенге шығамыз. Балалар алаңына жету үшін жолды дұрыс әрі қауіпсіз кесіп өтуіміз керек. Қалай ойлайсыңдар, жолдан қауіпсіз өтуге бізге не көмектеседі?

Тәрбиеленушілер жауап береді. Тәрбиеші жол макетін көрсетеді.

– Қараңдаршы, көшеде нені көріп тұрмыз?

Тәрбиеленушілер жауаптары:

- жаяу жүргіншілер жолы;
- жүріс бөлігі;
- жаяу жүргіншілер өткелі;
- бағдаршам.

Тәрбиеші нақтылайды:

– Жаяу жүргіншілер қай жермен жүреді?

– Автокөліктер қай жермен жүреді?

– Жолды қай жерден кесіп өтуге болады?

Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Жолда қауіпсіз болу үшін ережені біліп қана қоймай, оны дұрыс қолдана білу керек.

2. «Жолдан дұрыс өтеміз» практикалық жаттығуы

Еденде «Жаяу жүргіншілер жолы» макеті орналастырылады.

Тәрбиеші тәрбиеленушілерге жолдан қалай дұрыс өту керектігін көрсетуді ұсынады. Балалармен бірге әрекет ету алгоритмі қайталанады:

1. Жолдың шетіне тоқтау.
2. Бағдаршамның жасыл түсін күту.
3. Сол жаққа қарау.
4. Оң жаққа қарау.
5. Ересек адамның қолынан ұстау.

Осыдан кейін бірнеше тәрбиеленуші кезекпен жаттығуды орындайды. Тәрбиеші назар аударады:

– Жаяу жүргіншілерге бағдаршамның жасыл түсі жанса да, алдымен көліктердің тоқтағанына көз жеткізу керек.

3. «Бағдаршам» ойыны

Тәрбиеші жол реттеуші рөлін атқарып, бағдаршамның сигналдарын көрсетеді.

- Қызыл түс – жаяу жүргіншілер тоқтап тұрады.
- Жасыл түс – жаяу жүргіншілер «Жаяу жүргіншілер жолы» арқылы жүреді.

Ойын барысында тәрбиеші әртүрлі жағдайларды ұсынады:

– Доп жолға домалап кетті.

– Көлік жаяу жүргіншілер өткеліне жақындап келеді.

– Бағдаршамның жасыл түсі жанды.

Тәрбиеленушілер дұрыс әрекеттерді орындайды.

4. «Автобуста өзімізді қалай ұстаймыз?»

Тәрбиеші:

– Міне, аялдамаға да келдік. Енді автобусты күтеміз. Автобусқа мінгенде де абай болып, тәртіп сақтау керек.

Балалар бірге ережелерді қайталайды:

– Автобусты аялдамада ересек адамның қасында тұрып күтеміз.

– Автобусқа тоқтағанына көз жеткізген соң ғана мінеміз.

– Мінгенде де, түскенде де бір-бірімізді итермейміз.

– Бос орын болса, отырамыз. Орын болмаса, тұтқадан ұстап тұрамыз.

– Автобус жүріп келе жатқанда жүгірмейміз, ойнамаймыз.

– Терезеден басымызды шығармаймыз. Қауіпті әрекеттер жасамаймыз.

– Автобус тоқтағаннан кейін ғана түсеміз.

– Автобустан түскен соң жолдан ересек адаммен бірге, жаяу жүргіншілер өткелімен өтеміз.

Тәрбиеші қорытындылайды:

– Автобуста асықпай, абай болып, тәртіп сақтасақ, жолымыз да қауіпсіз болады.

Тәрбиеші тәрбиеленушілерге тақырыптық постермен танысуды ұсынады.

https://cloud.mail.ru/public/dHRB/58bQrEgcp/B%20работе/плакаттар/posters%207%20каз.jpg

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау

Тәрбиешінің сұрақтары:

– Жолдан өтпес бұрын не істеу керек?

– Неліктен жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шығуға болмайды?

– Доп жолға домалап кетсе, не істеу керек?

Тәрбиеші қорытынды жасайды:

– Бүгін сендер жолда қауіпсіз жүрудің маңызды ережелерін үйрендіңдер. Жолдан тек ересек адаммен бірге, жаяу жүргіншілер өткелі арқылы және бағдаршамның жасыл шамы жанғанда өту керектігін білдіңдер. Жолдан өтпес бұрын міндетті түрде тоқтап, екі жаққа қарап, көліктердің тоқтағанына көз жеткізу керек.

Сабақтың басты ережесі:

Тоқта. Жан-жағыңа қара. Жолдан ересек адаммен бірге өт!

1-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН «ҚАУІПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР ТОПТАМАСЫ



№	Тақырыптар
1.	Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері
2.	Менің «қауіпсіздік шеңберім»
3.	Ересек адам «ата-анаңа айтпа» десе не істеу керек?
4.	Бейтаныс адамдардан қалай сақтану керек?
5.	Су айдындарындағы қауіпсіздік ережелері
6.	Менің денем – менің жеке шекарам
7.	Интернеттегі қауіпті хабарламалар мен сілтемелер
8.	Жеке ақпаратыңды қалай қорғау керек?
9.	Үйдегі қауіпсіздік: терезе, есік және қауіпті заттар
10.	Мектепке дейінгі қауіпсіз бағыт: жолдағы және қоғамдық көліктегі қауіпсіздік
11.	Далада қауіпсіз ойнау ережелері

№1 сабақ	Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері
Мақсаты	Білім алушылардың төтенше жағдайларда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	- білім алушылардың жедел қызметтердің телефон нөмірлері мен көмек шақыру тәртібі туралы білімдерін бекіту; - қауіпті жағдайды ажырата білуге, тиісті жедел қызметті дұрыс таңдауға және қажетті ақпаратты нақты жеткізуге үйрету; - жауапкершілікке тәрбиелеу, жедел қызметтерді тек нақты қауіп туындаған жағдайда ғана шақыру қажеттігін түсіндіру.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог телефон макетін көрсетеді:

– Балалар, телефон тек достарымызбен және жақындарымызбен сөйлесу үшін ғана қажет емес. Кейде бір қоңырау адамның өмірін сақтап қалуы мүмкін. Қалай ойлайсыңдар, қандай жағдайда жедел қызметтерге қоңырау шалу керек?

Білім алушылар жауап береді. Педагог қорытынды жасайды:

– Бүгін біз қауіпті жағдайды анықтауды, қажетті жедел қызметті таңдауды және дұрыс қоңырау шалуды үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1CpHsUuaZrvtFqm_VlWwva3vGJQtC74gi/view?usp=sharing

1. «Кім көмектеседі?» ойыны

Педагог тақтаға жедел қызметтердің телефон нөмірлері жазылған карточкаларды орналастырады.

Жедел қызметтер нөмірлері:

- 101 – өрт сөндіру қызметі;
- 102 – полиция;
- 103 – жедел медициналық жәрдем;
- 104 – авариялық газ қызметі.

Педагог:

– Кейде қандай көмек қажет екенін бірден анықтау қиын болуы мүмкін. Мұндай жағдайда 112 нөміріне қоңырау шалуға болады. Бұл – бірыңғай жедел қызмет нөмірі.

– Егер балаға көмек қажет болса немесе оның құқықтарын қорғау мәселесі туындаса, 111 байланыс орталығына жүгінуге болады.

Педагог түрлі жағдайлар бейнеленген карточкаларды көрсетеді.

Мысалы:

- ас бөлмесінде өрт шықты;
- адам өзін жайсыз сезінді;
- газдың иісі сезілді;
- бейтаныс адам пәтерге кіруге әрекет жасап жатыр;
- балаға көмек немесе қорғау қажет;
- төтенше жағдай орын алды және қай жедел қызметке хабарласу керектігі белгісіз.

Білім алушылар қажетті телефон нөмірін таңдап, өз таңдауын түсіндіреді. Педагог қорытынды жасайды:

– Әр жедел қызмет өзіне тиісті жағдайда көмек көрсетеді. Ең бастысы – қауіпті жағдайды тез анықтап, қажетті телефон нөмірін дұрыс таңдау.

2. «Дұрыс қоңырау шалу» практикалық жаттығуы

Педагог телефон макетін көрсетеді:

– Диспетчер қоңырауға жауап берді деп елестетейік. Оған не айту керек?

Педагог білім алушылармен бірге әрекет ету алгоритмін құрастырады:

1. Не болғанын айту.
2. Мекенжайды немесе тұрған жеріңді айту.
3. Өз аты-жөніңді айту.
4. Диспетчердің сұрақтарына жауап беру.
5. Диспетчер сөйлесуді аяқтамайынша, телефон тұтқасын қоймау.

Педагог ескертеді:

– Егер жанында ересек адам болса, алдымен міндетті түрде оны көмекке шақыр.

Бірнеше білім алушы рөлдік ойын арқылы телефонмен сөйлесуді көрсетеді.

Жағдаят.

Педагог (диспетчер):

– 101 қызметі. Сәлеметсіз бе!

Білім алушы:

– Сәлеметсіз бе! Ас бөлмесінде өрт шықты.

Педагог:

– Мекенжайыңызды айтыңыз.

Білім алушы:

– Абай көшесі, 15-үй.

Педагог:

– Атың кім?

Білім алушы:

– Менің атым – Әлихан.

Педагог:

– Рақмет. Көмек жолға шықты.

Педагог қорытынды жасайды:

– Диспетчермен сөйлескен кезде сабырлы әрі анық сөйлеу керек. Алдымен не болғанын айтып, содан кейін мекенжайыңды және өз атыңды хабарла. Диспетчердің сұрақтарына мұқият жауап бер. Диспетчерді мұқият тыңдап, оның нұсқауларын орында. Диспетчер қоңырауды аяқтауға болады дегенге дейін телефон тұтқасын қойма.

III. Қорытынды бөлім

Педагог сұрақтар қояды:

– Өрт болған жағдайда қай нөмірге қоңырау шалу керек?

– Диспетчерге қандай ақпаратты міндетті түрде хабарлау қажет?

– Неліктен жедел қызметтерге жалған қоңырау шалуға болмайды?

Педагог қорытынды жасайды:

– Бүгін сендер жедел желі нөмірлеріне қалай дұрыс қоңырау шалу керектігін үйрендіңдер. Ең бастысы – дүрбелеңге түспеу. Егер қасыңда ересек адам болса, оны көмекке шақыру, қажетті жедел қызметті таңдау, не болғанын сабырлы түрде айту, мекенжайыңды және өз атыңды хабарлау керек.

Сабақтың басты ережесі:

«Дүрбелеңге түспе. Ересек адамды шақыр. Қоңырау шал. Не болғанын сабырлы түрде түсіндір».

№2 сабақ	Менің «қауіпсіздік шеңберім»
Мақсаты	Білім алушылардың жақын адамдарды, таныстарды, көмек көрсете алатын ересектерді және бейтаныс адамдарды ажырата білу дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	- білім алушыларды «қауіпсіздік шеңбері» ұғымымен таныстыру; - әртүрлі өмірлік жағдайларды талдау, кімнен және қандай жағдайда көмек сұрауға болатынын анықтау дағдыларын дамыту; - жеке қауіпсіздік ережелерін сақтауға және өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Төрт шеңбер бейнеленген парақ, түрлі түсті қарындаштар (жасыл, сары, көк, қызыл), өмірлік жағдаяттар бейнеленген карточкалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Біз күн сайын әртүрлі адамдарды кездестіреміз: туыстарымызды, достарымызды, мұғалімдерді, сатушыларды, полиция қызметкерлерін және көшедегі бейтаныс адамдарды. Қалай ойлайсыңдар, біз барлық адамға бірдей қарым-қатынас жасаймыз ба?

Білім алушылар жауап береді. Педагог:

– Бүгін біз күн сайын қасымызда жүретін адамдардың кімдер екенін, кімнен көмек сұрауға болатынын және жанымызда бейтаныс адам пайда болған жағдайда өзімізді қалай қауіпсіз ұстау керектігін білеміз.

II. Негізгі бөлім

1. «Менің қауіпсіздік шеңберім» практикалық жаттығуы

Педагог төрт шеңбер бейнеленген плакатты көрсетеді. Ортасында «Мен» деген сөз жазылған.

– Келіңдер, қауіпсіздік шеңберімізді бірге толтырайық. Күн сайын сендерге кім қамқорлық жасайды?

Білім алушылар жауап береді. Педагог карточкаларды орналастырады:

- ана;
- әке;
- әже;
- ата.

Педагог:

– Бұлар – сендерге ең жақын адамдар. Олар сендерге қамқорлық жасайды және әрдайым көмектесуге тырысады.

Әрі қарай педагог сұрақ қояды:

– Сендермен кімдер жиі ойнайды немесе бірге оқиды?

Білім алушылар жауап береді. Педагог карточкаларды орналастырады:

- дос;
- сыныптас;
- көрші.

Педагог:

– Бұлар – сендерге таныс адамдар. Қажет болған жағдайда олардан көмек сұрауға болады.

Содан кейін педагог жалғастырады:

– Егер қасыңда ата-анаң болмаса, кімнен көмек сұрауға болады?

Білім алушылар жауап береді. Педагог карточкаларды орналастырады:

- педагог;
- полиция қызметкері;
- күзетші;
- сатушы.

Педагог:

– Бұлар – қауіпсіздік бойынша көмек көрсете алатын ересектер. Егер сендер адасып қалсаңдар немесе қиын жағдайға тап болсаңдар, олардан көмек сұрауға болады.

Педагог бейтаныс адам бейнеленген карточканы көрсетеді:

– Бұл адамды сендер танымайсыңдар. Егер бейтаныс адам сендерге сыйлық ұсынса, өзімен бірге баруға шақырса немесе белгісіз әрекет жасауды сұраса, **одан бас тартып, өзің сенетін ересек адамға жүгіну керек.**

2. «Қалай әрекет етесің?» ойыны

Педагог түрлі жағдаяттарды ұсынады.

1-жағдаят

– Сен дүкенге бара жатқан жолда адасып қалдың. Не істейсің?

2-жағдаят

– Бейтаныс адам сені үйіңе жеткізіп салуды ұсынды. Не істейсің?

Әр жауаптан кейін педагог білім алушылармен бірге дұрыс шешімді қысқаша талқылайды.

Жанында бейтаныс адам болған жағдайда әрекет ету алгоритмі

1. Тоқта – бейтаныс адамға жақындама.

2. Бас тарт – сыйлық алма, көлігіне отырма және онымен ешқайда барма.

3. Алыста – басқа адамдар бар қауіпсіз жерге бар.

4. Көмек сұра – ата-анаңнан, педагогтен, полиция қызметкерінен, күзетшіден немесе басқа ересек көмекшіден көмек сұра.

5. Айтып бер – болған жағдайды міндетті түрде ата-анаңа немесе сенім білдіретін басқа ересек адамға айт.

III. Қорытынды бөлім

Педагог сұрақ қояды:

– Ең жақын адамдарға кімдер жатады?

– Жаныңда ата-анаң болмаса, кімнен көмек сұрауға болады?

Педагог қорытынды жасайды:

– Бүгін сендер айналаларыңда жақын адамдар, таныстар және көмек көрсете алатын ересектер болатынын білдіңдер. Егер адасып қалсаңдар, қорықсаңдар немесе қауіпті жағдайға тап болсаңдар, сенімді ересек адамнан көмек сұрау керек. Бейтаныс адаммен ешқайда баруға, оның көлігіне отыруға және одан сыйлық алуға болмайды.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 3 сабақ	**Ересек адам «ата-анаңа айтпа» десе не істеу керек?**
Мақсаты	Білім алушылардың қауіпті құпияны ажырата білу және біреу ата-анасынан немесе сенімді ересек адамнан маңызды жағдайды жасыруды сұраған кезде қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	- білім алушыларды «қауіпті құпия» ұғымымен таныстыру; - қауіпсіз және қауіпті құпияларды ажырата білуге, күмән тудыратын жағдайда дұрыс шешім қабылдауға үйрету; - ата-анасынан немесе сенімді ересек адамнан көмек сұрауға дағдыландыру.

Материалдар мен ресурстар

Өмірлік жағдаяттар бейнеленген карточкалар, сабақтың негізгі ережесі жазылған плакат.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Кейде адамдар күтпеген сыйлықтар дайындайды. Мысалы, анасы мен әкеісінің туған күніне сыйлық дайындау. Ал кейде біреу: «Бұл туралы ата-анаңа айтпа», – дейді. Бүгін біз қандай құпияларды сақтауға болатынын, ал қандай құпиялар туралы міндетті түрде ересек адамға айту керектігін білеміз.

II. Негізгі бөлім

Педагог қысқаша әңгіме айтып береді:

– Балалар, елестетіп көріңдерші: Айдын өзіне таныс ересек адамды кездестірді. Ересек адам оған ойыншық сыйлап: «Бұл ойыншықты саған менің сыйлағанымды анаң мен әкеңе айтпа. Бұл біздің құпиямыз болсын, – деді.

Айдын бұл құпияны сақтау керек пе, әлде біреуге айту керек пе екенін білмейді. Қане, оған қандай құпияны міндетті түрде өзі сенетін ересек адамға айту керектігін анықтауға көмектесейік.

Педагог:

Құпия әр адамның өмірінде болуы мүмкін. Бірақ құпияның екі түрі бар. Мына қораптарға қараңдар.

Жарқын түсті қорапта «қуанышты» құпиялар болады. Олар адамның көңілін көтеріп, жүрегіне жылу сыйлайды, күлкі сыйлайды. Мысалы, сен анаңа туған күніне сыйлық дайындап жатырсың және оны әзірге одан жасыра тұруға тура келеді. Мұндай құпия көп ұзамай ашылып, анаңа қуаныш сыйлайды.

Қара түсті қорапта «қауіпті» құпиялар болады. Егер ересек адам сенен анаң мен әкеңнен бір нәрсені жасыруды сұраса, мұндай құпия көбінесе қара түсті қорапқа жатады.

Педагог:

– Балалар, есте сақтаңдар: ешбір ересек адам баладан ата-анасынан бір нәрсені жасыруды сұрамауы керек.

Неліктен кейбір адамдар маңызды нәрсені құпия сақтауды сұрауы мүмкін?

- Олар өздерінің дұрыс емес әрекет жасап жатқанын біледі және ата-анасы біліп қояды деп қорқады.
- Олар: «Егер айтып қойсаң, ойыншығыңды алып қоямын» немесе «Анаң сенен кетіп қалады» деп қорқытуы мүмкін. Бұл – шынайылыққа жанаспайды. Ата-анаң әрқашан сені қолдайды және қорғайды.

Педагог:

– Егер бір құпия сені мазаласа, қорқытса, ұялтса немесе өзіңді жалғыз сезінуге мәжбүр етсе, бұл – қауіпті құпия. Мұндай құпияны іште сақтауға болмайды. Ол туралы анаңа, әкеңе немесе өзің сенетін ересек адамға міндетті түрде айт.

«Анаң мен әкеңнен ешнәрсе жасырмай! Егер басқа ересек адам бір нәрсені жасыруды сұраса, міндетті түрде ата-анаңа айт!».

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

– Егер біреу ата-анамнан бір нәрсені жасыруымды сұраса, мен...

– Егер мен қорқып немесе өзімді жайсыз сезінсем, мен...

– Көмек сұрау үшін мен ... жүгіне аламын.

Білім алушылар жауап береді. Педагог қорытынды жасайды:

– Бүгін сендер маңызды ережені білдіңдер. Жағымды тосынсый қуаныш сыйлайды және көп ұзамай оның сыры ашылады. Ал егер біреу ата-анаңнан бір нәрсені жасыруды сұраса және осы жағдайдан қорқыныш немесе жайсыздық сезінсең, жасыруға болмайды. Міндетті түрде ата-анаңа, мектеп психологіне айтуға немесе 111 нөмірі арқылы көмек сұрауға болады.

Сабақтың басты ережесі

«Егер біреу менен ата-анамнан бір нәрсені жасыруды сұраса немесе мен қорқып қалсам – ешнәрсені жасырмаймын, ересек адамға айтып, көмек сұраймын».

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 4 сабақ	Бейтаныс адамдардан қалай сақтану керек?
Мақсаты	Білім алушылардың бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- білім алушыларды бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен таныстыру; - әртүрлі өмірлік жағдайларда қауіпсіз шешім қабылдай білу дағдыларын дамыту; - жеке қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Өмірлік жағдаяттар бейнеленген карточкалар, телефон макеті, жұмыс парақтары, қарындаштар, 111 нөмірі жазылған карточка, тақырыптық постер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушылардың назарын тақырыптық постерге аударады.

https://www.youtube.com/watch?v=94MROnYncto&list=PLA5eCSY2FeoTMEec8T451Um4EJpuikdqk&index=7

Педагог:

– Күн сайын біз әртүрлі адамдарды кездестіреміз: көршілерді, сатушыларды, бейтаныс адамдарды, басқа балалардың ата-аналарын. Біз олардың барлығын жеке танымауымыз мүмкін.

Бүгін біз бейтаныс адам сендермен сөйлесуді бастаса, сыйлық ұсынса немесе бір жерге бірге баруға шақырса, қалай дұрыс әрекет ету керектігін үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

1. Қалай әрекет етемін» ойыны

Педагог жағдаяттарды оқиды. Білім алушылар бұл жағдайда қалай әрекет ету керектігін түсіндіреді.

- Бейтаныс адам саған кәмпит ұсынды.

Жауабы: Кәмпитті алмау, «Жоқ» деп айту және одан алыстау.

- Бейтаныс адам сені үйіңе жеткізіп салуды ұсынды.

Жауабы: Көлікке отырмау, одан алыстау және болған жағдайды сенетін ересек адамға айту.

- Бейтаныс адам сенен өзімен бірге барып, жолды көрсетуді сұрады.

Жауабы: Бейтаныс адаммен бірге бармау керек. Ересек адам жолды басқа ересек адамнан сұрай алады.

- Бейтаныс адам сені күшік көруге шақырды.

Жауабы: Күшікті қатты көргің келсе де, онымен бірге бармау керек.

- Сен дүкенде адасып қалдың және ата-анаңды сенен алыстап кеткенін байқадың.

Жауабы: Дүкеннен шықпау керек және дүкен қызметкерінен немесе күзетшіден көмек сұрау керек.

- Көшеде бейтаныс адам сенің артыңнан еріп келе жатыр және саған жақындауға тырысады.

Жауабы: Адамдар көп жерге бару, дауыстап көмек шақыру және полиция қызметкеріне, күзетшіге немесе көмектесе алатын басқа ересек адамға жүгіну керек.

Педагог қорытынды жасайды:

– Бейтаныс адам мейірімді әрі сыпайы болып көрінуі мүмкін. Бірақ онымен бірге ешқайда баруға, оның көлігіне отыруға немесе одан сыйлық алуға болмайды. Егер өздеріңе көмек қажет болса, сенетін ересек адамға немесе қызметтік міндетіне қарай тануға болатын ересек адамға: полиция қызметкеріне, күзетшіге, дүкен қызметкеріне жүгініңдер.

2. «Қауіпсіздіктің төрт қадамы» қимыл ойыны

Педагог алгоритмді түсіндіреді:

– Егер бейтаныс адам сендерді бір жерге бірге баруға немесе бір затты алуға шақырса, төрт қадамды орындау керек:

Бірінші қадам – «Жоқ!» деп айту.

Екінші қадам – бір қадам артқа шегіну.

Үшінші қадам – қауіпсіз ересек адамға жақындау.

Төртінші қадам – ата-анаңа не болғанын айтып беру.

Білім алушылар алгоритмді педагогпен бірге бірнеше рет қайталайды. Педагог еске салады:

– Егер сендерге қауіп төніп тұрса немесе полицияның шұғыл көмегі қажет болса, 102 нөміріне немесе 112 бірыңғай жедел қызмет нөміріне қоңырау шалыңдар.

Егер қастарыңда ата-аналарың болмаса, педагогке, полиция қызметкеріне, дүкен қызметкеріне немесе мектеп психологіне көмек сұрап жүгіне аласыңдар.

Егер саған көмек керек болса немесе бір нәрсе сені қорқытса, бұл туралы міндетті түрде ересек адамға айт. Сондай-ақ, 111 нөміріне хабарласып, көмек сұра.

III. Қорытынды бөлім

Педагог сұрақтар қояды:

– Бейтаныс адаммен бірге кетуге бола ма?

– Егер бейтаныс адам сені өзімен бірге жүруге қайта-қайта шақырса, не істеу керек?

– Кімнен көмек сұрауға болады?

Педагог қорытынды жасайды:

– Бүгін сендер бейтаныс адамдармен кездескен кезде өздеріңді қауіпсіз ұстауды үйрендіңдер. Ең бастысы – бейтаныс адамның ұсынысына келіспеу, онымен бірге ешқайда кетпеу, бірден қауіпсіз ересек адамнан көмек сұрап, болған жағдайды айтып беру.

Сабақтың басты ережесі

«Жоқ!» де. Қауіпсіз жерге шегін. Ересек адамнан көмек сұра және не болғанын айтып бер.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 5 сабақ	Су айдындарындағы қауіпсіздік ережелері
Мақсаты	Білім алушылардың су айдындарындағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы түсініктерін қалыптастыру және су маңында демалу кезінде қауіпсіз әрекет ету дағдыларын дамыту
Міндеттері	- білім алушыларды су айдындарындағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен таныстыру; - қауіпті жағдайларды бағалай білу және қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын дамыту; - өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Болады» және «Болмайды» карточкалары, құтқару кеудешесі, құтқару шеңбері, қайық бейнеленген иллюстрациялар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

– Жаз мезгілінде көптеген адамдар өзеннің, көлдің немесе теңіздің жағасында демалғанды ұнатады. Су жағасындағы демалысты қалай көңілді әрі қауіпсіз өткізуге болады?

Білім алушылар жауап береді. Педагог:

– Бүгін біз денсаулық пен өмірді сақтауға көмектесетін қарапайым қауіпсіздік ережелерімен танысамыз.

II. Негізгі бөлім

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1X2Ar8XhRSpZ0fci9pfnEk0cPQp1tGAvi/view?usp=sharing

Педагог су айдындарының маңындағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерін түсіндіреді.

1-ереже: Су айдынына ересек адамсыз баруға болмайды. Тіпті үйге жақын орналасқан кішкентай тоған болса да, міндетті түрде ересек адаммен бірге бару керек.

2-ереже: Суға тек арнайы жабдықталған, құтқарушылар кезекшілік ететін жағажайларда ғана түсуге болады.

3-ереже: Судағы қалқымалы белгілерден ары қарай жүзуге болмайды. Олар терең жердің басталатын шекарасын немесе қайықтар мен кемелер жүзуі мүмкін аймақты көрсетеді.

4-ереже: Жартастан, көпірден, басқа да биіктен суға секіруге болмайды. Судың түбінде тастар, ағаш бұтақтары немесе шыны сынықтары болуы мүмкін.

5-ереже: «Суға батыру» сияқты ойындарды ойнауға болмайды! Әзіл ретінде досыңның аяғынан су астында тартуға, оны жағадан суға итеруге немесе әзілдеп «Батып барамын!» деп айқайлауға болмайды. Құтқарушылар мұны әзіл деп ойлап, шын мәнінде көмек қажет болған кезде дер кезінде әрекет етпеуі мүмкін.

Педагог жазатайым жағдай кезіндегі әрекет ету ережелерін түсіндіреді:

Егер суға құлап кетіп, жүзе алмасаң: Дүрбелеңге түспе. Шалқаңнан жатып, қолдарыңды жан-жаққа созып, жұлдызша тәрізді қалқуға тырыс және тыныш дем ал. Су денеңді өзі ұстап тұрады. Айқайлап көмекке шақыруға тырыс.

Егер біреудің суға батып бара жатқанын көрсең: Ешқашан өзің суға секірме! Сен әлі кішкентайсың. Ересектерді қатты дауыстап көмекке шақыр: «Көмектесіңіздер! Адам суға батып бара жатыр!».

Егер жақын жерде құтқару шеңбері, үрлемелі матрас немесе ұзын таяқ болса, оны жағадан суға батып бара жатқан адамға қарай лақтыр. Бұл кезде аяғыңды нық басып, жағалауда қауіпсіз жерде тұр.

«Қауіпсіз бе, әлде қауіпті ме?» ойыны

Педагог түрлі жағдайларды оқиды. Білім алушылар «Болады» немесе «Болмайды» карточкаларын көтереді. Жағдаяттар:

- ересек адаммен бірге суға түсу;
- ересектерсіз өзенге немесе көлге жақындау;
- қайықта құтқару кеудешесін кию;
- бейтаныс жерде суға секіру;
- қауіпті жағдайды көргенде ересек адамға хабарлау.

Әр жауаптан кейін білім алушылар өз таңдауларын түсіндіреді. Педагог қорытынды жасайды:

– Су маңында әрдайым мұқият болып, қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.

III. Қорытынды бөлім

Педагог сұрақтар қояды:

- Неліктен ересектерсіз суға жақындауға болмайды?
- Құтқару кеудешесі не үшін қажет?
- Қауіпті жағдайды көрсең, не істеу керек?

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№6 сабақ	Менің денем – менің жеке шекарам
Мақсаты	Білім алушылардың жеке шекаралары бұзылған жағдайларда қауіпсіз әрекет ету туралы дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	- білім алушыларды жеке қауіпсіздік және жеке шекара ережелерімен таныстыру; - қауіпті жағдайларды тани білу және қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын дамыту; - өзіне және айналасындағылардың қауіпсіздігіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Жасыл және қызыл сигналдық карточкалар, адам сұлбасы бейнеленген парақтар, қарындаштар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, біреудің затын рұқсатсыз алуға бола ма?

Білім алушылар жауап береді.

– Ал басқа адамға рұқсатсыз қол тигізуге бола ма?

Білім алушылар жауап береді. Педагог:

– Әр адамның жеке шекарасы бар. Бұл ереже әр адамның өзін еркін, тыныш әрі қауіпсіз сезінуіне көмектеседі. Бүгін біз біреу сенің жеке шекараңды бұзған жағдайда қалай дұрыс әрекет ету керектігін үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

1. «Бола ма, болмай ма?» ойыны

Педагог түрлі жағдаяттар бейнеленген карточкаларды көрсетеді. Білім алушылар «Болады» немесе «Болмайды» карточкасын көтеріп, өз таңдауын түсіндіреді.

Жағдаяттар:

- анасы баланың жарақатын өңдеп жатыр;
- дәрігер ата-анасының рұқсатымен баланы тексеріп жатыр;
- досы: «Сені құшақтасам бола ма?» – деп сұрады;
- сен «Болмайды» дегеніңе қарамастан, біреу қолыңнан тартады;

- бейтаныс адам баланы рұқсатсыз құшақтағысы келеді;
- ойын кезінде сыныптасы сен тоқтауын сұрағаныңа қарамастан, итеруді жалғастыра береді.

Педагог қорытынды жасайды:

– Сенің денең – өзіңе тиесілі. Сондықтан өзіңнің де, басқа адамдардың да жеке шекарасын құрметтеу маңызды. Егер біреудің жанасуы сенде жағымсыз сезім, қорқыныш немесе ауырсыну тудырса, «Жоқ!» немесе «Маған тиіспе!» деп айтуға, қауіпсіз жерге шегінуге және сенетін ересек адамға болған жағдайды айт.

2. «Қауіпсіздіктің үш қадамы» жаттығуы

Педагог үш карточканы көрсетеді.

Бірінші қадам – «Жоқ!» деп айт.

Екінші қадам – қауіпсіз жерге шегін.

Үшінші қадам – ата-анаңа, педагогке, мектеп психологіне немесе басқа да жақын ересек адамға айтып бер.

Білім алушылар алгоритмді педагогпен бірге бірнеше рет қайталайды. Педагог:

– Егер саған көмек қажет болса, кімге жүгіне аласың?

Білім алушылар жауап береді:

– Анаға.

– Әкеге.

– Педагогке.

– Мектеп психологіне.

Педагог толықтырады:

– Егер балаға көмек немесе қорғау қажет болса, балалар да, ересектер де 111 байланыс орталығына жүгіне алады.

III. Қорытынды бөлім

Педагог қорытынды жасайды:

– Әр адам өзіне құрметпен қарауға лайық. Егер сен қорықсаң, ауырсынсаң немесе өзіңді жайсыз сезінсең, мәселеңді жасырып қалма. «Жоқ!» деп айт, қауіпсіз жерге бар және болған жағдайды міндетті түрде ата-анаңа, педагогке, мектеп психологіне немесе өзің сенетін ересек адамғат айт. 111 байланыс орталығына жазып, көмек сұра.

Сабақтың басты ережесі

Менің денем – өзіме тиесілі. Егер мен өзімді жағымсыз сезінсем: – «Жоқ!» деп айтамын, қауіпсіз жерге шегінемін және сенетін ересек адамға айтып беремін.

№7 сабақ	Интернеттегі қауіпті хабарламалар мен сілтемелер
Мақсаты	Білім алушылардың интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– білім алушыларды бейтаныс адамдардан келген хабарламалар мен сілтемелерге қатысты қауіпсіздік ережелерімен таныстыру; – цифрлық ортада қауіпсіз шешім қабылдай білу дағдыларын дамыту; – цифрлық құрылғыларды пайдалануға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Планшет немесе телефон макеті, хабарламалар бейнеленген карточкалар, «Ашпа», «Жауап берме», «Ересек адамға көрсет» карточкалары.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог хабарламаны көрсетеді:

«Сен сыйлық ұтып алдың! Осы жерді бас!».

Педагог:

– Мұндай хабарламаға басуға бола ма?

Білім алушылар жауап береді. Педагог:

– Дұрыс, басуға болмайды. Қызықтырып, сыйлық немесе жүлде уәде ететін бейтаныс хабарламаларға сенуге және олардағы сілтемелерді ашуға болмайды.

Педагог екінші хабарламаны көрсетеді:

«Сәлем! Сен қай жерде тұрасың?»

– Бұл хабарламаға жауап беру керек пе?

Білім алушылар жауап береді. Педагог қорытынды жасайды:

– Бейтаныс адамдардың хабарламаларына жауап беруге және өзің туралы жеке ақпаратты айтуға болмайды. Күмәнді хабарлама немесе сілтеме алсаң, оны ашпай, жауап бермей, бірден ересек адамға көрсету керек.

II. Негізгі бөлім

1. «Қауіпті жағдайды тап» жаттығуы

Педагог карточкаларды көрсетеді:

- анаңнан келген хабарлама;
- белгісіз сілтеме;
- фотосурет жіберуді сұрау;
- әкең қосып берген танымдық ойын;
- бейтаныс адамнан келген хабарлама.

Білім алушылар ересек адамның көмегін қажет ететін жағдайларды анықтайды. Педагог қорытынды жасайды:

– Бейтаныс хабарламаларды өз бетіңше ашуға болмайды.

2. «Қауіпсіздіктің үш қадамы» жаттығуы

Сыныпта мына карточкалар орналастырылады:

- «Ашпа»
- «Жауап берме»
- «Ересек адамға көрсет»

Педагог жағдаятты атайды, ал білім алушылар бірінші кезекте жасалуы тиіс дұрыс әрекетті таңдайды:

- белгісіз сілтеме пайда болды;
- бейтаныс адам хабарлама жазды;
- экранда қорқынышты бейне ашылды;
- фотосурет жіберуді сұрады.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

– Егер бейтаныс хабарлама келсе, мен...

– Егер белгісіз сілтеме пайда болса, мен...

– Көмек сұрау үшін мен ... жүгінемін.

Педагог еске салады:

– 111 байланыс орталығына балалар да, ересектер де жүгіне алады. Егер сендерге көмек немесе қорғау қажет болса, 111 нөміріне өздерің қоңырау шала аласыңдар немесе ата-анаңнан, педагогтен не басқа жақын ересек адамнан көмек сұрай аласыңдар.

Сабақтың басты ережесі

Сілтемені ашпа. Бейтаныс адамға жауап берме. Бірден ересек адамға көрсет.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің «FinGramota.kz» жобасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№8 сабақ	Жеке ақпаратыңды қалай қорғау керек?
Мақсаты	Білім алушылардың жеке ақпарат туралы түсініктерін қалыптастыру және оны бейтаныс адамдарға жарияламау, қауіпсіз қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.
Міндеттері	– білім алушыларды жеке ақпарат ұғымымен және оны қорғау ережелерімен таныстыру; – қандай ақпаратты бейтаныс адамдарға айтуға болмайтынын ажырата білуге үйрету; – өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға және жеке ақпаратты қорғауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Жасыл және қызыл түсті екі қорап, өмірлік жағдаяттар, иллюстрациялар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, мына әңгімені тыңдаңдар.

Айша аулада ойнап жүрді. Оның жанына бейтаныс адам келіп, түрлі сұрақтар қоя бастады:

– Атың кім?

– Қай жерде тұрасың?

– Ата-анаң қашан үйде болады?

– Кілттер қай жерде сақтаулы?

Айша жауап бергісі келді, бірақ қасына полицей келді. Ол бейтаныс адамдардың барлық сұрақтарына жауап бере беруге болмайтынын түсіндірді.

Педагог сұрақ қояды:

– Неліктен бейтаныс адамдарға өзің туралы барлық ақпаратты айтуға болмайды?

Білім алушылар жауап береді.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://www.youtube.com/watch?v=94MROnYncto&list=PLA5eCSY2FeoTMEec8T451Um4EJpuikdqk&index=7

II. Негізгі бөлім

1. «Айтуға болады ма?» жаттығуы

Педагог карточкаларды кезекпен көрсетеді. Білім алушылар ондағы ақпаратты екі топқа бөледі:

«Айтуға болады»

«Бейтаныс адамға айтуға болмайды»

Карточкалар:

Менің есімім.

Сүйікті мультфильмім.

Сүйікті ойыным.

Үй мекенжайым.

Ата-анамның телефон нөмірі.

Үй кілтінің қай жерде сақталатыны.

Ата-анамның үйде болмайтын уақыты.

Телефонның немесе планшеттің құпиясөзі.

Білім алушылар әр карточкадағы ақпаратты қай топқа жатқызу керектігін анықтап, өз таңдауын түсіндіреді.

Әр жауаптан кейін педагог сұрайды:

– Неліктен бұлай шештің?

Педагог қорытынды жасайды:

– Жеке ақпаратты бейтаныс адамдарға айтуға болмайды. Егер бейтаныс адам сенен жеке ақпаратыңды сұраса, оған жауап берме. Бұл туралы міндетті түрде өзің сенетін ересек адамға айт.

III. Қорытынды бөлім

Педагог еске салады:

– Егер сендерге көмек немесе қорғау қажет болса, ата-анаңа, педагогке немесе басқа ересек адамға жүгіне аласыңдар. Қажет болған жағдайда балалар да, ересектер де 111 байланыс орталығына өздері хабарласа алады.

Сабақтың басты ережесі

Жеке ақпаратымды бейтаныс адамдарға айтпаймын. Егер менен сұрай бастаса – жауап бермей, бірден сенімді ересек адамға айтамын.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 9 сабақ	**Үйдегі қауіпсіздік: терезе, есік және қауіпті заттар**
Мақсаты	Білім алушылардың үйде кездесуі мүмкін қауіптер туралы саналы түсінігін қалыптастыру және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту
Міндеттері	– терезелерге, есіктерге және тұрмыстық заттарға байланысты қауіптермен таныстыру; – жағдайды талдау және қауіпті алдын ала болжай білу дағдыларын дамыту; – өз өмірі мен денсаулығына ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

- Әлихан үйде жалғыз қалды. Анасы 20 минутқа дүкенге кетті. Айша аулаға қарағысы келіп, терезенің алдына шығып, терезені айқара ашты. Сол кезде есік қоңырауы соғылды – бейтаныс адамның дауысы: «Аша ғой, мен көршімін. Маған тұз керек», – деді.

Сәлден соң айша ас бөлмесінде үстел үстіндегі сіріңкеге көзі түсіп...

Педагог тоқтап:

– Балалар, Айша қанша қауіпті әрекет жасады? Санап көрейік және әрқайсысын талдап шығайық.

Білім алушылар өз жауаптарын ұсынады, педагог оларды тақтаға жазып қояды.

1. Терезенің алдына шығып, терезені ашты.
2. Бейтаныс адамға есік ашқысы келді.
3. Сіріңкені қолына алды.

II. Негізгі бөлім

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1kRfBSA7SXxjjm_5F564nSYkFR2XjOoc-/view?usp=sharing

Педагог:

- Бүгін біз осы қауіптердің әрқайсысын талдап, дұрыс әрекет етуді үйренеміз!

Қауіпті аймақ – «ТЕРЕЗЕ»

Педагог білім алушыларды терезе жанындағы қауіпсіздік ережелерімен таныстырады:

БОЛМАЙДЫ	БОЛАДЫ
Терезенің алдына шығуға болмайды.	Терезеге еденде тұрып қарау.
Терезеден сыртқа еңкеюге немесе басыңды шығаруға болмайды.	Терезені ашу үшін ересек адамнан көмек сұрау.
Масадан қорғайтын торға сүйенуге болмайды.	Есте сақта: масадан қорғайтын тор адамды ұстап тұра алмайды!
Терезені өз бетінше ашуға болмайды.	Ыстық болса, анаңнан немесе басқа ересек адамнан терезені ашып беруін сұра.
Ашық терезенің жанында ойнауға болмайды.	Ойын кезінде терезеден алыс тұр.

Қауіпті аймақ – «ЕСІК»

Педагог есіктің алдында тұрған баланың суретін көрсетеді. есіктің көзшесінен бейтаныс адам көрінеді *(иллюстрация)*.

Педагог әрекет ету тәртібін кезең-кезеңімен түсіндіреді:

1-қадам. Бірден есікке жақындама.

2-қадам. Есікті ашпай, есіктің ар жағынан кім екенін сұра.

3-қадам. Бейтаныс адамдарға есік ашпа.

4-қадам. Егер қорықсаң – ересек адамды көмекке шақыр немесе 102 нөміріне қоңырау шал.

Қауіпті аймақ – «ҚАУІПТІ ЗАТТАР»

Педагог заттардың суреттері бейнеленген карточкаларды алып, үстел үстіне орналастырады.

Карточкалар:

Заттар	Қандай қауіп болуы мүмкін?	Қауіпсіздік ережесі
Сіріңке, оттық	Өрт шығуы, күйіп қалу	Өз бетіңше ұстама. Ересек адамға айт.
Таблеткалар, дәрі-дәрмектер	Денсаулыққа зиян келуі мүмкін	Дәріні тек ересек адамның рұқсатымен қабылда.
Электр розеткасы, сымдар	Электр тоғы соғуы мүмкін	Розетка мен сымдарға қол тигізбе.
Пышақ, қайшы	Жарақат алып қалу	Ересек адамның көмегімен пайдалан.
Тұрмыстық химия құралдары	Улану немесе күйіп қалу	Өз бетіңше ашпа және қолданба.

Үтік, фен	Күйіп қалу немесе электр тоғы соғуы мүмкін	Ересек адамның көмегімен пайдалан.
Кәмпиттер	Дұрыс қолданылса, қауіпсіз	Ересек адамның рұқсатымен жеуге болады.

III. Қорытынды бөлім

Педагог сыныппен бірге «Үйдегі қауіпсіздік кодексін» құрастырып, тақтаға жазады:

Үйдегі қауіпсіздік кодексі

1. Терезе – терезеге еденде тұрып қарау, ешқашан терезенің алдына шықпау.
2. Есік – бейтаныс адамдарға есік ашпау, алдымен анаңа немесе басқа ересек адамға хабарлау.
3. Қауіпті заттар – ересектердің рұқсатынсыз қол тигізбеу.
4. Егер қорықсаң – 102, 111 немесе 112 нөмірлеріне хабарласу.

№ 10 сабақ	Мектепке дейінгі қауіпсіз бағыт: жолдағы және қоғамдық көліктегі қауіпсіздік
Мақсаты	Білім алушылардың үйден мектепке дейінгі қауіпсіз бағытты, соның ішінде қоғамдық көлікпен жүру тәртібін өздігінен анықтау және есте сақтау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– «бағыт» және «қауіпсіз бағыт» ұғымдарымен таныстыру; – көшеде мұқият әрі байқампаз болу дағдыларын дамыту; – өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға және көшеде жүрген кезде сақтық танытуға тәрбиелеу.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, сендер мектепке күнде әртүрлі жолмен келесіңдер. Ал сол жолда қауіпсіз жүру үшін нені білу керек деп ойлайсыңдар? Бүгін мектепке баратын қауіпсіз жолды бірге анықтаймыз. Ал «бағыт» дегеніміз не?

II. Негізгі бөлім

Педагог түсіндіреді:

– Бағыт – бір жерден екінші жерге баратын жол. Бағыт қысқа да, ұзын да, қауіпті де, қауіпсіз де болуы мүмкін. Бізге ең қысқа емес, ЕҢ ҚАУІПСІЗ бағыт қажет!

Педагог көшеде жүру ережелерін түсіндіреді:

1-ереже. Тротуармен жүру.

Тротуар – жаяу жүргіншілерге арналған жол. Егер тротуар болмаса, жолдың шетімен көліктерге қарсы бағытта жүріп, көліктерді көріп отыру керек.

2-ереже. Жолды тек жаяу жүргіншілер жолы арқылы кесіп өту.

Жаяу жүргіншілер жолы – жолдан өтуге арналған арнайы орын. Жолды басқа жерден кесіп өтуге болмайды.

3-ереже. Бағдаршам – біздің досымыз.

Қызыл түс – жаяу жүргіншілер тоқтайды, жасыл түс – жаяу жүргіншілер жүреді.

4-ереже. Солға және оңға қарау.

Тіпті бағдаршамның жасыл түсі жанса да, алдымен солға қараймыз. Жолдың ортасына жеткенде оңға қараймыз. Жолдағы

қозғалыстың қауіпсіз екеніне көз жеткіземіз. Көлік бірден тоқтамауы мүмкін!

Педагог тақтаға ауылдың үлкен сызбасын іліп, мектепке апаратын екі түрлі бағытты көрсетеді:

А бағыты	Б бағыты
Саябақ арқылы, төте жолмен.	Тротуармен, жаяу жүргіншілер өткелі («зебра») арқылы.
5 минутқа қысқа.	Сәл ұзағырақ.
Жарықтандырылмаған.	Бағдаршам және жаяу жүргіншілер өткелі бар.
Адамдар аз жүреді.	Адамдар көп, дүкендер бар.

– Балалар, мектепке баратын қай бағытты таңдаймыз? Неліктен?

Білім алушылар жауап береді. Педагог қорытынды жасайды:

– «Б» бағыты – қауіпсіз бағыт! Ол сәл ұзағырақ болғанымен, қауіпсіз!

«Қауіпсіз жолаушы» жаттығуы

Педагог:

– Балалар, кейде мектепке автобуспен барамыз. Автобуста өзімізді қалай ұстау керек екенін бірге тексерейік.

Мен әртүрлі әрекеттерді айтамын. Егер әрекет дұрыс болса, жасыл карточканы, ал қауіпті болса, қызыл карточканы көрсетіңдер.

– Автобусты аялдамада күту. (Жасыл)
– Жолға тым жақын тұру. (Қызыл)
– Автобус тоқтаған соң міну. (Жасыл)
– Автобусқа мінгенде итерісу. (Қызыл)
– Бос орын болса отыру, болмаса тұтқадан ұстау. (Жасыл)
– Автобус жүріп келе жатқанда ары-бері жүру. (Қызыл)
– Автобус тоқтаған соң түсу. (Жасыл)
– Автобустан түсе сала жолға жүгіріп шығу. (Қызыл)
– Автобуста қолыңды терезеден шығару. (Қызыл)

Педагог қорытындылайды:

– Есте сақтайық:

Аялдамада күт. Автобус тоқтаған соң мін. Отыр немесе тұтқадан ұста. Асықпай түс. Жолды жаяу жүргіншілер өткелімен өт.

III. Қорытынды бөлім

Педагог жағдаяттарды оқиды, білім алушылар жасыл немесе қызыл карточканы көтереді:

1. Әлішер кешігіп қалмас үшін көліктердің арасымен жолды жүгіріп өтті. *(Қызыл)*

2. Айбек мектепке тезірек жету үшін құрылыс алаңы арқылы өтті. *(Қызыл)*

3. Айша тротуармен жүріп, телефонын қалтасына салып қойды. *(Жасыл)*

4. Айдын әдемі мысықтарды көру үшін бейтаныс ауланың арасымен жүрді. *(Қызыл)*

Педагог тақтаға қауіпсіз бағыттың төрт ережесін жазады:

1. Тек тротуармен жүру – ешқашан жолдың көлік жүретін бөлігімен жүрмеу.

2. Жолды тек жаяу жүргіншілер жолы арқылы кесіп өту: алдымен солға, содан кейін оңға қарау.

3. Адамдар көп жүретін және жарықтандырылған жолды таңдау.

4. Мүмкін болса, телефоныңдағы «Орналасқан жерді бөлісу» (геолокация) функциясы арқылы ата-анаңа қай жерде екеніңді жібер. Сонда олар сенің орналасқан жеріңді көре алады.

№ 11 сабақ	Далада қауіпсіз ойнау ережелері
Мақсаты	Білім алушылардың далада ойнау кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	-білім алушыларды көшеде қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен таныстыру; -қауіпсіз шешім қабылдай білу дағдыларын дамыту; -өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, бәріміз далада ойнағанды жақсы көреміз. Бірақ кез келген жер ойнауға қауіпсіз бола бермейді. Бүгін біз далада қалай көңілді әрі қауіпсіз ойнауға болатынын үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

1. «Қай жерде қауіпсіз ойнауға болады?» жаттығуы

Білім алушылар карточкаларды көтереді:

жасыл карточка – ойнауға болады;

қызыл карточка – ойнауға болмайды.

Педагог жағдаяттар бейнеленген карточкаларды көрсетеді:

- балалар алаңы;
- спорт алаңы;
- көлік жүретін жол;
- құрылыс алаңы;
- қараусыз қалған ғимарат;
- автотұрақ.

Әр жауаптан кейін педагог сұрайды:

– Неліктен бұлай шештің?

Педагог қорытынды жасайды:

– Ойынды тек қауіпсіз әрі арнайы белгіленген жерлерде ойнау керек.

2. «Менің қауіпсіз таңдауым» жаттығуы

Педагог тақтаға екі белгі іледі:

«Қауіпсіз» / «Қауіпті»

Педагог әртүрлі әрекеттерді оқиды. Білім алушылар сол әрекеттің қауіпсіз немесе қауіпті екенін анықтап, тиісті белгіні көрсетеді.

Мысалы:

– ойын алаңында ересек адамның бақылауымен ойнау;
– жолдың жанында доп ойнау;
– әткеншек толық тоқтағаннан кейін оған жақындау;

– биік жерден секіру;
– сынған ойын құрылғысына міну;
– ойын кезінде айналаға назар аудару;
– қараңғы түскенде жалғыз ойнау;
– жарақат алсаң, ересек адамға айту.

Әр жауаптан кейін педагог:

– Неліктен бұл қауіпсіз?

– Неліктен бұл қауіпті?

– Қалай дұрыс әрекет етуге болады? – деп сұрайды.

Қорытынды:

– Далада ойнағанда қауіпсіз орынды таңдап, айналаңа мұқият қарап, өзіңе қауіп төндіретін әрекеттерден аулақ болу керек.

Педагог:

– Балалар, далада ойнап жүргенде қасымызға ит немесе мысық келуі мүмкін. Олар жуас көрінсе де, қорқып қалуы немесе күтпеген әрекет жасауы мүмкін. Сондықтан мұндай кезде өзімізді қалай ұстау керегін білген дұрыс.

Есте сақта: «Егер қасыңа ит не мысық жақындаса»

– Бейтаныс итке немесе мысыққа жақындама.

– Оларды ұстама, мазалама.

– Қасыңа келсе, айқайлама, қашпа.

– Асықпай алыста.

– Қауіп сезсең, ересек адамды шақыр.

III. Қорытынды бөлім

Педагог сұрақтар қояды:

- Қай жерде ойнауға болады?
- Неліктен жолдың жанында ойнауға болмайды?
- Бейтаныс адам сені өзімен бірге шақырса, не істеу керек?
- Көмек сұрап кімге жүгіну керек?

Педагог еске салады:

– Егер сендерге көмек немесе қорғау қажет болса, ата-анаңа, педагогке немесе басқа ересек адамға жүгіне аласыңдар. Қажет болған жағдайда 111 байланыс орталығына хабарласа аласыңдар.

Қауіпсіз серуен ойын ойнайтын орынды дұрыс таңдаудан және қарапайым ережелерді сақтаудан басталады. Егер қауіпті жағдай туындаса, тәуекелге бармай, бірден көмек сұрау керек.

Сабақтың басты ережесі

Тек балалар алаңында ойна. Жолға, құрылыс алаңына және қауіпті заттарға жақындама. Көмек қажет болса – бірден ересек адамға жүгін.

2-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН «ҚАУІПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР ТОПТАМАСЫ



№	Тақырыптар
1.	Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері
2.	Абайла: бейтаныс адамдар!
3.	Қауіпті өтінішті қалай тануға болады?
4.	Самокат, велосипед пен скейтборд тебу кезіндегі қауіпсіздік ережелері
5.	Үйде өрт болған жағдайда не істеу керек?
6.	Ауырып немесе жарақаттанып қалғанда кімнен көмек сұрау керек?
7.	Қандай сілтемелерді ашуға болмайды?
8.	Интернеттегі ақпараттың бәріне сенуге бола ма?
9.	Үйдегі қауіпсіздік ережелері
10.	Көшедегі жануарлардан қалай сақтану керек?
11.	Мұз үстіндегі қауіпсіздік ережелері

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№1 сабақ	**Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері**
Мақсаты	Білім алушылардың төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– нақты жағдайға байланысты қай төтенше жағдайлар қызметіне жүгінуге үйрету; – төтенше жағдайлар қызметтерін жедел шақыру дағдыларын дамыту; – қауіпті жағдайда жауапкершілік пен сабырлылық танытуға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Әртүрлі жағдаяттар бейнеленген карточкалар, «Көмекті қалай шақыру керек?» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, елестетіп көріңдерші, жақын жерде төтенше жағдай болды: біреудің денсаулығы нашарлады немесе өрт шықты. Мұндай жағдайда қалай тез көмек алуға болады?

Білім алушылар жауап береді. Педагог:

– Ол үшін әрдайым көмек көрсетуге дайын арнайы төтенше жағдайлар қызметтері бар.

II. Негізгі бөлім

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1CpHsUuaZrvtFqm_VlWwva3vGJQtC74gi/view?usp=sharing

1. Қызметтердің телефон нөмірлерімен танысу

Педагог карточкаларды көрсетеді.

101 – Өрт сөндіру қызметі

- өрт шыққанда; түтін немесе от көргенде.

102 – Полиция

- бала адасып кеткенде; адамға қауіп төнгенде.

103 – Жедел медициналық жәрдем

- адам ауырып қалғанғанда немесе жарақат алған жағдайда.

112 – Бірыңғай құтқару қызметі

- қай қызметке қоңырау шалу керектігін білмеген жағдайда;
- кез келген төтенше жағдайда.

111 – Отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша байланыс орталығы

- қорқынышты жағдайға тап болсаң немесе көмек қажет болса; біреу сені ренжітсе немесе қорқытса;
- кімнен көмек сұрау керектігін білмесең.

2. Көмек шақыру ережелері

Педагог төтенше жағдайлар қызметіне қоңырау шалған кезде сабырлы түрде мына ақпараттарды айту керектігін түсіндіреді:

- не болғанын;
- оқиғаның қай жерде болғанын;
- өзінің аты-жөнін.

Одан кейін операторды мұқият тыңдап, оның сұрақтарына жауап беру қажет. Педагог:

– Балалар, қалай ойлайсыңдар, әзіл үшін 102 немесе 112 нөміріне қоңырау шалып, жалған ақпарат айтуға бола ма?

Білім алушылар жауап береді. Педагог:

– Бұлай жасауға болмайды. Төтенше жағдайлар қызметтері шын мәнінде көмекке мұқтаж адамдарға асығады. Егер біреу жалған шақырту жасаса, қызметкерлер жалған оқиғаға уақыт жұмсайды. Соның салдарынан шын мәнінде көмек қажет болған адамдарға кешігіп баруы мүмкін. Сондықтан төтенше жағдайлар қызметтеріне тек қажет болған жағдайда қоңырау шалып, шынайы ақпарат хабарлау керек. Көрінеу жалған хабарлама бергені үшін заңнамада жауапкершілік қарастырылған.

III. Қорытынды бөлім

– Білім алушылар, төтенше жағдайлар қызметтерінің нөмірлерін қалай есте сақтағандарыңды тексерейік. Мен допты лақтырып, қандай жағдай болғанын айтамын, ал сендер допты маған қайтарып, тиісті телефон нөмірін айтасыңдар.

- «Подъезде газдың иісі шығып тұр!» – 104
- «Орманда адасып кеттім!» – 112
- «Көшеде адамдар төбелесіп жатыр!» – 102
- «Дене қызуым көтерілді!» – 103

Педагог:

– Бүгін біз төтенше жағдайлар қызметтерінің нөмірлерін қайталап, көмекке қалай дұрыс жүгіну керектігін үйрендік. Қауіпті жағдайда сабыр сақтап, ересек адамға хабарласу немесе қажетті қызметке қоңырау шалу керек. Өз атыңды айтып, не болғанын түсіндіріп, қай жерде тұрғаныңды хабарлау қажет.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№2 сабақ	Абайла: бейтаныс адамдар!
Мақсаты	Білім алушылардың бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру және қауіпті жағдайда дұрыс шешім қабылдауға үйрету.
Міндеттері	- бейтаныс адамдармен кездескен кезде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету; - «жоқ» деп айта білу және ересек адамдардан көмек сұрау дағдыларын дамыту; - өз қауіпсіздігіне мұқият әрі жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Өмірлік жағдаяттар бейнеленген карточкалар, телефон макеті, «Болады», «Болмайды» карточкалары, әртүрлі жағдаяттар бейнеленген иллюстрациялар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушылардың назарын тақырыптық бейнероликке аударады.

https://www.youtube.com/watch?v=94MROnYncto&list=PLA5eCSY2FeoTMEec8T451Um4EJpuikdqk&index=7

Педагог:

– Балалар, бүгін біз әрбір қауіпсіздік суперагенті білуі тиіс ережелер туралы сөйлесеміз. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Абай бол: бейтаныс адамдар!». Қалай ойлайсыңдар, қауіпті бейтаныс адам қандай болады?

(Балалар әдетте: қара маска киген, ашулы, қабағы түйілген, жасырынып жүрген адам деп жауап береді.)

Педагог:

– Олай емес! Бұл – ең маңызды ереже. Өмірде қауіпті адамдар өте жағымды болып көрінуі мүмкін: сыпайы киінген ағай немесе кәмпит ұсынып, күлімсіреп тұрған апай болуы мүмкін. Сондықтан бірінші ережені есте сақтаңдар:

Бейтаныс адамды сыртқы келбетіне қарап емес, оның әрекетіне қарап бағалаймыз.

Бейтаныс адам – сен танымайтын кез келген адам. Ол сенің атыңды атап сөйлессе де, бейтаныс адам болып қала береді.

II. Негізгі бөлім

1. «Қауіпсіз бе, қауіпті ме?» ойыны

Білім алушылар «Болады» немесе «Болмайды» карточкаларын көрсетеді.

Педагог жағдаяттарды оқиды:

- Педагог оқулықты ашуды сұрайды.
- Бейтаныс адам өзімен бірге баруды сұрайды.
- Бейтаныс адам болған әңгіме туралы ешкімге айтпауды сұрайды.
- Көрші әжей сөмкесін көтерісуге көмектесуді сұрайды.

Педагог қорытынды жасайды:

– Егер біреу сенен өзіңе немесе басқа адамға зиян келтіруі мүмкін нәрсені істеуді немесе бір нәрсені жасыруды сұраса, оның өтінішін орындама.

2. «Қалай әрекет етесің?» ойыны

Педагог:

– Балалар, біз ережелерді қайталадық. Енді әртүрлі жағдайларда дұрыс әрекет ете алатындарыңды тексерейік. Мен жағдаятты айтамын, ал сендер не істейтіндеріңді айтасыңдар.

1-жағдаят. Бейтаныс адам: «Анаң сені мектептен алып кетуге мені жіберді. Менімен бірге жүр», – деді.

Білім алушылар:

– Мен онымен бармаймын. Одан алыстап, педагогке немесе өзім сенетін басқа ересек адамға жүгінемін.

2-жағдаят. Бейтаныс адам артыңнан еріп, саған жақындауға тырысып келеді.

Білім алушылар:

– Адамдар көп, қауіпсіз жерге барамын және ересек адамнан көмек сұраймын. Егер қауіп төнсе, қатты дауыстап көмекке шақырамын.

3-жағдаят. Бейтаныс адам қолыңнан ұстап, өзімен бірге алып кетуге тырысты.

Білім алушылар:

– Қатты дауыстап: «Мен сізді танымаймын! Көмектесіңіз!» – деп айтамын. Алыстауға немесе қауіпсіз жерге қашуға тырысамын және көмек сұраймын.

4-жағдаят. Сен қауіпсіз жерге жеттің. Енді не істеу керек?

Білім алушылар:

– Болған жағдайды міндетті түрде ата-анама, педагогке немесе өзім сенетін басқа ересек адамға айтамын. Қауіп төнсе 102 немесе

112 нөміріне хабарласамын. Егер көмек, қорғау немесе қолдау қажет болса, 111 нөміріне жүгінуге болады.

Педагог балалармен бірге негізгі ережелерді қайталайды:

– Қауіпке ұшырамас үшін біз «Қауіпсіздіктің алты ережесін» жақсы білуіміз керек. Келіңдер, оларды бірге талдап көрейік.

1. Сөйлеспе! Егер бейтаныс адам сені тоқтатуға тырысса, бір жаққа шақырса немесе түсініксіз сұрақтар қойса, онымен сөйлесуге міндетті емессің. «Жоқ!» деп айт та, одан алыста.

2. Ештеңе алма! Бейтаныс адамдар ұсынған кәмпитті, ойыншықты, ақшаны, телефонды немесе басқа заттарды алма.

3. Көлікке отырма және ешқайда барма! Бейтаныс адамның көлігіне ешқашан отырма. Ол өзін ата-анаң жібергенін немесе жақындарыңа бір жағдай болғанын айтса да, онымен бірге барма. Бейтаныс адаммен аулаға, бұрышқа, кіреберіске немесе басқа жерге барма. Ол сенен көмек сұраса, бір нәрсе көрсетемін десе немесе сыйлық ұсынса да, онымен бірге кетпе.

4. Алыста және көмекке шақыр! Егер бейтаныс адам тым жақын келсе, артыңнан ерсе, ұстап алуға немесе алып кетуге тырысса, қатты дауыстап: «Жоқ! Мен сізді танымаймын! Көмектесіңіз!», – деп айт. Қауіпсіз әрі адам көп жерге қарай алыста немесе қаш.

5. Қауіпсіз ересек адамнан көмек сұра! Балаларымен бірге жүрген ата-анадан, мұғалімнен, полиция қызметкерінен, күзетшіден, сатушыдан немесе жақын жердегі дүкен, дәріхана не басқа мекеме қызметкерінен көмек сұра. Болған жағдайды міндетті түрде айтып бер.

6. Қоңырау шал және міндетті түрде айтып бер! Егер саған қауіп төніп тұрса, 102 немесе 112 нөміріне қоңырау шал. Егер көмек, қорғау немесе қолдау қажет болса, 111 нөміріне хабарласуға болады. Оқиғадан кейін болған жағдайды міндетті түрде ата-анаңа, мұғалімге немесе өзің сенетін басқа ересек адамға айт.

Педагог:

– Ең бастысы, балалар, қауіпті жағдайда жалғыз қалмаңдар. «Жоқ!» деп нық айтыңдар, қауіпсіз жерге барыңдар, көмек сұраңдар және болған жағдайды өздерің сенетін ересек адамға міндетті түрде айтыңдар.

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия «Мен қалай әрекет ету керектігін білемін»

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

- «Егер маған бейтаныс адам жақындаса, мен ...».
- «Егер мен қорқып қалсам немесе қауіп төнсе, мен ...».
- «Көмек сұрау үшін мен ... адамға жүгіне аламын».

- «Бүгін мен үшін ең маңызды ереже – ...».

Педагог:

– Естеріңде болсын: ересек адамға көмек қажет болса, ол басқа ересек адамнан көмек сұрауы керек. Бейтаныс адам баладан өзімен бірге баруды өтінбеуі тиіс. Егер ересек адам сенен көмек сұрап, онымен бірге жүруді ұсынса – бұл қауіпті жағдай болуы мүмкін.

№3 сабақ	Қауіпті өтінішті қалай тануға болады?
Мақсаты	Білім алушылардың қауіпсіз және қауіпті өтініштерді ажырата білу дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- жасырын айла-тәсілдің белгілерімен таныстыру; - өтініштің мазмұнына және өтініш жасаған адамның кім екеніне жылдам баға беру қабілетін дамыту; - өз жеке шекарасына және жеке қауіпсіздігіне саналы түрде қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Қауіпсіз және қауіпті өмірлік жағдаяттар бейнеленген карточкалар, «Жасыл» (қауіпсіз) және «Қызыл» (қауіпті) сигналдық карточкалары.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, бізді кішкентай кезімізден мейірімді, әдепті болуға және басқа адамдарға көмектесуге үйретеді. Бұл – өте жақсы қасиет. Мысалы, анаңа сөмкесін көтеруге көмектесу, әжеге есікті ашып беру немесе мұғалімге дәптерлерді таратуға көмектесу.

Алайда кейде жаман ниетті адамдар өздерін мейірімді адам ретінде көрсетіп, баланың көмектесуге деген ниетін пайдаланып, оны алдауы мүмкін.

Сондықтан бүгін біз қандай өтініштердің қауіпсіз, ал қандай өтініштердің қауіпті болуы мүмкін екенін үйренеміз.

Сабақтың басты ережесі:

Егер ересек адамға көмек керек болса, ол бейтаныс баладан емес, басқа ересек адамнан көмек сұрайды.

II. Негізгі бөлім

Педагог:

– Қауіпсіз және қауіпті өтініштердің қандай болатынын бірге талдап көрейік.

Қауіпсіз өтініштер

Сендердің «жасыл қауіпсіздік шеңберлеріңе» кіретін адамдар (ата-аналар, мұғалімдер) немесе қауіпсіз жерде (аулада, мектепте) тұратын таныс қарт көршілер сенен ешқайда баруды талап етпей, қарапайым өтінішпен жүгінуі мүмкін. Мысалы:

- Ұстазың дәптерлерді таратуға көмектесуіңді сұрауы мүмкін.

- Көрші ата қолындағы заттарын көтеріп келе жатып, есікті ашуға көмектесуіңді сұрауы мүмкін.

Қауіпті өтініштер

Бейтаныс немесе жақсы таныс емес адамдар сенен бір жерге бірге баруды, бір нәрсені жасыруды немесе әдетте ересектер жасайтын әрекетті орындауды сұраса – бұл қауіпті жағдайдың белгісі болуы мүмкін. Мысалы:

- «Менімен бірге ана жерге жүрші, марғауды қорапқа салуға көмектес»;
- «Мен саған қызық нәрсе көрсетемін, тек менімен бірге жүр»;
- «Анаңа бұл ойыншықты мен бергенімді айтпа».

«Қауіпті – қауіпсіз» ойыны

Педагог жағдаяттарды оқиды. Білім алушылар «Жасыл» немесе «Қызыл» белгісін көтеріп, өз таңдауын түсіндіреді.

1-жағдаят. Мектеп ауласында жылап тұрған бейтаныс әйел сенің жаныңа келіп:

– Балам, телефонымды жоғалтып алдым. Мектептің артындағы бұталардың арасынан іздеуге көмектесші, – дейді.

Өтінішті орындаудан бас тарт. Егер тікелей қауіп төнсе, 102 немесе 112 нөміріне қоңырау шал. Егер көмек, қорғау немесе қолдау қажет болса, 111 нөміріне хабарласуға болады.

III. Қорытынды бөлім

«Сөйлемді аяқта» рефлексиясы

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

- «Қауіпті өтініш дегеніміз – ... екенін білемін».
- «Егер бейтаныс ересек адам мені өзімен бірге шақырса, мен ...».
- «Бүгін мен үшін ең маңызды ереже – ...».

Педагог:

– Бүгін біз қандай ең маңызды ережені үйрендік? Сендер қауіпсіздік сарапшысы рөлін өте жақсы орындадыңдар!

Естеріңде болсын: бейтаныс ересек адамның қауіпті өтінішінен бас тарту – әдепсіздік емес. Бұл – өз қауіпсіздігіңе жауапкершілікпен қарау және сақтық таныту.

Үйде бүгінгі қауіпсіздік ережелерін ата-аналарыңмен бірге тағы бір рет қайталап шығыңдар.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№4 сабақ	Самокат, велосипед пен скейтборд тебу кезіндегі қауіпсіздік ережелері
Мақсаты	Велосипед, самокат және скейтборд тебу кезінде білім алушылардың қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	- велосипед, самокат және скейтборд тебу кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін бекіту; - жолда және тротуарда қауіпті алдын ала байқап, дұрыс әрекет ету қабілетін дамыту; - жаяу жүргіншілерге және жол қозғалысының басқа да қатысушыларына өзара құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Балалар велосипеді немесе самокат, скейтборд (немесе олардың суреттері); қорғаныс құралдарының жиынтығы: шлем, тізеқап, шынтаққап, қолғап (немесе олардың суреттері); жолдағы түрлі жағдайлар бейнеленген карточкалар: «тротуар», «жаяу жүргіншілер өткелі», «балалар алаңы», «жолдың жүріс бөлігі», «саябақ»; тақырыптық постер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушылардың назарын тақырыптық постерге аударады.

https://cloud.mail.ru/public/dHRB/58bQrEgcp/%D0%92%20%D1%80%D0%B0%D0%B1%D0%BE%D1%82%D0%B5/%D0%BF%D0%BB%D0%B0%D0%BA%D0%B0%D1%82%D1%82%D0%B0%D1%80/posters%203%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7.jpg

Педагог:

– Балалар, көпшілігің велосипед айдағанды, самокат пен скейтборд тепкенді жақсы көресіңдер. Бұл қызықты әрі денсаулыққа пайдалы. Бірақ қауіпсіздік ережелерін сақтамасаңдар, ойын кезінде жарақат алып қалуларың мүмкін.

Бүгін велосипед, самокат және скейтборд тепкенде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігін үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

1. **Педагог қауіпсіздіктің негізгі ережелерін түсіндіреді:**

Қауіпсіздік велосипедке отырудан, самокатқа немесе скейтбордқа тұрудан бұрын басталады.

1. Қолданатын құралыңды тексер. Жолға шығар алдында тежегішінің, рөлінің және дөңгелектерінің дұрыс екенін тексер. Скейтбордтың тақтасы мен дөңгелектерінің бүтін екеніне көз жеткіз. Егер ақау байқасаң, мінбе және бұл туралы ересек адамға айт.

2. Велосипед, самокат немесе скейтборд тепкенде қорғаныс құралдарын қолдан. Міндетті түрде шлем ки. Тізеқап пен шынтаққап, шлем секілді қорғаныс құралдары құлаған жағдайда жарақаттан қорғануға көмектеседі.

3. Қауіпсіз жерді таңда. Велосипед, самокат және скейтбордты қауіпсіз әрі рұқсат етілген жерде теп. Жолдың жүріс бөлігіне шықпа. Қозғалысты бастамас бұрын айналаңа мұқият қара.

4. Жаяу жүргіншілер жолынан жаяу өт. Жаяу жүргіншілер өткелінің алдында тоқта. Солға қара әне оңға қара. Велосипедтен немесе самокаттан түс. Скейтбордты қолыңа ал. Жолдан жаяу өт.

5. Айналаңдағы адамдарға мұқият бол. Жаяу жүргіншілердің жанында жылдамдықты арттырма, қауіпсіз арақашықтық сақта және алдыңа қара. Қозғалыс кезінде телефонға алаңдама және құлаққап қолданба.

2. «Қалай қауіпсіз қалай әрекет ету керек?» ойыны

Педагог:

– Енді ережелерді іс жүзінде қолдана алатындарыңды тексерейік. Мен жағдаятты айтамын, ал сендер бұл жағдайда қалай дұрыс әрекет ету керектігін түсіндіресіңдер.

1-жағдаят. Сен велосипед тебуге дайындалып жатырсың, бірақ тежегішінің дұрыс жұмыс істемейтінін байқадың.

Білім алушылардың жауабы:

– Велосипед теппеу, бұл туралы ересек адамға айту және ақауды жөндету.

2-жағдаят. Сен самокатпен келе жатырсың, ал алдыңда тротуармен адамдар жүріп келеді.

Жауап:

– Жылдамдықты азайту, адамдардан қауіпсіз арақашықтық сақтау, қажет болса тоқтау, самокаттан түсу.

3-жағдаят. Саған жолды жаяу жүргіншілер өткелі арқылы кесіп өту керек.

Жауап:

– Тоқтау, велосипедтен немесе самокаттан түсу, жолдың қауіпсіз екеніне көз жеткізу және велосипедті / самокатты жаныңа алып, жолдан жаяу өту.

4-жағдаят. Досың автомобильдер жолында велосипед тебуді ұсынды.

Жауап:

– Бас тарту және велосипед тебуге қауіпсіз жерді таңдау.

5-жағдаят. Сен скейтборд тепкің келді, бірақ шлемің жоқ.

Жауап:

– Шлем кимей скейтборд теппеу. Алдымен қорғаныс құралдарын кию.

Педагог білім алушыларға тақырыптық постер ұсынады.

https://cloud.mail.ru/public/dHRB/58bQrEgcp/В%20работе/Постеры/КАЗ/posters%208%20каз.jpg

III. Қорытынды бөлім

«Сөйлемді аяқта» рефлексиясы

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

- «Велосипед, самокат немесе скейтборд тебер алдында мен міндетті түрде ...».
- «Велосипед, самокат немесе скейтборд теуіп жүргенде мен ешқашан ...».
- «Жаяу жүргіншілер өткелінің алдында мен ...».
- «Бүгін мен ... түсіндім».

Педагог сабақтың басты ережесін айтады:

«Қауіпсіз серуендеу қарапайым ережелерден басталады: тексер – қорғаныс құралдарын ки – айналаңа қара – асықпа – мұқият бол!».

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№5 сабақ	Үйде өрт болған жағдайда не істеу керек?
Мақсаты	Білім алушылардың үйде/пәтерде өрт болған жағдайда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- эвакуациялау ережелерін сақтауға, өрт сөндіру қызметін шақыруға және өрттің алғашқы белгілерін анықтауға үйрету; - қауіпті жағдайда сабырлылық сақтау, жылдам әрекет ету және жағдайды дұрыс бағдарлай білу дағдыларын дамыту; - өз өміріне ұқыпты қарауға және өрт сөндіруші мамандығына құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Өрт кезінде өзін-өзі ұстау ережелері бейнеленген иллюстрациялар, «Өрт болған жағдайда не істеу керек?» әрекет алгоритмі жазылған карточкалар, телефон макеті, 101 және 111 нөмірлері жазылған карточкалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1cTlChZpQ9Ni94I3kLzASqxBV_jSbHQoo/view?usp=sharing

Педагог:

- Балалар, өрт – қауіпті жағдай. Өрт тез таралады, ал түтіні оттан да қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан үйде өрт шыққан жағдайда не істеу керектігін білу өте маңызды.

Бүгін біз өрт жағдайында бізге көмектесетін қарапайым ережелермен танысамыз.

II. Негізгі бөлім

1. Өрт болған жағдайда не істеу керек?

Педагог:

– Түтіннің иісін сезгеніңізді немесе отты көргеніңізді елестетіп көріңіздер.

1. Ересек адамға хабарла. Отты көрсең немесе түтіннің иісін сезсең, бірден ересек адамға айт. Қасыңда ересек адам жоқ болса 101 нөміріне хабарлас.

2. Қауіпсіз жерге шық. Ғимаратта «ШЫҒУ» деген жасыл белгілерге бағдарланып, ең жақын шығу есігіне қарай жүр. Ғимараттан тез шық. Жасырынба және ойыншықтарыңды, телефоныңды немесе басқа заттарды алуға қайта кірме.

3. Түтіннен сақтан. Егер түтін пайда болса, еденге жақын еңкейіп жүр. Қою түтіннің немесе оттың арасымен өтпе. Егер сыртқа шыға алмасаң – есікті жап, от жоқ қауіпсіз жерде қал және көмекке шақыр.

4. Көмекке шақыр. Қауіпсіз жерге шыққаннан кейін 101 немесе 112 нөміріне қоңырау шал. Не болғанын айтып, мекенжайыңды және аты-жөніңді хабарла.

Педагог қорытындылап, алгоритмді бекітеді:

Педагог:

– Алгоритмімізді бірге қайталайық:

Хабарла – шық – түтіннен сақтан – көмекке шақыр!

«Қалай әрекет етесің?» ойыны

Педагог:

– Ережелерді қайталап шықтық. Енді қауіпті жағдайда дұрыс әрекет ете алатындарыңды тексеріп көрейік.

1-жағдаят. Сен түтіннің иісін сезіп, ас бөлмеде түтінді байқадың. Үйде сенімен бірге анаң бар. Не істейсің?

Жауабы: Бірден анама хабарлаймын.

Маңызды! Егер табадағы май тұтанса, оны сумен өшіруге болмайды – бұл жалынның күрт күшеюіне және күйік алуға әкелуі мүмкін. Өртті өз бетіңше сөндіруге тырыспа – ересек адамды шақыр және қажет болған жағдайда 101 нөміріне қоңырау шал.

2-жағдаят. Сен пәтерден шықтың, бірақ ішінде сүйікті сөмкең қалып қойды. Оны алу үшін қайта кіресің бе?

Жауабы: Жоқ. Өрт кезінде заттарды алу үшін қайта кіруге болмайды.

3-жағдаят. Бөлмеде түтін пайда болды. Қауіпсіз шығатын жерге қарай қалай қозғалу керек?

Жауабы: Қою түтін болса, еңкейіп немесе еңбектеп қозғалып, ауыз бен мұрынды мата немесе киіммен жабу керек.

Педагог:

– Жарайсыңдар! Ал егер қасыңда ересек адам болмаса және көмек шақыру қажет болса, қай нөмірге қоңырау шаламыз?

Білім алушылардың жауаптары: 101 немесе 112.

«Таза Қазақстан» бастамасы бізге тазалықтың қауіпсіздікті сақтауға көмектесетінін еске салады. Аулада жатқан қоқыс пен қураған шөп оңай тұтануы мүмкін. Сондықтан қоқысты, шөпті өртеуге және отпен ойнауға болмайды. Ауладағы тазалықты сақтай отырып, біз табиғатты, өз үйімізді және адамдардың қауіпсіздігін қорғаймыз.

III. Қорытынды бөлім

«Сөйлемді аяқта» рефлексиясы

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

«Егер мен отты көрсем, …»

«Егер мен түтіннің иісін сезсем, …»

«Өрт кезінде … болмайды»

«Бүгін мен … есімде сақтадым»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 6 сабақ	**Ауырып немесе жарақаттанып қалғанда кімнен көмек сұрау керек?**
Мақсаты	Білім алушылардың ауыру не жарақаттану жағдайында қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– білім алушыларды ауырып немесе жарақаттанып қалған жағдайда кімнен көмек сұрау керектігімен таныстыру; – өз жағдайын дұрыс бағалап, қауіпсіз әрекет етуге және ересек адамға дер кезінде хабарлауға үйрету; – өз денсаулығына ұқыпты қарауға және қажет кезде көмек сұраудан тартынбауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Көмек көрсететін адамдардың суреттері бейнеленген карточкалар: ата-аналар, педагог, мектеп медбикесі, полиция қызметкері, жедел жәрдем дәрігері.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, кейде ойнап жүргенде, серуендегенде немесе сабақ кезінде құлап қалуымыз, бір жерімізді ауыртып алуымыз не өзімізді жайсыз сезінуіміз мүмкін. Мұндай кезде үндемей қалмай, бірден ересек адамға айтып, көмек сұрау керек.

Бүгін біз ауырып қалғанда немесе жарақат алған кезде кімге жүгіну керектігін білеміз.

II. Негізгі бөлім

Педагог:

– Көмек көрсететін адамдар әртүрлі болады және кімге жүгіну керектігі сіздің қай жерде жүргеніңізге байланысты. Ендеше, негізгі үш орынды қарастырайық.

1-жағдаят: Мектепте

Сен үзіліс кезінде жүгіріп жүріп құлап қалдың, тізеңді қатты жарақаттап алдың немесе басың қатты ауырды. Кімге барасың?

Дұрыс жауап: Сынып жетекшісіне немесе дәлізде жүрген кез келген ересек адамға. Педагог сені бірден мектептің медициналық кабинетіне апарады. Онда медбике алғашқы көмек көрсетіп, ата-анаңа хабарласады.

Не істеуге болмайды: Дәретханаға тығылуға, ауырсынуға шыдап жүре беруге және жылап отыруға, сабақ үстінде жалғыз өзіңе үйге қайтуға болмайды.

2-жағдаят: Үйде жалғыз қалғанда

Сен қайшымен қағаз қиып отырып, саусағыңды жарақаттап алдың.

1-қадам: Бірден ата-анаңа немесе қасыңда жүрген басқа ересек адамға хабарла.

2-қадам: Егер үйде жалғыз болсаң – ата-анаңа немесе басқа жақын ересек адамға қоңырау шал.

3-қадам: Егер қасыңда ересек адам болмаса, ата-анаңмен байланысу мүмкін болмаса, қауіпті жағдай туындаса – 103 немесе 112 нөміріне қоңырау шал.

3-жағдаят: Көшеде (балалар алаңында, саябақта)

Сен әткеншектен құлап қалдың немесе аяғыңды ауыртып алдың. Жаныңда ата-анаң жоқ.

Көмек көрсететін адамды дұрыс таңдау: Егер телефоның болса – ата-анаңа қоңырау шал. Егер телефон болмаса – өз жұмысына байланысты көмек көрсете алатын ересек адамға: полиция қызметкеріне, күзетшіге, дүкен, дәріхана немесе басқа да мекеме қызметкеріне жүгін.

Егер мұндай ересек адамдар қасыңда болмаса, адамдар көп жерде болып, балалары бар ересек адамнан көмек сұрауға болады.

Кімге жүгінбеген дұрыс:

Егер қасыңда көмек көрсету және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты жұмыс істейтін ересек адамдар болса, кездейсоқ бейтаныс адамдарға жүгінбе.

Бейтаныс адаммен бірге басқа жерге кетпе және ол көмектесемін десе де, оның көлігіне отырма.

Педагог:

– Кейде үйде ересек адам болмаған кезде саған немесе жаныңдағы адамға көмек қажет болуы мүмкін. Осындай жағдайда жедел қызметке қалай дұрыс хабарласу керектігін білу маңызды. Ендеше, телефон арқылы көмек шақыруды үйренейік.

Педагог телефон макетін алып, өзін «Диспетчер» ретінде көрсетеді, ал білім алушы екінші телефонды алып, «Бала» рөлін атқарады.

Диспетчер: «112 құтқару қызметі. Сізге не болды?»

Бала: «Сәлеметсіз бе. Менің аты-жөнім – Әлібек Сәменов. Мен 8 жастамын. Мен үйде жалғызбын, ішім қатты ауырып тұр, орнымнан тұра алмаймын».

Диспетчер: «Әлібек, мекенжайыңды айт».

Бала: «... қаласы, Абай көшесі, 5-үй, 12-пәтер».

Диспетчер: «Көмек жолға шықты. Пәтерден ешқайда шықпа, бейтаныс адамдарға есік ашпа, дәрігерлерді күт».

Педагог:

– Жарайсың, Әлібек! Балалар, байқадыңдар ма? Әлібек жыламады, өзінің аты-жөнін, не болғанын және ең бастысы – нақты мекенжайын айтты.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1WvB65-fQwf0pTejx5v0PdLD4t6Cur2Y3/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Егер мен өзімді нашар сезінсем, …»
- «Егер мен мектепте жарақат алсам, …»
- «Егер маған шұғыл көмек қажет болса, … нөміріне қоңырау шала аламын»
- «Бүгін мен … есімде сақтадым»

Педагог қорытындылайды:

- Егер бір жерің ауырса немесе өзіңді нашар сезінсең – үндемей қалма және мәселені жалғыз шешуге тырыспа. Өзің сенетін ересек адамнан көмек сұра. Ал егер төтенше жағдай туындап, қасыңда ересек адам болмаса – 103 немесе 112 нөміріне қоңырау шал.

Қарапайым тәртіпті есте сақта: ересек адамға хабарла – не болғанын түсіндір – қажет болса көмек шақыр.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№7 сабақ	Қандай сілтемелерді ашуға болмайды?
Мақсаты	Білім алушылардың интернет желісіндегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және жасырын қауіптерді тани білу қабілетін қалыптастыру
Міндеттері	- сілтеменің не екенін және кейбір сілтемелердің неліктен қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру; - бейтаныс хабарлама алған кезде мұқият болу және қауіпсіз шешім қабылдай білу дағдыларын дамыту; - интернетті пайдалануға жауапкершілікпен қарауға және қажет болған жағдайда ата-анадан немесе педагогтен көмек сұрауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Қауіпсіз» және «Қауіпті» карточкалары, «Қармаққа түсіп қалма!» ойынына арналған балықтың, қармақтың және «ілмектердің» суреттері.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, балықты қалай аулайтынын білесіңдер ме? Ол үшін не пайдаланады?

(Білім алушылардың жауаптары: қармақ, ілмек, жем).

Педагог:

– Балық жемді көріп, қармаққа түсіп қалуы мүмкін. Интернетте де адамды қызықтыратын «жем» сияқты сілтемелер кездеседі. Олар сыйлық, жүлде, тегін ойын немесе басқа да қызықты нәрселерді ұсынуы мүмкін. Мұндай хабарламалар адамды сілтемені бірден басуға қызықтырады.

Бірақ кез келген сілтеме қауіпсіз бола бермейді. Сондықтан бүгін біз күмәнді хабарламаларды ажыратуды үйренеміз және басты ережемен танысамыз:

«Сенімді болмасаң – баспа, ересек адамға көрсет!».

II. Негізгі бөлім

Педагог білім алушыларға бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1MWXo7_JNDjaF0E09n5rXehgMAjVOYfcO/view?usp=sharing

Педагог:

– Балалар, сілтеменің не екенін білесіңдер ме?

Білім алушылардың жауаптары.

Педагог түсіндіреді:

– Сілтеме – бізді басқа бетке, сайтқа, бейнематериалға немесе ойынға апаратын цифрлық жол. Сілтемелер пайдалы болуы мүмкін, бірақ олардың арасында күмәнділері де кездеседі. Сондықтан кез келген сілтемені басуға болмайды.

Педагог:

– Қай кезде тоқтап, ересек адамдның көмегіне жүгіну керектігін қалай түсінуге болады? Әсіресе мынадай хабарламаларға мұқият болыңдар:

– хабарлама бейтаныс адамнан келсе;

– күтпеген сыйлық, жүлде немесе ойын ішіндегі заттарды уәде етсе;

– асықтырса: «Тез бас!», «Тек бүгін ғана!»;

– қорқытса: «Тез бас, әйтпесе телефоның бұғатталады!»;

– құпиясөзді немесе басқа да жеке мәліметтерді енгізуді сұрайтын хабарламалар.

Педагог:

– Қарапайым ережені есте сақтаңдар: «Сенімді болмасаң – баспа, ересек адамға көрсет!».

Педагог:

– Балалар, алаяқтардың тағы бір айласы – сілтеме арқылы басқа сайтқа өтуге мәжбүрлеу. Сілттемені басқанда басқа сайтқа өтесіңдер. Ол жерде телефондарыңды вирус зақымдауы мүмкін, ал алаяқтар ата-аналарыңның ақшасын немесе ойындардағы аккаунттарыңды ұрлауы мүмкін.

«Қармаққа түсіп қалма!» ойыны

Педагог:

– Қазір мен әртүрлі хабарламаларды оқимын. Егер хабарлама қауіпсіз деп ойласаңдар – бір рет қол шапалақтаңдар. Ал егер хабарлама күмәнді болып көрінсе – қолдарыңды айқастырып, «Баспаймын!» деп айтыңдар.

1-жағдаят

Анаң алдын ала саған оқу бейнематериалының сілтемесін жіберетінін айтты және оны отбасылық чатқа жіберді.

Білім алушылар қол шапалақтайды.

2-жағдаят.

Кенеттен мынадай хабарлама келді: «Құттықтаймыз! Сен жаңа телефон ұтып алдың! Сыйлықты алу үшін мына жерді бас!»

Білім алушылар: «Баспаймын!»

3-жағдаят.

Бейтаныс ойыншы саған: «Тегін ойын заттарын алғың келе ме? Тезірек сілтемеге өт!» – деп жазды.

Білім алушылар: «Баспаймын!»

4- жағдаят.

Педагог алдын ала мектеп чатына оқу тапсырмасының сілтемесін жіберетінін айтты және сол сілтемені жіберді.

Білім алушылар қол шапалақтайды.

5-жағдаят.

Экранда мынадай хабарлама пайда болды: «Шұғыл! Мына жерді бас, әйтпесе ойының бұғатталады!»

Білім алушылар: «Баспаймын!»

Педагог:

– Жарайсыңдар! Егер бейтаныс хабарлама сендерді асықтырса, қорқытса немесе күтпеген сыйлық ұсынса, сілтемені өз беттеріңше баспаңдар, хабарламаны ересек адамға көрсетіңдер.

III. Қорытынды бөлім

1. «Үш қадам» жаттығуы

Педагог:

– Егер бейтаныс немесе күмәнді сілтемені көрсеңдер, не істеу керек? Үш қадамды есте сақтайық:

1. Тоқта! – Бірден баспа.
2. Ойлан! – Сілтемені кім жіберді және не үшін?
3. Сұра! – Сілтемені ата-анаңа немесе педагогке көрсет.

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Егер бейтаныс адам маған сілтеме жіберсе, мен…»
- «Егер сілтемені басқаным үшін маған сыйлық уәде етсе, мен…»
- «Егер хабарлама мені қорқытса немесе асықтырса, мен…»
- «Егер сілтемені басуға болатынына сенімді болмасам, мен…»

Педагог:

– Есте сақтаңдар: интернетте алдымен тексеріп алған дұрыс, содан кейін ғана басу керек. Біздің басты ережеміз:

«Сілтеменің қауіпсіз екеніне сенімді болмасаң – баспа, ересек адамға көрсет!».

№8 сабақ	Интернеттегі ақпараттың бәріне сенуге бола ма?
Мақсаты	Білім алушылардың интернеттегі шынайы және күмәнді ақпаратты ажырата білу дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– балаларға «ақпаратты тексеру» ұғымын таныстыру; – интернеттегі күмәнді ақпаратты байқай білу, мұқият болу дағдыларын дамыту; – ақпаратты жауапкершілікпен тұтыну мәдениетін қалыптастыру.

Материалдар мен ресурстар

Шынайы және ойдан шығарылған жаңалықтар бейнеленген иллюстрациялар, «Сенемін» және «Тексеремін» карточкалары, салыстыруға арналған шынайы және өңделген суреттер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, қараңдаршы, интернеттен қандай ерекше жаңалық көрдім: «Ғалымдар ұшатын иттердің жаңа тұқымын шығарды!».

Қалай ойлайсыңдар, бұл рас па?

Білім алушылардың жауаптары.

Педагог:

– Әрине, бұл – ойдан шығарылған ақпарат. Суретті өзгертуге, ал мәтінді ойдан құрастыруға болады. Ендеше, интернеттен көрген және оқыған нәрселердің бәріне бірден сене беруге бола ма?

Білім алушылардың жауаптары.

Педагог:

– Бүгін біз интернет-із кесушілерге айналып, күмәнді ақпаратты қалай тексеру керектігін үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

1. «Сенемін бе, әлде тексеремін бе?» ойыны

Педагог:

– Қазір сендер интернет-із кесуші боласыңдар. Мен интернетте кездесуі мүмкін хабарламаларды оқимын. Сендердің міндеттерің – ақпаратқа сенуге бола ма, әлде алдымен оны тексеру керек пе, соны анықтау.

1-жағдаят.

Мектеп чатында біреу: «Ертең сабақтар бір сағатқа кеш басталады», – деп жазды. Хабарламаны кім жібергені белгісіз.

Жауабы: «Тексеремін!»

Неліктен? Сабақ кестесінің өзгергенін педагогтен немесе ата-анадан нақтылап алу қажет.

2-жағдаят.

Интернетте: «Ертең біздің қалада қалың қар жауады, мектептердегі сабақтар тоқтатылады», – деген жазуы бар бейне пайда болды.

Жауабы: «Тексеремін!»

Неліктен? Бейне мен оның астындағы жазу ақпараттың ресми екенін білдірмейді. Ересек адамнан сұрап, мектептің хабарламасын тексеру қажет.

3-жағдаят.

Досың: «Телефонды мұздатқышқа 10 минутқа қойсаң, оның қуаты ұзаққа жетеді деп оқыдым», – деп хабарлама жіберді.

Жауабы: «Тексеремін!»

Неліктен? Интернеттегі барлық кеңес қауіпсіз бола бермейді. Ересек адамның көмегінсіз техникалық құрылғылармен тәжірибе жасауға болмайды.

4-жағдаят.

Интернетте: «Егер тамағың қатты ауырса, бірден бірнеше таблетка іш – сонда тезірек әсер етеді», – деп жазылған.

Жауабы: «Тексеремін!»

Неліктен? Дәрі-дәрмекке қатысты кеңестерді өз бетінше орындауға болмайды. Ересек адамнан не дәрігерден кеңес алу қажет.

2. «Көрдің – ойландың – тексердің» алгоритмі

Педагог:

– Балалар, біз күмәнді ақпараттың шынайы ақпаратқа өте ұқсас болып көрінуі мүмкін екенін білдік. Егер оның рас-өтірігін білмесеңдер, қалай әрекет ету керек? Үш қадамды есте сақтайық.

1. Тоқта және ойлан. Ақпаратқа бірден сенуге, оны басқа адамдарға жіберуге немесе ондағы кеңесті орындауға асықпа.

2. Ақпаратты кім хабарлағанын анықта. Бұл мектептің сайты ма, педагог пе, ата-ана ма, әлде бейтаныс адам ба? Ақпараттың қайдан шыққаны түсінікті ме?

3. Ересек адаммен бірге тексер. Хабарламаны, суретті немесе бейнені ата-анаңа немесе педагогке көрсет. Бірге сенімді дереккөзден ақпаратты тексеріңдер.

Педагог:

– Тағы бір маңызды ереже: егер ақпарат сендерді қорқытса, қатты таңғалдырса немесе шұғыл түрде әрекет жасауға итермелесе, бірден әрекет етпеңдер. Алдымен оны ересек адамға көрсетіңдер.

Барлығы бірге қайталайды:

«Сенуге асықпа – ойлан және тексер!».

III. Қорытынды бөлім

Педагог:

– Балалар, бүгін біз интернеттегі ақпараттың бәрі бірдей шынайы бола бермейтінін білдік. Тіпті сурет, бейне немесе хабарлама да нанымды көрінуі мүмкін, бірақ оның ішінде қате немесе ойдан шығарылған ақпарат болуы ықтимал.

Педагог:

– Алгоритмімізді еске түсірейік. Егер ақпарат күмән тудырса, не істеу керек?

Білім алушылар қайталайды:

«Тоқта – ойлан – тексер!»

«Сөйлемді аяқта» рефлексиясы

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді жалғастыруды ұсынады:

- «Егер мен интернеттен ерекше жаңалық көрсем, мен…»
- «Хабарламаны досыма жібермес бұрын, мен…»
- «Егер ақпараттың шынайы екеніне сенімді болмасам, мен…»

Педагог қорытындылайды:

– Ақпарат интернетте жарияланғаны үшін ғана оған сенуге болмайды. Мұқият пайдаланушы алдымен ойланады, ақпаратты тексереді, содан кейін ғана қорытынды жасайды.

Сабақтың басты ережесі:

«Сенуге асықпа – ойлан және тексер!».

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№9 сабақ	**Үйдегі қауіпсіздік ережелері**
Мақсаты	Білім алушылардың үйдегі тұрмыстық жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- үйдегі негізгі қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін бекіту; - қауіпті жағдайларды тани білу және әрекет етудің қауіпсіз тәсілін таңдай білу дағдыларын дамыту; - өз денсаулығы мен айналасындағылардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен және ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, араларыңда үйде қысқа уақытқа жалғыз қалғандарың бар ма?

(Білім алушылар қолдарын көтереді.)

Педагог:

– Үй – біз демалатын, ойнайтын және өзімізді қауіпсіз сезінетін орын. Бірақ үйде де мұқият болу керек, өйткені кейбір заттар мен жағдайлар қауіпті болуы мүмкін.

– Бүгін біз үйде қалай қауіпсіз ойнап, демалуға болатынын үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

Педагог үйдегі негізгі қауіпті аймақтарды қарастырады.

1. Терезелер мен балкон

Педагог:

– Елестетіп көріңдер: терезенің сыртында әдемі құс пайда болды. Оны жақынырақ көргілерің келеді. Терезе алдына шығуға немесе москит торынасүйенуге бола ма?

(Білім алушылардың жауаптары.)

Ереже:

Терезені өз бетіңше ашуға, терезе алдына шығуға, терезеден еңкеюге немесе москит торға сүйенуге болмайды. Москиттік тор құлап кетуден қорғамайды. Терезені желдету үшін ересек адам ашуы керек.

2. Қауіпті ойындар

Педагог:

– Биік жиһаздан секіруге, шкафқа шығуға немесе кереуеттің жоғарғы қабатында ойнауға бола ма?

Ереже:

Жиһаз – қауіпті ойын ойнайтын орын емес. Шкафтарға, сөрелерге және басқа да биік заттарға шығуға, олардан секіруге болмайды. Белсенді ойындар үшін қауіпсіз орынды таңдау қажет.

2. Электр энергиясы

Педагог:

– Әлібек планшетпен ойнап отырды. Планшетінің қуаты таусылды. Зарядтағыштың жанында зақымдалған сымды байқап қалды. Бұл жағдайда не істеу керек?

(Білім алушылардың жауаптары.)

Ереже:

Зақымдалған сымдарға, электр розеткаларына және электр құрылғыларына су қолмен жақындауға. Розеткаға бөгде заттарды сұғуға болмайды. Егер ұшқын, түтін немесе зақымдалған сымды байқасаң – оған қол тигізбе, қауіпсіз жерге шегін де, бірден ересек адамға хабарла.

Егер өрт шықса немесе тікелей қауіп төнсе – 101 немесе 112 нөміріне қоңырау шал.

3. Дәрі-дәрмектер және тұрмыстық химия

Педагог:

– Үстелдің үстінде кәмпитке ұқсайтын түрлі түсті дәрілер жатыр, ал жуынатын бөлмеде ішінде түрлі түсті сұйықтығы бар бөтелке тұр. Оларға қол тигізуге немесе дәмін татып көруге бола ма?

(Білім алушылардың жауаптары.)

Ереже:

Дәрі-дәрмектер мен тұрмыстық химия – ойыншық емес. Дәрі-дәрмектер мен тұрмыстық химия құралдарын өз бетіңше алуға, қолдануға немесе араластыруға болмайды. Бала дәрі-дәрмекті тек жауапты ересек адамның рұқсатымен және бақылауымен қабылдайды.

«Кім бұл?» ойын-тренажері

Педагог:

– Елестетіп көріңдер: Айбек үйде отыр. Кенет есік қоңырауы соғылды. Есіктің сыртында бейтаныс адам тұр. Айбек не істеуі керек?

(Білім алушылардың жауаптары.)

Педагог:

– Қарапайым әрекет ету тәртібін есте сақтайық.

1. Бейтаныс адамға есік ашпа.

2. Үйде жалғыз екеніңді айтпа және жеке мәліметтеріңмен бөліспе.

3. Ата-анаңа немесе өзің сенетін басқа ересек адамға қоңырау шалып, не болып жатқанын айт.

4. Егер адам есікті ашуға тырысса, қорқытса немесе қауіп туындаса – есіктен алыстап, қауіпсіз жерге бар да, 102 немесе 112 нөміріне қоңырау шал.

5. Ата-анаңның немесе төтенше жағдайлар қызметі диспетчерінің нұсқауларын орында.

Педагог:

– Адам өзін газды тексеруге келген қызметкермін, сәлемдеме әкелдім немесе ата-анаң жіберді деп таныстырса да, бейтаныс адамға өз бетіңше есік ашуға болмайды. Алдымен ата-анаңмен байланысу керек.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://www.youtube.com/watch?v=Ak3skdTL3PY

III. Қорытынды бөлім

«Сөйлемді аяқта» рефлексиясы

Педагог сөйлемдерді бастап айтады, білім алушылар жалғастырады:

– Бүгін мен үйде қауіпсіз болу үшін ... екенін білдім.

– Үйде қауіпті затты көрсем, мен ... .

– Электр құралдарына ... .

– Дәрі-дәрмекті өз бетімше ... .

– Егер не істеу керектігін білмесем, ...

– Қауіпті жағдай болса, мен ... .

Педагог қорытындылайды:

– Үйде қауіпсіз болу үшін ережелерді сақтау маңызды. Қауіпті заттарға тиіспеңдер, өз беттеріңше әрекет етпеңдер. Егер бір нәрсеге күмәндансаңдар, ересек адамнан көмек сұраңдар.

№10 сабақ	Көшедегі жануарлардан қалай сақтану керек?
Мақсаты	Балаларда қаңғыбас жануарлармен қауіпсіз әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- жануарлардағы агрессия белгілерін танып-білуге, ит немесе мысық жақындаған жағдайда әрекет ету алгоритмін меңгерту; - қиын жағдайда сабыр сақтауға, өз эмоцияларын бақылауға үйрету; - қатыгездікке немесе жануарлардың агрессиясын қоздыруға жол бермейтін, жануарларға ізгілікпен қарау көзқарасын тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Әртүрлі жағдаяттар бейнеленген суреттер (ит ұйықтап жатыр, тамақтанып жатыр, күшіктерімен ойнап жатыр, иесімен серуендеп жүр), әр білім алушыға арналған «Жануарлармен қауіпсіз кездесу» жадынамасы (чек-парақ).

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, иттер мен мысықтарды кім жақсы көреді, қолдарыңды көтеріңдер?

(Білім алушылар қолдарын көтереді.)

– Жануарлар – біздің достарымыз. Бірақ көшеде жүрген иттер мен мысықтарға абай болу керек. Олар қорқуы, ашулануы немесе өзін қорғауға тырысуы мүмкін. Сондықтан жануарға жақындамас бұрын оның қимылына назар аудару маңызды. Бүгін біз көшедегі жануарлармен кездескенде қалай қауіпсіз әрекет ету керектігін үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

Педагог суреттерді көрсетіп, жануарлардың мінез-құлқындағы белгілерді түсіндіреді:

Егер ит ырылдаса, үрсе, тістерін ақситса немесе мазасызданса – оған жақындама. Тіпті бейтаныс ит сабырлы болып көрінсе де, оған өз бетіңше жақындауға болмайды.

Бейтаныс итке жақындауға, оны сипауға, тамақтандыруға немесе онымен ойнауға тырысуға болмайды. Егер жанында иесі болса, алдымен одан рұқсат сұрап, оның нұсқауларын орындау керек.

Педагог:

– Иттің сақтануға көмектесетін ең маңызды үш ережені есте сақтаңдар:

1. Егер бейтаныс ит жақындаса, қашпа және кенет қимыл жасама. Тоқтап, сабыр сақтауға тырыс.

2. Итке тесіле қарап, көзіне ұзақ уақыт тік қарауға болмайды. Ит үшін тікелей және ұзақ қарау қауіп ретінде қабылдануы мүмкін.

3. Қолыңды бұлғап, айқайлауға болмайды. Кенет қимылды ит шабуыл ретінде қабылдап, жауап ретінде тістеп алуы мүмкін.

Педагог:

– Балалар, алдарыңнан әдемі итті қарғыбаумен жетектеп адам келе жатқанын елестетіп көріңдер. Сендер оны сипағыларың келеді. Оны сипауға бола ма?

(Балалардың жауаптары.)

Педагог:

– Егер ит иесімен серуендеп жүрсе және оны сипағыларың келсе, алдымен: «Итіңізді сипауға бола ма?» – деп сұраңдар. Иесі рұқсат берсе, оның нұсқауын орындап барып қана жақындаңдар. Егер рұқсат бермесе, ренжімеңдер және жануарға тиіспеңдер.

Бейтаныс ит саған жақындаса

Педагог:

– Ал егер итке сен жақындамасаң, керісінше, иттің өзі саған жақындаса, не істеу керек?

Есте сақтаңдар:

1. Тоқта. Қашпа.

2. Сабырлы түрде қозғалмай тұр. Айқайлама және қолыңды бұлғама.

3. Итке тесіле көзіне ұзақ қарама және оны сипауға тырыспа.

4. Ит алыстап кеткен кезде, сабырлы түрде қауіпсіз жерге кетіп, болған жағдайды ересек адамға айт.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://www.youtube.com/watch?v=ic4oV6O3W4Q&list=PLA5eCSY2FeoT00B3gyDuskOvkalEx7TmU&index=23

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

Сөйлемдерді аяқтаңдар:

- «Егер мен көшеде итті көрсем, мен…»
- «Егер ит маған жақындаса, мен…»
- «Егер жануар мені тістеп немесе тырнап алса, мен…

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№11 сабақ	**Мұз үстіндегі қауіпсіздік ережелері**
Мақсаты	Білім алушылардың қысқы және көктемгі кезеңдерде мұз үстіндегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– мұздың сыртқы белгілеріне қарап, су айдынындағы қауіпті учаскелерді анықтауға үйрету; – сабырлылық сақтауға және жағдайды бақылауда ұстай білу дағдыларын дамыту; – өз өміріне жауапкершілікпен қарау және сақтық сезімін тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Мұз үстіндегі қауіпсіз және қауіпті әрекеттер бейнеленген иллюстрациялар; мұздың әртүрлі түрлерінің суреттері (мөлдір, ақ, қара, қар басқан); әр білім алушыға арналған «Мұз үстіндегі қауіпсіздік ережелері» жаднамасы (чек-парақ).

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог әңгіме оқиды:

«Қаңтар айында бір күні Асқар үйіне қайтып келе жатты. Жолда ол тоғанның жанынан өтті. Кенет мұздың үстінде жылтырап жатқан тиынды көрді.

Асқар: «Тиынды тез ғана алып қайтамын», – деп мұздың үстіне шықты. Ол бірнеше қадам жасаған кезде аяқ астындағы мұз сықырлай бастады...»

Сыныпқа арналған сұрақтар:

- Асқармен не болуы мүмкін?
- Ол қандай қателік жасады?
- Оның орнына не істеу керек еді?

II. Негізгі бөлім

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1E1qqMgQYhsvEQtIz4nxCfHXlkoAIyjhy/view?usp=sharing

Педагог мұздың неліктен қауіпті екенін және қандай әрекеттерге үзілді-кесілді жол берілмейтінін түсіндіреді.

Мұздың қалыңдығы алдамшы болуы мүмкін. Мұз біркелкі қатпайды. Жағада және ағыс бар жерлерде мұз әрдайым жұқалау болады.

Мұздың беріктігін өз бетіңше тексерме. Ересектерсіз және арнайы рұқсат етілген, жабдықталған жерде болмаса, мұз үстіне шықпа.

Қардың астында жарықтар мен ойықтар көрінбеуі мүмкін.

Қыста су айдынының маңындағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері

1. Ересек адамсыз мұз үстіне шықпа. Мұз үстінде сырғанауға және жүруге тек арнайы рұқсат етілген, қауіпсіздік талаптарына сай жабдықталған жерлерде және ересек адамның бақылауымен ғана болады.

2. Мұздың берік екенін өз бетіңше тексеруге болмайды. Оны аяғыңмен басып немесе затпен ұрып тексерме.

3. Қауіпті жерлерге жақындама. Жарықтарға, ойықтарға, сулар ашық көрінетін жерлерге және мұз жұқа болуы мүмкін орындарға жақындама.

Педагог:

– Ең басты ережені есте сақтаңдар: мұздың қауіпсіз екеніне сенімді болмасаң – мұз үстіне шықпа!

Мұз астына түсіп кеткен жағдайда не істеу керек?

Педагог:

– Енді ең маңызды жағдайды қарастырайық: егер адам мұз ойылып, суға түсіп кетсе, не істеу керек?

1. Көмекке шақыр: «Көмектесіңдер!» деп айқайла.

2. Мұздың жиегінен ұстап тұруға тырыс және артық, кенет қимылдар жасама.

3. Мұздың үстіне кеудеңмен абайлап жатып, аяғыңмен итеріле отырып, мұзға шығуға тырыс.

4. Мұздың үстіне шыққаннан кейін бірден тұрма. Қауіпті жерден мұздың үстімен жорғалап, өзің келген бағытқа қарай алыста.

5. Мүмкіндігінше тезірек ересек адамнан көмек сұра.

Егер басқа адам мұз астына түсіп кетсе

Педагог:

– Егер басқа адамның мұз астына түсіп кеткенін көрсеңдер, оған көмектесу үшін мұздың үстімен жүгіріп баруға болмайды – сендер де мұз астына түсіп кетулерің мүмкін. Бірден ересек адамдарды көмекке шақырыңдар және 112 нөміріне қоңырау шалыңдар.

III. Қорытынды бөлім

«Сөйлемді аяқта» рефлексиясы

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Егер мен мұз айдынын көрсем, алдымен…»
- «Егер мен жарықты немесе мұз ойығын байқасам, мен…»
- «Егер біреу мұз астына түсіп кетсе, мен…»
- «Егер өзіме көмек қажет болса, мен…»
- «Бүгін мен … екенін есімде сақтадым»

Педагог қорытындылайды:

– Мұз берік болып көрінгенімен, қауіпті болуы мүмкін. Оның беріктігін өз беттеріңше тексермеңдер және ересек адамсыз мұз үстіне шықпаңдар. Егер біреу қауіпті жағдайға тап болса, оны өз беттеріңше құтқаруға тырыспаңдар – ересек адамдарды көмекке шақырып, 112 нөміріне қоңырау шалыңдар.

Басты ереже:

Тәуекел етпе – қауіпті жерден алыста – ересек адамды көмекке шақыр!

3-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН «ҚАУІПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР ТОПТАМАСЫ



№	Тақырыптар
1.	Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері
2.	Қауіпті жағдайларда «жоқ» деп айтуды үйренеміз
3.	Жеке шекаралар және қауіпсіз қарым-қатынас
4.	Күдікті зат тауып алғанда не істеу керек?
5.	Эвакуация басталған жағдайда не істеу керек?
6.	Абайла: электр энергиясы!
7.	Интернеттегі жаңа достарға сенуге бола ма?
8.	Онлайн ойындағы бейтаныс адамдармен қарым-қатынас қауіпсіздігі
9.	Бейтаныс адаммен сөйлескенде қалай сақтануға болады?
10.	Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік ережелері
11.	Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері

№1 сабақ	**Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері**
Мақсаты	Қауіпті жағдайда дұрыс әрекет ету және көмек сұрау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	-жедел қызметтердің телефон нөмірлері туралы білімдерін бекіту және қауіпті жағдайға сәйкес тиісті қызметті таңдай білуге үйрету; -қауіпті жағдайда сабыр сақтап, дұрыс әрекет ету және қажетті ақпаратты нақты жеткізу дағдыларын дамыту; -жедел қызметтерге жауапкершілікпен жүгінуге және жалған қоңырау шалуға болмайтынын түсіндіру.

Материалдар мен ресурстар

Телефон макеті, төтенше жағдайлар бейнеленген карточкалар, «Шұғыл көмек шақыру алгоритмі» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушыларға мынадай жағдайды ұсынады:

- Елестетіп көріңдер: серуендеп жүрген кезде үйдің терезесінен түтін шығып жатқанын байқадыңдар. Жақын жерде ересек адам жоқ.

Педагогтің сұрақтары:

- Ең алдымен не істейсіңдер?
- Қауіпті жерге өз беттеріңше кіруге бола ма?
- Көмек алу үшін қайда хабарласу керек?
- Қоңырау кезінде қандай ақпаратты хабарлау қажет?

Білім алушылар өз болжамдарын айтады.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1CpHsUuaZrvtFqm_VlWwva3vGJQtC74gi/view?usp=sharing

Педагог сабақтың тақырыбына жетелейді:

Қауіпті жағдайда дүрбелеңге берілмеу, жағдайды бағалау, көмекке жүгінудің дұрыс тәсілін таңдау және қажетті ақпаратты хабарлау қажет.

Бүгін біз төтенше жағдайлар қызметтерінің нөмірлерін біліп қана қоймай, қай кезде көмек қажет екенін анықтауды, тиісті қызметті таңдауды және қажетті ақпаратты дұрыс хабарлауды үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

1. Жағдайға сәйкес қызметті таңда.

Педагог мынадай жағдайларды ұсынады:

- Үйдің терезесінен түтін шығып жатыр. (101 – өрт сөндіру қызметі).
- Адамның денсаулығы күрт нашарлады. (103 – жедел медициналық жәрдем қызметі).
- Қатты газ иісі сезілді. (104 – газдың авариялық қызметі).
- Бейтаныс адам пәтерге кіруге тырысып жатыр. (102 – полиция).
- Балаға көмек пен қолдау қажет. (111 – балалар мен отбасыларға көмек көрсету байланыс орталығы).

Педагог нақтылайды:

– Егер қай қызметке қоңырау шалу керектігін білмесеңдер немесе жағдай бірнеше қызметтің көмегін қажет етсе, 112 нөміріне қоңырау шалуға болады.

2. Диспетчерге не айту керек?

Педагог қысқаша алгоритмді түсіндіреді:

Не болды → қай жерде болды → кім қоңырау шалып тұр → диспетчердің сұрақтарына жауап бер.

Білім алушылардың бірі педагогпен қысқаша диалог құрады. Педагог:

– 103 қызметі. Тыңдап тұрмын.

Білім алушы:

– Досымның өзін жайсыз сезініп тұр. Бұл үйдің ауласында болды. Мекенжайым – Абай көшесі, №55 үй. Менің атым – Айбек.

Педагог:

– Сабырлы, анық сөйлеу және әңгімені бірінші болып өзің тоқтатпау маңызды.

3. Кімге жүгіну керек?

Педагог жағдайларды атайды:

– Сауда орталығында адасып қалдың.

Білім алушылар:

– Қызметкерге, күзетшіге немесе басқа да қауіпсіз ересек адамға жүгіну керек.

– Саған біреу қоқан-лоқы көрсетіп жүр, бірақ бұл туралы айтуға қорқасың.

Білім алушылар:

– Сенім артатын ересек адамға айту немесе 111 нөміріне хабарласу керек.

Педагог атап көрсетеді:

– Егер жағдай шұғыл қызметті шақыруды қажет етпесе, алдымен өзің сенетін ересек адамға жүгінеміз. Ал өмірге немесе денсаулыққа тікелей қауіп төнсе – шұғыл көмек шақырамыз.

III. Қорытынды бөлім

Педагог жағдайды атайды, ал білім алушылар хормен жауап беріп, дұрыс телефон нөмірін айтады.

Мысалдар:

– Жертөледен түтін шыққанын көрдіңдер ме? (101)

– Бейтаныс адам есікті бұзып кірмекші ме? (102)

– Асүйден газдың иісі шығып тұр ма? (104)

– Түнде тісің қатты ауырды ма? (103)

Педагог:

– Егер жағдайды өз бетіңше шеше алмасаң, 111 нөміріне – балалар мен отбасыларға көмек көрсету жөніндегі бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығына қоңырау шал. Онда сені мұқият тыңдап, қолдау көрсетеді және дұрыс шешім табуға көмектеседі.

№2 сабақ	Қауіпті жағдайларда «жоқ» деп айтуды үйренеміз
Мақсаты	Білім алушылардың қауіпті және қолайсыз ұсыныстардан бас тарта білу дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	- қауіпті және қолайсыз өтініштерді ажырата білуге үйрету; - қажет жағдайда «жоқ» деп нық айту және қауіпсіз жерге бару дағдыларын дамыту; - өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға және сенімді ересек адамнан көмек сұрауға тәрбиелеу.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, кейде біреу бізден көмек сұрайды. Мысалы, кітаптарды бірге тасу, сыныпты жинау немесе досымызға көмектесу. Мұндай істер жақсы әрі пайдалы. Бірақ кейде біреу бізге қауіпті нәрсе істеуді ұсынуы мүмкін. Ондай кезде абай болған дұрыс. Қалай ойлайсыңдар, өтініштерге әрқашан «Иә!» деу керек пе?

Білім алушылардың жауаптары.Педагог:

– Әрине, ондай өтінішке келісе берудің қажеті жоқ. Егер біреудің айтқаны сендерді қорқытса, көңілдеріңе жақпаса немесе дұрыс емес сияқты көрінсе, «жоқ» деп айтуға болады. Бүгін біз қажет кезде батыл түрде «жоқ» деп айтуды және өзімізді қорғауды үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

1. Қашан «жоқ» деп айту керек?

Педагог түсіндіреді.

Мынадай жағдайда бас тарту керек:

- бейтаныс адам бір жаққа шақырса;
- ата-анаңнан бір нәрсені жасыруды ұсынса;
- ақшаңды, телефоныңды немесе жеке заттарыңды беруді сұраса;
- белгісіз заттарды немесе сусындарды ішіп көруді ұсынса;
- үй мекенжайыңды, телефон нөміріңді немесе құпиясөзіңді айтуды сұраса.

Педагог еске салады:

Әрбір бала өзін қауіпте сезінсе, «жоқ» деп айтуға құқылы.

Пайдалы сөз тіркестері:

– «Жоқ, мен бармаймын».

– «Жоқ, маған болмайды».

– «Алдымен ата-анамнан сұраймын».

– «Мен ересек адамды көмекке шақырамын».

2. «Қалай әрекет ету керек?» ойыны

Педагог жағдаяттарды оқиды.

1-жағдаят. Бейтаныс адам үйіңе дейін жеткізіп салуды ұсынады.

Жауап: «Жоқ, рақмет. Мен ата-анамды күтемін».

2-жағдаят. Досың сабақтан қашып кетуді ұсынады.

Жауап: «Жоқ, бұл – дұрыс емес».

3-жағдаят. Бейтаныс адам араларыңдағы әңгіме туралы ешкімге айтпауды сұрайды.

Жауап: Бұл туралы міндетті түрде ересектерге ескерт.

4-жағдай. Педагог оқулықтарды таратып беруге көмектесуді сұрайды.

Жауап: Бұл – қауіпсіз өтініш, көмектесуге болады.

III. Қорытынды бөлім

Сұрақтар:

- Күмәнді жағдаяттар туралы ересектерге айту керек пе?
- Бейтаныс адамдарға үй мекенжайыңды немесе телефон нөміріңді айтуға бола ма?
- «Жоқ» деп айта білудің маңызы неде?
- Кімнен көмек сұрауға болады?

Рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Егер бейтаныс адам мені өзімен бірге кетуге шақырса, мен…»
- «Егер мен қорқып кетсем, …»
- «Мен көмек сұрау үшін … жүгінемін».

Педагог:

– Бүгін біз әрбір баланың қауіпсіз болуға құқығы бар екенін білдік. Егер жағдай қауіпті болып көрінсе немесе алаңдаушылық туғызса, сенімді түрде «жоқ» деп айту, ол жерден кету және ересек адамнан көмек сұрау керек.

Кімнен көмек сұрау керегін білмесең, 111 байланыс орталығына хабарлас. Сені тыңдайды, түсінеді және көмектеседі.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) материалдары негізінде әзірленген қауіпсіздік сабағы

№3 сабақ	Жеке шекаралар және қауіпсіз қарым-қатынас
Мақсаты	Білім алушылардың жеке шекара туралы түсініктерін қалыптастыру және қауіпсіз қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.
Міндеттері	– жеке шекара ұғымын түсіндіру және өзіне жайсыздық тудыратын әрекеттерді ажырата білуге үйрету; – қажет жағдайда «жоқ» деп айту, арақашықтық сақтау және қауіпсіз жерге бару дағдыларын дамыту; – өз шекарасын қорғауға, өзгенің шекарасын құрметтеуге және сенімді ересек адамнан көмек сұрауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Маған жайлы» және «Маған жайсыз» карточкалары, қарым-қатынас жағдайларының мысалдары бейнеленген суреттер, «Менің жеке шекараларым» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, әр адамның өзінің жеке кеңістігі болады. Бұл – өзімізді тыныш әрі жайлы сезінетін кеңістік. Сонымен қатар әр адамның жеке заттары, ойлары мен сезімдері бар. Оларды құрметтеу қажет.

Мысалы, біреудің қаламын, телефонын немесе ойыншығын алмас бұрын, міндетті түрде рұқсат сұрау керек.

Талқылауға арналған сұрақтар:

– Біреудің затын рұқсатсыз алуға бола ма?

– Біреу өзіңе ұнамайтын немесе жайсыз әрекет жасағанда, өзіңді қалай сезінесің?

Білім алушылардың жауаптары. Педагог:

– Бүгін біз басқа адамдардың жеке шекараларын құрметтеуді және өз шекарамызды қорғауды үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

1. «Дұрыс па, бұрыс па?» ойыны

Педагог бірнеше жағдайды көрсетеді. Білім алушылар адамдардың дұрыс әрекетін анықтап, жасыл немесе қызыл карточкаларды көтереді.

Қауіпсіз жағдаяттар (жасыл карточка):

- Досы: «Қаламыңды алуға бола ма?» – деп рұқсат сұрады.
- Сыныптасы суретіңді көруге рұқсат сұрады.

Жеке шекара бұзылатын жағдайлар (қызыл карточка):

- Біреу басқа адамның затын рұқсатсыз алды.
- Біреу басқа адамның жеке хабарламаларын оқып отыр.
- Біреу сені өзіңе жағымсыз нәрсені жасауға мәжбүрлеп жатыр.
- Біреу ата-анаңнан маңызды ақпаратты жасыруды сұрайды.

Педагог қорытындылайды:

– Әр адамның құрметке ие болуға құқығы бар. Егер бір әрекет ұнамаса немесе жайсыздық тудырса, бұл туралы ашық айта аламыз.

2. «Жоқ деп айта аламын» жаттығуы

Педагог жағдаяттарды оқиды. Білім алушылар әр жағдайда қалай жауап беруге болатынын айтады және «жоқ» сөзін нық айтуға жаттығады.

1-жағдаят. Сыныптасың сенің затыңды рұқсатсыз алғысы келеді.

Жауап: «Жоқ, бұл менің затым. Алдымен менен сұра».

2-жағдаят. Біреу сені өзің қаламайтын әрекетті жасауға мәжбүрлейді.

Жауап: «Жоқ, мен мұны қаламаймын». Қажет болса, ол жерден кетіп, ересек адамнан көмек сұра.

3-жағдаят. Біреу сені мазалаған немесе қорқытқан жағдайды ешкімге айтпауды сұрайды.

Жауап: «Жоқ, мен бұл туралы өзім сенетін ересек адамға айтамын».

Педагог сұрайды:

– «Жоқ» деп айтқанда дауысымыз қандай болуы керек?

– Егер адам сенің жауабыңды тыңдамаса, не істейсің?

– Кімнен көмек сұрауға болады?

Қорытынды:

– Егер бір әрекет саған ұнамаса, қорқытса немесе жайсыздық тудырса, «жоқ» деп айтуға болады. Қажет болса, қауіпсіз жерге барып, өзің сенетін ересек адамнан, мектеп психологінен және сынып жетекшіден көмек сұра.

Кімнен көмек сұрау керегін білмесең, 111 байланыс орталығына хабарлас. Сені тыңдайды, түсінеді және көмектеседі.

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Егер маған бір нәрсе ұнамаса, мен…»
- «Мен өз шекарамды мына сөздер арқылы қорғай аламын: …»
- «Мен көмек сұрап … жүгіне аламын».

Педагог:

– Өз сезімдерің туралы айту және көмек сұрау – дұрыс әрекет. Әр адамның құрметке және қауіпсіздікке құқығы бар.

Кімнен көмек сұрауға болады?

- ата-анаңнан немесе жақын туыстарыңнан;
- сынып жетекшісінен;
- мектеп психологінен;
- әлеуметтік педагогтен;
- өзің сенетін басқа да ересек адамдардан;
- 111 нөмірі бойынша – балалар мен отбасыларға көмек көрсету жөніндегі бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығынан.

Сабақтың басты ережесі

Басқалардың жеке шекарасын құрметте және өз шекараңды қорға: егер саған бір нәрсе жайсыз болса – «жоқ» деп айт және бұл туралы ересек адамға хабарла.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 4 сабақ	Күдікті зат тауып алғанда не істеу керек?
Мақсаты	Білім алушылардың бейтаныс, күмәнді немесе ықтимал қауіпті заттарды анықтаған кездегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– ықтимал қауіпті заттарды танып-білуге үйрету, оларды анықтаған кездегі нақты әрекет ету алгоритмімен таныстыру; – байқағыштықты, қырағылықты және сыни ойлау қабілетін дамыту; – жеке қауіпсіздігі мен айналасындағылардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау сезімін тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Суреттер: сөмке, рюкзак, бейтаныс қорап, шприц, ойыншық, телефон макеті; «Қауіпті затты байқаған жағдайда не істеу керек?» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, мынадай жағдайды елестетіп көріңдер: көшеде келе жатып, орындықтың үстінде біреудің тастап кеткен әдемі ойыншығын немесе жаңа телефонын көрдіңдер. Оны көргенде не істегілерің келеді? Оны қарап көргілерің немесе өздеріңе алғыларың келуі мүмкін. Бірақ мұндай затты ұстау қауіпсіз бе?

Бүгін біз бейтаныс заттарға неге қол тигізуге болмайтынын және күмәнді зат тауып алған жағдайда не істеу керектігін үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

Педагог білім алушыларға қауіпсіздіктің алғашқы алтын ережесін түсіндіреді:

Өзіңе тиесілі емес затты рұқсатсыз алуға болмайды. Кейбір бөгде заттар қауіпті болуы мүмкін, сондықтан оларды ұстамай, бірден ересек адамға айтқан дұрыс.

1. Қараусыз қалған заттар: метро, автобустардағы немесе мектеп дәліздеріндегі сөмкелер, рюкзактар, чемодандар, қораптар. Мұндай

заттардың ішінде не бар екені белгісіз, сондықтан оларға жақындамау, қол тигізбеу және бірден ересек адамға хабарлау керек.

2. Қызығушылықты тудыратын қауіпті заттар: телефондар, әмияндар, ойыншықтар, планшеттер. Қылмыскерлер қауіпті заттарды балалардың қызығушылығын оятып, оларды алуға итермелеу үшін құнды заттардың кейпіне әдейі келтіруі мүмкін.

3. Өткір және медициналық заттар: пайдаланылған шприцтер, ампулалар, бейтаныс таблеткалар. Олардың құрамында қауіпті вирустар немесе улы заттар болуы мүмкін. Тіпті ескі термометрлердің сынған бөліктері де (сынап) қауіпті.

4. Әскери заттар: тот басқан патрондар, снарядтар. Олар топырақта көп жыл жатса да, болмашы ғана әсерден жарылып кетуі мүмкін.

Педагог сыныппен бірге әрбір оқушы орындауы тиіс әрекет ету алгоритмін қарастырады.

1. Жақындама! Күмәнді затты көрсең – тоқта!

2. Қолыңмен ұстама! Оны аяғыңмен теппе, көтерме, ашпа, сілкіме және үстін ешнәрсемен жаппа!

3. Телефонды күмәнді заттың қасында пайдаланба! Қауіпсіз қашықтыққа алыста да, содан кейін ғана қоңырау шал! (102 не 111-ге қоңырау шал).

4. Үндемей қалма! Бірден өзің сенетін ересек адамға айт немесе шұғыл қызметке қоңырау шал!

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушылардың зат табылған жерге байланысты кімге хабарласу керектігін түсінгенін тексереді:

- Мектептен тапсаң – мұғалімге, күзетшіге немесе директорға хабарла.
- Автобустан немесе метрода тапсаң – жүргізушіге немесе машинистке, басқа да ересек адамға хабарла.
- Дүкеннен тапсаң – сатушыға немесе дүкен күзетшісіне хабарла.
- Көшеден тапсаң, ал жақын жерде таныс ересек адам болмаса – арақашықтық сақтап, ата-анаңа қоңырау шал немесе 112 нөміріне хабарлас.

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Бүгін мен … білдім»
- «Егер мен күмәнді затты көрсем, мен …» (оған жақындамаймын және ересек адамға хабарлаймын).
- «Мен есте сақтаған басты ереже: …» («Жақындама! Қолмен ұстама! Алыста! Ересек адамға хабарла!»)

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 5 сабақ	Эвакуация басталған жағдайда не істеу керек?
Мақсаты	Білім алушылардың эвакуация кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– «эвакуация» ұғымымен және оны жүргізу себептерімен таныстыру; – эвакуация кезінде қауіпсіз әрекет ету алгоритмін меңгерту; – зейінділікті, тәртіптілікті және ересектердің нұсқауларын орындай білу дағдыларын дамыту.

Материалдар мен ресурстар

эвакуация және шығу белгілері бейнеленген карточкалар, ғимараттан қауіпсіз шығу сызбасы, «Дұрыс» және «Бұрыс» жағдаяттары бейнеленген карточкалар, өрт дабылының суреті.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, кейде мектепте, үйде немесе қоғамдық орындарда эвакуация жариялануы мүмкін. Бұл қауіпті жағдай туындаған кезде адамдарды ғимараттан тез әрі қауіпсіз шығару үшін жасалады. Бүгін біз өзімізге және айналамыздағы адамдарға қауіп төндірмей қалай дұрыс әрекет ету керектігін үйренеміз.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1QPf5FreQ_EOfUDUaTFMG9HshJlQpxyEF/view?usp=sharing

II. Негізгі бөлім

1. Эвакуация кезіндегі қауіпсіздік ережелері

Педагог түсіндіреді:

Егер эвакуация басталса:

1. Сабыр сақта. Айқайлама, жүгірме, өзгелердің сыртқа шығуына кедергі келтірме.

2. Ересектерді мұқият тыңда. Педагогтің немесе жауапты адамның нұсқауларын орында.

3. Ғимаратқа қайта кірме. Телефон, сөмке немесе басқа заттарыңды алу үшін кері қайтпа.

4. Асықпай қозғал. Сыныппен бірге «ШЫҒУ» белгісіне қарай жүр. Басқаларды басып озуға немесе итеруге болмайды.

5. Сыртқа шыққаннан кейін сыныбыңмен бірге бол. Өз бетіңше ешқайда кетпе. Педагогтің келесі нұсқауын күт.

2. «Дұрыс па, бұрыс па?» ойыны

Педагог әртүрлі әрекеттерді оқиды. Егер әрекет дұрыс әрі қауіпсіз болса, білім алушылар орындарынан тұрады, ал дұрыс болмаса, орындарында қалады. Әр жауаптан кейін педагог дұрыс әрекетті балалармен бірге талқылайды.

- Дабыл белгісін естіген оқушы сыныппен бірге шығуға дайындалды. **(Дұрыс)**
- Оқушы телефонын алу үшін сыныпқа қайта кірді. **(Бұрыс)**
- Оқушы педагогтің соңынан асықпай, сыныппен бірге шығып келеді. **(Дұрыс)**
- Балалар шығатын кезде жүгіріп, бір-бірін итеріп жатыр. **(Бұрыс)**
- Ғимараттан шыққаннан кейін оқушы өз сыныбымен бірге қалды. **(Дұрыс)**

Есте сақта:

- лифтіні пайдаланба;
- жүгірме және басқаларды итерме;
- педагогтің және жедел қызмет мамандарының нұсқауларын орында.

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- Дабыл белгісін естісем, мен ...
- Эвакуация кезінде ... болмайды.
- Эвакуация кезінде мен ... тыңдаймын.
- Ғимараттан шыққаннан кейін мен ...

Педагог:

– Эвакуация адамдардың қауіпсіздігі үшін жүргізіледі. Сондықтан сабыр сақтап, ересектердің нұсқауларын мұқият орындау маңызды.

Сабақтың басты ережесі:

«Сабыр сақта! Ересектерді тыңда! Сыныппен бірге қауіпсіз жерге шық!».

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 6 сабақ	Абайла: электр энергиясы!
Мақсаты	Білім алушылардың электр қауіпсіздігінің негізгі ережелері туралы түсінігін қалыптастыру және электр тоғына байланысты қауіпті жағдайлар туындаған кезде дұрыс әрекет етуге үйрету
Міндеттері	- білім алушыларды электр тоғымен және электр құрылғыларымен қауіпсіз жұмыс істеудің негізгі ережелерімен таныстыру; - қауіпті жағдайларды танып-білуге және олар туындаған кезде дұрыс әрекет етуге үйрету; - өз қауіпсіздігіне және айналасындағылардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Электр құрылғылары мен розеткалардың суреттері, қауіпсіз және қауіпті жағдайлар бейнеленген бөлме суреті, электр қауіпсіздігі бойынша тақырыптық бейнематериал.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, электр энергиясы күн сайын айналамызда. Оның көмегімен жарық, теледидар, компьютер, тоңазытқыш және басқа да көптеген құрылғылар жұмыс істейді. Бірақ қауіпсіздік ережелерін сақтамаса, электр қуаты қауіпті болуы мүмкін. Бүгін біз қандай жағдайлардың қауіпті екенін және өзімізді қорғау үшін қалай дұрыс әрекет ету керектігін үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

1. Электр қауіпсіздігінің ережелері

Педагог түсіндіреді.

Электр энергиясын қауіпсіз пайдалану үшін қарапайым ережелерді сақтау қажет:

1. Розеткаларға қол тигізбе. Розеткаға саусақтарыңды немесе бөгде заттарды сұқпа.

2. Электр құрылғыларын дымқыл қолмен пайдаланба. Электр құрылғысын қолданар алдында қолыңды құрғату қажет.

3. Зақымдалған сымдарға қол тигізбе. Егер сым үзілсе, сыртқы қаптамасы ашылып қалса, қызып тұрса немесе одан ұшқын шықса, оған қол тигізбеу керек.

4. Электр құрылғыларын өз бетіңше жөндеме. Құрылғы істен шықса, бұл туралы ересек адамға хабарла.

5. Электр құрылғыларын судың жанында пайдаланба. Су мен электр тоғы қауіпті жағдайға әкелуі мүмкін.

6. Электр құрылғыларымен ойнама.

2. «Электрлік детектив»

Педагог:

– Ал енді ең маңызды тапсырмаға көшейік. Алдарыңда бөлменің суреті берілген. Бұл бөлмеде электр тоғына байланысты қауіпті жағдайлар жасырылған. Сендердің міндеттерің – оларды тауып алу.

Экранда бөлменің суреті көрсетіледі.

Білім алушылар мына қауіпті жағдайларды табуы керек:

- зақымдалған сым;
- суға жақын орналасқан электр құрылғысы;
- розеткаға қол тигізіп тұрған бала;
- ақауы бар электр құрылғысы.

Балалар қауіпті жағдайды тапқаннан кейін педагог сұрақ қояды:

– Бұл жерде не дұрыс емес?

– Бұл жағдайда қауіпсіздікті қалай сақтауға болады?

3. Қауіпті жағдайда қалай әрекет ету керек?

Педагог:

– Ал егер сенің жаныңда электр тоғына байланысты қауіпті жағдай орын алса, не істеу керек? Өзіңе қауіп төндірмей, қалай көмектесесің?

Бірнеше маңызды ережені есте сақтаңдар:

- сымдарға, ақаулы құрылғыларға және басқа да қауіпті заттарға жақындама және қол тигізбе;
- қауіпті жағдайды өз бетіңше жоюға немесе электр құрылғысын жөндеуге тырыспа;
- бірден ата-анаңды, педагогті, күзетшіні немесе көмек көрсете алатын басқа ересек адамды шақыр;
- егер біреуге шұғыл көмек қажет болса, бұл туралы ересек адамға хабарла. Қажет болған жағдайда 112 немесе 103 нөміріне қоңырау шал;
- ересек адамның немесе төтенше жағдайлар қызметі маманының нұсқауларын орында және қауіпті жерге қайта барма.

Педагог:

– Ең бастысы – өзіңді қауіпке итермелеу. Егер не істеу керектігін білмесең, бірден ересек адамнан көмек сұра.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://www.youtube.com/watch?v=Ak3skdTL3PY

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Егер мен зақымдалған сымды көрсем, …»
- «Дымқыл қолмен … болмайды»
- «Розеткаға … болмайды»
- «Егер электр құрылғысы істен шықса, мен…»
- «Егер мен қауіпті жағдайды көрсем, …»

Педагог:

–Ең бастысы – электр ақауын ешқашан өз бетіңше жөндеуге немесе қауіпті жағдайды жоюға тырыспау. Егер қауіпті жағдайды байқасаң, өз бетіңше әрекет етпе және міндетті түрде ересек адамға хабарла.

Сабақтың басты ережесі

«Қол тигізбе! Алыста! Ересек адамға хабарла!»

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 7 сабақ	Интернеттегі жаңа достарға сенуге бола ма?
Мақсаты	Білім алушылардың интернеттегі қауіпсіз қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– білім алушыларды интернетте бейтаныс адамдармен қауіпсіз қарым-қатынас жасаудың негізгі ережелерімен таныстыру; – қауіпті өтініштер мен хабарламаларды танып-білуге үйрету; – интернеттегі қарым-қатынасқа жауапкершілікпен және сақтықпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Интернеттегі хабарламалардың мысалдары, «Қауіпсіз» және «Қауіпті» деген жазуы бар суреттер, «Жауап берме – жеке мәліметтеріңді хабарлама – ересек адамға айт» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, интернетте біз бейнероликтер көреміз, ойын ойнаймыз, білім аламыз және бір-бірімізбен сөйлесеміз. Кейде бізге интернет арқылы танымайтын адамдар да хабарлама жазуы мүмкін. Мынадай жағдайды елестетіп көріңдер. Сендерге хабарлама келді:

«Сәлем! Дос болайық! Жасың нешеде? Қайда тұрасың? Суретіңді жібершi».

Білім алушыларға сұрақтар:

– Мұндай хабарламаға жауап берген дұрыс па?

– Бейтаныс адам сен туралы қандай ақпаратты білгісі келіп тұр?

– Бейтаныс адамдарға өзің туралы қандай мәліметтерді хабарлауға болмайды?

Білім алушылардың жауаптары. Педагог:

– Интернетте адам өзін басқа біреу ретінде таныстыруы мүмкін. Сондықтан бүгін біз интернетте қалай қауіпсіз қарым-қатынас жасау керектігін және хабарлама күмән тудырған жағдайда не істеу керектігін үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

1. Қауіпсіз қарым-қатынас ережелері

Педагог:

– Бейтаныс адамдармен интернетте қарым-қатынас жасаудың үш қарапайым ережесін есте сақтаңдар:

1. Жауап берме. Егер бейтаныс адам оғаш сұрақтар қойса, суретіңді жіберуді, сілтемеге өтуді немесе арадағы әңгімені құпия сақтауды сұраса, сөйлесуді жалғастырма.

2. Жеке мәліметтеріңді хабарлама. Бейтаныс адамдарға толық аты-жөніңді, мекенжайыңды, телефон нөміріңді, мектебіңді, құпиясөздеріңді, кодтарды және басқа да жеке мәліметтеріңді берме.

3. Сенетін ересек адамға айт. Егер хабарлама сені қорқытса, күмәндандырса немесе не істеу керектігін білмесең, бұл жағдаймен жалғыз қалма. Өзің сенетін ересек адамнан көмек сұра.

Педагог түсіндіреді:

– Сенетін ересек адам – жанында өзіңді қауіпсіз сезінетін және көмек сұрап жүгіне алатын адам. Бұл ата-анаң немесе басқа жақын ересек адам, педагог, сынып жетекшісі немесе мектеп психологі болуы мүмкін.

Егер жағдай туралы таныс ересек адамға айту қиын болса немесе қосымша көмек қажет болса, 111 байланыс орталығына жүгін. Мұнда балалардың құқықтарын қорғау, қауіпсіздігі мен әл-ауқатына қатысты мәселелер бойынша көмек пен кеңес алуға болады.

Педагог:

Кейде интернетте адамның жеке мәліметтерін алу үшін сілтемелері бар хабарламалар жіберуі немесе сыйлықтар ұсынуы мүмкін. Мысалы: **«Сен жүлде ұтып алдың! Сілтемеге өт»** немесе **«Құпиясөзіңді жіберсең, ойындағы сыйлықты аласың»**. Мұндай хабарламалар алаяқтық болуы мүмкін. Белгісіз сілтемелерге өтпеу және өзің туралы жеке мәліметтерді хабарламау керек.

2. «Қауіпті ме, қауіпсіз бе?» ойыны

Педагог жағдайларды оқиды. Егер әрекет қауіпсіз болса, білім алушылар бас бармағын жоғары көтереді, ал қауіпті болса – төмен түсіреді. Әр жауаптан кейін педагог білім алушылардан өз таңдауын түсіндіруді сұрайды.

1-жағдай. Ойындағы бейтаныс адам сенен қай мектепте оқитыныңды сұрады.

Жауап: Қауіпті. Бейтаныс адамдарға жеке ақпаратты хабарлауға болмайды.

2-жағдай. Бала күмәнді хабарлама алып, оны ата-анасына көрсетті.

Жауап: Қауіпсіз. Хабарлама күмән тудырса, ересек адамнан көмек сұрау керек.

3-жағдай. Бейтаныс адам тегін сыйлық ұсынып, белгісіз сілтемеге өтуді сұрады.

Жауап: Қауіпті. Белгісіз сілтемелерді ашуға болмайды.

Педагог:

– Қауіпті жағдайлардың ортақ белгісі қандай?

(Білім алушылардың жауаптары.)

– Дұрыс. Бейтаныс адам жеке ақпаратты алуға тырысады, белгісіз сілтемеге өтуді ұсынады немесе интернеттегі қарым-қатынасты ересектерден жасыруды сұрайды.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1VaeewGnO-LcajVQGXYPY-LvKn160Eh6m/view

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға үш негізгі ережені еске түсіруді ұсынады.

Педагог:

– Егер бейтаныс адам интернетте саған жазып, жеке сұрақтар қойса, не істеу керек?

Педагог:

–Интернетте мұқият болу маңызды. Адам қанша жерден жылы шырайлы немесе достық ниеттегі болып көрінсе де, оған жеке мәліметтеріңді беруге, суреттеріңді жіберуге немесе күмәнді өтініштерін орындауға болмайды. Егер бір нәрсе күмән тудырса, қарым-қатынасты тоқтатып, ересек адамнан көмек сұрау керек.

Рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Интернетте бейтаныс адамдарға мен … туралы ақпаратты хабарламаймын»
- «Егер бейтаныс адам менен сілтемеге өтуді сұраса, мен…»
- «Егер хабарлама маған күмәнді болып көрінсе, мен…»

Педагог қорытындылайды:

– Интернеттегі қауіпсіз қарым-қатынастың басты ережесі: күмәнді хабарламаларға жауап берме, жеке ақпаратты хабарлама және ересек адамға айт.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) материалдары негізінде әзірленген қауіпсіздік сабағы

№ 8 сабақ	Онлайн ойындағы бейтаныс адамдармен қарым-қатынас қауіпсіздігі
Мақсаты	Білім алушылардың онлайн-ойындардағы қауіпсіз қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– ойын чаттары мен қоңырауларындағы қауіпсіз және қауіпті өтініштерді ажырата білуге үйрету; – интернетте бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау кезінде қауіпті жағдайларды танып-білу және дұрыс әрекет ету дағдыларын дамыту; – онлайн-ойындарда бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасауға жауапкершілікпен және сақтықпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Бейнеролик, ойын чаттарындағы хабарламалардың мысалдары бар карточкалар, қауіпсіздік ережелері жазылған карточкалар: «Жауап берме», «Жеке мәліметтерді хабарлама», «Сілтемелерді ашпа», «Ересек адамға айт».

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, көпшілігің онлайн ойындар ойнағанды ұнатасыңдар. Ойындарда деңгейлерден өтуге, тапсырмаларды орындауға және басқа ойыншылармен қарым-қатынас жасауға болады. Бірақ кейде ойын барысында сендерге бейтаныс адамдар жазуы немесе қоңырау шалуы мүмкін. Оларға сенуге бола ма?

Білім алушылардың жауаптары. Педагог хабарламаны көрсетеді:

«Сәлем! Мен де осы ойынды ойнаймын. Жасың нешеде және қайда тұратыныңды жазшы. Кездесейік».

Сұрақтар:

– Мұндай хабарламаға жауап беруге бола ма?

– Хабарламадағы қандай сөздер сендерге күмән немесе алаңдаушылық тудыруы керек?

Педагог:

– Бүгін біз бейтаныс адам ойын арқылы жазып, қоңырау шалған жағдайда қалай дұрыс әрекет ету керектігін үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

1. Ойындағы қауіпті өтініштер

Педагог түсіндіреді:

– Ойын кезінде бейтаныс адамдарға мынадай ақпараттарды хабарлауға болмайды:

1. Толық аты-жөніңді;
2. Үй мекенжайыңды;
3. Мектебіңнің атауын;
4. Телефон нөміріңді;
5. Аккаунтыңның құпиясөзін;
6. Хабарламалар арқылы келген кодтарды.

Қауіпті хабарламалар мынадай болуы мүмкін:

- «Құпиясөзіңді бер, мен саған сирек кездесетін ойын құралын сыйлаймын»;
- «Қайда тұратыныңды айтшы, саған сыйлық жібергім келеді»;
- «Ересектерге айтпа, бұл біздің құпиямыз»;
- «Сілтемеге өтсең, тегін монеталар аласың».

Педагог:

– Шынайы дос сенің құпияларыңды сұрамайды және өзіңе жағымсыз немесе қауіпті нәрсені жасауға мәжбүрлемейді.

2. «Жауап беру немесе тоқтау» ойыны

Педагог жағдайларды оқиды, білім алушылар «Болады» немесе «Болмайды» карточкаларын көрсетеді.

1-жағдаят

Ойыншы жазады: «Сәлем! Бірге ойнайық. Атың кім?»

Жауап: Бейтаныс адамға шын атыңды хабарлама. Құрамында жеке ақпарат жоқ ойын никнеймін қолдан: аты-жөнің, жасың, туған жылың, мектебің немесе қалаң көрсетілмегені дұрыс.

Мысалы: PixelFox, SkyDragon немесе TurboPanda.

2-жағдаят

Ойыншы айтады: «Құпиясөзіңді бер, аккаунтыңды дамытуға көмектесемін».

Жауап: Болмайды. Құпиясөзді ешкімге айтуға болмайды.

3-жағдаят

Ойыншы сілтеме жібереді: «Ашсаң, тегін сыйлықтар аласың».

Жауап: Болмайды. Белгісіз сілтемелерді ашуға болмайды.

Педагог білім алушылардың назарын тақырыптық постерге аударады.

https://drive.google.com/file/d/1CeRWiOOm817PriTnqHcq58MMfuIQZuqW/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Егер ойын барысында маған бейтаныс адам жазса, мен…»
- «Егер менен сурет жіберуді сұраса, мен…»
- «Егер жағдай маған күдікті болып көрінсе, мен…»

Педагог қорытындылайды:

– Бейтаныс адамдарға жеке мәліметтеріңді хабарламаңдар, суреттеріңді жібермеңдер және күмәнді өтініштерді орындамаңдар. Егер қарым-қатынас сендерге алаңдаушылық немесе күмән тудырса, оны тоқтатып, сенетін ересек адамға айтыңдар. Қажет болса, мектеп психологінен немесе 111 байланыс орталығынан көмек пен кеңес алуға болады.

№ 9 сабақ	Бейтаныс адаммен сөйлескенде қалай сақтануға болады?
Мақсаты	Білім алушылардың бейтаныс адамдармен қауіпсіз қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- білім алушыларды бейтаныс адамдармен қауіпсіз қарым-қатынас жасау ережелерімен таныстыру; - қауіпсіз жағдайларды қауіпті жағдайлардан ажырата білуге үйрету; - өзіне деген сенімділікті және дұрыс шешім қабылдау қабілетін дамыту.

Материалдар мен ресурстар

Адамдармен қарым-қатынас жасаудың әртүрлі жағдайлары бейнеленген суреттер, мынадай сөз тіркестері жазылған карточкалар:

- «Жоқ, мен бармаймын»;
- «Мен алдымен ата-анамнан сұрауым керек»;
- «Мен бұл туралы ересек адамға айтамын».

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, біз күн сайын әртүрлі адамдарды кездестіреміз: көршілерді, сатушыларды, автобустағы жолаушыларды, көшедегі адамдарды. Адамдардың көпшілігі мейірімді және жақсы ниетті, бірақ біз олардың барлығын жеке тани бермейміз.

– Қалай ойлайсыңдар, бейтаныс адам деп кімді атаймыз?

Білім алушылардың жауаптары. Педагог:

– Бейтаныс адам – сен танымайтын немесе алғаш рет көріп тұрған адам. Адам күлімсіреп тұрса, сыйлық ұсынса немесе ата-анаңды танитынын айтса да, қауіпсіздік ережелерін есте сақтау керек.

II. Негізгі бөлім

«Бола ма, болмай ма?» ойыны

Педагог жағдяттарды оқиды.

Мысалдар:

- Көршімен амандасу.
- Бейтаныс адам кәмпит ұсынады.
- Полиция қызметкері ата-анаңды табуға көмектеседі.
- Бейтаныс адам үйге дейін жеткізіп салуды ұсынады.
- Бейтаныс әйел мысығын табуға көмектесуді сұрап, өзімен бірге жүруді ұсынады.

Егер жағдаят қауіпсіз болса, білім алушылар жасыл карточканы, ал қауіпті болса қызыл карточканы көрсетеді.

Педагог:

– Жарайсыңдар! Сендер қауіпсіз және қауіпті жағдайларды дұрыс ажыраттыңдар.

Қауіпсіздік алгоритмін есте сақта

1. «Жоқ!» де. Бейтаныс адаммен бірге кетпе және одан ештеңе алма.

2. Алыста. Адамдар көп, қауіпсіз жерге қарай бар.

3. Көмекке шақыр. Полиция қызметкеріне, күзетшіге, сатушыға немесе көмектесе алатын басқа ересек адамға жүгін.

4. Егер сені алып кетуге немесе ұстап алуға тырысса, қатты дауыстап айқайла: «Көмектесіңіздер! Мен бұл адамды танымаймын!»

5. Қауіп төнсе, 102 немесе 112 нөміріне қоңырау шал.

6. Болған жағдайды сенетін ересек адамға міндетті түрде айт.

Практикалық жаттығу «Қалай дұрыс әрекет ету керек?»

Педагог:

– Бейтаныс адам мынадай әрекеттер жасаса, не істеу керек?

- тәтті ұсынып жатса;
- жол көрсетуді сұраса;
- көлігімен қыдырып келуге шақырса;
- ата-анаң сені алып кетуді тапсырғанын айтса.

Білім алушылардың ықтимал жауаптары:

- «Жоқ, рақмет».
- «Мен ересек адамды шақырамын».
- «Маған бейтаныс адамдармен бірге кетуге болмайды».
- «Мен бұл туралы ата-анама немесе мұғалімге айтамын».

III. Қорытынды бөлім

Талқылауға арналған сұрақтар

- Бейтаныс адамдармен бірге кетуге бола ма?
- Бейтаныс адамдардан сыйлық алуға бола ма?
- Күмәнді немесе қауіпті жағдайлар туралы ересектерге айту керек пе?
- Бейтаныс адам бір жерге баруды ұсынса, не істеу керек?

Рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Егер маған бейтаныс адам жақындаса, мен…»
- «Егер мен аландай бастасам, …»
- «Көмек қажет болса, мен…»

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№10 сабақ	Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік ережелері
Мақсаты	Білім алушылардың жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жер асты дүмпулері кезінде және одан кейін дұрыс әрекет етуге үйрету
Міндеттері	• білім алушыларды жер сілкінісі кезіндегі негізгі мінез-құлық ережелерімен таныстыру; • жер асты дүмпулері кезінде дұрыс әрекет етуге және қауіпсіз орын табуға үйрету; • өз қауіпсіздігіне және айналасындағы адамдардың қауіпсіздігіне сабырлы әрі жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Ғимарат ішіндегі қауіпсіз және қауіпті орындардың суреттері, жер сілкінісі кезіндегі әрекеттер сызбасы, тақырыптық бейнематериал.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, елестетіп көріңдерші: сендер сыныпта отырсыңдар, кенеттен парталар теңселіп, жиһаздар қозғала бастады. Бұл не болуы мүмкін?

Білім алушылардың жауабы. Педагог:

– Жер сілкінісі – жер астындағы дүмпулер. Олар ғимараттардың қозғалуына немесе зақымдануына, заттардың құлауына және басқа да қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін. Жер сілкінісі кезінде ең бастысы – дүрбелеңге түспеу және не істеу керектігін білу.

Бүгін біз жер сілкінісі кезінде дұрыс әрі қауіпсіз әрекет етуді үйренеміз.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1ikBBSopuniZNSNa6185BMUVj1asul9tf/view?usp=sharing

II. Негізгі бөлім

1. Жер сілкінісі кезінде не істеу керек?

Педагог түсіндіреді. Егер жер сілкінісі басталса:

1. Сабыр сақта. Айқайлама, өзгелерге кедергі келтірме және тәртіппен шығатын есікке қарай бет ал.

2. Қауіпсіз орын тап. Егер ғимараттың ішінде болсаң, берік үстелдің немесе партаның астына жасырынуға тырыс. Егер жақын жерде үстел болмаса, терезелерден, шкафтардан, сөрелерден және құлап кетуі мүмкін басқа да заттардан алыста.

3. Басың мен мойныңды қорға. Еңкейіп, басыңды қолдарыңмен жап.

4. Паналайтын орынды ұстап тұр. Егер үстелдің астында болсаң, үстелдің аяғынан ұстап тұр, сонда ол қозғалған жағдайда да қасыңда болады.

5. Лифтіні пайдаланба. Жер сілкінісі кезінде лифт тоқтап қалуы немесе істен шығуы мүмкін.

6. Ересек адамның нұсқауын тыңда. Егер мектепте болсаң, мұғалімнің нұсқауларын орында және ересек қасыңда болғанда өз бетіңше әрекет етпе.

2. «Не істеу керек?» ойыны

Педагог жағдайды атайды, білім алушылар дұрыс әрекетті айтады.

1-жағдаят: «Сен сыныптасыңмен бірге жер сілкінісінің дүмпулерін сездің».

Жауап: Сабыр сақтау, қауіпсіз жерге жасырыну, басты қорғау және мұғалімнің нұсқауларын орындау.

2-жағдаят: «Сен үйде жер сілкінісінің дүмпулерін сездің».

Жауап: Терезелерден және ауыр заттардан алыстау, қауіпсіз жерге паналау, басты қорғау және ересек адамның нұсқауларын орындау.

3-жағдаят: «Жер сілкінісі кезінде сен көшеде жүрсің».

Жауап: Ғимараттардан, ағаштардан, бағандардан және электр сымдарынан алыстап, ашық жерге бару.

4-жағдаят: «Сен дүкенде жер сілкінісінің дүмпулерін сездің».

Жауап: Сөрелерден, витриналардан және биік стеллаждардан алыстау, басты қорғау және дүкен қызметкерлерінің нұсқауларын орындау.

Жер сілкінісінен кейін көмек қажет болса

Педагог:

– Егер біреуге медициналық көмек қажет болса, ересек адамға хабарла немесе 103 пен 112 нөміріне қоңырау шал. Егер адасып қалсаң немесе шығу қиын жерге тап болсаң, дүрбелеңге түспе. Көмекке шақыр,

ысқырықты пайдалан немесе құтқарушылар сені естуі үшін қатты дыбыс шығар.

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

Педагог білім алушыларға сұрақтарға жауап беруді ұсынады:

- «Бүгін мен жер сілкінісі кезінде ең маңыздысы … екенін түсіндім».
- «Егер мен жер асты дүмпулерін сезсем, …»
- «Жер сілкінісі кезінде өзімді қорғау үшін …»
- «Егер жер сілкінісі аяқталып, ересек адам сыртқа шығуға рұқсат берсе, мен…»

Білім алушылардың жауаптарынан кейін педагог қорытынды жасайды:

– Жер сілкінісі кезінде ең бастысы – дүрбелеңге түспеу, қауіпсіз жер табу, басты қорғау және ересектердің нұсқауларын орындау екенін білесіңдер. Дұрыс әрекет ету денсаулық пен өмірді сақтауға көмектеседі.

Сабақтың басты ережесі

«Сабыр сақта! Қауіпсіз жерді панала! Басыңды қорға! Ересектердің нұсқауын орында!».

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 11 сабақ	Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері
Мақсаты	Білім алушылардың табиғат аясында демалу кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– білім алушыларды табиғат аясында қауіпсіз демалудың негізгі ережелерімен таныстыру; – ықтимал қауіптерді бағалау және дұрыс шешім қабылдау қабілетін дамыту; – өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға және табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Табиғат аясындағы қауіпсіз демалыс» тақырыбындағы суреттер, «Болады – болмайды» жағдайлары бар карточкалар, жасыл және қызыл түсті карточкалар, «Табиғат аясында қауіпсіз демалу ережелері» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, араларыңда табиғат аясында: саябақта, орманда, өзен жағасында немесе тауда демалғанды ұнататындар бар ма?

Білім алушылардың жауаптары.

– Табиғат бізге таза ауа, әдемі көріністер мен жақсы көңіл күй сыйлайды. Бірақ демалыс ережелерін сақтаған жағдайда ғана табиғат аясындағы демалыс жағымды әрі қауіпсіз болады.

Жағдайды елестетіп көрейік

Педагог орманда демалып жүрген балалар бейнеленген суретті көрсетеді.

Сұрақтар:

– Суреттегі балалар не істеп жатыр?

– Табиғат аясында демалу кезінде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?

– Егер осы ережелерді ұмытсақ, не болуы мүмкін?

Педагог:

– Бүгін біз өзімізге, басқа адамдарға және қоршаған ортаға зиян келтірмей, табиғат аясында қалай қауіпсіз демалу керектігін үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

1. Табиғат аясында қауіпсіз демалудың негізгі ережелері

Педагог түсіндіреді:

1. Жалғыз кетпе. Әрқашан ересектермен бірге демал және егер бір жерге барғың келсе, міндетті түрде ересек адамға айт.

2. Судың жанында абай бол. Ересектердің рұқсатынсыз суға түспе және тік, жарқабақты жағалаулардың маңында ойнама.

3. Бейтаныс өсімдіктер мен саңырауқұлақтарға тиме. Олардың кейбірі улы болуы мүмкін.

4. Табиғатты қорға. Қоқыс қалдырма, ағаштарды сындырма және ересектерсіз от жақпа.

5. Қауіпті жағдай туындаса. Егер адасып қалсаң немесе жарақат алсаң, дүрбелеңге түспе. Қауіпсіз жерде қалып, ересектерден көмек сұра немесе 112 нөміріне қоңырау шал.

2. «Табиғаттың жас қорғаушылары» шығармашылық тапсырмасы

Педагог орманда демалып жүрген балалар бейнеленген суретті көрсетеді.

Тапсырма:

– Балалардың 5 дұрыс және 5 бұрыс әрекетін табыңдар.

Дұрыс әрекеттер:

Бала қоқысты пакетке жинап, өзімен бірге алып кетуге дайындалып жатыр. – Дұрыс.

Бала таныс соқпақпен жүріп, ересектерден алыс кетпейді. – Дұрыс.

Балалар демалыс орнын таза ұстайды. – Дұрыс.

Балалар табиғаттағы өсімдіктерге зиян келтірмейді. – Дұрыс.

Балалар ересектердің жанында болып, олардың нұсқауларын орындайды. – Дұрыс.

Бұрыс әрекеттер:

Балалар орманда тапқан бейтаныс жидектерді жеп көреді. – Бұрыс.

Балалар жабайы жануарға жақын келеді. – Бұрыс.

Балалар қоқысты орманға тастап кетеді. – Бұрыс.

Балалар ересектерсіз от жағуға тырысады. – Бұрыс.

Балалар ересектерден сұрамай, алысқа кетті. – Бұрыс.

– Қауіпсіз демалу – тек өзіңе ғана емес, табиғатқа да қамқорлық жасау.

«Таза Қазақстан» бастамасы табиғатты қорғау керектігін еске салады. Табиғат аясында демалған кезде қоқыс қалдырмау, ағаштар мен бұталарды сындырмау, ересектерсіз от жақпау және қауіпсіздік

ережелерін сақтау маңызды. Табиғатқа қамқорлық жасай отырып, біз өзімізге және айналамыздағы адамдарға да қамқорлық жасаймыз.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1Kn6xET32yGKl33px3ZJkgBS_lbDf1ajx/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

Педагог:

– Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау демалысты қызықты ғана емес, қауіпсіз етуге де көмектеседі. Естеріңде болсын, сендердің қауіпсіздіктерің дұрыс әрекет етулеріңе байланысты.

Рефлексияға арналған сұрақтар

- Неліктен ересектерсіз алысқа кетуге болмайды?
- Орманда нені ұстауға немесе жеуге болмайды?
- Судың жанында өзіңді қалай ұстау керек?
- Көмек шақыру үшін қай нөмірге қоңырау шалуға болады?

Педагогтың қорытынды сөзі:

– Табиғат аясында демалғанда әрқашан абай болыңдар, ересектердің айтқанын тыңдаңдар және табиғатты қорғаңдар. Егер қауіпті жағдай туындаса, сабыр сақтап, ересек адамнан көмек сұраңдар немесе 112 нөміріне хабарласыңдар.

Сабақтың басты ережесі

Тоқта – Ойлан – Әрекет ет! Табиғатты қорға және қауіпсіздік ережесін сақта!

4-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН «ҚАУІПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР ТОПТАМАСЫ



№	Тақырыптар
1.	Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері
2.	Ережеге қайшы әрекеттен бас тарту
3.	Егер сені мазақтаса немесе ренжітсе...
4.	Ересектерге қайда баратыныңды ескертудің маңызы
5.	Төтенше жағдайдағы негізгі қауіпсіздік ережелері
6.	Жарақат алғандағы алғашқы көмек
7.	Бейтаныс адамдарға сурет жіберудің қаупі
8.	Сен туралы жалған ақпарат тараса...
9.	Күмәнді хабарламалар мен сілтемелерден сақтану
10.	Иттен қалай сақтануға болады?
11.	Табиғат аясындағы қауіпсіздік шаралары

№1 сабақ	Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері
Мақсаты	Білім алушылардың жедел қызметтерді дұрыс шақыру және қажетті ақпаратты хабарлау дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- жедел қызметтердің телефон нөмірлері туралы білімдерін бекіту; - қауіпті жағдайда жылдам әрі дұрыс әрекет ету дағдыларын дамыту; - өзінің және айналасындағылардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

төтенше жағдайлар бейнеленген карточкалар, 101, 102, 103, 104, 111, 112 нөмірлері жазылған карточкалар, телефон макеті.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, мынадай жағдайды елестетіп көріңдер. Сендер аулада ойнап жүріп, үйдің терезесінен түтін шығып жатқанын байқадыңдар. Немесе серуендеп жүрген кезде досың өзін нашар сезінді. Осындай жағдайда не істейсіңдер?

Білім алушылардың жауаптары. Педагог:

– Осындай жағдайларда абдырап қалмай, тез арада көмек шақыру өте маңызды. Ол үшін қай нөмірге қоңырау шалу керектігін және диспетчерге қандай ақпарат айту қажет екенін білу керек.

II. Негізгі бөлім

1. «Құтқару қызметінің көмекшілері» жаттығуы

Педагог:

– Елестетіп көріңдерші, бүгін сендер құтқару қызметінің көмекшілері болдыңдар. Сендердің міндеттерің – қай қызметке хабарласу керектігін анықтау.

Педагог **101, 102, 103, 104, 111, 112** нөмірлері жазылған карточкаларды көрсетеді.

Содан кейін жағдайларды оқиды.

1-жағдаят

Серуен кезінде пәтердің терезесінен түтін шығып жатқанын көрдіңдер. Сұрақ:

– Кімге қоңырау шалу керек?

Білім алушылардың жауабы:

– 101 – өрт сөндіру қызметі.

2-жағдаят

Ойын кезінде бала велосипедтен құлап, орнынан тұра алмай, қатты ауырсынуға шағымданды.

Білім алушылардың жауабы:

– 103 – жедел медициналық көмек.

3-жағдаят

Бейтаныс адамның басқа біреудің пәтерінің есігін ашуға тырысып жатқанын байқадыңдар.

Білім алушылардың жауабы:

– 102 – полиция.

4-жағдаят

Ас үйде газдың иісі пайда болды.

Білім алушылардың жауабы:

– 104 – авариялық газ қызметі.

Педагог:

– Егер сендерге көмек немесе қолдау қажет болса, 111 – балалар мен отбасыларға көмек көрсетудің бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығына хабарласуға болады.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1CpHsUuaZrvtFqm_VlWwva3vGJQtC74gi/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

Сұрақтар

- Кез келген шұғыл көмекке шақыру үшін қай нөмірге қоңырау шалуға болады?
- Диспетчерге ең алдымен қандай ақпаратты хабарлау керек?

Педагог:

– Шұғыл қызметтердің нөмірлерін білу және көмекке дұрыс қоңырау шала білу адамның өмірін сақтап қалуы мүмкін. Ең бастысы – дүрбелеңге түспей, сабырлы әрі анық сөйлеу.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№2 сабақ	Ережеге қайшы әрекеттен бас тарту
Мақсаты	Білім алушылардың құрдастарының қысымына қарсы тұру және дұрыс шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	-білім алушыларды ұсыныстан қауіпсіз түрде бас тарту тәсілдерімен таныстыру; -өз бетінше дұрыс шешім қабылдау қабілетін дамыту; -өз әрекеттері үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Өмірлік жағдаяттар жазылған карточкалар, бас тартуға арналған сөз тіркестері бар карточкалар, «Қауіпсіз шешім қабылдау алгоритмі» плакаты, «Иә» және «Жоқ» белгі карточкалары, жұптық жұмысқа арналған парақтар, түрлі түсті қарындаштар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Кейде достарымыз немесе таныстарымыз ережеге қайшы немесе қауіпті әрекет жасауға үгіттеуі мүмкін. Бүгін біз қауіпті ұсыныстан қалай бас тартып, құрдастардың қысымына ермеуге болатынын үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

Педагог түсіндіреді:

Әр адам қауіпті немесе өзі қаламайтын ұсыныстан бас тартуға құқылы.

- сабырлы түрде: «Жоқ, мен бұлай істемеймін» деп айт;
- біреулер мазақ етсе де, өз шешіміңнен бас тартпа;
- егер саған көрсетілетін қысым жалғаса берсе, ол жерден кет;
- болған жағдайды ата-анаңа, педагогке, мектеп психологіне немесе өзің сенетін басқа ересек адамға айт;
- нағыз дос сені қауіпті әрі бұрыс әрекет жасауға мәжбүрлемейтінін есте сақта.

«Заң және тәртіп» қағидаты

«Заң және тәртіп» қағидаты заңды сақтау, ортақ ережелерді құрметтеу және өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау дегенді білдіреді. Ережелер мен заңдар қауіпсіздікті, әділдікті және тәртіпті сақтауға көмектеседі.

Жағдай:

Сыныптастарың сабақтан қашуды немесе мектеп ережесін бұзуды ұсынды.

Дұрыс әрекет: қауіпті ұсыныстан бас тартып, ереже бұзуға араласпау.

Педагог:

– Есіңде болсын: өз шешімің бас тартпау – батылдық. Қауіпсіздікке немесе ережеге қайшы ұсынысқа «жоқ» деп айту – дұрыс шешім.

Жағдаят

Досың жолды белгіленбеген жерден кесіп өтуді немесе біреудің затын рұқсатсыз алуды ұсынады.

Дұрыс шешім: ұсыныстан бас тарту, өз шешіміңді түсіндіру және досыңды жол-көлік қозғалысының ережелерін сақтауға шақыру.

Педагог:

– Егер жағдайды өз бетіңше шеше алмасаң, 111 – балалар мен отбасыларға көмек көрсетудің бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығына қоңырау шал. Онда сені мұқият тыңдап, қолдау көрсетеді және дұрыс шешім табуға көмектеседі.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://www.youtube.com/watch?v=DycscArvAYw&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=2

III. Қорытынды бөлім

Рефлексияға арналған сұрақтар

- Неліктен қажет кезде «жоқ» деп айта білу маңызды?
- Көмек қажет болса, кімге жүгінуге болады?
- Нағыз дос қандай әрекет жасайды?

Педагог:

– «Жоқ» деп айта білу – әлсіздік емес, жауапкершіліктің белгісі. Өз қауіпсіздігің әрқашан басқаларға ұнаймын деген ниетіңнен маңызды.

№3 сабақ	Егер сені мазақтаса немесе ренжітсе...
Мақсаты	Білім алушылардың мазақ ету, қорлау, буллинг және жеке шекараны бұзу жағдайларын ажырата білу және қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	- «құрмет», «жеке шекара», «буллинг» және «қауіпсіз қарым-қатынас» ұғымдарының мәнін түсіндіру; - мазақ ету немесе қорлау жағдайында өз ойын нық жеткізуге, жеке шекарасын қорғауға және қажет кезде көмек сұрауға үйрету; - өзгенің жеке шекарасын құрметтеуге, мазақ ету мен қорлауға қосылмауға және сыйластыққа негізделген қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Құрмет бағдаршамы» ойынына арналған өмірлік жағдаяттар жазылған карточкалар, рефлексияға арналған қағаз парақтары немесе стикерлер, түрлі түсті қарындаштар мен фломастерлер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, әр адам өзіне құрметпен қарағанын қалайды. Бірақ кейде балалар мазаққа, ренжітетін сөздерге, дөрекілікке немесе ойынға қоспау сияқты жағдайларға тап болады. Қалай ойлайсыңдар, біреуді мазақтаса немесе ренжітсе, ол өзін қалай сезінуі мүмкін?

Білім алушылардың жауаптары. Педагог:

– Әр баланың қауіпсіз ортада өмір сүруге, құрметке ие болуға құқығы бар. Ешкім мазаққа, қорлауға немесе дөрекі қарым-қатынасқа төзуге міндетті емес.

II. Негізгі бөлім

Әңгімелесу

Талқылауға арналған сұрақтар:

- Құрмет дегеніміз не?
- Неліктен басқа адамдарды мазақ етуге болмайды?
- Ренжіген немесе мазаққа ұшыраған адамға қалай көмектесуге болады?

Педагог:

– Егер біреуді үнемі балағаттаса, қорласа, мазақ етсе немесе әдейі ортадан шеттетсе, бұл буллинг болып саналады. Мұндай әрекетке жол беруге болмайды.

«Құрмет бағдаршамы» ойыны

Жасыл – құрметпен қарым-қатынас жасау.

Сары – күмәнді жағдай.

Қызыл – жеке шекараны бұзу.

Жағдаяттар:

- Қателесіп қалғанында досың сені қолдады.
- Сыныптастары баланың сыртқы келбетін мазақтап жатыр.
- Біреу дәлізде басқа баланы итеріп жіберді.
- Досың сенің затыңды алу үшін рұқсат сұрады.
- Баланы сыныптастары ойынға қоспайды.

Әр жағдаятты білім алушылармен бірге талқылау.

Дене және эмоционалды қауіпсіздік

Педагог:

– Жеке шекара тек біздің денемізге ғана қатысты емес, ол біздің сезімдерімізге де қатысты. Әр адам өзіне құрметпен қарауды талап етуге құқылы.

Әрбір баланың:

1. «Жоқ» деп айтуға;
2. Өзіне қатысты жағымсыз әрекеттерден бас тартуға;
3. Мазақ пен дөрекілікке төзбеуге;
4. Көмек сұрауға;
5. Өзін қауіпсіз сезінуге құқығы бар.

Педагог:

– **«Заң және тәртіп» қағидаты** – заңды сақтау, ортақ ережелерді құрметтеу және өз әрекетіңе жауапкершілікпен қарау. Бұл қағидалар адамдардың қауіпсіздігін сақтауға, әділ қарым-қатынас орнатуға және тәртіпті қамтамасыз етуге көмектеседі.

Кейде сыныптастарың біреуді мазақ етуге, оған ауыр сөз айтуға немесе әдейі ортадан шеттетуге шақыруы мүмкін. Мұндай әрекеттерге қосылма, өзгені ренжітуге бағытталған ұсыныстан бас тарт.

Егер буллингке тап болсаң немесе басқа біреудің буллингке ұшырағанын көрсең, бұл туралы ата-анаңа, сынып жетекшісіне, мектеп психологіне немесе өзің сенетін ересек адамға айт. Қажет болса, 111 байланыс орталығына хабарласып, көмек сұрауға болады.

Педагог білім алушылардың назарын тақырыптық постерге аударады.

https://thumb.cloud.mail.ru/weblink/thumb/xw1/dHRB/58bQrEgcp/2026%D0%B3/%D0%9C%D0%B0%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%B8%D0%B0%D0%BB%D1%8B%20%D0%BF%D0%BE%20%D0%A3%D0%9B%D0%91/%D0%A7%D0%B5%D0%BA%20-%20%D0%BB%D0%B8%D1%81%D1%82%D1%8B/WhatsApp%20Image%202026-08-28%20at%2015.20.29%20%2812%29.jpeg?mt=1787912860000

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Бүгін мен... түсіндім»
- «Егер мені ренжітетін болса, мен …»
- «Егер басқа адамды ренжітіп жатқанын көрсем, мен …»

№4 сабақ	**Ересектерге қайда баратыныңды ескертудің маңызы**
Мақсаты	Білім алушылардың өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау дағдысын қалыптастыру.
Міндеттері	- үйден шығарда қайда баратынын, кіммен болатынын және шамамен қашан оралатынын жауапты ересектерге (ата-ана, заңды өкілі) хабарлауға үйрету; - жоспар өзгерген жағдайда ата-анасына дер кезінде хабар беру дағдыларын дамыту; - өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға және ата-анамен ашық қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Қауіпсіз әрекет ету алгоритмі жазылған «Тоқта – Ойлан – Хабарла – Рұқсат сұра – Әрекет ет» карточкалары, қауіпсіз және қауіпті жағдайлар бейнеленген иллюстрациялар, рефлексияға арналған қағаз парақтары немесе стикерлер, түрлі түсті қарындаштар немесе фломастерлер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, мынадай жағдайды елестетіп көріңдер: сабақтан кейін сендерге өздерің танитын жоғары сыныптың баласы немесе бейтаныс адам бірге күшік көруге, жаңа ойын алаңына баруға не дүкенге кіріп шығуға ұсыныс жасады. Мұндай жағдайда не істер едіңдер? Ересектерге ескертпей басқа жерге баруға бола ма?

Білім алушылардың жауаптары. Педагог:

– Кейде мұндай ұсыныс қызықты болып көрінуі мүмкін. Бірақ қайда баратыныңды ата-анаң білмесе, саған көмек қажет болғанда сені табу қиынға соғады. Сондықтан үйден шығарда немесе жоспарың өзгерсе, ересектерге міндетті түрде хабарлап отыр.

II. Негізгі бөлім

Әңгімелесу

Неліктен ересектердің рұқсатынсыз кетуге болмайды?

1. Ересектер баласының қай жерде жүргенін білуі керек.
2. Қауіпті жағдай туындаса, ересектер баласына тезірек көмектесе алады.
3. Бейтаныс адамдар балаларды алдауы мүмкін.
4. Бала адасып немесе жолынан жаңылуы мүмкін.
5. Бейтаныс жерде қауіпті жағдай туындауы ықтимал.

Педагог:

– Адам мейірімді және сыпайы болып көрінсе де, ересектердің рұқсатынсыз онымен бірге ешқайда кетуге болмайды.

«Бола ма, болмай ма?» ойыны

Педагог білім алушыларға әртүрлі жағдаяттарды ұсынады.

Жағдаяттар:

- Ересектердің рұқсатын алғаннан кейін достарымен серуендеуге бару.
- Бейтаныс адамның күшікті көруге бірге бару туралы ұсынысына келісу.
- Қайда бара жатқаныңды ата-анаңа хабарлау.
- Бейтаныс адамның көлігіне отыру.
- Жоспар өзгерсе, ересектерге ескерту.

Қауіпсіз әрекет болса – білім алушылар жасыл карточканы көрсетеді. Ал қауіпті әрекет болса – қызыл карточканы көрсетеді.

Қауіпсіз әрекет ету алгоритмі «ТОҚТА – ОЙЛАН – ХАБАРЛА – РҰҚСАТ СҰРА – ӘРЕКЕТ ЕТ – БАЙЛАНЫСТА БОЛ»

1. **ТОҚТА** – сыныс сені қызықтырса да немесе ол адам саған таныс болса да, оған бірден ілесіп кетпе.
2. **ОЙЛАН** – ересектер қайда, кіммен және қанша уақытқа баратыныңды біле ме? Бұл жер қауіпсіз бе?
3. **ХАБАРЛА** – ересектерге сені қайда шақырғанын, кіммен баратыныңды және қай жерде болатыныңды айт.
4. **РҰҚСАТ СҰРА** – міндетті түрде ересектерден рұқсат ал. Егер олармен байланысу мүмкін болмаса, ешқайда барма.
5. **ӘРЕКЕТ ЕТ** – ересектермен алдын ала келіскен тәртіп бойынша әрекет ет. Оларға ескертпей, баратын жеріңді немесе бағытыңды өзгертпе.
6. **БАЙЛАНЫСТА БОЛ** – телефоныңды қосулы ұста және ересектердің қоңыраулары мен хабарламаларына жауап бер.
7. **ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІҢМЕН БӨЛІС** – ересектермен алдын ала келісіп, қолжетімді қосымшадағы геолокацияны бөлісу функциясын қос. Бұл жауапты ересектерге сенің орналасқан жеріңді білуге мүмкіндік береді.
8. **ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ХАБАРЛА** – егер жоспарың, бағытың, баратын жерің немесе үйге қайтатын уақытың өзгерсе, бұл туралы міндетті түрде ата-анаңа хабарла.

III. Қорытынды бөлім

Талқылауға арналған сұрақтар

- Неліктен ересектер баласының қай жерде жүргенін білуі керек?

- Егер сені ересектердің рұқсатынсыз бір жерге шақырса, не істеу керек?
- Неліктен өз жоспарларың туралы ересектерге алдын ала ескерту маңызды?
- Көмек қажет болса, кімге жүгінуге болады?

Рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Бүгін мен түсіндім, …»
- «Егер мені бір жерге шақырса, мен …»
- «Менің қауіпсіздігім үшін маңыздысы – …»
- «Көмек қажет болса, мен … жүгінемін».

Педагог:

– Естеріңде болсын: егер сендерді бір жерге шақырса, алдымен ересектерден рұқсат сұрау керек. Бұл сендердің қауіпсіздіктеріңді сақтауға және жақындарыңның алаңдамауына көмектеседі.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 5 сабақ	**Төтенше жағдайдағы негізгі қауіпсіздік ережелері**
Мақсаты	Білім алушылардың төтенше жағдайда қауіпті бағалау, дұрыс шешім қабылдау және қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	-төтенше жағдайлардың негізгі түрлерін ажырата білуге және олардың ықтимал қаупін бағалауға үйрету; -төтенше жағдайда әрекет ету ретін анықтап, қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын дамыту; -нұсқауларды орындауға, қажет кезде жедел қызметтерге немесе ересектерге жүгінуге және өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

төтенше жағдайлар және қауіпсіз әрекеттер мысалдары жазылған карточкалар, «Қауіпті» / «Қауіпсіз» белгі карточкалары.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, кейде өмірде адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайлар орын алады. Мұндай жағдайлар төтенше жағдайлар деп аталады. Өзіңе және айналаңдағы адамдарға көмектесу үшін мұндай кезде қалай дұрыс әрекет ету керектігін білу өте маңызды.

Педагог сұрақ қояды:

– Қандай төтенше жағдайларды білесіңдер?

Білім алушылардың жауаптары. Педагог:

– Төтенше жағдайларға өрт, жер сілкінісі, су тасқыны, қатты жел, газдың таралуы және басқа да қауіпті оқиғалар жатады.

II. Негізгі бөлім

«Қауіпсіз таңдау» ойыны

Педагог әртүрлі әрекеттерді атайды, ал білім алушылар олардың қауіпсіз немесе қауіпті екенін анықтап, тиісті карточканы көрсетеді.

Мысалдар:

- Қауіп туралы ересектерге хабарлау.

- Педагогтің нұсқауларын орындау.
- Дүрбелеңге түсіп, айқайлау.
- Ересектердің рұқсатынсыз жасырыну.
- Шұғыл қызметке қоңырау шалу.
- Эвакуация кезінде ұмыт қалған заттарды алу үшін қайта оралу.

Төтенше жағдай кезіндегі негізгі әрекет ету ережелері

1. Сабыр сақта

Дүрбелеңге түспе және айналаңдағы адамдарды да дүрбелеңге салма.

2. Ересектерді тыңда

Ата-аналардың, педагогтердің, құтқарушылардың және полиция қызметкерлерінің нұсқауларын мұқият тыңдап, орында.

3. Қауіп туралы хабарла

Егер қауіпті жағдайды байқасаң, дереу ересек адамға хабарла.

4. Қауіпті жерден кет

Егер эвакуация жарияланса, қауіпсіз жерге қарай тез әрі сабырлы түрде жүріп бар. «Шығу» жасыл түсті белгілеріне назар сал.

5. Көмекке шақыр

Егер эвакуация жарияланса, сабыр сақтап, көрсетілген бағытпен қауіпсіз жерге қарай жүр.

Педагог:

– Әрқайсың айналаңдағы ортаның тазалығы мен қауіпсіздігіне өз үлесіңді қоса аласыңдар. Қоқыс қалдырмаңдар, от жақсаңдар, оны міндетті түрде толық сөндіріңдер және табиғатқа ұқыпты қараңдар. Естеріңде болсын: жауапты мінез-құлық өрттің және басқа да қауіпті жағдайлардың алдын алуға көмектеседі.

«Таза Қазақстан» бастамасының қағидаттарын ұстана отырып, біз табиғаттағы адам араласуынан болатын төтенше жағдайлардың алдын аламыз.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://www.youtube.com/watch?v=fJE2xBJNPHY&list=PLA5eCSY2FeoT00B3gyDuskOvkalEx7TmU&index=2

III. Қорытынды бөлім

Талқылауға арналған сұрақтар

- Төтенше жағдай дегеніміз не?
- Дүрбелеңге түсу керек пе?
- Қауіп төнген кезде кімнің нұсқауларын тыңдау қажет?
- Эвакуация кезінде заттарыңды алу үшін ғимаратқа кері қайтуға бола ма?

- Құтқару қызметін шақыру үшін қай нөмірге қоңырау шалуға болады?

Рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

«Егер қауіп туындаса, мен …»

«Төтенше жағдай кезінде … болмайды».

«Көмек қажет болса, мен … жүгінемін».

Педагог:

– Бүгін біз төтенше жағдай кезінде ең бастысы – сабыр сақтау, ересектердің нұсқауларын мұқият тыңдау және қауіпсіздік ережелерін сақтау екенін білдік.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№6 сабақ	Жарақат алғандағы алғашқы көмек
Мақсаты	Білім алушылардың жеңіл жарақаттар кезінде алғашқы көмек көрсетудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- білім алушыларды балаларда жиі кездесетін жарақат түрлерімен таныстыру; - жарақат алған жағдайда дұрыс әрекет ету алгоритмін үйрету; - зейінділікті, жауапкершілікті және қиын жағдайда сабыр сақтай білу дағдыларын дамыту.

Материалдар мен ресурстар

Әртүрлі жарақат түрлері (сырылу, көгеру, жара) бейнеленген иллюстарциялар, алғашқы көмек көрсету бойынша жаднама.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, ойын кезінде, спортпен шұғылданғанда немесе серуендегенде кейде жеңіл жарақаттар алуымыз мүмкін. Бала құлап, терісін сырып алуы немесе бір жерін соғып алып жатады. Мұндай жағдайда қалай дұрыс әрекет ету керектігін және көмек сұрау үшін кімге жүгіну қажет екенін білу маңызды.

Әңгімелесу

Педагог сұрақ қояды:

- Сырылу дегеніміз не?
- Көгеру дегеніміз не?
- Көмек алу үшін кімге жүгіну керек?

Білім алушылардың жауаптары. Педагог:

– Ең басты ереже – дүрбелеңге түспей, бірден ересек адамға хабарлау.

II. Негізгі бөлім

Педагог:

– Егер тері сырылып қалса…

Сырылу – терінің жоғарғы қабатының зақымдануы.

Мысалы: бала құлап, тізесін сырып алды.

Не істеу керек?

1. Сабыр сақта.
2. Ересек адамға хабарла.
3. Жарақаттанған жерді таза сумен жу.
4. Сырылған жерді ересек адамның көмегімен өңде.
5. Қажет болса, жараны пластырьмен жап.

Егер көгеріп қалса…

Көгеру – соққыдан кейін тері зақымданбай пайда болатын жарақат.

Мысалы: қолын, аяғын немесе маңдайын соғып алу.

Не істеу керек?

1. Ересек адамға хабарла.
2. Матаға оралған салқын затты жарақаттанған жерге бас.
3. Демалып отыр.
4. Егер ауырсыну қатты болса, дәрігерге қарал.

Жағдаяттарды шешу

Педагог жағдаяттарға қатысты иллюстрацияларды көрсетеді.

1. Бала тізесін сырып алды;
2. Бала қолын соғып алды;
3. Бала саусағын кесіп алды.

Білім алушылар дұрыс әрекеттерді атайды.

Қай кезде көмекке жүгіну керек?

1. Тері сырылса, жеңіл жарақат алсаң немесе көгерсе, бұл туралы ересек адамға айт.
2. Егер қан тоқтамаса, қатты ауырса, ісіну күшейсе немесе жағдайың нашарласа, медициналық көмекке жүгіну керек.
3. Жарақат ауыр болса немесе шұғыл көмек қажет болса, 103 нөміріне қоңырау шал.
4. Есіңде болсын: жарақатты жасырма. Ауыр жарақатты өз бетіңше емдеуге тырыспай, ересек адамнан немесе медицина қызметкерінен көмек сұра.

**Ескерту: Егер сабаққа медицина қызметкері қатысса, ол жарақат алған жағдайда қалай дұрыс әрекет ету керектігі жөнінде практикалық ұсынымдар беріп, алғашқы көмектің қарапайым тәсілдерін көрсетеді.*

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1WvB65-fQwf0pTejx5v0PdLD4t6Cur2Y3/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

Педагог талқылауға арналған сұрақтарды ұсынады:

- Жарақат алған кезде ең алдымен не істеу керек?
- Ауыр жарақатты өз бетіңше емдеуге бола ма?

- Жедел медициналық жәрдемді қай нөмір арқылы шақырады?

Педагог:

– Бүгін біз жеңіл жарақат алған кезде дұрыс әрекет етуді үйрендік. Естеріңде болсын: ең бастысы – сабыр сақтау, ересек адамнан көмек сұрау және өз денсаулығыңа жауапкершілікпен қарау.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 7 сабақ	Бейтаныс адамдарға сурет жіберудің қаупі
Мақсаты	Білім алушылардың жеке фотосуреттері мен дербес ақпараттарын қорғау және цифрлық ортада қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– білім алушыларды «жеке ақпарат» ұғымымен таныстыру; – фотосуреттердің неліктен дербес деректерге жататынын түсіндіру; – интернеттегі қауіпті өтініштерді ажырата білуге үйрету.

Материалдар мен ресурстар

Өмірлік жағдаяттар бейнеленген карточкалар, «Қауіпсіз бе, қауіпті ме?» ойынына арналған жасыл және қызыл белгі карточкалары, интернеттегі қауіпсіз және қауіпті қарым-қатынасты бейнелейтін иллюстрациялар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, көпшілігіміз суретке түскенді және фотосуреттерімізді достарымызбен, жақындарымызбен бөліскенді ұнатамыз. Қалай ойлайсыңдар, өздеріңнің фотосуреттеріңді жеке танымайтын адамдарға жіберуге бола ма?

Білім алушылардың жауаптары. Педагог:

– Фотосурет те жеке ақпараттың бір түрі. Әлеуметтік желіге жүктелген фотосуреттен адамның сыртқы келбеті ғана емес, кейде оның қай жерде жүргені, қайда оқитыны немесе немен айналысатыны туралы да ақпарат білуге болады. Сондықтан фотосуретті жарияламас бұрын оның қандай мәліметті ашып көрсетуі мүмкін екенін ойлаған дұрыс.

II. Негізгі бөлім

Әңгімелесу

Неліктен фотосуреттерді бейтаныс адамдарға жіберуге болмайды?

1. Экранның ар жағында кім отырғанын білмейміз.
2. Фотосуреттерді рұқсатсыз сақтап, басқа мақсатта пайдалануы мүмкін.
3. Бейтаныс адам интернетте өзін сенің құрдасың ретінде таныстыруы мүмкін.
4. Фотосуреттер интернетке тарап, басқа адамдарға қолжетімді болуы мүмкін.

Педагог:

– Шынайы достар және сенім артуға болатын ересектер баладан фотосуретті жасырын түрде немесе ата-анасының рұқсатынсыз жіберуді сұрамайды.

«Қауіпсіз бе, қауіпті ме?» ойыны

Педагог жағдаяттарды оқиды.

Жағдаяттар:

- Ата-анаң экскурсиядан түскен фотосуретті жіберуді сұрады.
- Педагог орындалған тапсырманың фотосын ата-анаң арқылы жіберуді сұрады.
- Ойындағы бейтаныс адам фотосуретіңді жіберуді сұрады.
- Бейтаныс адам фотосуретің үшін сыйлық беруге уәде етті.
- Бейтаныс адам фотосурет жіберуді және бұл туралы ешкімге айтпауды сұрады.

Егер жағдаят қауіпсіз болса – білім алушылар жасыл карточканы көрсетеді, ал қауіпті болса – қызыл карточканы көрсетеді.

Педагог:

– Естеріңде болсын: интернетте фотосурет жібермес бұрын оны кімге және не үшін жіберетініңді ойлану маңызды. Егер бейтаныс адам сенен фотосурет сұраса, сыйлық ұсынса немесе «бұл туралы ешкімге айтпа» десе, фотосуретіңді жіберме. Бұл туралы өзің сенетін ересек адамға міндетті түрде айт.

Практикалық жаттығу

Педагог:

– Егер бейтаныс адам сенен:

- фотосурет жіберуді;
- бейнежазба түсіруді;
- бейнеқоңырау арқылы бөлмеңді көрсетуді;
- фотосурет жіберіп, бұл туралы ешкімге айтпауды сұраса, не істеу қажет?

Білім алушылардың ықтимал жауаптары:

Фотосурет немесе бейнежазбаны жібермеу.

Бөлмені және жеке кеңістікті көрсетпеу.

Бейтаныс адамның өтінішін орындамау.

Қарым-қатынасты тоқтату.

Бұл туралы ата-анаға немесе өзің сенетін ересек адамға айту.

Егер жағдай қауіпті болып көрінсе, ересек адамның көмегіне жүгіну.

Білім алушылардың ықтимал жауаптары:

Бас тарту.

Фотосуреттерді жібермеу.

Ата-анаңа айту.

Пайдаланушыны бұғаттау.

Педагог:

– **«Заң және тәртіп» қағидаты** дербес деректермен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заң талаптарын сақтауды көздейді. Адамның рұқсатынсыз оның жеке ақпаратын басқа адамдарға беруге болмайды.

Жеке ақпаратқа адамның аты-жөні, үйінің мекенжайы, телефон нөмірі, ЖСН, фотосуреттері, құжаттарының деректері және адамға қатысты басқа да мәліметтер жатады.

Егер бейтаныс адам фотосурет жіберуді сұраса, қорқытса немесе бұл туралы ешкімге айтпауды талап етсе, міндетті түрде мектеп психологіне немесе өзің сенетін басқа ересек адамға айт. Көмек алу үшін 111 байланыс орталығына да жүгінуге болады.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1YjNFXGcqXuLLr50oRG7oAcuDucQaX1Px/view?usp=drive_link

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Егер бейтаныс адам фотосуретімді сұраса, мен…»
- «Менің қауіпсіздігім үшін маңыздысы…»
- «Көмек қажет болса, мен … жүгінемін».

Талқылауға арналған сұрақтар

- Неліктен фотосурет жеке ақпарат болып саналады?
- Фотосуреттерді бейтаныс адамдарға жіберуге бола ма?
- Фотосурет жібермес бұрын ата-анадан рұқсат сұрау қажет пе?
- Егер бейтаныс адам фотосурет жіберуді сұраса, не істеу керек?
- Неліктен жеке деректерді қорғау маңызды?

№8 сабақ	Сен туралы жалған ақпарат тараса...
Мақсаты	Білім алушылардың жалған ақпаратты ажырата білу және өзі туралы жалған мәлімет таратылған жағдайда дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– ақпараттан ажырата білуге үйрету; – өзі туралы жалған мәлімет тараған жағдайда дәлелдерді сақтап, оны әрі қарай таратпай, сенімді ересек адамнан көмек сұрау дағдыларын дамыту; – өзгенің ар-намысы мен жеке шекарасын құрметтеуге, тексерілмеген ақпаратты таратпауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Талқылауға және топтық жұмысқа арналған өмірлік жағдаяттар бейнеленген иллюстрациялар, «Дұрыс шешім» ойынына арналған жасыл және қызыл карточкалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, кейде біреу басқа адам туралы шындыққа жанаспайтын сөз айтуы немесе жалған ақпарат таратуы мүмкін. Қалай ойлайсыңдар, өзі туралы жалған ақпарат тарағанын білген адам өзін қалай сезінуі мүмкін?

Білім алушылардың жауаптары. Педагог:

– Мектептің чатында біреу сен туралы шындыққа жанаспайтын ақпарат жазды деп елестетіп көріңдер. Басқа балалар бұл хабарламаны талқылап, бір-біріне тарата бастады. Сендер өздеріңді қалай сезінер едіңдер? Мұндай жағдайда не істер едіңдер?

Білім алушылардың жауаптары.

II. Негізгі бөлім

Әңгімелесу

Педагог:

– Әр адам құрметке және жақсы қарым-қатынасқа құқылы. Өзгелер туралы жалған ақпаратты, өсек-аяңды немесе ренжітетін хабарламаларды таратуға болмайды.

Егер сен туралы жалған ақпарат таратса, дүрбелеңге түсудің немесе дөрекілікпен жауап берудің қажеті жоқ. Ең маңыздысы – сабыр сақтап, дұрыс әрекет ету.

Ойын «Дұрыс па, бұрыс па?»

Егер әрекет **дұрыс болса** – балалар жасыл карточканы көтереді, ал егер **бұрыс болса** – қызыл карточканы көтереді.

Жағдаяттар:

- Мәселе туралы ересек адамға айту.
- Қарсы жауап ретінде балағат сөздер айту.
- Жәбір көрген адамға қолдау көрсету.
- Өсек-аяңды басқа адамдарға тарату.
- Ақпаратты бөліспес бұрын оның дұрыстығын тексеру.
- Басқалармен бірге адамды мазақ ету.

«Қалай әрекет ету керек?» жағдаяттық ойыны

1-жағдаят

Мектеп чатында білім алушы туралы жалған ақпарат жазылды.

Сұрақ: Бұл адамға қалай көмектесуге болады?

2-жағдаят

Саған сыныптасың туралы жалған ақпарат жазылған хабарлама келді.

Сұрақ: Сен оны әрі қарай таратасың ба?

3-жағдаят

Біреу интернетте сен туралы жалған ақпарат жазды.

Сұрақ: Не істеу керек?

Есте сақта!

- Интернеттен оқыған ақпараттың бәріне бірден сене берме.
- Өсек пен қауесетті таратпа.
- Дөрекілікке дөрекілікпен жауап берме.
- Сабыр сақта.
- Жағдай туралы міндетті түрде ересек адамға айт.
- Қиын жағдайға тап болған адамға қолдау көрсет.

Әр адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға құқығы бар. Сондықтан біреу туралы әдейі жалған ақпарат таратуға болмайды.

«Заң мен тәртіп» қағидаты – өз құқығыңды білу, өзгенің құқығын құрметтеу және мәселені заңды жолмен шешу. Егер сен туралы жалған ақпарат тараса, оған жауап ретінде өзің де біреуді қорлама немесе жалған ақпарат таратпа.

Егер сен туралы жалған ақпарат жазылса:

– ашумен жауап берме және жанжалға араласпа;

– жалған ақпаратты әрі қарай таратпа;

– дәлелдерді сақта (мысалы, хабарламаның скриншотын түсір);

– болған жағдайды ата-анаңа, педагогке немесе өзің сенетін ересек адамға айт.

Есте сақта: сенің құқығың бұзылса, мәселені жалғыз шешуге тырыспа. Көмек сұрау және мәселені заңды жолмен шешу – өз

құқығынды қорғаудың дұрыс жолы. Қажет болса, 111 нөміріне хабарлас.

Педагог білім алушыларға тақырыптық постермен танысуды ұсынады.

https://thumb.cloud.mail.ru/weblink/thumb/xw1/dHRB/58bQrEgcp/2026%D0%B3/%D0%9C%D0%B0%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%B8%D0%B0%D0%BB%D1%8B%20%D0%BF%D0%BE%20%D0%A3%D0%9B%D0%91/%D0%A7%D0%B5%D0%BA%20-%20%D0%BB%D0%B8%D1%81%D1%82%D1%8B/WhatsApp%20Image%202026-08-28%20at%2015.20.29%20%2817%29.jpeg?mt=1787912861000

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Егер мен туралы жалған ақпарат жазылса, мен…»
- «Егер біреуді ренжітіп жатқанын көрсем, мен…»
- «Бүгін мен … білдім».

№9 сабақ	Күмәнді хабарламалар мен сілтемелерден сақтану
Мақсаты	Білім алушылардың күмәнді хабарламалар мен сілтемелерді ажырата білу, оларды ашпау және цифрлық ортада қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– күмәнді хабарламалар мен сілтемелердің негізгі белгілерін анықтауға үйрету; – хабарламаның мазмұнын тексеріп, асығыс әрекет етпей, қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын дамыту; – жеке деректерді қорғауға, күмәнді сілтемелерді ашпауға және интернеттегі әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Мессенджерлерден, электрондық поштадан және SMS хабарламалардан алынған хабарламалардың мысалдары (қауіпсіз және күмәнді), топтық жұмысқа арналған кейстер жазылған үлестірме материалдар, «Қауіпсіз бе, қауіпті ме?» ойынына арналған жасыл және қызыл карточкалары.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Бір ғана күмәнді сілтемені ашу телефондағы деректерге, жеке аккаунттарға немесе банк картасына қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан кез келген сілтемеге бірден өте салмай, алдымен оның сенімді екенін тексеру керек.

Бүгін біз күмәнді хабарламалар мен сілтемелердің белгілерін анықтап, оларды қалай тексеруге болатынын үйренеміз. Өзімізді нағыз кибер ізкесуші ретінде сынап көреміз!

II. Негізгі бөлім

Педагог білім алушылардан мессенджерге бейтаныс адамнан немесе сыныптасынан мынадай мазмұндағы хабарламалардың келген-келмегенін сұрайды:

«Осы хабарламаны 10 досыңа жіберсең, керемет нәрсе болады!» немесе «Осы сілтеме арқылы сурет байқауында маған дауыс берші».

Педагог білім алушылардың жауаптарын тыңдайды. Педагог:

– Алаяқтар – адамдардың психологиясын жақсы білетін мамандар. Олар балалардың қандай нәрсеге қызығатынын және неге

тез сенуі мүмкін екенін біледі. **Ендеше, алаяқтар қолданатын 3 негізгі айла-тәсілді қарастырайық.**

1. «Тегін сыйлық» айласы

«Осы сілтемені бас та, 5000 робукс немесе алмазды тегін ал! Акцияның аяқталуына 10 минут қалды!».

Мұндай хабарлама сені әдейі асықтыруы мүмкін. Мақсаты – саған ойлануға және ақпаратты тексеруге уақыт бермеу.

2. «Досыңа көмектес» айласы

Кейде күмәнді хабарлама досыңның аккаунтынан келуі мүмкін. Бірақ оның аккаунтына бөтен адам кіріп алған болуы ықтимал.

Мысалы:

«Сәлем! Байқауда маған дауыс берші. Мына сілтемеге кір: ...»

«Сәлем. Қарызға ақша бере тұршы. Кешке қайтарамын».

Егер мұндай хабарлама күмән тудырса, сілтемеге өтпе және құпиясөзіңді енгізбе. Алдымен досыңа басқа жолмен хабарласып, хабарламаны шынымен өзі жібергенін тексер.

3. «Қорқыту» айласы

«Мұны 20 адамға таратпасаң, аккаунтың бұғатталады».

Мұндай хабарламалар қорқынышқа әсер етіп, адамды ақпаратты тексерместен автоматты түрде әрі қарай таратуға итермелейді.

Педагог:

– Естеріңде болсын: хабарлама қаншалықты қызықты, шұғыл немесе қорқынышты болып көрінсе, соншалықты қауіпті болуы мүмкін. Тоқта – ойлан – тексер – содан кейін ғана әрекет ет.

Интернеттегі қауіпсіз әрекет. Кейстермен жұмыс

Педагог білім алушыларды 3 топқа біріктіреді. Әр топқа бір кейс беріледі.

Топтарға арналған тапсырма:

1. Жағдаятты оқыңдар.
2. Қауіптің неден туындағанын анықтаңдар.
3. Кейіпкердің қандай қателік жібергенін табыңдар.
4. Қауіпсіз әрекет ету үшін бұл жағдайда не істеу керектігін талқыланаңдар.
5. Интернеттегі қауіпсіз әрекеттің бір ережесін тұжырымдаңдар.
6. Топтарыңның қорытындысын сыныпқа таныстырыңдар.

1-кейс

Аружанға «Фотосуретті көр!» деген мәтіні бар сілтеме жіберілді. Ол сілтемеге кірмеді, бірақ оны құрбысына: «Мұнда не бар екенін тексеріп көрші», – деп жіберді.

2-кейс

Айданаға бейтаныс нөмірден: «Сәлем! Мен – сенің жаңа сыныптасыңмын. Сілтемеге өт, онда біздің бірге түскен фотосуреттеріміз бар», – деген хабарлама келді. Айдана сілтемеге өтіп, белгісіз сайтқа тап болды.

3-кейс

Нұрәлиге: «Аккаунтыңды қорғау үшін SMS арқылы келген кодты жібер», – деген хабарлама келді. Нұрали бұл аккаунт қауіпсіздігі үшін қажет деп ойлап, кодты жіберді.

Талқылау

Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ өз кейсін таныстырып, қауіптің неден туындағанын және кейіпкердің қалай қауіпсіз әрекет етуі керектігін түсіндіреді.

Педагогпен бірге білім алушылар интернеттегі қауіпсіз әрекеттің ортақ ережелерін тұжырымдайды:

- күмәнді сілтемелерге өтпеу және оларды басқа адамдарға жібермеу;
- бейтаныс адамдармен интернетте абайлап қарым-қатынас жасау;
- SMS арқылы келген кодтарды ешкімге жібермеу;
- күмәнді хабарламалар туралы ата-анаға немесе өзің сенетін ересек адамға айту.

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

Педагог:

– Балалар, неліктен әртүрлі хабарламалар мен жаппай таратылатын хаттарға абай болу керек?

Білім алушылардың жауаптары.

Педагог:

– Сендер тапсырмаларды жақсы орындадыңдар! Естеріңде болсын: қорқытатын, асықтыратын немесе басқа адамдарға таратуды талап ететін хабарламаларды әрі қарай жібермеңдер. Мұндай хабарламаны алған жағдайда оны өшіріп, қажет болса ересек адамға көрсетіңдер. Белгісіз сілтемелерге өтпеңдер және жеке деректеріңді ешкімге бермеңдер.

Егер сендер сілтемеге өтіп қойсаңдар, жеке деректеріңді жіберсеңдер, сендерден ақша талап етсе, қорқытса немесе үрей туғызса, мәселені өз беттеріңше шешуге тырыспаңдар және болған жағдайды жасырмаңдар.

Бірден ата-анаңа, педагогке, мектеп психологіне немесе өзің сенетін басқа ересек адамға айт. Қосымша көмек қажет болса, **111 байланыс орталығына** жүгінуге болады.

№10 сабақ	Иттен қалай сақтануға болады?
Мақсаты	Білім алушылардың иттермен жолыққан жағдайда қауіпті бағалап, қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– итке немесе иттер тобына тап болған жағдайда сақталатын қауіпсіздік ережелерін меңгерту; – ит жақындаған кезде сабыр сақтап, қауіпсіз әрекет ету ретін дұрыс таңдауға үйрету; – жануарларға ізгілікпен қарауға, оларды әдейі ашуландырмауға және өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Сендер көшеде келе жатып итті жолықтырдыңдар. Ол сендерге қарай жақындап келеді. Қай әрекет дұрыс?

Жүгіріп қашу.

Итке айқайлау.

Сабыр сақтап, кенет қимыл жасамау.

Бүгін біз осы жауаптардың қайсысы қауіпсіз екенін және с ит кездескенде қалай әрекет ету керектігін үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

Педагог:

– Иттің қимыл-қозғалысы оның өзін қалай сезініп тұрғанын аңғаруға көмектеседі.

Педагог карточкаларды көрсетеді:

1. Ит тыныш тұр

Құйрығы төмен түсіп тұрады немесе баяу қозғалады, құлақтары босаңсыған. Ит тыныш көрінсе де, оған жақындама, сипауға тырыспа және назарын аударма. Жолын кеспей, арақашықтық сақтап айналып өт.

2. Ит қорқып тұр

Құйрығын бауырына қысып, құлағын кейін қайырады, өзі кейін шегініп, алыстауға тырысады. Оған жақындама, сипама және тыныштандыруға әрекет жасама. Қорыққан ит өзін қорғау үшін күтпеген әрекет жасауы мүмкін.

3. Ит ашулы немесе мазасыз

Ит үруі немесе ырылдауы, тісін көрсетуі, денесін ширықтыруы мүмкін. Мұндай жағдайда оған жақындама, айқайлама және кенет қимыл жасама. Сабыр сақтап, иттен баяу алыста.

Маңызды

Иттің сыртқы келбеті мен мінез-құлқы оның қауіпсіз екенін толықтай білдірмейді. Бейтаныс ит сабырлы, қорыққан немесе агрессивті болып көрінсе де, онымен байланысқа түспеу керек.

Педагог:

– Егер сен бейтаныс немесе қаңғыбас итке кездессең, қауіпсіз мінез-құлықтың негізгі ережелерін есте сақта:

1. **Жүгірме.** Тоқта немесе сабырлы түрде жүре бер. Жүгіру және кенет қозғалыстар иттің назарын аударып, оның сені қууына себеп болуы мүмкін.
2. **Итке жақындама.** Ол сабырлы көрінсе де, оны сипауға, тамақтандыруға немесе қуып жіберуге тырыспа.
3. **Итке тесіле қарама.** Оның әрекетін бақыла, бірақ көзіне ұзақ уақыт тікелей қарама.
4. **Айқайлама және қолыңды сермеме.** Сабыр сақта, кенет қозғалыстар жасама және жануарды арандатпа.
5. **Арақашықтықты сабырлы түрде ұлғайтуға тырыс.** Қауіпсіз жерге қарай баяу шегін. Итке арқаңды беріп бұрылма және жүгірме.
6. **Егер ит саған жақындаса, сабыр сақта.** Оны ұруға немесе қажетсіз итеруге тырыспа. Егер өзіңмен бірге сөмке, рюкзак немесе басқа зат болса, оны алдыңа тосқауыл ретінде ұста.
7. **Егер қасыңда ересек адамдар болса, олардан көмек сұра.** Итті өз бетіңше қуып жіберуге немесе ұстап алуға тырыспа.

Кейс тапсырмаларымен жұмыс

1-кейс. Жолда бір топ ит тұр

Әрекет ету алгоритмі: иттер тобына жақындама және олардың арасынан өтуге тырыспа. Жүгірме, айқайлама және иттердің назарын аударма. Бағытыңды сабырлы түрде өзгерт те, арақашықтықты ұлғайтуға тырыс. Мүмкіндік болса, ересектер немесе басқа адамдардың қасына қауіпсіз жерге бар.

2-кейс. Ит жақындап келеді, үреді немесе агрессия танытады.

Әрекет ету алгоритмі: сабыр сақта, айқайлама, қолыңды сермеме және итке арқаңды беріп бұрылма. Кенет қимыл жасама. Арақашықтықты баяу ұлғайтып, қауіпсіз жерге қарай жылжуға тырыс. Егер ит тым жақын келсе, рюкзакты, сөмкені немесе басқа затты алдыңа тосқауыл ретінде ұстауға болады.

3-кейс. Ит шабуыл жасап, сені құлатып жіберді.

Әрекет ету алгоритмі: бүрісіп жатып, бетіңді, мойныңды және басыңды қолдарыңмен қорға. Мүмкіндігінше қимылсыз жатуға және

кенет қозғалыстар жасамауға тырыс. Қауіп бәсеңдегенде, жақын жердегі ересектерді көмекке шақыр.

Кейстерді орындағаннан кейін педагог қорытынды жасайды:

– Итпен кездескен кездегі басты міндет – онымен байланысқа түспеу, оны арандатпау және арақашықтықты қауіпсіз түрде ұлғайтуға тырысу. Жануардың сабырлы мінез-құлқы оның агрессия танытпайтынына кепілдік бермейді.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады.

https://www.youtube.com/watch?v=ic4oV6O3W4Q&list=PLA5eCSY2FeoT00B3gyDuskOvkalEx7TmU&index=22

Педагог:

– Жануарларға мейірімді әрі ізгілікпен қарау керек. Иттен сақтану оны жек көру немесе оған зиян келтіру деген сөз емес. Итті ұруға, тас лақтыруға, әдейі қорқытуға немесе ашуландыруға болмайды.

Егер көшеде жараланған немесе әлсіреген итті көрсеңдер, оған өздерің жақындамай, ересек адамға хабарлаңдар. Жануарға қауіпсіз жолмен көмек көрсету де – мейірімділіктің белгісі.

– Естеріңде болсын: өз қауіпсіздігіңді сақтай отырып, жануарға да қамқорлықпен және ізгілікпен қарау керек.

ІІІ. Қорытынды бөлім

Рефлексия

– Бүгін мен қаңғыбас итті көргенде ... керектігін білдім.

– Жануарға мейірімді болу дегеніміз ... .

– Өз қауіпсіздігімді сақтау үшін мен ... .

№11 сабақ	Табиғат аясындағы қауіпсіздік шаралары
Мақсаты	Табиғат аясында демалу кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және табиғи қауіптерге тап болған кездегі дұрыс әрекет ету алгоритмін қалыптастыру
Міндеттері	– табиғаттағы негізгі қауіптерден сақтану ережелерін меңгерту; – қауіпті жағдайда дұрыс шешім қабылдау дағдыларын дамыту; – табиғатқа ұқыпты және жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Табиғат аясындағы қауіпсіз және қауіпті мінез-құлық мысалдары бейнеленген иллюстрациялар, «Қауіпсіз бе, қауіпті ме?» жатығуына арналған жасыл және қызыл белгі карточкалары.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Жорыққа шығу, серуендеу немесе табиғат аясына саяхат жасау алдын ала дайындықты және қауіпсіздік ережелерін сақтауды талап етеді. Бүгін біз виртуалды жорыққа аттанып, серуенге қалай дайындалу керектігін, қауіпті жағдайлардың алдын алуды және қиындық туындаған кезде дұрыс әрекет етуді талқылаймыз.

«Рюкзак жинайық» интерактивті ойыны

Тақтада әртүрлі заттардың суреттері көрсетіледі: компас, су, телефон, сіріңке, ашық түсті күрте, кәмпиттер, үстел ойыны.

Білім алушылар орманға жорыққа шыққанда өздерімен бірге алу қажет заттарды таңдап, өз таңдауын түсіндіреді.

II. Негізгі бөлім

Педагог:

– Әдемі көбелекке немесе саңырауқұлаққа алаңдап, ата-анаңнан көз жазып қалғаныңды елестетіп көр. Сен қорқып, абдырай бастадың. Мұндай жағдайда не істеу керек?

Білім алушылардың жауаптары. Педагог:

– Егер адасып қалғаныңды түсінсең, ең бастысы – тоқтап, сабыр сақтауға тырыс. Бір орында қалып, көмек күт.

Тоқта және айналаңа қара. Қай жақтан келгеніңді есіңе түсір, таныс белгілерге назар аудар. Бағытыңа сенімді болмасаң, жолды өз бетіңше іздеуге тырыспа. Қауіпсіз әрі жақсы көрінетін бір жерде қалған дұрыс.

Көмекке шақыр. Ара-тұра дауыстап көмек сұра. Ысқырығың болса, пайдалан. Дыбыс шығарып, тұрған жеріңді білдіруге тырыс.

Телефоның болса, **ата-анаңа немесе 112 нөміріне қоңырау шал.** Адасып қалғаныңды айтып, орналасқан жеріңді мүмкіндігінше нақты сипатта. Содан кейін ересектердің немесе құтқарушылардың нұсқауларын орында.

Педагог:

– Табиғат аясында жануарларды, жәндіктерді және өсімдіктерді кездестіруге болады. Олардың кейбіреулерімен кездескенде сақтық таныту қажет. Жағдаяттарды қарастырып, қауіпсіз әрекет ету жолдарын анықтайық.

Топтарға арналған тапсырма

Жағдаятты оқыңдар. Қандай қауіп болуы мүмкін екенін анықтап, мұндай жағдайда қалай әрекет ету керектігін талқылаңдар.

1-кейс. Кенелер мен жыландар

Орманда серуендеп жүрген Әлихан жолды қысқарту үшін қалың шөптің арасымен жүріп кетті. Біраз уақыттан кейін ол киімінің үстінен кенені байқап қалды, ал соқпақтың жанында жыланды көрді.

Бұл жағдаятта қандай қауіптер бар?

Әлихан не істеуі керек?

2-кейс. Шағатын жәндіктер

Табиғатта серуендеп жүргенде Аружан мен оның достары жақын жерде араның ұясын байқап, оған жақынырақ барғысы келді.

Балалардың қандай әрекеттері қауіпті болуы мүмкін?

Олар қалай әрекет етуі керек?

Егер біреуді жәндік шағып алса, не істеу керек?

3-кейс. Жабайы жануарлар, жидектер мен саңырауқұлақтар

Серуен кезінде Данияр жабайы жануарды көріп, оны суретке түсіру үшін жақынырақ барғысы келді. Жолда оның достары бейтаныс жидектер мен саңырауқұлақтарды байқап, оларды жинап, дәмін татып көруді ұсынды.

Қандай қауіптерді байқадыңдар?

Неліктен жабайы жануарға жақындауға болмайды?

Бейтаныс жидектер мен саңырауқұлақтарды көргенде қалай әрекет ету керек?

Талқылаудан кейін әр топ өз әрекет ету нұсқасын ұсынады.

Педагог білім алушылармен бірге табиғат аясындағы қауіпсіз мінез-құлықтың ортақ ережелерін тұжырымдайды.

Табиғат аясындағы демалыс қауіпсіз болуы үшін:

- Бейтаныс өсімдіктерді, саңырауқұлақтар мен жидектерді ұстама – олар қауіпті болуы мүмкін.

- Жабайы жануарларға жақындама және оларды тамақтандыруға тырыспа.
- Өзендер, көлдер және жартастардың маңында абай бол. Ересектердің рұқсатынсыз суға түспе.
- Егер адасып қалсаң, бір орында қалып, көмекке шақыр және мүмкін болса, телефон арқылы ата-анаңа немесе 112 нөміріне хабарлас.

Есте сақта! **«Таза Қазақстан» бастамасы** табиғатқа ұқыпты қарауға, тазалықты сақтауға және қауіпсіздікке жауапкершілікпен қарауға шақырады.

Табиғат аясында болған кезде қоқыс қалдырмау, өсімдіктерге зиян келтірмеу, жануарларды мазаламау және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау қажет. Әрқайсымыздың жауапты әрекетіміз табиғатты таза әрі қауіпсіз сақтауға көмектеседі.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа сай бейнематериалды көруді ұсынады.

https://www.youtube.com/watch?v=vIMxBmBpDU8&list=PLA5eCSY2FeoT00B3gyDuskOvkalEx7TmU&index=4

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

– Табиғат аясында қауіпсіз демалу үшін мен ... .

– Егер қауіпті жағдайды байқасам, мен ... .

– Егер адасып қалсам, мен ... .

Мұқият болу және қауіпсіздік ережелерін сақтау қауіпті жағдайлардың алдын алуға көмектеседі. Егер қауіпті жағдайды байқасаң немесе саған көмек қажет болса, міндетті түрде ересек адамға хабарла.

Төтенше жағдайда қоңырау шал:

- 101 – өрт сөндіру қызметі;
- 103 – жедел медициналық көмек;
- 112 – бірыңғай жедел қызмет нөмірі.

5-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН «ҚАУІПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР ТОПТАМАСЫ



№	Тақырыптар
1.	Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері
2.	Сыйластыққа негізделген қауіпсіз мектеп ортасы
3.	Қауіптен сақтан, көмекке жүгін
4.	Қауіпті іске тартса қалай сақтануға болады?
5.	Қолайсыз ауа райындағы көшедегі қауіпсіздік
6.	Энергетикалық сусындардың денсаулыққа зияны
7.	Интернеттегі қауіпті трендтер
8.	Мессенджерлерді қауіпсіз пайдалану және жеке деректерді қорғау
9.	Интернеттегі күмәнді сілтемелер мен хабарламалар
10.	Кибербуллингтен қорғану және өзгеге қолдау көрсету
11.	Жолда жүру, самокат, велосипед және скейтборд тебу кезіндегі қауіпсіздік ережелері

№1 сабақ	**Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері**
Мақсаты	Білім алушылардың төтенше жағдайлар кезінде тиісті жедел қызметті анықтау, қажетті телефон нөміріне дұрыс хабарласу және диспетчерге маңызды ақпаратты нақты жеткізу дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	- төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері туралы білімдерін бекіту; - төтенше жағдайдың сипатына қарай тиісті жедел қызметті дұрыс таңдай білуге және қажетті ақпаратты нақты жеткізуге үйрету; - жедел қызметтерге жауапкершілікпен жүгінуге, жалған қоңырауға жол бермеуге және сабырлы әрекет етуге тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Қазақстан Республикасындағы төтенше жағдайлар қызметтерінің телефон нөмірлері көрсетілген карточкалар (101, 102, 103, 111, 112), «Дұрыс нөмірді тап» ойынына арналған өмірлік жағдаяттар жазылған карточкалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушыларға мынадай жағдаятты елестетуді ұсынады:

- Әлішер түтіннің иісін сезіп, бөлмеде түтін пайда болғанын байқайды.

Талқылаңыздар:

- Әлішер мұндай жағдайда не істеуі керек?
- Кімнен көмек сұрау қажет?
- Төтенше жағдайлар қызметінің қай нөміріне қоңырау шалу керек?

Педагог төтенше жағдайлар қызметтерінің телефон нөмірлерін білу қауіпті жағдайда қажетті көмекті жылдам алуға мүмкіндік беретінін атап өтіп, сабақтың тақырыбын хабарлайды.

II. Негізгі бөлім

«Дұрыс нөмірді тап» ойыны

Педагог жағдаятты оқиды, ал білім алушылар қажетті нөмір жазылған карточканы көрсетеді немесе нөмірді дауыстап айтады.

Жағдаяттар:

- Пәтерден түтін шығып жатыр. Жауабы: 101 немесе 112.

- Көшеде бір кісі денсаулығына байланысты өзін жайсыз сезінді. Жауабы: 103 немесе 112.
- Біреу велосипед ұрлауға әрекет жасап жатыр. Жауабы: 102.
- Баланы басқа сынып оқушылары үнемі ренжітіп, қорқытып жүр. Жауабы: 111 байланыс орталығы.
- Төтенше жағдайда қай қызметке хабарласу керектігін білмейсің. Жауабы: 112.

Әр жауаптан кейін педагог дұрыс таңдалған нөмірге қысқаша түсініктеме береді.

Педагог сұрақ қояды:

- Егер баланы ренжітсе, қорқытса немесе ол қиын жағдайға тап болса, кімнен көмек сұрай алады?

Білім алушылар өз болжамдарын айтады.

Талқылаудан кейін педагог білім алушылардың назарын 111 байланыс орталығына хабарласып, көмек алуға болатынына аударады:

- Балалар зорлық-зомбылыққа, қорқытуға, буллингке немесе басқа да қиын жағдайға тап болған кезде, 111 нөміріне хабарласып, көмек сұрай алады. Мамандар баланы тыңдап, қолдау көрсетеді және жағдайдан шығудың жолын табуға көмектеседі.

«Дұрыс хабарла» кейсі

Педагог хабарласу алгоритмін ұсынады:

Төтенше жағдайлар қызметіне қоңырау шалсаң:

- өз атыңды айт;
- не болғанын айт;
- мекенжайды немесе оқиға болған жерді ата;
- диспетчердің сұрақтарына жауап бер;
- телефон тұтқасын бірінші болып қойма.

Екі қысқаша диалогты сахналанады:

– Сәлеметсіз бе, 112 қызметі. Тыңдап тұрмын.

– Менің атым – Аружан. Аулада бір адам есінен танып қалды. Мекенжайы: Абай көшесі, 15-үй.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1CpHsUuaZrvtFqm_VlWwva3vGJQtC74gi/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

Педагог төмендегі сұрақтар бойынша қысқаша талқылау ұйымдастырады:

- Көмек көрсететін қызметтердің телефон нөмірлерін білу неліктен маңызды?
- Дер кезінде көмекке жүгінудің маңызы қандай?

- Бүгін алған білімдеріңіз қиын жағдайда өзіңізге немесе жақындарыңызға қалай көмектесе алады?

Педагог қорытынды жасайды:

- Бүгін сіздер қиын және қауіпті жағдайларда көмекке қалай дұрыс жүгіну керектігін білдіңіздер. Естеріңізде болсын: ата-аналарыңыздан, педагогтен, мектеп психологінен немесе өзіңіз сенетін басқа ересек адамнан көмек сұрауға болады. Қажет болған жағдайда 111 байланыс орталығына, ал төтенше жағдайда тиісті төтенше жағдайлар қызметіне қоңырау шалыңыз.

Қосымша ақпарат

Нөмірі / байланыс нөмірі |	Қызмет
112	Бірыңғай жедел көмек көрсету қызметі
101	Өрт сөндіру қызметі
102	Полиция қызметі
103	Жедел медициналық көмек қызметі
104	Авариялық газ қызметі
111	Отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «111» байланыс орталығы (тәулік бойы, аптасына 7 күн)
Психологиялық қолдау орталығы Өз өңіріңіздегі байланыс нөмірлері	Психологиялық қиындықтар, қатты күйзеліс, мазасыздық, буллинг, психологиялық көмек пен қолдауға қажеттілік
Балалардың құқықтарын қорғау басқармасы Өз өңіріңіздегі байланыс нөмірлері	Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы, қорғау мен көмек қажет болатын жағдайлар

№2 сабақ	Сыйластыққа негізделген қауіпсіз мектеп ортасы
Мақсаты	Білім алушылардың өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және мектептегі қауіпсіз ортаға жауапкершілікпен қатысу дағдыларын дамыту.
Міндеттері	– сыйластық, қолдау және қауіпсіз қарым-қатынас ұғымдарының мәнін түсіндіру; – келіспеушілік немесе қолайсыз жағдайларда өз ойын мәдениетті жеткізуге, өзгенің шекарасын құрметтеуге және қауіпсіз шешім қабылдауға үйрету; – сыныптастарының әл-ауқатына немқұрайлы қарамауға, қажет жағдайда ересек адамнан көмек сұрауға және жағымды мектеп ортасын қалыптастыруға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Талқылауға және топтық жұмысқа арналған өмірлік жағдаяттар жазылған карточкалар, «Дұрыс па, бұрыс па?» ойынына арналған тұжырымдар жазылған карточкалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сұрақтарға жауап беруді ұсынады:

- Мектепте күн сайын өзімізді қауіпсіз әрі жайлы сезінуімізге не көмектеседі?
- Бір-бірімізге деген сыйластық пен ізгі қарым-қатынасты сақтауға қандай сөздеріміз бен іс-әрекеттеріміз ықпал етеді?

Білім алушылардың жауаптарын тыңдағаннан кейін педагог олардың пікірлерін жинақтап, қорытынды жасайды:

- Мектептегі қауіпсіздік әрқайсымыздың қарым-қатынасымыз бен әрекетімізден басталады. Біреуді келемеждеу, затын рұқсатсыз алу немесе «жоқ» деген сөзін елемеу оның өзін жайсыз сезінуіне себеп болуы мүмкін.

Біреудің қиналғанын байқасаң, бейжай қалма. Қолыңнан келмесе, сенетін ересек адамнан көмек сұра. Өзіңнен сұрап көр: «Менің сөзім мен әрекетім өзгелердің өзін қауіпсіз әрі сыйлы сезінуіне ықпал ете ме?

II. Негізгі бөлім

«Жағдаяттарды талдаймыз» топтық жұмысы

Педагог білім алушыларды 3 топқа біріктіреді. Әр топқа бір жағдаят ұсынылады. Топ мүшелері жағдаятты талқылап, қауіпсіз әрі өзара сыйластыққа негізделген әрекет ету жолын ұсынады**.**

Топтарға арналған тапсырма:

Жағдаятты оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

1-жағдаят. Үзілістегі оқиға

Үзіліс кезінде сыныптастарының бірі дәптері мен оқулықтарын абайсызда түсіріп алды. Бірнеше оқушы күле бастады және оны ренжітетін сөздер айтты. Мұны басқа оқушылар да байқап қалды.

Талқылаңыздар:

- Мазақтау сыныптасына қалай әсер етуі мүмкін?
- Жанында тұрған оқушылар не істеуі керек?
- Қалай құрмет пен қолдауды көрсетуге болады?

2-жағдаят. Үзілістегі қауіпті әрекет

Үзіліс кезінде бірнеше оқушы сыныптасына баспалдақпен жүгіріп, бірнеше басқыштан бірден секіріп түсуге ұсыныс жасады. Ол мұның қауіпті екенін түсінді. Бірақ балалар оны: «Қорықпа, ештеңе болмайды», – деп көндіруге тырысады.

Талқылаңыздар:

- Мұндай әрекеттің қандай қаупі бар?
- Мұндай жағдайда қалай әрекет ету керек?
- Қауіпті ұсыныстан қалай бас тартуға болады?

Педагог қорытынды жасайды:

- Қауіпсіз әрі ізгі ниетке негізделген мектеп ортасы әрқайсымыздың мінез-құлқымызға байланысты. Мектеп ережелерін сақтау, бір-бірімізге құрметпен қарау, қауіпті әрекеттерді қолдамау және қиын жағдайға тап болғандарға көмектесу маңызды. Егер жағдайды өз бетімізше шеше алмасақ, педагогке, мектеп психологіне, ата-анамызға немесе өзіміз сенетін басқа ересек адамға жүгінуіміз керек.

«Дұрыс па, бұрыс па?» ойыны

Педагог тұжырымдарды оқиды, ал білім алушылар **«дұрыс»** немесе **«бұрыс»** белгісін көрсетеді.

- Сыныптастарыңа көмектесу.
- Қателіктері үшін келеке ету.
- Өзгелердің пікірін құрметтеу.
- Ересектерден көмек сұрау.
- Қолдауға мұқтаж адамдардың өтінішін елемеу.

Мектеп ережелерін сақтау – **«Заң және тәртіп»** қағидатының маңызды бөлігі. Ережелер тәртіпті сақтауға, айналадағы адамдардың құқықтарын қорғауға және барлық білім алушылар үшін қауіпсіз

жағдай жасауға көмектеседі. Ережелерді білу ғана емес, оларды сақтау, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау және өзгелерге зиян келтіруі мүмкін әрекеттерді қолдамау маңызды.

Мектеп аумағына төмендегілерді алып кіруге тыйым салынады:

- *қару және қаруға ұқсас заттар;*
- *білім беру процесінде пайдаланылмайтын пышақтар мен басқа да қауіпті заттар;*
- *жарылғыш, тез тұтанатын, химиялық және улы заттар;*
- *пиротехникалық бұйымдар;*
- *темекі өнімдері, электрондық темекілер (вейптер) және құрамында никотин бар басқа да өнімдер.*

Негіздеме: *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығы.*

Егер мектепте қауіпті, жағымсыз немесе қиын жағдайға тап болсаң, мәселені жалғыз шешуге тырыспа. Төмендегі адамдардың біріне жүгін:

- сынып жетекшісіне;
- мектеп психологіне;
- ата-анаңа;
- өзің сенетін басқа ересек адамға;
- 111 байланыс орталығына – мұнда балалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау мәселелері бойынша кеңес пен психологиялық көмек алуға болады. 111 нөміріне қоңырау шалу тегін және қызмет тәулік бойы жұмыс істейді.

Есіңде болсын: көмек сұрау – дұрыс әрі жауапты әрекет.

III. Қорытынды бөлім

Педагог қорытынды жасайды:

- Қауіпсіз әрі өзара сыйластыққа негізделген мектеп ортасы әрқайсымызға байланысты. Ізгі сөз, өзара көмек, құрмет және ережелерді сақтау мектепті күн сайын қуана келетін орынға айналдырады.

«Менің қорытындым» рефлексиясы

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

- Бүгін мен мектепте ... маңызды екенін түсіндім.
- Қауіпсіз әрі өзара сыйластыққа негізделген мектеп ортасын қалыптастыру үшін мен ...
- Егер қауіпті немесе қиын жағдайды көрсем, мен ...

Бірнеше білім алушы өз қалауы бойынша жауаптарын дауыстап оқиды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) материалдары негізінде әзірленген қауіпсіздік сабағы

№3 сабақ	Қауіптен сақтан, көмекке жүгін
Мақсаты	Білім алушылардың қауіпті жағдайларды ажырата білу, қауіпсіз әрекет ету және қажет кезде көмекке жүгіну дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	- қауіпті және қауіпсіз жағдайларды ажырата білуге үйрету; - қауіпті жағдайда дұрыс шешім қабылдау, қауіпсіз жерге бару және көмек сұрау дағдыларын дамыту; - өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға және қиын жағдайда сенімді ересек адамға жүгінуге тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Талқылауға арналған өмірлік жағдаяттар жазылған карточкалар, «Қауіпсіз» және «Қауіпті» карточкалары; рефлексияға арналған «Көмек алақаны» үлгісі.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог балаларға мына сұраққа жауап беруді ұсынады:

- Үйде, мектепте және көшеде сіздер кімнің қорғауында боласыздар?

Білім алушылардың жауаптарын тыңдағаннан кейін педагог қорытынды жасайды:

Әр баланың қауіпсіз өмір сүруге және қорғалуға құқығы бар. Ересектер балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қиын жағдайда қолдау көрсетуге және қауіп төнген кезде қажетті көмек ұйымдастыруға міндетті.

Қорғалуға құқығы болу деген нені білдіреді?

Педагог түсіндіреді:

Қорғалуға деген құқық әрбір баланың:

- қауіпсіз жағдайда өмір сүруге;
- қорқыныш пен зорлық-зомбылықсыз білім алуға;
- көмек пен қолдау алуға;
- ересектердің оны тыңдауына;
- өзінің жеке шекарасын қорғауға құқығы бар екенін білдіреді.

II. Негізгі бөлім

«Қалай әрекет ету керек?» топтық жұмысы

Педагог білім алушыларды 4 топқа біріктіреді. Әр топқа бір жағдаят ұсынылады.

Тапсырма: қауіптің неден туындағанын анықтаңыздар, қауіпсіз әрекет ету жолын ұсыныңыздар және кімнен көмек сұрауға болатынын атаңыздар.

1-кейс. Мектепте

Бірнеше жоғары сынып оқушысы дәлізде 5-сынып оқушысын тоқтатып, одан ақша беруді талап етеді. Олар: «Тек ешкімге айтпа», – деп ескертеді.

2-кейс. Көшеде

Аружан үйіне қайтып келе жатқанда, оған бейтаныс ересек адам жақындап: «Мені ата-анаң сені үйге алып қайтуға жіберді», – дейді. Аружан бұл адамды бұрын-соңды көрмеген.

3-кейс. Қоғамдық орында

Данияр сауда орталығында ата-анасын біраз уақытқа көзден таса етіп алды. Бейтаныс адам оған бірге автотұраққа барып, ата-анасын іздеуді ұсынады.

4-кейс. Интернетте

Бейтаныс адам Әлиханға әлеуметтік желі арқылы хабарласып, сыйлық ұсынды және одан өзінің фотосуреті мен мекенжайын жіберуді сұрады.

Топтарға арналған сұрақтар:

- Бұл жағдайда неге сақ болған жөн?
- Не істеуге болмайды?
- Қауіпсіз әрекет ету үшін не істеу керек?
- Кімнен көмек сұрауға болады?

Талқылаудан кейін топтар өз шешімдерін таныстырады.

«Алыста – бас тарт – көмек сұра» ережесі

Педагог:

- Қауіпті жағдайлардың барлығында дауласудың немесе мәселені өз бетіңше шешуге тырысудың қажеті жоқ. Қарапайым алгоритмді есте сақтаңдар.

Алыста – адамнан мүмкіндігінше қашық болуға немесе қауіпті жерден кетуге тырыс.

Бас тарт – бейтаныс адаммен бірге баруға, бөтен көлікке отыруға, жеке деректеріңді беруге немесе өзіңді алаңдататын әрекеттерді жасауға келіспе.

Көмек сұра – ата-анаңа, сынып жетекшіңе, мектеп психологіне немесе өзің сенетін басқа ересек адамға айт. Қоғамдық орында полиция

не күзет қызметкеріне немесе басқа да жауапты қызметкерге жүгінуге болады.

Көмек сұрау белгісі

Педагог:

- Кейде адам қиын немесе қауіпті жағдайда дауыстап көмек сұрай алмауы мүмкін. Мұндай кезде көмек қажет екенін арнайы белгі арқылы білдіруге болады. Бұл белгіні айналадағы адамдарға білдіртпей көрсетуге болады.

Белгіні қалай көрсету керек:

1. Алақаныңды ашып, жоғары көтер.
2. Бас бармағыңды алақаныңа қарай бүк.
3. Қалған төрт саусағыңды бас бармақтың үстінен бүк.

Педагог көмек сұрау белгісін көрсетеді, білім алушылар оны қайталайды.

Маңызды! Егер басқа адамның осындай белгі көрсеткенін байқасаң, оны елемеуге және қауіпті жағдайға өз бетіңше араласуға тырыспа. Бұл туралы ата-анаңа, педагогке, мектеп психологіне, полиция қызметкеріне немесе өзің сенетін басқа ересек адамға хабарла.

Есіңде болсын! Сенің үйде, мектепте, көшеде, қоғамдық орындарда және интернетте қорғалуға құқығың бар. Егер жағдай қауіпті болып көрінсе немесе біреу сенің жеке шекараңды бұзса, қауіпсіз жерге кетуге тырыс және бұл туралы ата-анаңа, педагогке, мектеп психологіне немесе өзің сенетін басқа ересек адамға айт. Сондай-ақ көмек алу үшін **111 байланыс орталығына**, ал өміріңе немесе қауіпсіздігіңе тікелей қауіп төнген жағдайда **төтенше жағдайлар қызметтеріне** хабарласуға болады.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты постермен танысуды ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/12RshJ_Gze3ts571j0LC5DPiGbtqI5p0p/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

- Қиындықтарың туралы ересектерге айту неліктен маңызды?
- Кімнен көмек сұрай аласың?
- Қауіпті жағдайға тап болсаң, қалай әрекет ету керек?
- Қауіпсіздік ережелерінің қайсысы есіңде ерекше сақталды?

Педагог балаларға сөйлемді аяқтауды ұсынады:

«Егер маған көмек қажет болса, мен ... жүгінемін».

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 4 сабақ	**Қауіпті іске тартса қалай сақтануға болады?**
Мақсаты	Құрдастары немесе бейтаныс адамдар тарапынан қысым көрсетілген жағдайда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– «Қысым» және «қауіпті жағдайға тарту» ұғымдарымен таныстыру; – «жоқ» деп айта білу және көмек сұрау дағдыларын дамыту; – қауіпті жағдайларды анықтауға және өз іс-әрекетінің ықтимал салдарын бағалауға үйрету.

Материалдар мен ресурстар

Өмірлік жағдаяттар жазылған карточкалар, жауап нұсқалары жазылған карточкалар: «Жоқ деу», «Кету», «Көмек сұрау», «Ойлану».

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Проблемалық жағдаят

Сабақтан кейін бірнеше сыныптасы Әлиханға қызықты бейне түсіру үшін қараусыз қалған құрылыс алаңына баруды ұсынды. Әлихан бас тартқанда, олар: «Ол жерге бәрі барып жүр! Қорықпа, ештеңе болмайды», – деп оны көндіруге тырысты.

Әлихан ол жердің қауіпті екенін түсінеді, бірақ сыныптастарының шеттетуінен не күлкіге қалудан қорқады.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- Бұл жағдайда Әлиханды не алаңдатуы керек?
- Сыныптастары оған қандай жолмен қысым көрсетіп отыр?
- Әлихан қалай бас тарта алады?
- Ол кімнен көмек сұрай алады?

Педагог атап көрсетеді:

Кейде адамды өзі қаламайтын әрекетті жасауға мәжбүрлеуге тырысады. Бұл – қысым көрсету деп аталады. Мұндай жағдайда өз шешіміңе берік болып, қауіпті ұсыныстан бас тартып, қажет болса сенімді ересек адамнан көмек сұрау керек.

II. Негізгі бөлім

Қысым дегеніміз не?

Қысым – сені өзің қаламайтын немесе өзіңе не басқа адамдарға қауіпті болуы мүмкін әрекетті жасауға көндіруге, мәжбүрлеуге немесе соған итермелеуге тырысу.

Топтық жаттығу

Педагог жағдаяттарды оқиды. Білім алушылар қысымның бар-жоғын анықтап, оны қандай белгілер арқылы байқағанын түсіндіреді.

1-жағдаят

Досың саған бір сайттың сілтемесін жіберіп:

– Ақша аудара сал. Мен де аудардым. Кейін одан да көп ақша аласың, – деп көндіреді.

Қысым бар: сені ақшаға байланысты тәуекелді әрекет жасауға итермелеп, асығыс шешім қабылдауға көндіріп жатыр.

2-жағдаят

Сыныптасың: «Сабақтан кейін жобаны бірге дайындайық. Қаламасаң, ескертерсің», – деп ұсынды.

Қысым жоқ: бұл ұсыныста өз еркіңмен келісуге немесе бас тартуға мүмкіндік бар.

3-жағдаят

Достарың:

- Бәрі келісіп қойды, тек сен ғана қорқып тұрсың. Бізбен бірге жүр! – дейді.

Қысым бар: олар сені мазақ ету және «бәрі солай істейді» деген ойды алға тарту арқылы өздері қалаған шешімге көндіруге тырысып жатыр.

4-жағдаят

Бейтаныс адам балаға өзімен бірге жүруді ұсынып:

- Тек ата-анаңа айтпа, бұл біздің құпиямыз болады, – дейді.

Қысым бар: бейтаныс адам жағдайды ересектерден жасыруды сұрап, баланың шешіміне ықпал етуге тырысады.

Педагог қорытынды жасайды:

Қысым көрсету әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, біреу: «Бәрі істеп жатыр», «Қорқақ болма», «Тез шешім қабылда», «Ешкімге айтпа» деп сені өзің қаламайтын әрекетке көндіруге тырысуы мүмкін.

Осындай сөздерді естісең немесе өзіңді жайсыз сезінсең, асықпай шешім қабылда. «Жоқ» деп айт, ол жерден кет және болған жағдайды өзің сенетін ересек адамға хабарла.

Егер сені қауіпті жағдайға тартуға тырысса:

Нақты әрі нық түрде: «Жоқ, мен мұны істемеймін», – деп айт.

Қауіпті ұсыныстарға көніп қалма. Мұны достарың ұсынып тұрса да, бас тартудан қорықпа.

Қауіпті жерден кетуге тырыс.

Болған жағдайды ата-анаңа, педагогке немесе өзің сенетін ересек адамға айт.

Көмек қажет болса, 111 нөміріне хабарлас. Егер саған тікелей қауіп төніп тұрса немесе полицияның көмегі қажет болса, 102 нөміріне қоңырау шал.

Есіңде болсын:

«Заң мен тәртіп» қағидатын сақтау – қауіпті немесе заңға қайшы әрекетке келіспеуден басталады. Егер біреу сені ережені бұзуға, өзіңе не өзгеге зиян келтіруі мүмкін әрекет жасауға көндірсе, одан бас тарту – дұрыс шешім.

Нағыз достар сенің таңдауыңды құрметтейді және қауіпті әрекетке итермелемейді.

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтап, өз пікірін айтуды ұсынады:

- Бүгін мен қысымның ... екенін түсіндім.
- Егер мені қауіпті әрекет жасауға мәжбүрлесе, мен ...
- «Жоқ» деп былай айтуға болады: ...
- Менің қауіпсіздігім үшін ең маңыздысы – ...

Педагог атап көрсетеді:

- Егер сені қауіпті жағдайға тартуға тырысса, бас тартуға құқығың бар екенін ұмытпа. Нағыз достар сенің таңдауыңды құрметтейді. Ал күмәнді немесе түсініксіз жағдайға тап болсаң, әрдайым ересектерден көмек сұрауға болады.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 5 сабақ	Қолайсыз ауа райындағы көшедегі қауіпсіздік
Мақсаты	Қолайсыз ауа райы жағдайында көшеде қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	-білім алушыларды қолайсыз ауа райы жағдайында өзін-өзі ұстаудың негізгі ережелерімен таныстыру; -жауапкершілік және қауіпсіз шешім қабылдай білу дағдыларын дамыту; -қауіпті жағдайда ересектерден және төтенше жағдайлар қызметтерінен дер кезінде көмек сұрау дағдыларын бекіту.

Материалдар мен ресурстар

Әртүрлі ауа райы жағдайлары бейнеленген карточкалар (найзағай, нөсер жаңбыр, қар жаууы, көктайғақ, қатты жел, аптап ыстық), ойынға арналған «Қауіпті» және «Қауіпсіз» карточкалары, әртүрлі ауа райы жағдайларында дұрыс және дұрыс емес әрекет ету үлгілері бейнеленген иллюстрациялар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушыларға мынадай жағдаят ұсынады:

- Сендер үйден шығуға дайындалып жатырсыңдар. Кенет ауа райының күрт өзгергенін байқадыңдар: жел күшейді, аспанды бұлт басты, нөсер жаңбыр жауа бастады. Сенің әрекетің қандай болмақ?

Білім алушылар өз әрекеттерінің нұсқаларын ұсынып, таңдауларын түсіндіреді.

Педагог қорытынды жасайды:

- Ауа райы жағдайы тез өзгеруі мүмкін, сондықтан көшеге шығар алдында жағдайды бағалап, қауіпсіздік туралы ойлану маңызды. Бүгін біз қатты жел, найзағай, көктайғақ, қалың қар, аптап ыстық және басқа да қолайсыз ауа райы жағдайларында қалай әрекет ету керектігін қарастырамыз.

II. Негізгі бөлім

Қолайсыз ауа райы жағдайларына не жатады?

Қолайсыз ауа райы жағдайлары – адамға қауіп төндіруі мүмкін ауа райы:

- нөсер жаңбыр;
- найзағай;
- қатты жел;
- қалың қар және боран;
- көктайғақ;
- аптап ыстық.

«Қалай әрекет ету керек?» практикалық жұмысы

Педагог білім алушыларды 3 топқа біріктіреді. Әр топқа жағдаят жазылған карточка беріледі. Топ жағдаят сұрақтарына жауап береді.

1-кейс. Қатты жел

Сабақтан кейін Әлішер мектептен шыққанда, желдің кенет күшейгенін байқады. Көшеде ағаштардың бұтақтары қатты тербеліп тұр, ал жақын жерде жарнама құрылымдары орналасқан. Үйіне дейін бірнеше қиылысты артта қалдыруы керек.

Талқылаңыздар:

- Өз қауіпсіздігіңді қалай қамтамасыз етесің?
- Қауіпсіз бағытты қалай таңдауға болады?
- Жел одан әрі күшейсе, не істеу керек?

2-кейс. Көктайғақ және қалың қар

Аружан үйіне қайтып келе жатып, тротуардың мұз болып қатып қалғанын байқады. Қалың қар жауып, көріну қашықтығы нашарлап барады. Үйге тезірек жету үшін нашар жарықтандырылған жолмен жүріп, жолды қысқартуға болады.

Талқылаңыздар:

- Жолды қысқартқан дұрыс па?
- Қауіпсіз қозғалу үшін не істеу керек?
- Жолды жалғастыру қиындай түссе, не істеу керек?

3-кейс. Аптап ыстық және денсаулық жағдайының нашарлауы

Күннің аптап ыстығында серуендеп жүрген Данияр өзін әлсіз сезініп, басы айналды. Достары үйге дейін аз қалғанын айтып, серуенді жалғастыруды ұсынды.

Талқылаңыздар:

- Жолды жалғастыру керек пе?
- Ең алдымен не істеу қажет?
- Кімнен көмек сұрауға болады?

Топтар өз шешімдерін таныстырғаннан кейін педагог ұсынылған әрекет ету алгоритмдерін нақтылап, толықтырады.

«Шығар алдында тексер» жаттығуы

Педагог білім алушыларға қолайсыз ауа райы жағдайында үйден шығуға дайындалып жатқанын елестетуді ұсынады.

Әр білім алушы үйден шығар алдында жасалуы тиіс үш әрекетті атауы керек:

1. **Біл –** ауа райы болжамын алдын ала қарап, ескертулермен таныс.
2. **Дайындал –** ауа райына сай киім мен аяқ киім таңда, қажет заттарды өзіңмен бірге ал.
3. **Шешім қабылда –** сыртқа шығу қауіпсіз бе, соны бағала. Егер ауа райы қолайсыз болса, сыртқа шығуды кейінге қалдыр.

Есіңде болсын: 112 қызметінен келетін қолайсыз ауа райы туралы хабарламаларға үнемі назар аудар.

Педагог:

- Қауіпсіз әрекет үйде, көшеге шықпай тұрып басталады. Егер дауылды ескерту жарияланса немесе ауа райы қауіпті бола бастаса, өз бетіңше шешім қабылдама: ата-анаңмен немесе басқа ересек адаммен ақылдас.

Егер жағдай қауіпті болса...

Егер ауа райы күрт нашарласа, қауіпсіз жерге баруға тырыс және қай жерде екеніңді ересектерге хабарла. Егер жарақат алып, жолды бағдарлай алмасаң немесе өмірің мен денсаулығыңа тікелей қауіп төнсе, жаныңдағы ересек адамдардан көмек сұра немесе 112 нөміріне қоңырау шал.

Қауіпсіздік ережелері

Нөсер жаңбыр кезінде

- Қолшатыр немесе су өткізбейтін сырт киім пайдаланыңдар.
- Терең шалшықтар мен су жиналған жерлерді айналып өтіңдер.
- Жолдан өткенде асықпай, айналаға мұқият қараңдар.
- Қатты жаңбыр кезінде қауіпсіз жерге кіріп, ауа райының басылғанын күткен дұрыс.

Найзағай кезінде

- Мүмкіндік болса, жақын жердегі ғимаратқа кіріңдер.
- Жалғыз тұрған биік ағаштардың, бағандардың және басқа да биік нысандардың маңында тұрмаңдар.
- Ашық алаңда қалмауға тырысыңдар.
- Металл қоршаулар мен құрылымдарға жақындамаңдар.

Көктайғақ кезінде

- Асықпай, абайлап жүріңдер.
- Табаны таймайтын аяқ киім киіңдер.
- Тайғақ жерде жүгірмеңдер және кенет қимыл жасамаңдар.

Аптап ыстық кезінде

- Бас киім киіңдер.

- Суды жеткілікті мөлшерде ішіңдер.
- Мүмкіндігінше көлеңкеде болыңдар.
- Күн астында ұзақ жүрмеңдер.
- Өздеріңді жайсыз сезінсеңдер, бірден ересек адамға хабарлаңдар.

Есіңде болсын: 112 қызметінен келетін қолайсыз ауа райы туралы ескертулерге үнемі назар аударыңдар.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдерді жалғастыруды ұсынады:

- Бүгін мен ауа райы күрт өзгерген кезде ... маңызды екенін түсіндім.
- Үйден шығар алдында мен ...
- Егер көшеде ауа райы қауіпті бола бастаса, мен ...
- Егер маған көмек қажет болса, мен ...

Педагог сабақты қорытындылайды:

Қауіпсіздік ережелерін білу ғана емес, оларды нақты жағдайда қолдана білу де маңызды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 6 сабақ	**Энергетикалық сусындардың денсаулыққа зияны**
Мақсаты	Білім алушылардың энергетикалық сусындардың денсаулыққа ықтимал зияны туралы түсініктерін қалыптастыру және қауіпсіз таңдау жасау дағдыларын дамыту.
Міндеттері	– энергетикалық сусындардың ағзаға кері әсері және оларды тұтынудың ықтимал қауіптері туралы түсіндіру; – сусын таңдауда қауіпсіз әрі саналы шешім қабылдай білуге үйрету; – өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға және салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Топтық талқылауға арналған өмірлік жағдаяттар (кейстер) жазылған карточкалар, тапсырмаларды орындауға арналған «Пайдалы» және «Зиянды» карточкалары.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Кейбір жасөспірімдер шаршаған кезде энергетикалық сусын ішсе, сергіп, күш жинаймын деп ойлайды. Бірақ мұндай сусын ағзаға қалай әсер етеді? Бүгін энергетикалық сусындардың денсаулыққа әсерін және оларды тұтынудың қандай қауіптері бар екенін қарастырамыз.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- Өзіңді сергек сезінуге не көмектеседі?
- Шаршаған кезде не істейсің?
- Энергетикалық сусындарды тұтынып көрдің бе?

II. Негізгі бөлім

Энергетикалық сусындар туралы нені білу маңызды?

Энергетикалық сусын ішкеннен кейін адам біраз уақыт өзін сергек сезінуі мүмкін. Бірақ оның әсері ұзаққа созылмайды. Оның құрамындағы кофеин ағзаға күш түсіреді.

Мысалы, энергетикалық сусын ішкеннен кейін жүрек жиі соғуы, бас ауыруы, мазасыздық пайда болуы немесе ұйқы бұзылуы мүмкін. Сондықтан мұндай сусындар балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына кері әсер етуі мүмкін.

Педагог:

Сондықтан энергетикалық сусындарды ішпеген дұрыс. Достарың немесе таныстарың ұсынса да, одан бас тарта біл.

Топтық жұмыс

Педагог білім алушыларды 3 топқа біріктіреді. Әр топқа бір жағдаят ұсынылады.

Тапсырма: қауіптің неден туындағанын анықтап, қауіпсіз әрекет ету алгоритмін ұсыныңдар.

1-кейс. «Ішіп көр!»

Серуендеп жүргенде досы Әлиханға энергетикалық сусын ұсынады: «Аздап ішіп көр. Бәрі ішеді, ештеңе болмайды», – дейді. Әлихан бас тартады, бірақ танысы оны көндіруге тырысты.

Талқылаңыздар:

- Бұл жағдайда қандай қауіп бар?
- Бұл жерде қысым көрсетіліп жатыр ма?
- Әлихан қалай бас тарта алады?

2-кейс. «Сергіп алу керек»

Бақылау жұмысының алдында досы Аружанға энергетикалық сусын ұсынады:

- Ішіп ал, тапсырмаларды жақсырақ орындайсың», – дейді.

Талқылаңыздар:

- Ұсынысқа келісу керек пе?
- Қалай бас тартуға болады?
- Энергетикалық сусындар мидың жақсы жұмыс істеуіне көмектеседі ме?

3-кейс. «Жағдайы нашарлады»

Данияр энергетикалық сусын ішті. Біраз уақыттан кейін жүрегі жиі соғып, қолы дірілдеп, басы айнала бастады. Бірақ ол өзіне ұрысады деп қорқып, бұл туралы ересектерден көмегіне жүгінбеймін деп шешті.

Талқылаңыздар:

- Данияр ең алдымен не істеуі керек?
- Денсаулық жағдайының нашарлағанын жасыруға неліктен болмайды?
- Кімнен көмек сұрау керек?

Педагог:

- Егер белгісіз сусынды немесе өнімді ішкеннен кейін өзіңді жайсыз сезінсең, бұл туралы дереу ересек адамға айту қажет. Болған

жағдайды жасыруға немесе белгілердің өздігінен басылғанын күтуге болмайды.

«Нық бас тарту» практикалық жаттығуы

Педагог білім алушыларға төмендегі ұсыныстарға жауап беріп, бас тарту дағдыларын жаттықтыруды ұсынады:

- «Ішіп көр, бәрі ішіп көрді!»
- «Бір рет ішкеннен ештеңе болмайды!»
- «Не, қорқып тұрсың ба?»

Білім алушылар бас тартудың қысқа әрі нақты нұсқаларын ұсынады:

- «Жоқ, мен ішпеймін».
- «Маған оның қажеті жоқ».
- «Мен энергетикалық сусын ішпеуге шешім қабылдадым».

Педагог:

- Денсаулығыңа зиян келтіруі мүмкін нәрседен бас тарту үшін ұзақ түсініктеме берудің қажеті жоқ. Сабырлы әрі нық түрде «жоқ» деп айтып, әңгімені тоқтатуға болады.

Энергетикалық сусындарсыз сергектікті қалай сақтауға болады?

- күн тәртібін сақтау;
- тәулігіне кемінде 8–10 сағат ұйықтау;
- дұрыс тамақтану;
- таза су ішу;
- спортпен шұғылдану;
- таза ауада көбірек серуендеу.

Егер энергетикалық сусын ішіп қойсаң және өзіңді жайсыз сезінсең, дұрыс әрекет ету алгоритмін есте сақта:

1. Ересек адамға айт – ата-анаңа, педагогке, жаттықтырушыға немесе өзің сенетін басқа ересек адамға хабарла.
2. Не ішкеніңді және оның мөлшерін білсең, ересек адамға нақты айт.
3. Белгілерді жасырма – жүрек соғуының жиілеуі, бас айналу, әлсіздік немесе денсаулық жағдайының басқа да нашарлау белгілері болса, міндетті түрде хабарла.
4. Ересек адамның немесе медицина қызметкерінің нұсқауларын орында. 103 нөмірі арқылы жедел медициналық көмекке жүгін.

«Заң және тәртіп» қағидаты адамның денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғауға арналған ережелерді сақтауды талап етеді. Осындай талаптардың бірі – энергетикалық сусындарды сатуға қойылатын жас шектеуі.

Қазақстанда 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап энергетикалық сусындарды 21 жасқа толмаған адамдарға сатуға тыйым салынған. Бұл талап халықтың, әсіресе жастардың, денсаулығын қорғауға бағытталған.

Педагог білім алушылардың назарын тақырыпқа қатысты жаднамаларға аударады.

https://drive.google.com/file/d/1WBNlCTCYT_TkNWCEvOII6gxwfX-lq9Co/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

Талқылауға арналған сұрақтар:

- Энергетикалық сусындар неліктен тек уақытша сергектік береді?
- Адамның шын мәнінде сергек әрі белсенді болуына не көмектеседі?

Рефлексия

Сөйлемдерді жалғастырыңдар:

- Бүгін мен ... білдім.
- Маған ... қызықты болды.
- Енді мен ... түсінемін.
- Денсаулығымды сақтау үшін мен ...

Педагог қорытынды жасайды:

Денсаулықтарыңды күтіңдер! Сергек әрі белсенді болудың ең жақсы жолы – жеткілікті ұйықтау, дұрыс тамақтану, қимыл-қозғалысты көбейту және күн тәртібін сақтау.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 7 сабақ	**Интернеттегі қауіпті трендтер**
Мақсаты	Білім алушылардың интернетте қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- «интернет-тренд» ұғымымен таныстыру; - өз қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті дамыту; - интернет-трендтердің ықтимал қауіптерін бағалауға және қауіпсіз шешім қабылдауға үйрету.

Материалдар мен ресурстар

Қауіпсіз және қауіпті интернет-трендтер мен челлендждердің мысалдары берілген карточкалар, танымал интернет-трендтер бейнеленген иллюстрациялар немесе скриншоттар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Әлеуметтік желіден блогердің ерекше трюк жасап жатқан бейнесін көрдің делік. Пікірлерде: «Бәрі істеп жатыр! Сен де байқап көр!» – деп жазылған. Осы жағдайдың қауіпті екенін қалай анықтауға болады?

Бүгін біз:

- интернеттегі трендтер мен челлендждердің не екенін;
- олардың кейбірі неліктен қауіпті болуы мүмкін екенін;
- қауіпті әрекеттерді қалай ажыратуға болатынын;
- интернеттегі қысымға ермей, дұрыс шешім қабылдауды қарастырамыз.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- Әлеуметтік желіде қандай трендтерді немесе челлендждерді көрдіңдер?
- Адамдар неліктен трендтерге қосылғысы келеді?
- «Бәрі жасап жатыр» деген сөз әрекетті қауіпсіз етеді ме?
- Бір трендке қатыспас бұрын нені ойлау керек?

II. Негізгі бөлім

Интернет-тренд дегеніміз не?

Педагог:

Интернет-тренд – әлеуметтік желілерде тез таралатын танымал идея, әрекет немесе челлендж. Көптеген трендтер қауіпсіз болғанымен, кейбіреулері денсаулық пен өмірге қауіп төндіруі мүмкін.

Қауіпті тренд қауіпті әрекет жасауды, қауіпті заттарды пайдалануды, ережелерді бұзуды немесе өз әрекетін ересектерден жасыруды ұсынуы мүмкін.

Қауіпті трендті қалай тануға болады?

Бейнежазбада бәрі оңай әрі қауіпсіз көрінуі мүмкін. Бірақ сен кадрдың сыртында не болғанын көрмейсің: видео өңделуі, бірнеше рет түсірілуі немесе арнайы дайындықпен жасалуы мүмкін.

Сондықтан трендті көргенде бірден қайталауға асықпа.

Өзіңе 4 сұрақ қой:

Бұл қауіпті ме?

Өзіме немесе басқа адамға қауіп төнбей ме?

Бұл әрекет үшін мектеп ережесін немесе заңды бұзу керек пе?

Маған қысым жасап жатыр ма?

«Қорқып тұрсың ба?», «Бәрі жасап жатыр!» деп көндіріп жатқан жоқ па?

Егер осы сұрақтардың біреуіне болса да «иә» деп жауап берсең, трендке қатыспа.

Есте сақта: желідегі танымал әрекеттің бәрі қауіпсіз емес. Күмәндансаң, тоқта, тексер және өзің сенетін ересек адаммен ақылдас.

«Қалай әрекет ету керек?» топтық жұмысы

Педагог білім алушыларды 3 топқа біріктіреді. Әр топ қауіптің неден туындағанын анықтап, қауіпсіз шешім ұсынады.

1-кейс. «Қайталауға батылың жете ме?»

Сыныптасы Әлиханға танымал бейнедегі қауіпті трюкті қайталауды ұсынады: «Батылың жете ме? Есесіне көп қаралым жинаймыз».

2-кейс. «Блогер жасап көрді ғой»

Аружан блогердің күрделі трюкті оңай орындағанын көрді. Бейнетүсірілімнің қалай жүргізілгені белгісіз болса да, құрбысы оған осы трюкті қайталауды ұсынады.

3-кейс. «Ешкімге айтпа»

Данияға қауіпті тапсырманы орындап, оны бейнеге түсіруді және бұл туралы ересектерге айтпауды ұсынады. Ол үшін көп қаралым жинауға уәде береді.

Топтарға арналған сұрақтар:

- Қауіп неде?
- Неден сақ болған жөн?
- Қалай әрекет ету керек?

- Кімнен көмек сұрауға болады?

«ТОҚТА – ОЙЛАН – ШЕШІМ ҚАБЫЛДА» алгоритмі

ТОҚТА – көрген әрекетіңді қайталауға асықпа.

ОЙЛАН – ықтимал салдарын бағала.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДА – егер қауіп болса, бас тарт.

III. Қорытынды бөлім

«Менің қауіпсіз таңдауым» рефлексиясы

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді жалғастыруды ұсынады:

- «Егер мен қауіпті интернет-трендті көрсем, ...»
- «Егер мені оған қатысуға көндірсе, мен ...»
- «Егер маған көмек қажет болса, мен ...»

Педагог:

– Естеріңде болсын: қысқа бейнероликтің артында монтаж, алдын ала дайындық және мамандардың (каскадер) көмегі болуы мүмкін. Ал кейбір видеолар қауіпсіздік ережелерін сақтамай түсіріледі. Сондықтан көрген әрекетті бірден қайталауға асықпаңдар. Лайк пен қаралым үшін денсаулықтарыңды қатерге тікпеңдер.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 8 сабақ	**Мессенджерлерді қауіпсіз пайдалану және жеке деректерді қорғау**
Мақсаты	Білім алушылардың мессенджерлерде қауіпсіз қарым-қатынас жасау және өз жеке деректеріне жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- мессенджерлерде қауіпсіз қарым-қатынас жасау ережелерімен таныстыру; - бейтаныс адамдарға айтуға болмайтын жеке деректерді ажырата білуге үйрету; - интернетте қауіпсіз әрекет ету дағдыларын және дұрыс шешім қабылдай білу қабілетін дамыту.

Материалдар мен ресурстар

«Жіберуге болады» және «Жіберуге болмайды» карточкалары, хабарламалар, фотосуреттер, смайликтер, сілтемелер және файлдар бейнеленген карточкалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

«Цифрлық чемодан» ойыны

Педагог:

– Әрқайсың интернет әлеміне саяхатқа дайындалып жатырсыңдар деп елестетіңдер. Бірақ сендердің кәдімгі чемодандарыңның орнына ішінде жеке деректерің сақталған «цифрлық чемодандарың» бар.

Сұрақтар:

– Мұндай чемоданның ішінде не болуы мүмкін?

(Білім алушылар жауап береді: аты-жөні, фотосуреттер, телефон нөмірі, мекенжайы, құпиясөздер).

Педагог:

– Мұның барлығы жеке деректер деп аталады. Егер олар бейтаныс адамдардың қолына түссе, оларды алаяқтық мақсатта пайдалануы мүмкін. Сондықтан бүгін біз өзіміздің қауіпсіз «цифрлық чемоданымызды» қалай қорғау керектігін үйренеміз.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1MWXo7_JNDjaF0E09n5rXehgMAjVOYfcO/view?usp=sharing

II. Негізгі бөлім

«Құпияда сақтау не жария ету?» ойыны

Педагог әртүрлі ақпарат жазылған карточкаларды көрсетеді.

Егер ақпаратты жариялауға болатын болса, «Болады» карточкасын көтереді.

Егер құпия жеке ақпарат болса, «Болмайды» карточкасын көтереді.

Карточкалар:

- сүйікті жыл мезгілі;
- сүйікті мектеп пәні;
- үйдің мекенжайы;
- телефон нөмірі;
- туған күні;
- аккаунттың құпиясөзі;
- жеке фотосуреті;
- сүйікті компьютерлік ойыны.

Әр жауаптан кейін педагог таңдалған нұсқаның себебін қысқаша түсіндіреді. Қорытынды:

- Сен туралы тым көп ақпарат білуге мүмкіндік беретін мәліметтердің барлығы жеке деректерге жатады және оларды қорғау қажет.

«Пошта сүзгісі» ойыны

Тақтада екі конверт орналасады:

- «Қауіпсіз»
- «Қауіпті»

Педагог карточкаларды көрсетеді.

Мысалы:

- ата-анадан келген хабарлама;
- белгісіз сілтеме;
- құпиясөзді хабарлауды сұрау;
- фотосурет жіберуді сұрау;
- досыңнан келген құттықтау;
- бейтаныс адам жіберген файл.

Білім алушылар әр карточканы қай конвертке салу керектігін анықтайды.

Талқылаудан кейін педагог қорытынды жасайды:

- Хабарламаны ашпас бұрын немесе оған жауап жібермес бұрын, оның қауіпсіз екені туралы әрдайым ойлау керек.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әр адамның жеке өмірі мен жеке деректерінің қорғалуына құқығы бар. Сондықтан басқа адамның телефон нөмірін, мекенжайын, фотосын, хат алмасуын немесе басқа да жеке мәліметтерін оның рұқсатынсыз таратуға болмайды.

«Заң мен тәртіп» қағидатын естен шығарма: – өз деректеріңді қорға, өзгенің құпиялылығын құрметте және интернетте де белгіленген ережелерді сақта! Егер мессенджерде біреу сенен жеке мәлімет сұраса, күмәнді сілтеме жіберсе, қорқытса немесе рұқсатсыз ақпарат таратса, оған жауап ретінде ережені бұзуға немесе жанжалға баруға болмайды.

Есіңде болсын! Жеке деректеріңді бейтаныс адамдарға жіберме, күмәнді сілтемелерді ашпа және құпиясөзіңді ешкімге айтпа. Қауіп төнсе немесе құқықтарың бұзылса, ата-анаңа, педагогке немесе өзің сенетін ересек адамға хабарла. Қажет болса, **111** нөміріне жүгінуге болады.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- Бүгін мен жеке деректердің ... екенін түсіндім.
- Енді мен ешқашан ... жібермеймін.
- Хабарламаға жауап бермес бұрын, мен ...
- Интернетте өзімді қорғау үшін мен ...

Сабақтың басты ережесі

Жеке деректер – құнды ақпарат. Оларды бейтаныс адамдармен бөліспе, хабарламаларды тексер және бір нәрсе жібермес бұрын әрдайым ойлан.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің «FinGramota.kz» жобасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 9 сабақ	**Интернеттегі күмәнді сілтемелер мен хабарламалар**
Мақсаты	Білім алушылардың мессенджерлерде қауіпсіз қарым-қатынас жасау дағдыларын және жеке деректерін қорғауға жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру
Міндеттері	– білім алушыларды «фишинг» ұғымымен таныстыру; – қауіпті хабарламалар мен сілтемелердің белгілерін ажырата білуге үйрету; – интернетте қауіпсіз әрекет ету және жауапты шешім қабылдау дағдыларын дамыту.

Материалдар мен ресурстар

Қауіпсіз және күмәнді хабарламалардың мысалдары жазылған карточкалар, «Қауіпсіз» (жасыл) және «Қауіпті» (қызыл) карточкалар, сілтемелер, хабарламалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Балалар, біз күн сайын мессенджерлерден, әлеуметтік желілерден және онлайн ойындардан хабарламалар аламыз. Кейбір хабарламалар достарымыздан, ата-анамыздан немесе ұстаздарыңыздан келеді. Ал кейбірі бейтаныс адамдардан келуі мүмкін.

Кейде мұндай хабарламалар өте сенімді көрінеді: сыйлық ұсынады, тегін ойындарға бонус береді, оңай ақша табуды уәде етеді немесе шұғыл мәселе туралы ескертеді. Алайда олардың артында алаяқтар болуы мүмкін.

Бүгін біз қауіпті хабарламалар мен сілтемелерді қалай анықтауға болатынын, неліктен оларды ашып, сілтемелерге өтпеу керектігін және интернетте жеке деректерімізді қалай қорғауға болатынын үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

Интернет-детектив зертханасы.

Педагог:

– Бүгін біз интернет-детективтер болып көрейік. Нағыз интернет-детектив хабарламаға бірден сенбейді. Алдымен оның шындық екенін немесе тұзақ болуы мүмкін екенін анықтауға көмектесетін белгілерді іздейді.

Тақтада «Қауіпті хабарламаның бес белгісі» деген тақырып пайда болады.

1-белгі. Тым тиімді ұсыныс

Алаяқтар көбіне шындыққа жанаспайтындай тартымды нәрселерді ұсынады:

- «Сен жаңа телефон ұтып алдың!»
- «Бір миллион тиынды тегін ал!»
- «Тек бүгін әр адамға сыйлық беріледі!»

Педагог:

– Егер сен ешқандай байқауға немесе ойынға қатыспай-ақ, саған кенеттен «сыйлық ұтып алдың» деген хабарлама келсе, ойланып көр: бұл алаяқтық болуы мүмкін.

2-белгі. Хабарламада саған асығыс шешім қабылдауға итермелейтін сөздер болады

Алаяқтар адамды әдейі асықтыруға тырысады.

Мысалы:

- «3 минут қана қалды!»
- «Шұғыл түрде сілтемеге өт!»
- «Аккаунтың бүгін өшіріледі!»

Педагог:

– Асықтырған кезде ойланып, жағдайды тексеруге уақыт аз қалады. Алаяқтардың көздейтіні де – осы.

3-белгі. Жеке деректерді хабарлауды сұрайды

Егер хабарламада құпиясөзді;

- телефон нөмірін;
- SMS арқылы келген кодты;
- ата-анаңның банк картасына қатысты деректерді сұраса, онда бұл қауіпті хабарлама болуы мүмкін.

Педагог:

– Банктің, мектептің, ойынның немесе әлеуметтік желінің шынайы қызметкерлері хат алмасу барысында сенен құпиясөзіңді немесе SMS арқылы келген кодты хабарлауды ешқашан сұрамайды.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1Oa2a3GCqfvaO4GYfEq4FxH2lyzwmp5lx/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

Педагог:

– Бүгін біз интернеттегі әрбір хабарлама мен сілтеменің қауіпсіз бола бермейтінін білдік. Алаяқтар жеке деректерді қолға түсіру немесе адамды алдау үшін түрлі айла-тәсілдерді қолдануы мүмкін. Енді сендер күмәнді сілтемелерді ашуға асықпау, құпиясөздерің мен жеке ақпараттарыңды ешкімге хабарламау керектігін білесіңдер. Егер хабарлама күмән тудырса, оны ата-анаңа, педагогке немесе өзің сенетін басқа ересек адамға көрсеткен дұрыс.

«Сөйлемді жалғастыр» рефлексиясы

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- Бүгін мен ... білдім.
- Енді мен әрқашан ...
- Егер күмәнді хабарлама алсам, мен ...
- Мен үшін интернеттегі қауіпсіздіктің ең маңызды ережесі – ...

Педагог:

– Жарайсыңдар! Естеріңде болсын: мұқият болу және сақтық таныту жеке деректеріңді қорғауға әрі интернетті қауіпсіз етуге көмектеседі.

Сабақтың басты ережесі

Алдымен ойлан, содан кейін бас! Егер күмәндансаң – сілтемені ашпа және ересек адамнан көмек сұра.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 10 сабақ	Кибербуллингтен қорғану және өзгеге қолдау көрсету
Мақсаты	Білім алушылардың кибербуллингті ажырата білу, одан қорғану және осындай жағдайға тап болған адамға қолдау көрсету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– кибербуллингтің негізгі белгілерін танып, оны жай әзілден немесе келіспеушіліктен ажырата білуге үйрету; – кибербуллингке тап болған жағдайда қауіпсіз әрекет ету, жағымсыз хабарламаларға жауап бермеу, оларды бұғаттау және сенімді ересек адамнан көмек сұрау дағдыларын дамыту; – өзгенің ар-намысы мен жеке шекарасын құрметтеуге, кибербуллингке қатыспауға және зардап шеккен адамға қолдау көрсетуге тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Кибербуллинг туралы тақырыптық бейнематериал, әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде және онлайн ойындарда кездесетін кибербуллинг мысалдары бейнеленген иллюстрациялар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Сынып чатына бір оқушының сәтсіз түскен суретінен стикер жасап, тарата бастады делік. Біреулер күліп жатыр, енді біреулер оны басқа чаттарға жіберуде. Сен мұндай жағдайда не істер едің? Стикерді әрі қарай таратасың ба, чаттан шығып кетесің бе, әлде бұл әрекетті тоқтатуға тырысасың ба?

Бір қарағанда, бұл жай әзіл сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ егер мұндай әрекет адамды ренжітсе, кемсітсе немесе әдейі мазақ ету үшін жасалса, бұл кибербуллингке айналуы мүмкін.

Бүгін біз осындай жағдайда қалай дұрыс әрекет ету қажет және кибербуллингке ұшыраған досыңа қалай қолдау көрсету керектігін талқылаймыз.

II. Негізгі бөлім

Кибербуллинг дегеніміз не?

Кибербуллинг – интернет, әлеуметтік желілер, мессенджерлер және онлайн ойындар арқылы қорлау, кемсіту, қорқыту, жалған ақпарат немесе ренжітетін материалдар тарату.

Кибербуллинг қалай көрініс табуы мүмкін?

- ренжітетін хабарламалар мен пікірлер жазу;
- чаттарда мазақ ету;
- жалған ақпарат тарату;
- басқа адамның фотосуретін оның рұқсатынсыз жариялау;
- адамды кемсіту мақсатында топтар немесе парақшалар құру;
- қорқыту және үркіту.

Жағдаяттарды талқылау

1-жағдаят. Мектеп чатында бірнеше білім алушы сыныптасын мазақтап, оған ренжітетін хабарламалар жаза бастады.

Сұрақтар:

Куәгер қалай әрекет етуі керек?

Неліктен мазақтауға қосылуға болмайды?

2-жағдаят. Әлеуметтік желіде сыныптасың туралы мем пайда болып, ол мектеп оқушылары арасында тез таралып жатыр.

Сұрақтар:

Мұндай материалды басқа чаттарға жіберуге бола ма?

Сыныптасың осы кезде не сезуі мүмкін?

Кибербуллингке ұшыраған адамға қалай қолдау көрсетуге болады?

3-жағдаят. Айбек екеуі бір уақытта онлайн ойын ойнап жүрсіңдер. Сен ойын барысында басқа лақап атпен кіретін бір баланың Айбекке үнемі былапыт сөздер жазып, оны қорлайтынын байқадың. Бұл жағдай әр ойын сайын қайталанады.

Сұрақтар:

Неліктен мұндай жағдайды елемеуге болмайды?

Айбекке қалай қолдау көрсетуге болады?

Бұл туралы кімге айту керек?

Ойындағы қорлау тоқтамаса, қандай әрекет жасауға болады?

Кибербуллингке тап болған жағдайда не істеу керек?

1. **Жауап беруге асықпа.** Қорлау мен қорқытуға агрессиямен жауап берме.
2. **Кибербуллингті қолдама.** Ренжітетін жазбаға лайк баспа, пікір жазба және оны басқа адамдарға таратпа.
3. **Дәлелдерді сақта.** Хабарламалардың, пікірлердің немесе басқа материалдардың скриншотын сақтап қой.

4. **Бұғатта және шағымдан.** Ренжіткен адамды бұғаттап, платформадағы шағымдану мүмкіндігін пайдалан.

5. **Басқа адамға қолдау көрсет.** Егер кибербуллингке басқа адамның тап болғанын көрсең, оған қосылма, ренжітетін материалды таратпа және қолдау көрсет.

6. **Қауіп төнсе, міндетті түрде көмек сұра.** Егер саған қоқан-лоқы жасалса, бопсаласа немесе өзіңді қауіпсіз сезінбесең, бұл туралы бірден ересек адамға хабарла.

Кімнен көмек сұрауға болады?

- ата-анаңнан немесе өзің сенетін жақын адамыңнан;
- сынып жетекшісінен немесе басқа педагогтен;
- мектеп психологінен;
- 111 – отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша Бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығынан.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1P2jq6pUVs8J0Ogc1DvelgJ2piyedvJyx/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

Педагог қорытынды жасайды:

- Біреуді қорлау, қорқыту, мазақ ету, ренжітетін материал тарату немесе әдейі қудалау оның көңіл күйіне, оқуына және өзін қауіпсіз сезінуіне кері әсер етуі мүмкін.

«Заң мен тәртіп» қағидаты интернетте де өзгенің құқығын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуді талап етеді. Сондықтан кибербуллингке қосылмау, ренжітетін материалды таратпау, мәселені агрессиямен шешпеу және қажет кезде ересектерден көмек сұрау маңызды.

Егер кибербуллингке тап болсаң, дәлелдерді сақта, ренжіткен адамды бұғатта және болған жағдайды ата-анаңа, сынып жетекшісіне, мектеп психологіне немесе өзің сенетін басқа ересек адамға айт.

«Менің қауіпсіз қадамым» рефлексиясы

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді жалғастыруды ұсынады:

- «Егер мені интернетте ренжітсе, мен ...»
- «Егер ренжітетін жазба немесе сурет көрсем, мен ...»
- «Егер жағдайды өзім шеше алмасам, мен ... көмек сұраймын».

Басты ереже

Кибербуллингке қосылма. Өзгенің құқығын құрметте. Дәлелдерді сақта және қажет болса, ересек адамнан көмек сұра.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 11 сабақ	**Жолда жүру, самокат, велосипед және скейтборд тебу кезіндегі қауіпсіздік ережелері**
Мақсаты	Білім алушылардың жолда, велосипед, самокат және скейтборд тепкен кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау және дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	- велосипед, самокат және скейтборд тебу кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін бекіту; - жолдан өту кезінде қауіпсіз әрекет ету алгоритмін меңгерту; - жол жағдайын бағалай білу, зейін қою және өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау дағдыларын дамыту.

Материалдар мен ресурстар

«Велосипедшілер мен самокат пайдаланушыларының қауіпсіздігі» тақырыбындағы постер, «Қатені байқа» жаттығуына арналған жолдағы жағдайлар бейнеленген карточкалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Велосипед, самокат және скейтбордпен жүру қызықты әрі белсенді қозғалысқа мүмкіндік береді. Бірақ оларды пайдаланған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау өте маңызды. Велосипедпен немесе самокатпен жол қозғалысына қатысқанда жол ережелерін сақтау, ал скейтборд тепкенде қауіпсіз орын таңдап, айналадағы адамдарға кедергі келтірмеу қажет.

Ойланыңдар:

Велосипедті, самокатты немесе скейтбордты жақсы тебе білу қауіпсіздік ережелерін сақтамауға бола ма? Неліктен?

Телефонға алаңдап немесе жан-жағыңа қарамай жүргенде не болуы мүмкін?

Педагог қорытындылайды:

– Жолдағы сақтық денсаулық пен өмірді сақтауға көмектеседі. Бүгін біз қауіпті жағдайлардың алдын алуға көмектесетін ережелерді еске түсіреміз.

II. Негізгі бөлім

«Қатесіз маршрут» жаттығуы

Педагог маршрут сызбасын көрсетеді:

үй → тротуар → жаяу жүргіншілер өткелі → саябақ.

Білім алушылар жолдың әр бөлігінде қалай дұрыс әрекет ету керектігін түсіндіреді.

Талқылау:

Тротуар

- жаяу жүргіншілерге жақындағанда жылдамдықты азайту;
- жаяу жүргіншілерге кедергі келтірмеу;
- адамдар көп жерде жылдам жүрмеу.
- скейтборд тепкенде жаяу жүргіншілерге кедергі келтірмеу, адам көп жерде одан түсіп, қолмен алып жүру;

Жаяу жүргіншілер өткелі

- өткелге жақындағанда тоқтау;
- велосипедтен немесе самокаттан түсу, скейтбордты қолына алу;
- велосипедті немесе самокатты жетектеп, ал скейтбордты қолына ұстап, жолдан жаяу өту;

Саябақ немесе веложол

- басқа адамдармен арақашықтық сақтау;
- біреуге жақындағанда алдын ала белгі беру;
- адамдардың жанында қауіпті трюктер жасамау;
- скейтборд тебуге қолайлы әрі қауіпсіз жерді таңдау;
- жаяу жүргіншілердің жанында жылдамдықты азайту;
- адамдар жүрген жерде қауіпті қимылдар мен трюктер жасамау;

Теміржол өткелі

- теміржолдан тек арнайы белгіленген өткел арқылы өту;
- өткелге жақындағанда тоқтап, екі жаққа қарау;
- бағдаршамның белгісіне және дыбыстық ескертуге назар аудару;
- пойыз жақындап келе жатса, жолдан өтпеу;
- шлагбаум жабық немесе жабылып келе жатса, одан өтпеу;
- велосипедті немесе самокатты жетектеп, скейтбордты қолына алып, теміржолдан жаяу өту;
- теміржолдан өтер кезде телефонға алаңдамау және құлаққапты шешу.

«Қатені байқа» практикалық тапсырмасы

Педагог әрекеттерді оқиды. Егер ереже бұзылса, білім алушылар қатені түсіндіріп, дұрыс шешім ұсынады.

• Велосипедші жаяу жүргіншілер өткелінен велосипедтен түспей өтіп бара жатыр.

• Бала самокатпен қорғаныш шлемін киіп жүр.

• Самокат мінген бала жаяу жүргіншілерді жоғары жылдамдықпен айналып өтеді.

• Бала жолға шығар алдында тежегіштерін тексереді.

• Велосипедші қозғалыс кезінде телефонмен сөйлесіп келеді.

• Бала скейтбордпен адамдар көп жүретін жерде жоғары жылдамдықпен келе жатыр.

• Бала скейтборд тебер алдында шлемі мен қорғаныш құралдарын киіп алды.

Талқылаудан кейін педагог қорытынды жасайды:

Велосипед пен электросамокатты пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидаларында белгіленген. Бұл ережелер жол қозғалысына қатысушылар үшін міндетті және адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауға көмектеседі.

Білу және сақтау маңызды:

- жолдың жүру бөлігінде қозғалған кезде қорғаныш шлемін пайдалану қажет;
- самокатпен жолаушы тасымалдауға болмайды;
- жаяу жүргіншілер өткелінен велосипедтен немесе электросамокаттан түсіп, оны жаныңа жетектеп өту қажет;
- қараңғы уақытта жарық шағылыстыратын киім, ал болған жағдайда жарықтандыру құралдарын пайдалану қажет;
- қозғалыс кезінде ұялы телефонға алаңдауға болмайды;
- қауіпсіз жылдамдықты таңдап, жаяу жүргіншілердің жанында, аулаларда және тұрақта тұрған көліктердің маңында аса мұқият болу қажет;
- кәмелетке толмағандарға электросамокатпен жолдың жүру бөлігіне шығуға тыйым салынады.
- Жалға берілетін электросамоакаттарды кәмелетке толмағандарға пайдалануға тыйым салынады.

Скейтборд тепкенде де қауіпсіздікті ұмытпа:

- қорғаныш шлемін, тізеқап пен шынтаққапты пайдалан;
- көлік жүретін жолға шықпа;
- қауіпсіз әрі арнайы орындарды таңда;
- жаяу жүргіншілерге кедергі келтірме;
- жолдан өтерде скейтбордтан түсіп, оны қолыңа ал.

Педагог қорытындылайды:

Жол қозғалысы ережелерін сақтау – «Заң және тәртіп» қағидатының бір бөлігі. Ережелерді білу және орындау олардың заңмен

белгіленгені үшін ғана емес, өз қауіпсіздіктерің мен айналадағы адамдардың қауіпсіздігін сақтау үшін де маңызды.

III. Қорытынды бөлім

«Ережені жалғастыр» рефлексиясы

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- Велосипед, самокат немесе скейтборд тебер алдында мен әрқашан ...
- Жолдан өтер кезде мен міндетті түрде ...
- Сапарым қауіпсіз болуы үшін ...
- Бүгін есте сақтаған ең маңызды ереже – ...

Педагог қорытынды жасайды:

– Жол қозғалысының жауапты қатысушысы жылдамдыққа емес, қауіпсіздікке мән береді. Ол «Заң мен тәртіп» қағидатын, жол жүрісі ережелерін сақтайды, айналасындағы адамдарды құрметтейді және әр әрекетін ойланып жасайды.

6-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН «ҚАУІПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР ТОПТАМАСЫ



№	Тақырыптар
1.	**Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері**
2.	**Буллинг пен кибербуллинг кезінде кімге жүгіне аламын?**
3.	**Қауіпті сілтемелер, хабарламалар және интернет-алаяқтық**
4.	**Ақшаңды не затыңды талап еткендегі қауіпсіздік ережелері**
5.	**Түтін мен өрт қаупі кезіндегі қауіпсіз әрекет**
6.	**Вейп пен электрондық темекінің зияны**
7.	**Жасанды интеллектіні қауіпсіз пайдалану**
8.	**Жалған ақпаратты қалай ажыратуға болады?**
9.	**Интернеттегі қауіпті қарым-қатынас белгілері**
10.	**Қалалық инфрақұрылым және жасырын қауіптер**
11.	**Су мен мұздағы қауіпсіздік ережелері**

№1 сабақ	Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері
Мақсаты	Білім алушылардың қауіпті жағдайда қажетті жедел қызметті дұрыс таңдап, көмекке жүгіну дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- жедел қызметтерге хабарласу тәртібі туралы білімдерін бекіту және оны жағдаятқа сай қолдануға үйрету; - қауіпті жағдайды бағалап, дұрыс әрі қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын дамыту; - жедел қызметтерге жауапкершілікпен жүгінуге және олардың жұмысына құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Жедел қызметтерді шақыру туралы тақырыптық бейнематериал, 101, 102, 103, 104, 112, 111 жедел қызмет нөмірлері көрсетілген карточкалар.

Сабақ барысы

Кіріспе бөлім

Педагог:

– Елестетіп көріңіздер: жаныңыздағы адамның денсаулығы кенеттен нашарлады. Оған бірінші болып сіз көмектесе аласыз. Қай нөмірге қоңырау шаласыз?

Білім алушылар қысқа жауап береді.

Педагог:

– Бүгін бірнеше секунд ішінде қажетті қызметті дұрыс таңдап, болған жағдай туралы нақты ақпарат бере аламыз ба, соны тексереміз.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады:

https://drive.google.com/file/d/1CpHsUuaZrvtFqm_VlWwva3vGJQtC74gi/view?usp=sharing

II. Негізгі бөлім

1-жаттығу. «Қажетті қызметті таңда».

Білім алушылар жұппен жұмыс істейді.

Әр жұпқа жағдаят ұсынылады. Білім алушылар жағдаятқа сәйкес қажетті қызмет нөмірін таңдайды.

Жағдаяттар:

- өрт шықты;
- адамның денсаулығы кенеттен нашарлады;

- газдың иісі сезілді;
- ұрлық жасау әрекеті байқалды;
- бірнеше жедел қызметтің көмегі қажет.

Жауап бергеннен кейін білім алушылар өз таңдауының себебін түсіндіреді.

2-жаттығу. «Диспетчермен сөйлесу».

Педагог жедел қызметке хабарласу алгоритмін еске салады:

- **не болды?**
- **қай жерде болды?**
- **кім қоңырау шалып тұр?**

Білім алушылар жұппен жұмыс істейді.

Диспетчер:

– 103 қызметі. Тыңдап тұрмын.

Білім алушы:

– Атамның денсаулығы кенеттен нашарлады.

– Абай көшесі, 25-үй.

– Менің атым – Айбар.

Жаттығу аяқталғаннан кейін педагог қорытынды жасайды:

– Ақпарат неғұрлым нақты берілсе, көмек соғұрлым жедел көрсетіледі.

3-жаттығу. «111 байланыс орталығы қандай жағдайда көмектеседі?»

Педагог:

– 111 – қиын жағдайда жалғыз қалмауға көмектесетін нөмір. Егер саған көмек керек болса немесе бір нәрсе мазаласа, осы нөмірге хабарласуға болады.

Жағдаят:

Сыныптасыңды үнемі басқа сынып оқушылары мазақтайды, бірақ ол бұл туралы ересектерге айтуға қорқады.

Білім алушылардың ықтимал жауаптары:

– Сынып жетекшісіне немесе мектеп психологіне, ата-анасына айтуға кеңес беремін.

– Қажет болған жағдайда **111** байланыс орталығына хабарласуға болады.

III. Қорытынды бөлім

«Ережені жалғастыр»

- Егер қауіпті жағдай орын алса, мен... (көмекке жүгінемін).
- Жедел қызметке қоңырау шалған кезде... (не болғанын, қай жерде болғанын және кім қоңырау шалып тұрғанын айтамын).
- Егер маған қолдау қажет болса, бұл туралы... (ересек адамға айтып, көмекке жүгінемін).

Педагог:

– Ең басты ережені есте сақтаңыздар: «Үрейленбе – нақты хабарла – көмек ал!».

Қорытынды сұрақтар:

– 112 нөміріне қандай жағдайда қоңырау шаламыз?

– Диспетчерге қандай ақпарат береміз?

– 111 нөміріне қандай жағдайда хабарласуға болады?

– Неліктен жедел қызметтерге жалған қоңырау шалуға болмайды?

Қосымша ақпарат

Нөмір / байланыс	Қызмет
112	Бірыңғай жедел көмек қызметі
101	Өрт сөндіру қызметі
102	Полиция
103	Жедел медициналық жәрдем
104	Авариялық газ қызметі
111	Отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі «111» байланыс орталығы (тәулік бойы, 24/7)
Психологиялық қолдау орталығы *(өңіріңіздегі байланыс нөмірлері)*	Психологиялық қиындықтар, қатты күйзеліс, мазасыздық, буллинг жағдайларында психологиялық көмек пен қолдау көрсету
Балалардың құқықтарын қорғау басқармасы *(өңіріңіздегі байланыс нөмірлері)*	Балалардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған, сондай-ақ қорғау мен көмек қажет болған жағдайларда қолдау көрсету

№2 сабақ	**Буллинг пен кибербуллинг кезінде кімге жүгіне аламын?**

Мақсаты	Білім алушыларға буллинг пен кибербуллинг белгілерін ажырата білуді және мұндай жағдайда қауіпсіз әрекет ету дағдысын қалыптастыру.
Міндеттері:	- буллинг пен кибербуллингтің белгілерін танып білуге үйрету; - қиын жағдайда өзін дұрыс ұстап, сенімді адамнан көмек сұрай білу дағдысын қалыптастыру; - өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, өзгелердің ар-намысы мен жеке шекарасын құрметтеуге баулу.

Материалдар мен ресурстар

Жағдаяттар жазылған карточкалар, тақта немесе экран.

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Мектепте, аулада немесе интернетте адамдар кейде сөзге келіп, ренжісіп қалуы мүмкін. Ондай жағдай көп ұзамай басылып, екі жақ татуласуы да мүмкін. Ал кейде бір адамды әдейі қайта-қайта мазақтап, кемсітіп, қорқытып немесе ортадан шеттетіп жүреді.

Қалай ойлайсыңдар, жай ғана ренжісу мен буллингтің айырмашылығы неде?

Білім алушылар өз ойларын айтады.

Педагог түсіндіреді:

– Буллинг – бір адамды әдейі және қайта-қайта мазақтау, кемсіту, қорқыту немесе ортадан шеттету.

Егер мұндай әрекеттер әлеуметтік желіде, мессенджерде, ортақ чатта немесе онлайн ойында қайталанса, ол **кибербуллинг** деп аталады.

II. Негізгі бөлім

«Бұл қандай жағдай?» жаттығуы

Педагог жағдаяттарды оқиды. Білім алушылар олардың қайсысы жай келіспеушілік, қайсысы буллинг немесе кибербуллинг екенін анықтайды.

1-жағдаят

Екі сыныптас бір мәселе жөнінде келісе алмай, сөзге келіп қалды. Біраздан соң екеуі сөйлесіп, татуласты.

Жауап: келіспеушілік немесе жанжал.

2-жағдаят

Бір оқушыны бірнеше күн бойы қайта-қайта мазақтап, келемеждеп, әдейі ортаға қоспай жүр.

Жауап: буллинг.

3-жағдаят

Ортақ чатта бір оқушы туралы үнемі қорлайтын сөздер жазып, оның суреттерін келемеждейтін пікірлермен таратып жүр.

Жауап: кибербуллинг.

4-жағдаят

Біреуден жеке хабарлама арқылы қорқытатын сөздер келіп, «бұл туралы ешкімге айтпа» деп талап етеді.

Жауап: бұл – қауіпті жағдай. Хабарламаларды өшірмей сақтап, сенетін ересек адамға бірден айту керек.

Педагог:

– Егер буллингке немесе кибербуллингке тап болсаң, ашуға ерік беріп, қарсы жауап қайтаруға асықпа. Мұндай жағдайды жалғыз шешуге тырыспа.

Не істеу керек?

– Агрессияға агрессиямен жауап берме.

– Қорқытпа, балағат сөз жазба.

– Болған жағдайдың дәлелдерін өшірме.

– Егер бұл интернетте болса, хабарламалардың, пікірлердің немесе суреттердің скриншотын сақтап қой.

– Қарым-қатынасты тоқтат.

– Мүмкін болса, әлгі адамды бұғатта.

– Болған жағдайды өзің сенетін ересек адамға айт: ата-анаңа, сынып жетекшіңе, мұғалімге немесе басқа сенімді адамға хабарла.

– Мектеп психологінен көмек сұра.

Мектеп психологі сені тыңдап, болған жағдайды бірге талқылауға және одан шығудың қауіпсіз жолын табуға көмектеседі.

– Қажет болса, басқа да көмекке жүгін.

Егер қорқып жүрсең, көңілің түссе немесе не істеріңді білмей қалсаң, мұның бәрін ішіңе бүгіп жүрме. Психологиялық қолдау орталығына хабарласуға немесе 111 нөміріне қоңырау шалуға болады. Онда сені тыңдап, көмек көрсетеді.

Педагог назар аударады:

– Егер біреуді мазақтап, қорлап жатқанын көрсең, оған қосылма. Күлме, келемеждеп пікір жазба, «лайк» баспа, хабарламаны өзгелерге таратпа. Жәбірленген адамға қолдау көрсетіп, болған жағдайды ересек адамға айт.

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

– Егер мені интернетте біреу қорласа, мен ...

– Егер біреуді мазақтап, қорлап жатқанын көрсем, мен ...

– Мектепте көмек керек болса, мен ... жүгіне аламын.

– Қиын жағдайда мен көмек сұрайтын адам – ...

Педагог қорытындылайды:

– Буллингке немесе кибербуллингке тап болсаң, оны жасырып қалма және жәбірлеуге агрессиямен жауап берме. Хабарламалар мен басқа да дәлелдерді сақтап, сенетін ересек адамға айт. Мектепте сынып жетекшісінен, мұғалімнен немесе психологтан көмек сұрауға болады. Қажет болса, Психологиялық қолдау орталығына немесе 111 нөміріне хабарлас.

Сабақтың басты ережесі:

«Агрессияға агрессиямен жауап қатпа – дәлелді сақта – сенетін адамға айт – көмек сұра».

№3 сабақ	**Қауіпті сілтемелер, хабарламалар және интернет-алаяқтық**
Мақсаты	Білім алушылардың қауіпті хабарламалар мен сілтемелерді ажырата білу және интернет-алаяқтық

	әрекеттеріне тап болған жағдайда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері:	- фишинг белгілерімен және интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен таныстыру; - қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын дамыту; - жеке ақпаратты қорғауға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Хабарламалар жазылған карточкалар, телефон макеті, «Қауіпсіз» және «Қауіпті» карточкалары.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Телефоныңызға мынадай хабарлама келді деп елестетіңіздер:

«Құттықтаймыз! Сіз жаңа смартфон ұтып алдыңыз. Сыйлықты алу үшін сілтемеге өтіңіз».

– Сілтемені бірден ашасыз ба?

– Бұл хабарламада сізді не күмәндандырады?

Білім алушылар өз болжамдары мен пікірлерін айтады.

Педагог:

– Бүгін біз интернет-алаяқтық белгілерін анықтауды және жеке деректерімізді қорғауды үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

1-жаттығу. Жағдаятты талда.

Білім алушылар жұппен жұмыс істейді.

Әр жұпқа жағдаят жазылған карточка беріледі. Білім алушылар жағдаятты талқылап, қауіпсіз шешімді анықтайды және өз таңдауын түсіндіреді.

1-жағдаят

Онлайн ойын кезінде мынадай хабарлама келді:

«Сілтемеге өтіп, тегін ойын монеталарын ал».

Жауап:

– Сілтемеге өтпеу.

– Бұл туралы ересек адамға айту.

2-жағдаят

Мынадай хабарлама келді:

«Сіздің аккаунтыңыз бұғатталады. Құпиясөзіңізді шұғыл енгізіңіз».

Жауап:

– Құпиясөзді енгізбеу.

– Ақпараттың рас-өтірігін ересек адаммен бірге тексеру.

3-жағдаят

Анаңның дауысына ұқсас дауыспен басқа нөмірден мынадай аудиохабарлама келді:

«SMS арқылы келген кодты тез жібер».

Жауап:

– Кодты ешкімге бермеу.

– Анаңа өзің қоңырау шалып, ақпаратты нақтылау.

Педагог:

– Қазіргі кезде алаяқтар жасанды интеллектінің көмегімен жалған аудиожазбалар, фотосуреттер мен бейнелер жасай алады. Сондықтан тек дауысқа немесе бейнеге сенуге болмайды. Кез келген әдеттен тыс немесе күмәнді өтініштің шынайылығын міндетті түрде тексеру қажет.

2-жаттығу. Қауіпті/қауіпсіз.

Педагог білім алушыларға бірнеше жағдаят ұсынады.

Әр жауаптан кейін білім алушылар өз таңдауының себебін түсіндіреді.

Ата-анаң электронды күнделікке кіруге арналған сілтемені жіберді.

Бейтаныс адам құпиясөзіңді айтуды сұрады.

Досың сілтеме жіберіп, бұл туралы ешкімге айтпауды өтінді.

Бейтаныс адам бейнеқоңырау кезінде ата-анаңның банк картасын көрсетуді сұрады.

Жаңа қосымшаны орнатпас бұрын ересек адаммен кеңестің.

3-жаттығу. Не деп жауап бересің?

Жағдаят

Айдосқа мессенджер арқылы «Қазпоштадан» деп көрсетілген хабарлама келеді:

«Сіздің атыңызға сәлемдеме келді. Жеткізуді растау үшін сілтемеге өтіңіз».

Айдос сілтемені ашпақ болғанда, артынша бейтаныс адам қоңырау шалып:

– Сәлемдемені алу үшін 1414 нөмірінен келген кодты айтып жібер, – дейді.

Айдосқа шынымен 1414 нөмірінен код келеді.

Сұрақтар:

- Бұл жерде қандай қауіп белгілері бар?
- Айдос сілтемені ашуы керек пе?
- 1414 нөмірінен келген кодты басқа адамға айтуға бола ма?
- Мұндай жағдайда Айдос не істеуі керек?

Дұрыс әрекет:

Сілтемені ашпау, 1414-тен келген кодты ешкімге айтпау, әңгімені тоқтату және ақпаратты ресми арна арқылы тексеру. Қажет болса, бұл туралы ата-анаға немесе сенімді ересек адамға айту.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады:

https://www.youtube.com/watch?v=gGAZaFs9DzI

III. Қорытынды бөлім

Педагог:

– Сұрақтарға жауап беріңіздер:

Интернет-алаяқтықты қандай белгілер арқылы анықтауға болады?

Неліктен күмәнді сілтемелерге, аудиожазбалар мен бейнелерге сенуге болмайды?

Күмән туындаған жағдайда не істеу керек?

Қысқаша жағдаят

Ойын кезінде бейтаныс адам сілтеме жіберіп, сол сілтемеге өтсең, тегін ойын бонустарын алатыныңды айтты.

Білім алушылардың ықтимал жауаптары:

– Сілтемеге өтпеу.

– Бұл туралы ересек адамға айту.

Педагог:

– Егер интернетте біреу сізді қорқытса, бопсаласа немесе болған жағдайды құпия сақтауды талап етсе, бұл туралы міндетті түрде сенетін ересек адамға айтыңыз. Қажет болған жағдайда 111 байланыс орталығына хабарласуға болады.

Сөйлемді аяқта

«Егер сілтеме күмән тудырса, мен...»

«Егер маған көмек қажет болса, мен...»

Сабақтың негізгі ережесі

Тоқта. Тексер. Күмәнді сілтемелерді ашпа. Жеке деректеріңді ешкімге берме. Күмәндансаң, ересек адамнан көмек сұра.

№4 сабақ	**Ақшаңды не затыңды талап еткендегі қауіпсіздік ережелері**
Мақсаты	Білім алушылардың қорқыту, қысым көрсету немесе бопсалау арқылы ақша не зат талап ету жағдайларын танып, қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері:	- бопсалаудың негізгі белгілерімен және қауіпсіз әрекет ету алгоритмімен таныстыру; - қауіпті жағдайды бағалау, қауіпсіз шешім қабылдау және көмекке жүгіну дағдыларын дамыту; - өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға және ересектерден көмек сұрауға сенімділігін қалыптастыру.

Материалдар мен ресурстар

Өмірлік жағдаяттар жазылған карточкалар, әрекет ету алгоритмі берілген карточкалар

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог екі хабарламаны көрсетеді.

1-хабарлама

«Маған 1000 теңге қарызға бере аласың ба? Ертең қайтарамын».

2-хабарлама

«Ертең ақша әкелесің. Біреуге айтсаң, өкінесің».

Педагог:

- Бұл екі жағдаяттың айырмашылығы неде?
- Қай жағдайда еш қауіптенбей бас тартуға болады?

Білім алушылар өз пікірлерін білдіреді.

Педагог:

– Егер адамды қорқыту, қоқан-лоқы көрсету немесе бопсалау арқылы ақшасын, телефонын, басқа да заттарын беруге не қандай да бір талапты орындауға мәжбүрлесе, бұл – қауіпті жағдай. Бүгін осындай жағдайда қалай қауіпсіз әрекет ету керектігін қарастырамыз.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады:

https://drive.google.com/file/d/1zSXqhB19iMYg24enCPqrBI4xTN9GUcHe/view?usp=sharing

II. Негізгі бөлім

Жағдаятты анықта.

Білім алушылар жұппен жұмыс істейді.

Әр жұпқа жағдаят жазылған карточка беріледі. Білім алушылар жағдаятты талдап, не болғанын анықтайды.

1-жағдаят

Жоғары сынып оқушысы мектепте «тиіспей жүру» үшін апта сайын ақша талап етеді.

2-жағдаят

Сыныптасы хабарлама жазады:

«Құлаққабыңды бермесең, суретіңді мектептің чатына жариялаймын».

Педагог:

– Бопсалау әрдайым қорқыту, қысым көрсету немесе қоқан-лоқы жасаумен байланысты. Қазақстан Республикасында бопсалау қылмыстық құқық бұзушылық болып саналады. Бұл Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 194-бабында көзделген. Заң әрбір адамды қорқытудан, бопсалаудан және ақша мен мүлікті заңсыз талап етуден қорғайды.

Жекелеген жағдайларда бопсалау үшін қылмыстық жауаптылық 14 жастан басталады. Егер мұндай әрекетті осы жасқа толмаған бала жасаса, заңнамада көзделген жағдайларда оның ата-анасы немесе заңды өкілдері жауапты болады. Заң талаптарын сақтау және басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу – **«Заң және тәртіп»** қағидатының негізі.

«Қалай қауіпсіз әрекет ету керек?»

1-қадам. Қауіпсіз жерге бар. Егер саған тікелей қауіп төніп тұрса, қарсыласпа және өзіңді қатерге тікпе. Мүмкіндік болса, адамдар көп жерге барып, көмек сұра.

2-қадам. Мәселені өз бетіңше шешуге тырыспа. Қорқытқан адамға қарсы қоқан-лоқы жасама, онымен кездесуге келіспе және жағдайды жалғыз шешуге тырыспа.

3-қадам. Дәлелдерді сақта. Егер талап хабарлама арқылы келсе, оны өшірме, скриншот жаса. Оқиғаның қай жерде, қашан болғанын және оған кімдер қатысқанын есте сақта.

4-қадам. Ересек адамға айт. Болған жағдайды ата-анаңа, сынып жетекшіңе, мектеп психологіне немесе өзің сенетін басқа ересек адамға жасырмай айт.

Есіңде болсын: қорқыту немесе бопсалау жағдайын жалғыз шешудің қажеті жоқ. Көмек сұрау – қауіпсіз әрі дұрыс әрекет.

Егер саған қоқан-лоқы көрсетілсе немесе қысым жасалса, үндемей қалма. **111 байланыс орталығына** хабарлас. Ондағы мамандар сені тыңдап, мәселенің шешімін табуға көмектеседі.

«Қалай әрекет етесің?»

Білім алушылар жұппен жұмыс істейді.

1-жағдаят

Сабақтан кейін жоғары сынып оқушысы:

«Ертең ақша әкелесің. Ешкімге айтпа», – дейді.

Білім алушылардың ықтимал жауаптары:

- дауласпау;
- қауіпсіз жерге бару;
- болған жағдайды ересек адамға айту.

III. Қорытынды бөлім

Педагог сұрақ қояды:

- Өтініш пен бопсалаудың айырмашылығы неде?
- Егер біреу саған қоқан-лоқы жасаса, ең алдымен не істеу керек?
- Неліктен мұндай жағдайды жалғыз шешуге болмайды?

Педагог қорытындылайды:

– Егер біреу сені қорқытса, ақша немесе затыңды талап етсе, бұл жағдайды жасырма және жалғыз шешуге тырыспа. Саған тікелей қауіп төніп тұрса, **102** нөміріне хабарлас. Ал қолдау, кеңес немесе бала құқығын қорғауға байланысты көмек қажет болса, **111** байланыс орталығына жүгінуге болады.

Сабақтың басты ережесі

Менің қауіпсіздігім ақша мен кез келген заттан маңызды. Егер маған қауіп төнсе, үндемей қалмаймын, көмек сұраймын және мәселені заңды жолмен шешемін.

№5 сабақ	Түтін мен өрт қаупі кезіндегі қауіпсіз әрекет
Мақсаты	Білім алушылардың өрт шыққан немесе түтін басқан жағдайда ахуалды жылдам бағалап, көмек келгенге дейін қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері:	- өрт шыққан және түтін басқан кездегі қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру; - қауіпсіз шешім қабылдау және дүрбелеңге бой алдырмай әрекет ету дағдыларын дамыту; - өзінің және айналасындағылардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Өмірлік жағдаяттар жазылған карточкалар, мектептің немесе ғимараттың жоспары, «Қауіпсіз» және «Қауіпті» карточкалары.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог

– Мынадай жағдайды елестетіңіздер. Сабақ кезінде түтіннің иісін сездіңіздер, артынша өрт дабылы қосылды.

Ең алдымен не істейсіздер?

Қандай әрекеттер қауіпті болуы мүмкін?

Білім алушылар өз болжамдарын айтады.

Педагог

– Өрт кезінде біз тек жалынды ғана қауіпті деп ойлаймыз. Дегенмен адамдардың көбі түтіннің әсерінен немесе дұрыс әрекет етпеудің салдарынан зардап шегеді. Бүгін осындай жағдайда қауіпсіз әрекет етуді үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

1-жаттығу. «Қалай әрекет етесің?»

Білім алушылар жұппен жұмыс істеп, қауіпсіз әрекет нұсқасын таңдайды.

1-жағдаят

Мектептегі үзіліс кезінде түтіннің иісін сездіңіз.

Не істейсіз?

Болжамды жауаптар:

– педагогке хабарлаймын;
– түтіннің қайдан шығып жатқанын өзім іздемеймін;
– сабыр сақтап, ересектердің нұсқауларын орындаймын.

2-жағдаят

Телефон қуатталып жатқанда күйген сымның иісі шығып, аздап түтін пайда болды.

Не істейсіз?

Болжамды жауаптар:

– құрылғыны пайдаланбаймын;

– ересек адамға хабарлаймын;

– қажет болған жағдайда 101 өрт сөндіру қызметіне хабарласамын;

– ақауды өз бетімше жөндеуге тырыспаймын.

Талқылаудан кейін білім алушылар өз таңдауларын түсіндіреді.

Педагог

– Ең басты ереже – дүрбелеңге бой алдырмау және болған жағдайды дереу ересек адамға хабарлау.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалды көруді ұсынады:

https://www.youtube.com/watch?v=4wp98C_phy4&list=PLA5eCSY2FeoT00B3gyDuskOvkalEx7TmU&index=11

https://www.youtube.com/watch?v=aejJBIedb7k&list=PLA5eCSY2FeoT00B3gyDuskOvkalEx7TmU&index=49

2-жаттығу. «Қауіпсіз бағытты таңда»

Педагог мектеп қабатының жоспарын көрсетеді.

Білім алушылар мына сұрақтарды талқылайды:

– қай шығу жолын таңдау керек;

– неліктен лифтіні пайдалануға болмайды;

– қою түтін кезінде қалай қозғалу керек.

Талқылаудан кейін білім алушылар әрекет ету алгоритмін өздері құрастырады.

Болжамды әрекет ету алгоритмі

1. «Шығу» деген жасыл түсті бағыттау белгілеріне және эвакуация жоспарына назар аударыңыз. Олар қауіпсіз жолды жылдам табуға көмектеседі.

2. Есік жабық болса, оны ашпас бұрын тұтқасының ыстық емес екеніне көз жеткізіңіз.

3. Қою түтін кезінде ауыз бен мұрынды матамен жауып, еңкейіп қозғалыңыз.

4. Лифтіні пайдаланбаңыз және телефон, сөмке немесе басқа заттарды алу үшін кері қайтпаңыз.

5. Эвакуациядан кейін төтенше жағдайлар қызметі мамандарының рұқсатынсыз ғимаратқа қайта кірмеңіз.

Педагог білім алушылардың жауаптарын қорытындылайды.

3-жаттығу. «Қатені түзет»

Педагог өртке қатысты жағдаяттарды оқиды. Білім алушылар қатені тауып, дұрыс әрекет нұсқасын айтады.

Арман:

– Телефонымды алып шығу үшін тез кіріп, қайта шығамын.

Дұрыс әрекет: заттарды алу үшін кері қайтпай, қауіпсіз эвакуация бағытымен дереу шығу жолына қарай қозғалу.

Айару:

– Лифт жылдамырақ, лифтімен түсемін.

Дұрыс әрекет: лифтіні пайдаланбай, бағыттау белгілеріне және ересектердің нұсқауларына сүйене отырып, баспалдақпен шығу.

Данияр:

– Одан да кабинетке тығылып қаламын.

Дұрыс әрекет: тығылып қалмай, қауіпсіз эвакуация жолымен ғимараттан шығу және педагогтің немесе жауапты ересек адамның нұсқауларын орындау.

Білім алушылар қате әрекеттерді түзетіп, өз жауаптарын түсіндіреді.

Одан кейін педагог төтенше жағдайда қолдануға болатын нақты сөз тіркестерін айтып жаттығуды ұсынады.

- «Кабинеттен түтіннің иісі шығып тұр!».
- «Өрт сөндіру қызметіне хабарласыңызшы».
- «Барлығымыз сабыр сақтап, жақын жердегі шығу жолына қарай жүреміз».

Төтенше жағдайдағы **«Заң және тәртіп» қағидаты** – белгіленген ережелерге сай әрекет ету және педагогтер мен құтқарушылардың нұсқауларын бұлжытпай орындау. Егер жағдай қауіпті болса, өз бетіңше әрекет етуге тырыспа және басыңды қатерге тікпе. Өрт белгілерін байқасаң, дереу ересек адамға хабарлап, **101** немесе **112** нөміріне қоңырау шал. Есіңде болсын: өрт кезінде әр секунд маңызды.

III. Қорытынды бөлім

Педагог

Неліктен түтін оттан да қауіпті?

Неліктен лифтіні пайдалануға болмайды?

Неліктен телефонды немесе сөмкені алу үшін кері қайтуға болмайды?

Рефлексия. «Ережені жалғастыр»

Білім алушылар кезекпен сөйлемдерді аяқтайды:

Егер мен түтіннің иісін сезсем,...

Егер эвакуация басталса, мен...

Егер досым заттарын алу үшін кері қайтқысы келсе, мен...

Сабақтың басты ережесі

Түтінді немесе отты байқасаң – 101 немесе 112 нөміріне қоңырау шалып, көмек шақыр, сабыр сақтап эвакуациялан, лифтіні пайдаланба, заттарыңды алу үшін кері қайтпа және құтқарушылардың нұсқауларын орында.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№6 сабақ	Вейп пен электрондық темекінің зияны
Мақсаты	Білім алушыларда вейптер мен электрондық темекілерден саналы түрде бас тартудың тұрақты дағдысын қалыптастыру.
Міндеттері:	- вейптер мен электрондық темекілердің жасөспірімдер денсаулығына әсері туралы нақты мәліметтермен таныстыру; - манипуляцияны ажырата білу және қауіпсіз таңдау жасау дағдыларын дамыту; - өз денсаулығына және қауіпсіз өмір салтына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Жалған» және «Факт» деген жазуы бар карточкалар, өмірлік жағдаяттар жазылған карточкалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог бір реттік вейптің суретін көрсетіп, білім алушылардан бұл құрылғы туралы не білетіндерін сұрайды.

- Вейптерді неліктен ашық түсті, шағын етіп және жеміс-жидек немесе тәттілердің хош иістерімен шығарады деп ойлайсыздар?

Мұндай дизайн кімдерге көбірек тартымды болуы мүмкін?

Білім алушылар өз болжамдарын айтады.

Педагог

– Өндірушілер мұндай құрылғыларды жастарға тартымды етіп көрсетуге тырысады. Алайда жарқын қаптаманың ар жағында ойыншық емес, денсаулыққа зиян келтіретін құрылғы тұр. Бүгін осындай айла-тәсілдерге қалай алданып қалмауға болатынын талқылаймыз.

II. Негізгі бөлім

«Жалған ба, әлде факт пе?»

Педагог тұжырымдарды оқиды. Білім алушылар оның миф немесе факт екенін анықтап, өз таңдауын түсіндіреді.

1-тұжырым

«Вейптен тек қауіпсіз бу шығады».

Жалған. Вейпті қолданғанда кәдімгі су буы емес, құрамында никотин және басқа да зиянды заттар болуы мүмкін аэрозоль түзіледі.

2-тұжырым

«Вейпті бір рет қана қолданып көрсең, ешқандай қауіп жоқ».

Жалған. Вейпті бір рет қолдануды қауіпсіз деп санауға болмайды. Ал құрамындағы никотин бірінші реттен тәуелділік тудыруы мүмкін.

3-тұжырым

«Вейптің дәмі мен иісі жағымды болса, ол қауіпсіз деген сөз».

Жалған. Жағымды дәм немесе иіс аэрозоль құрамындағы заттардың денсаулыққа қауіпсіз екенін білдірмейді.

Педагог қорытындылайды:

– Вейптің сыртқы көрінісі, дәмі мен иісі оның қауіпсіз екені туралы жаңсақ түсінік қалыптастыруы мүмкін. Сондықтан өнімнің тартымдылығына емес, оның денсаулыққа келтіретін ықтимал зиянына мән беру маңызды.

«Заң және тәртіп» қағидаты

Қазақстан Республикасында вейп, никотин тұтынудың және оларға арналған сұйықтықтардың айналымына заңмен тыйым салынған. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 301-1-бабында олардың заңсыз айналымы үшін жауаптылық көзделген. Мұндай шаралар халықтың, әсіресе балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын қорғау мақсатында қабылданған. Заң талаптарын сақтау және өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау – «Заң және тәртіп» қағидатын ұстанудың көрінісі.

«Айла-тәсілді таны»

Білім алушылар жұппен жұмыс істейді.

Әр жұпқа бір жағдаяттан беріледі.

1-жағдаят

«Бір рет қана қолданып көрші. Ештеңе болмайды».

2-жағдаят

«Бәрі қолданып көрген. Кішкентай бала сияқты болма».

3-жағдаят

«Бұл темекі емес қой, мұнда хош иісті бу ғана бар».

Білім алушылар мына сұрақтарға жауап береді:

Әңгімелесуші қандай айла-тәсілді қолданып тұр?

Неліктен оның ұсынысына келіспеу керек?

Талқылаудан кейін жұптар өз жауаптарын таныстырады.

«Сенімді түрде бас тарту»

Бір білім алушы вейпті қолданып көруді ұсынады, екіншісі оған жауап береді.

Білім алушылар бас тартудың әртүрлі нұсқаларын қолданады.

«Жоқ, мен денсаулығымды таңдаймын».

«Маған бұл қызық емес».

«Мен денсаулығыма қауіп төндіргім келмейді».

«Мен «жоқ» деп айттым. Менің таңдауымды құрметтеуіңді сұраймын».

Жаттығудан кейін білім алушылар қай жауаптың неғұрлым нық әрі сенімді шыққанын және неліктен солай ойлайтынын талқылайды.

Педагог білім алушылардың назарын тақырыпқа арналған жаднамамен бейнероликке аударады:

https://drive.google.com/file/d/1dnfgzNk-P4jclys3B6vy7jlaUoop4_G-/view?usp=drive_link

https://www.youtube.com/watch?v=QJ1sYbKNBbo&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=38

Егер вейп қолданып көргеннен кейін басың айналса, жүрегің айныса, әлсіздік сезінсең, жүрегің жиі соқса немесе өзіңді жайсыз сезінсең:

▪ бұл туралы дереу педагогке, ата-анаңа немесе басқа ересек адамға айт;

▪ нақты не болғанын түсіндір;

▪ өзіңді жайсыз сезінген жағдайда мәселені өз бетіңше шешуге тырыспа;

▪ жағдайың қатты нашарласа, **103** нөміріне қоңырау шалып, жедел жәрдем шақыр.

III. Қорытынды бөлім

Педагог

Неліктен көбіне жасөспірімдерге вейпті қолданып көруге ұсынады?

Айла-тәсілді қандай белгілері арқылы анықтауға болады?

Электронды темекі секілді зиянды әдеттерден бас тарту – әлсіздіктің белгісі ме?

Рефлексия. «Сөйлемді аяқта»

«Егер маған вейпті қолданып көруді ұсынса, мен...»

«Егер мені үгіттей бастаса, мен...»

«Егер мен вейпті қолданып көріп, өзімді жайсыз сезінсем, мен...»

«Көмек қажет болса, мен ... жүгіне аламын».

Сабақтың басты ережесі

Қысымға ерме, әрекетіңнің салдарын бағала және денсаулығыңа зиян келтіруі мүмкін нәрседен сенімді түрде бас тарт! Егер саған көмек немесе қолдау қажет болса, өзің сенетін ересек адамға жүгін немесе 111 байланыс орталығына хабарлас.

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№ 7 сабақ	Жасанды интеллектіні қауіпсіз пайдалану
Мақсаты	Білім алушыларда жасанды интеллектіні қауіпсіз және жауапкершілікпен пайдалану дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері:	– жасанды интеллектінің мүмкіндіктері мен оны пайдалануға байланысты қауіп-қатерлер туралы түсінік қалыптастыру; – ЖИ көмегімен жасалған ақпаратты тексеру және дербес деректерді қорғау дағдыларын дамыту; – жасанды интеллектіні оқу барысында және күнделікті өмірде жауапкершілікпен пайдалануға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Болады», «Тексеру керек», «Қауіпті» карточкалары, өмірлік жағдаяттар жазылған карточкалар, шынайы және ЖИ көмегімен құрастырылған бірнеше сурет.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог бірі шынайы, екіншісі жасанды интеллект көмегімен жасалған екі суретті көрсетеді.

Педагог:

- Қай сурет шынайы деп ойлайсыздар? Оны анықтауға не көмектесті?

Білім алушылар өз болжамдарын айтады.

Педагог

– Жасанды интеллект шынайылыққа жанасатын мәтіндер, суреттер, бейнематериалдар мен дауыстық жазбалар жасай алады. Сондықтан интернеттен көрген немесе естіген ақпараттың бәрі бірдей шынайы бола бермейтінін есте ұстау маңызды. ЖИ технологияларын адамдарды алдау, олардың жеке деректерін немесе ақшасын иемдену мақсатында да пайдаланылуы мүмкін.

II. Негізгі бөлім

«Қауіпсіз шешім» жаттығуы

Педагог жағдаяттарды оқиды. Білім алушылар тиісті карточканы көтереді:

Болады / Тексеру керек /Қауіпті

Әр жауаптан кейін бір білім алушы өз шешімін түсіндіреді.

1-жағдаят

Мессенджерге мынадай дауыстық хабарлама келді:

«Бұл әкең. Менің нөмірім ауысты. Тез арада ақша аудар».

Жауап: Қауіпті.

Қауіпсіз шешім: әкеңе бұрыннан білетін нөмірі арқылы қоңырау шалып, ақпараттың рас-өтірігін тексеру.

2-жағдаят

Сайт тегін аватар жасап беруді ұсынады және ол үшін фотосурет жүктеуді, үй мекенжайын және банк картасының деректерін енгізуді сұрайды.

Жауап: Қауіпті.

Қауіпсіз шешім: жеке деректерді енгізбеу және сайттан шығу.

3-жағдаят

Білім алушы ЖИ-ден жаңа тақырыпты түсіндіріп беруді сұрады, ал үй тапсырмасын өзі орындады.

Жауап: Болады.

Педагог

– Жасанды интеллект оқуға көмектесе алады. Бірақ ЖИ жауаптарына сүйеніп шешім қабылдамау қажет.

4-жағдаят

Әлеуметтік желіде сенің сүйікті блогеріңнің аккаунтынан жабық топқа қосылып, ойынға арналған тегін бонустар алуға шақыратын хабарлама келді. Бұған дейін блогер мұндай ұсыныстар жарияламаған және аккаунттың расталғанын көрсететін белгі жоқ.

Жауап: Қауіпті.

Қауіпсіз шешім: сілтемеге өтпеу, топқа қосылмау және жеке деректерді бермеу. Аккаунт жалған болуы мүмкін, ал блогердің суреті, дауысы немесе хабарламалары ЖИ көмегімен өзгертілген болуы ықтимал. Ақпаратты блогердің ресми парақшалары арқылы тексеріп, ал күмән туындаса, сенетін ересек адамнан көмек сұрау керек.

«Ереже құрастыр» жаттығуы

Әр жұп жасанды интеллектіні қауіпсіз пайдалануға қатысты бір ереже құрастырады.

Талқылаудан кейін педагог жауаптарды жинақтап, қорытындылайды.

Жасанды интеллектіні қауіпсіз пайдалану ережелері

Маңызды ақпаратты міндетті түрде тексер.

Жеке деректеріңді жариялама және бөгде адамға берме.

Фотосуретке, бейнежазбаға немесе дауыстық хабарламаға бірден сене берме.

ЖИ-ді оқуда тек көмекші құрал ретінде пайдалан.

Егер жағдай алаңдаушылық тудырса

Тоқта – өтінішті орындама, деректеріңді немесе ақша жіберме.

Тексер – егер хабарлама таныс адамның атынан келсе, онымен өзіңе бұрыннан белгілі басқа байланыс тәсілі арқылы хабарлас.

Таратпа – күмәнді фотосуреттерді, бейнежазбаларды және дауыстық хабарламаларды басқа адамдарға жіберме.

Айт – ата-анаңа, педагогке, мектеп психологіне немесе өзің сенетін басқа ересек адамға хабарла. Егер жағдай қорқытуға, бопсалауға немесе басқа да қиын жағдайға байланысты болса, 111 байланыс орталығына, 102-ге хабарласуға болады.

III. Қорытынды бөлім

Педагог

– Неліктен ЖИ берген жауаптарға бірден сене беруге болмайды?

– Чат-боттарға қандай деректерді бермеу қажет?

– Егер келген хабарлама күмән тудырса, не істеу керек?

Білім алушылардың болжамды жауаптары

– Сілтемеге өтпеймін.

– Жеке деректерімді жібермеймін.

– Ақпаратты тексеремін немесе ересек адамнан кеңес сұраймын.

Сабақтың басты ережесі

Ақпаратты тексер. Жеке деректеріңді қорға. Жасанды интеллектіні тек көмекші құрал ретінде пайдалан.

№ 8 сабақ	Жалған ақпаратты қалай ажыратуға болады?
Мақсаты	Білім алушыларда жалған жаңалықтарды ажырата білу және цифрлық ортада ақпаратпен қауіпсіз жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:	- жалған жаңалықтар мен шындыққа жанаспайтын ақпараттың белгілерімен таныстыру; - ақпараттың дұрыстығын тексеру және дереккөздердің сенімділігін бағалау дағдыларын дамыту; - цифрлық ортада ақпарат таратуға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Сенемін», «Тексеремін», «Сенбеймін» карточкалары, түрлі хабарламалар жазылған карточкалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Мектеп чатына мынадай хабарлама келгенін елестетіңіздер:

«Шұғыл! Қалың қар жаууына байланысты ертең сабақ болмайды. Барлығына таратыңдар!».

Кейбір білім алушылар бұл хабарламаны басқаларға жіберді. Кейін сабақтың тоқтатылғаны туралы ешқандай ресми хабарлама болмағаны анықталды.

Сұрақтар:

– Бұл хабарламаның қандай тұстары күмән тудыруы тиіс?

– Адамдар мұндай хабарламаға неліктен бірден сеніп қалуы мүмкін?

– Оны басқаларға жібермес бұрын не істеу керек еді?

Білім алушылардың болжамды жауаптары:

– Адамдар жалған ақпаратқа сеніп қалады.

– Біреулер уақытын босқа жоғалтады.

– Адамдарды алдауға болады.

– Жалған ақпарат тез таралады.

Педагог

– Дұрыс. Кейде жалған жаңалықтар шынайы ақпараттан да жылдам таралады. Сондықтан жалған ақпаратты ажырату ғана емес, оның шынайылығына көз жеткізбей тұрып, хабарламаны өзгелерге таратпау керек.

II. Негізгі бөлім

«Сенемін бе, әлде тексеремін бе?» жаттығуы

Педагог хабарламаларды оқиды. Білім алушылар тиісті карточканы көтереді:

Сенемін / Тексеремін / Сенбеймін

Әр жауаптан кейін бір білім алушы өз шешімін түсіндіреді.

1-хабарлама

«Мектептің ресми сайтында спорттық жарыстың басқа күнге ауыстырылғаны туралы хабарландыру жарияланды».

Жауап: Сенемін.

2-хабарлама

«Құттықтаймыз! Сен жаңа смартфон ұтып алдың. Сыйлықты алу үшін сілтемеге өтіп, банк картасының деректерін енгіз».

Жауап**:** Сенбеймін.

Қауіпсіз шешім: сілтемеге өтпеу, жеке немесе төлем деректерін енгізбеу. Күмәнді хабарлама туралы ересек адамға айту.

3-хабарлама

«Әлеуметтік желіде ертең қалада автобустар жүрмейді деп жазылған».

Дереккөз көрсетілмеген.

Жауап: Тексеремін.

4-хабарлама

«Қазгидрометтің ресми сайтында ертең жаңбыр жауатыны туралы болжам жарияланды».

Жауап: Сенемін.

Не нәрсе күмән тудыруы тиіс?

▪ «Шұғыл!», «Тек бүгін!», «Барлығына тарат!» деген сөздермен сені асықтырып, ойлануға уақыт бермейді.

▪ Ақпараттың нақты немесе ресми дереккөзі көрсетілмеген.

▪ Тегін сыйлық немесе ұтыс уәде етеді.

▪ Белгісіз сілтемеге өтуді сұрайды.

▪ Құпиясөзді, SMS арқылы келген кодты, банк картасының деректерін немесе басқа да жеке ақпаратты беруді сұрайды.

▪ Хабарлама қатты қорқыныш немесе дүрбелең тудырып, бірден әрекет етуді талап етеді.

Педагог

– Осындай белгілердің біреуі кездессе, бұл міндетті түрде «алдау» деген сөз емес. Бірақ хабарлама күмән тудырса, әрекет етуге асықпай, алдымен ақпаратты тексеру керек.

«Жаңалықты қалай тексеруге болады?» жаттығуы

Педагог жағдаят ұсынады.

Педагог

– Досың саған: «Шұғыл, барлығына тарата сал! Ертең барлық мектепте сабақ болмайды» деген хабарлама жіберді.

– Не істейсіздер?

Білім алушылар өз нұсқаларын ұсынады.

Педагог сыныппен бірге әрекет алгоритмін құрастырады.

Ақпаратты қалай тексеруге болады?

ТОҚТА – сілтемеге өтуге немесе хабарламаны таратуға асықпа.

ДЕРЕККӨЗ – ақпаратты кім жариялағанын анықта.

ТЕКСЕР – ақпараттың расталғанын ресми сайттан немесе басқа сенімді дереккөзден ізде.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДА – егер ақпарат расталмаса, оны таратпа.

Егер хабарламада жеке деректеріңді, ақша, құпиясөз немесе SMS арқылы келген кодты жіберу сұралса, ештеңе жіберме және өзің сенетін ересек адамға айт.

«Заң және тәртіп» қағидаты

Қазақстан Республикасының заңнамасында жалған ақпаратты орналастыру мен тарату үшін әкімшілік, ал заңда көзделген жағдайларда көрінеу жалған ақпарат тарату үшін қылмыстық жауаптылық көзделген. Бұл нормалар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 456-2-бабында және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 274-бабында белгіленген.

Сондықтан жаңалықты немесе хабарламаны өзгелерге жібермес бұрын, интернетте ақпарат жарияламас бұрын оның дұрыстығына көз жеткізу қажет. Ақпаратқа жауапкершілікпен қарау және заң талаптарын сақтау – **«Заң және тәртіп»** қағидатын ұстанудың көрінісі.

Педагог білім алушылардың назарын тақырыптық бейнероликке аударады:

https://www.youtube.com/watch?v=QbYkm8B-xI8&list=PLA5eCSY2FeoTMEec8T451Um4EJpuikdqk&index=27

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия. «Басқаларға жібермес бұрын...»

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді жалғастыруды ұсынады:

«Егер хабарлама «Шұғыл! Барлығына тарат!» деген сөздермен басталса, мен...»

«Егер хабарламада белгісіз сілтеме болса, мен...»

«Егер ақпарат менің күмәнімді тудырса, мен...»

«Егер менен жеке деректерімді беруді сұраса, мен...»

Педагог қорытындылайды

– Интернеттегі әрбір хабарлама шындыққа сәйкес бола бермейді. Жалған ақпарат адамдарды алдау, жеке деректерін иемдену немесе басқа да қауіпті әрекеттер жасау үшін пайдаланылуы мүмкін. Сондықтан бірден сенуге, сілтемелерге өтуге немесе хабарламаны өзгелерге таратуға асықпа.

Сабақтың басты ережесі

«Хабарламаны таратуға асықпа. Алдымен дереккөзді тексер, содан кейін шешім қабылда».

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

№ 9 сабақ	Интернеттегі қауіпті қарым-қатынас белгілері

Мақсаты	Білім алушыларда интернеттегі қауіпті қарым-қатынас белгілерін ажырата білу және осындай жағдайларда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	- интернеттегі қауіпті қарым-қатынас белгілерімен таныстыру; - хабарламаларды талдау, манипуляцияны ажырату және қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын дамыту; - цифрлық ортада өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Хат алмасу үзінділері жазылған карточкалар, «Қауіпсіз», «Қауіпті», «Қарым-қатынасты тоқтату керек» карточкалары.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог

– Онлайн ойында бір адаммен танысқаныңызды елестетіңіздер. Алғашында бірге ойын ойнадыңыздар. Ол сізге деңгейлерден өтуге көмектесті, қызығушылықтарыңыз туралы сұрады, жиі қолдау білдірді. Біраз уақыттан кейін ол:

«Маған сене аласың. Екеуіміз ғана сөйлесейік, хат алмасқанымызды ешкімге айтпайық», – деп жазды.

Сұрақтар:

Қарым-қатынаста не өзгерді?

Қандай сөздер күмән тудыруы тиіс?

Неліктен хат алмасуды құпия ұстауды сұрау қауіпті белгі болуы мүмкін?

Педагог

– Қауіпті қарым-қатынас әрдайым қорқытудан немесе оғаш өтініштен бастала бермейді. Кейде адам алдымен сенімге кіруге тырысады, содан кейін хат алмасуды құпия ұстауды, жеке деректерді немесе фотосуреттерді жіберуді, жабық чатқа ауысуды немесе кездесуді ұсынады. Мұндай әрекеттер интернеттегі қауіпті қарым-қатынастың белгісі болуы мүмкін.

Педагог білім алушылардың назарын тақырыптық бейнероликке аударады:

https://drive.google.com/file/d/1VaeewGnO-LcajVQGXYPY-LvKn160Eh6m/view?usp=sharing

II. Негізгі бөлім

1-жаттығу. «Қауіпті белгіні тап»

Әр жұпқа хат алмасудан үзінді жазылған карточка беріледі.

Білім алушылар:

– қай хабарламаның алаңдаушылық тудыратынын;

– оның неліктен қауіпті екенін;

– мұндай жағдайда қалай әрекет ету керектігін анықтайды.

1-карточка

«Сен өте қызық адамсың. Екеуіміздің хат алмасқанымызды ешкімге айтпай-ақ қояйық».

Жауап: қауіпті белгі – қарым-қатынасты құпия ұстауды сұрау.

2-карточка

«Маған суретіңді жібер. Бұл тек екеуіміздің арамызда қалады».

Жауап: қауіпті белгі – фотосурет жіберуді және оны құпия сақтауды сұрау.

3-карточка

«Телефон нөміріңді айтсаң, саған ойында валюта сыйлаймын».

Жауап: қауіпті белгі – жеке ақпараттың орнына сыйлық ұсыну.

Талқылаудан кейін педагог қорытынды жасайды.

Қауіпті қарым-қатынастың алаңдататын белгілері

▪ қысқа уақыт ішінде сенімге кіруге тырысады;

▪ ата-анадан және басқа ересектерден қарым-қатынасты жасыруды ұсынады;

▪ қайда тұратыныңды, қайда оқитыныңды және үйде қашан жалғыз қалатыныңды сұрайды;

▪ фотосурет, бейнежазба немесе басқа да жеке деректерді жіберуді сұрайды;

▪ сыйлық, ақша немесе ойын бонустарын ұсынады;

▪ әңгімені жабық немесе басқа чатқа ауыстыруға тырысады;

▪ қысым жасайды, кінәлі сезіндіруге тырысады, қорқытады немесе бопсалайды;

▪ ересектерге айтпай кездесуді ұсынады.

2-жаттығу. «Қалай әрекет ету керек?»

Педагог хабарламаларды оқиды. Білім алушылар қауіпсіз әрекет нұсқасын ұсынады.

Хабарлама:

«Ата-анаңа екеуіміздің хат алмасып жүргенімізді айтпа».

Қауіпсіз әрекет: қарым-қатынасты құпия ұстауға келіспеу, хат алмасуды тоқтату және бұл туралы ересек адамға айту.

Хабарлама:

«Суретіңді жібер, содан кейін мен де өз суретімді жіберемін».

Қауіпсіз әрекет: фотосурет жібермеу және қарым-қатынасты тоқтату.

Хабарлама:

«Сабақтан кейін кездеселік. Бірақ бұл туралы ешкімге айтпа».

Қауіпсіз әрекет: кездесуге келіспеу және бұл туралы дереу өзің сенетін ересек адамға айту.

«Тоқтат – сақта – бұғатта – айт» әрекет алгоритмі

ТОҚТАТ – қауіпті өтініштерді орындама және мұндай қарым-қатынасты жалғастырма.

САҚТА – хат алмасуды өшірме, экран суреттерін сақтап қой.

БҰҒАТТА – пайдаланушыны бұғаттап, шағымдану функциясын пайдалан.

АЙТ – ата-анаңа, педагогке, мектеп психологіне немесе өзің сенетін басқа ересек адамға хабарла.

Маңызды: егер сен фотосуретіңді немесе жеке деректеріңді жіберіп қойсаң не әлдебір өтінішке келісіп қойсаң, қорыққандықтан оның талаптарын әрі қарай орындама. Хабарламаларды сақтап, көмек сұра. Қорқыту немесе бопсалау жағдайында **111 байланыс орталығына**, ал полиция көмегі қажет болса, **102** нөміріне хабарласуға болады.

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия. «Мен қалай әрекет ету керектігін білемін»

Білім алушылар сөйлемдерді жалғастырады:

«Егер менен интернеттегі қарым-қатынасты ересектерден жасыруды сұраса, мен...»

«Егер мені қорқыта немесе бопсалай бастаса, мен...»

«Көмек қажет болса, мен ... жүгіне аламын».

Педагог қорытындылайды

– Қауіпті қарым-қатынас достық ниетпен басталуы мүмкін. Сондықтан саған кім жазғанына ғана емес, сенен не сұрап отырғанына да назар аудару маңызды. Қарым-қатынасты құпия ұстауды, жеке деректерді немесе фотосуреттерді жіберуді, кездесуді сұрау, сондай-ақ қысым көрсету мен қорқыту – қарым-қатынасты тоқтатып, көмек сұрауға негіз болатын белгілер.

Сабақтың басты ережесі

«Қауіпті өтініштерді орындама. Хат алмасуды сақта, пайдаланушыны бұғатта және ересек адамға айт. Көмек қажет болса, 111 байланыс орталығына хабарлас».

№10 сабақ	**Қалалық инфрақұрылым және жасырын қауіптер**
Мақсаты	Білім алушыларда қала ортасындағы жасырын қауіптерді байқай білу және қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:	- қала инфрақұрылымындағы жасырын қауіптермен таныстыру; - ықтимал қауіптерді байқау және қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын дамыту; - өз қауіпсіздігіне және айналасындағылардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Жағдаяттар жазылған карточкалар, қала ортасының фотосуреттері.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог

– Біз күн сайын өзімізге таныс көшелермен, аулалармен және жолдармен жүреміз. Алайда үйреншікті жерде де жағдай өзгеріп кетуі мүмкін: ашық құдық, үзілген электр сымы, құрылыс жұмыстары немесе басқа да кедергілер пайда болуы ықтимал.

Педагог қала орталығының фотосуретін көрсетеді.

Сұрақ:

– Қандай ықтимал қауіпті орындарды немесе нысандарды байқадыңыздар?

Білім алушылар ықтимал қауіптерді атайды.

Педагог

– Бүгін осындай қауіптерді дер кезінде байқауды, олардан қауіпсіз қашықтықта жүруді және олар туралы ересектерге дұрыс хабарлауды үйренеміз.

II. Негізгі бөлім

«Қауіпсіздік инспекторы» жаттығуы

Педагог білім алушыларды топтарға біріктіріп, қала ортасы бейнеленген фотосуреттерді немесе карточкаларды таратады: аула, көше, құрылыс алаңы, теміржол өткелі, аялдама.

Топтық тапсырма. Суретті мұқият қарап:

- ықтимал қауіпті нысандарды немесе әрекеттерді анықтау;
- жақындауға болмайтын орындарды белгілеу;
- байқалған қауіп туралы кімге хабарлау керектігін анықтау.

Мысалы, суреттерде мыналар болуы мүмкін:

- ашық кәріз құдығы;
- үзілген электр сымы;
- өтуге тыйым салынған, қоршалған аймақ;

- трансформаторлық қосалқы станция маңында жүрген балалар;
- теміржолды белгіленбеген жерден кесіп өтіп бара жатқан адам;
- кіруге кедергі қойылмаған құрылыс алаңы;
- бүлінген жол белгісі.

Әр топ өзі анықтаған қауіптерді таныстырады. Қалған білім алушылар жауаптарды толықтыра алады.

Педагог қорытындылайды:

– Қала ортасындағы қауіп бірден байқала бермеуі мүмкін. Сондықтан айналадағы жағдайды мұқият бағалау маңызды. Есте сақтаңыздар: қауіпті нысанға жақындауға, оның қауіпсіздігін өз бетіңше тексеруге немесе ақауды өзің жөндеуге тырысуға болмайды.

Практикалық тапсырма. «Қауіпсіз бағыт»

Педагог тақтаға «Мектеп – үй» бағытының шартты сызбасын орналастырады.

Бағытта мыналар белгіленген:

А – құрылыс алаңы арқылы өтетін қысқа жол;

Б – жаяу жүргіншілер жолындағы ашық құдық;

В – бағдаршаммен реттелетін жаяу жүргіншілер өткелі;

Г – теміржол;

Д – қауіпсіз айналма жол.

Топтар қауіпсіз бағытты белгілеп, басқа жолдардан неліктен бас тартқанын түсіндіреді.

Педагог

– Ең қысқа жол оның қауіпсіз екенін білдірмейді. Егер күнделікті жүретін бағытыңызда қауіп пайда болса, өзіңізді қатерге тіккеннен гөрі басқа жолды таңдаған дұрыс.

Ата-анаңыз немесе басқа жақын ересек адамдар сіздің қайда бара жатқаныңызды және қай бағытпен жүретініңізді білгені маңызды. Егер жоспарыңыз немесе жүретін бағытыңыз өзгерсе, бұл туралы оларға міндетті түрде хабарлаңыз.

Ата-анамен алдын ала келісе отырып, қолданбадағы геолокацияны бөлісу функциясын пайдалануға болады. Бұл олардың сіздің орналасқан жеріңізді біліп, қажет болған жағдайда жылдам көмек көрсетуіне мүмкіндік береді.

Педагог білім алушылардың назарын тақырыптық бейнероликке аударады:

https://www.youtube.com/watch?v=EsZA6jSq5po&list=PLA5eCSY2FeoT00B3gyDuskOvkalEx7TmU&index=34

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия. «Бір маңызды әрекет»

Педагог кезекпен үш суретті көрсетеді: ашық кәріз құдығы, үзілген электр сымы, қоршалған құрылыс алаңы.

Білім алушылар әр жағдаятта ең алдымен қандай әрекет жасау керектігін жылдам айтады.

Педагог қорытындылайды:

– Қалада қауіпті байқаумен қатар дұрыс әрекет ету де маңызды. Қауіпті нысандарға жақындамаңыздар, ақауды өз бетіңізше түзетуге тырыспаңыздар, айналадағы адамдарға ескертіп, ересектерге хабарлаңыздар. Егер адамның өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнсе, **112** нөміріне қоңырау шалыңыздар.

Сабақтың басты ережесі

Қауіпті байқасаң – жақындама, өзгелерге ескерт және ересектерге хабарла.

№11 сабақ	Су мен мұздағы қауіпсіздік ережелері
Мақсаты	Білім алушыларда жазда және қыста су айдындары маңында қауіпсіз жүріп-тұру дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері:	- суда және мұз үстіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру; - қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын дамыту; - су айдыны маңында қауіпті жағдай туындағанда дұрыс әрекет етуге және дер кезінде көмек шақыруға үйрету.

Материалдар мен ресурстар

«Қауіпсіз» және «Қауіпті» карточкалары, су маңындағы және мұз үстіндегі жағдаяттар бейнеленген иллюстрациялар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог екі иллюстрацияны көрсетеді: бірінде жасөспірімдер суға түсуге жабдықталмаған жерде шомылғалы жатыр, екіншісінде мұз қатқан су айдынын кесіп өтпек.

Педагог

– Бұл екі жағдайдың қандай ортақ тұсы бар? Қауіп неден туындауы мүмкін?

Білім алушылар жауап бергеннен кейін педагог қорытындылайды:

– Су айдыны жылдың кез келген мезгілінде сақтықты қажет етеді. Жазда қауіп судың тереңдігіне, ағысқа немесе су түбінің қандай екені белгісіз болуына байланысты туындауы мүмкін. Қыста жұқа мұз қауіп төндіреді. Бүгін осындай қауіптерді қалай байқауға және қауіпсіз әрекет етуге болатынын қарастырамыз.

Педагог білім алушылардың назарын тақырыптық бейнероликтерге аударады:

https://drive.google.com/file/d/1E1qqMgQYhsvEQtIz4nxCfHXlkoAlyjhy/view?usp=sharing

https://drive.google.com/file/d/11rcjk77uOiTiXNZmhOoTpCPTMPcx-N51/view?usp=sharing

II. Негізгі бөлім

«Ереже бұзушылықты тап» жаттығуы

Педагог су айдыны маңындағы жазғы және қысқы демалыс бейнеленген иллюстрацияларды көрсетеді. Білім алушылар қауіпті

әрекеттерді анықтап, олардың қандай салдарға әкелуі мүмкін екенін түсіндіреді.

Жазғы иллюстрацияда:

бала ересектердің қарауынсыз суда жүр;

жасөспірім бейтаныс жерде суға сүңгиді;

балалар бір-бірін суға итереді;

адам жағадан тым алысқа жүзіп кеткен;

балалар тік жардың маңында ойнап жүр.

Қысқы иллюстрацияда:

балалар мұз қатқан су айдынына шыққан;

бала мұздың беріктігін аяғымен тексеріп жатыр;

жасөспірімдер жолды қысқарту үшін қатып қалған су айдынын кесіп өтпек;

балалар мұздағы жарықтарға және ашық су көздеріне жақындап жүр.

Талқылаудан кейін педагог қорытындылайды:

– Қауіпті дер кезінде байқаса, оның алдын алу оңайырақ. Судың немесе мұздың қауіпсіз екенін өз бетіңше тексеруге болмайды.

Су маңындағы қауіпсіздік ережелері

– тек шомылуға рұқсат етілген және арнайы жабдықталған жерлерде шомылыңыздар;

– су маңында ересектермен бірге болыңыздар;

– бейтаныс жерде суға сүңгімеңіздер;

– жағадан алысқа жүзіп кетпеңіздер;

– бір-біріңізді суға итермеңіздер және қауіпті ойындар ойнамаңыздар;

– ауа райы қолайсыз болса, толқын күшейсе немесе ағыс қатты болса, суға түспеңіздер;

– жағажайда жалға берілетін су скутерін, катамаранды немесе басқа су көлігін ересектердің рұқсатынсыз пайдаланбаңдар;

– батуттар мен су аттракциондарын пайдаланғанда белгіленген қауіпсіздік ережелерін сақтаңдар және қызметкердің нұсқауын орындаңдар;

– ақауы бар немесе қауіпсіздігіне күмән тудыратын құрылғыны пайдаланбаңдар.

Мұз үстіндегі қауіпсіздік ережелері

– ересектердің қарауынсыз мұз айдыны шықпаңыздар;

– мұздың беріктігін аяқпен басып немесе секіріп тексермеңіздер;

– жарықтарға, ойылған немесе еріген жерлерге және ашық суға жақындамаңыздар;

– мұз қатқан өзен-көлді қашықтықты қысқарту үшін пайдаланбаңыздар;

– тек арнайы белгіленген мұз айдындарында сырғанаңдар;

– ескерту және тыйым салу белгілеріне назар аударыңыздар.

Практикалық жұмыс. «Қауіпсіз көмек көрсет»

Педагог екі жағдаят ұсынады.

1-жағдаят. Су айдынының маңында серуендеп жүргенде, судағы адамға көмек қажет екенін байқадыңыз.

2-жағдаят. Қыста су айдыны маңында мұз үстінде қауіпті жағдайды байқап, көмек сұраған дауысты естідіңіз.

Педагог

– Осындай жағдайларда өз өміріңізге қауіп төндірмей, қалай дұрыс көмек көрсетуге болады?

Білім алушылар әрекет нұсқаларын ұсынады.

Әрекет ету алгоритмі

1. Өзіңді қатерге тікпе – суға өз бетіңше секірме және мұз үстіне жүгіріп шықпа.

2. Көмек шақыр – дереу ересектердің, құтқарушылардың немесе маңайдағы басқа адамдардың назарын аудар.

3. 112 нөміріне қоңырау шал – не болғанын, зардап шеккен адамның қай жерде екенін айтып, жан-жағыңдағу белгілерді ата.

4. Нұсқауларды орында – төтенше қызмет диспетчерінің және ересектердің нұсқауларын орында.

Педагог

– Адамға көмектесуге ұмтылу өте маңызды. Бірақ көмек көрсетемін деп өз өміріңді қатерге тігуге болмайды. Ең басты міндет – мүмкіндігінше тез көмек шақыру.

Педагог

– Су айдындары маңындағы ескерту және тыйым салу белгілері, қоршаулар мен жүріп-тұру ережелері адамдардың қауіпсіздігі үшін орнатылады. Оларды елемеуге, тыйым салынған аумаққа кіруге немесе шомылуға рұқсат етілмеген жерде суға түсуге болмайды.

Белгіленген ережелерді сақтау – **«Заң және тәртіп»** қағидатын ұстану, өз қауіпсіздігіңе және айналаңдағы адамдардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауды білдіреді.

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия. «Ережені жалғастыр»

Педагог сөйлемдерді бастайды, білім алушылар оларды аяқтайды.

Егер жанымда ересектер болмаса, мен... *(су айдынына жақындамаймын.)*

Өзен-көлдердегі сырғанауға рұқсат етілмеген мұз айдындарына... *(оның үстіне шықпаймын.)*

Егер адам қауіпті жағдайға тап болса, мен... *(ересектерді көмекке шақырып, 112 нөміріне қоңырау шаламын.)*

Сабақтың басты ережесі

Қауіпсіз екеніне сенімді болмасаң – жақындама. Өз өміріңді қатерге тікпе. Қауіпті жағдайда дереу ересектерді көмекке шақырып, 112 нөміріне қоңырау шал.

7-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН «ҚАУІПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР ТОПТАМАСЫ



№ Тақырып

1. **Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері**
2. **Қысым мен мәжбүрлеу кезінде қауіпсіз әрекет ету**
3. **Буллинг кезіндегі әрекет және көмекке жүгіну тәртібі**
4. **Кибербуллингке қарсы қауіпсіз әрекет**
5. **Қауіпті жағдайдың куәсі болсаң, не істеу керек?**
6. **Дүрбелең мен қатты күйзеліс кезіндегі қауіпсіз әрекет**
7. **Қауіпті заттар мен әрекеттерден сақтану**
8. **Дипфейк пен цифрлық алаяқтықтан сақтану**
9. **Жас ерекшелігіне байланысты шектеулер және қауіпсіздік**
10. **Менің денем – менің жеке шекарам**
11. **Жасөспірімнің жолдағы қауіпсіздігі: велосипед, самокат, скейтборд**

№1 сабақ	**Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері**
Мақсаты	Білім алушыларда қауіпті және қиын өмірлік жағдайларда көмекке дұрыс жүгіну дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:	- Қазақстан Республикасындағы төтенше қызметтердің негізгі нөмірлері мен байланыс орталығы туралы білімді бекіту; - қандай жағдайда тиісті қызметке жүгіну керектігін және көмек шақырғанда қандай ақпарат беру қажет екенін үйрету; - шұғыл көмек нөмірлерін жауапкершілікпен пайдалануға және қажет болған жағдайда дер кезінде көмек сұрауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Шұғыл көмек шақыру алгоритмі» жаднамасы; төтенше қызметтердің және 111 байланыс орталығының нөмірлері көрсетілген жаднама.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

1. Проблемалық жағдаят «Қалай әрекет ету керек?»

Педагог білім алушыларға мынадай жағдайды елестетуді ұсынады.

- Серуендеп жүргенде жаныңыздағы адамның кенеттен жағдайы нашарлады. Айналада адамдар бар, бірақ ешкім не істеу керегін білмейді. Ал сіздің қолыңызда ұялы телефон бар.

Педагогтің сұрақтары:

Қай нөмірге қоңырау шалу керек?

Неліктен уақыт жоғалтпау маңызды?

Қайда хабарласу керегін білмесең, қандай жағдай орын алуы мүмкін?

Білім алушылар өз болжамдарын айтады.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады:

https://www.youtube.com/watch?v=glwBLiDftak&list=PLA5eCSY2FeoT00B3gyDuskOvkalEx7TmU&index=28

Педагогтің қорытындысы:

– Төтенше жағдайда қандай көмек қажет екенін жылдам анықтап, тиісті қызметке дер кезінде хабарласу маңызды.

II. Негізгі бөлім

Педагог білім алушыларға «Көмек шақыру алгоритмі» жаднамасын ұсынады.

Көмек шақыру алгоритмі

1. Сабыр сақта.
2. Тиісті қызметке қоңырау шал.

3. Оқиға болған орынды нақты айт.
4. Не болғанын қысқаша түсіндір.
5. Диспетчердің сұрақтарына жауап бер.
6. Диспетчерден бұрын тұтқаны қойма.

«Қайда жүгіну керек?» жаттығуы

Педагог білім алушыларға әр жағдаятта қай қызметке жүгіну керектігін анықтауды ұсынады.

Жағдаят	Жауап
Пәтерден қою түтін шығып жатыр	101 немесе 112
Көшеде адам есінен танып қалды	103 немесе 112
Төбелестің куәсі болдың	102 немесе 112
Газдың иісін сездің	104 немесе 112
Жасөспірім буллингке ұшырап жүр, қатты мазасызданып, психологиялық көмек алу үшін кімге жүгінерін білмейді	111 байланыс орталығы, мектеп психологі, сынып жетекшісі, ата-ана немесе өзі сенетін басқа ересек адам, Балалардың құқықтарын қорғау басқармасы, Психологиялық қолдау орталығы

111 байланыс орталығы – қиын жағдайға тап болған балалар мен жасөспірімдерге көмек көрсететін бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығы. Мұнда буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық, құқықтың бұзылуы және басқа да мәселелер бойынша кеңес пен көмек алуға болады. 111 нөміріне тәулік бойы тегін хабарласуға болады.

Егер сенің құқығың бұзылса, біреу қорқытса немесе өзің шеше алмайтын қиын жағдайға тап болсаң, бұл мәселені жалғыз шешуге тырыспа. Ата-анаңа, педагогке, мектеп психологіне немесе өзің сенетін ересек адамға айт. Қажет болған жағдайда 111 байланыс орталығына**,** өңірдегі балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі органға немесе Бала құқықтары жөніндегі уәкілге жүгінуге болады.

Педагог білім алушыларға өз өңірінде көмек көрсететін ұйымдар мен олардың байланыс деректерін таныстырады.

III. Қорытынды бөлім

Қорытындылау және рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

Бүгін мен ... білдім.

Енді мен 112 нөмірі ... үшін қажет екенін білемін.

Егер маған немесе досыма психологиялық не әлеуметтік көмек қажет болса, мен ... жүгіне аламын.

Бірнеше білім алушы өз жауаптарын дауыстап айтады.

№2 сабақ	Қысым мен мәжбүрлеу кезінде қауіпсіз әрекет ету
Мақсаты	Білім алушыларда психологиялық қысым, мәжбүрлеу және манипуляция жағдайларында қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері:	- білім алушыларды мәжбүрлеу мен манипуляция белгілерімен таныстыру; - психологиялық қысым жағдайларын ажырата білу және қауіпті ұсыныстардан нық бас тарту дағдыларын дамыту; - жеке шекарасын қорғай білуге және психологиялық қысым, мәжбүрлеу немесе қорқыту жағдайында көмек сұрауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Қалай қауіпсіз бас тартуға болады?» жаднамасы; сенімді ересектердің байланыс деректері және 111 байланыс орталығының нөмірі көрсетілген жадынама.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Проблемалық жағдаят «Сен не істер едің?».

Педагог білім алушыларға мынадай жағдаят ұсынады.

- Сабақтан кейін бір топ жасөспірім сыныптасын қараусыз қалған ғимаратқа бірге баруға шақырады. Ол бас тартқаннан кейін:

– «Бармайтын болсаң, қорқақ болғаның»;

– «Бәрі келісті, жалғыз сен ғана бас тартып тұрсың»;

– «Неге артқа тарта бересің?», – дейді.

Педагог:

– Мұндай жағдайда адам өзін қалай сезінуі мүмкін?

– Бұл сөздерді қысым көрсету тәсілі деп санауға бола ма? Неліктен?

– Кейде неліктен «жоқ» деп айту қиын?

Білім алушылар өз пікірлерін айтады.

Педагогтің қорытындысы:

– Егер біреуді өзі қаламайтын әрекетке қорқыту, келемеждеу немесе кінәлі сезіндіру арқылы мәжбүрлеуге тырысса, бұл психологиялық қысым болып саналады.

II. Негізгі бөлім

«Айла-тәсілді таны» жаттығуы

Педагог манипуляциялық сипаттағы сөйлемдермен таныстырады.

– «Егер шын дос болсаң, келісесің».
– «Мұны бәрі істейді».
– «Ешкімге айтпа, әйтпесе қиындық болады».
– «Егер бұл саған ұнамаса, бас тартуыңа болады».

Педагог білім алушыларды психологиялық қысымның негізгі белгілерімен таныстырады:

– шешімді тез қабылдауға мәжбүрлейді;
– достықты тоқтатумен немесе беделіңе нұқсан келтірумен қорқытады;
– қауіпті әрекет үшін сыйақы уәде етеді;
– болған жағдайды құпия сақтауды талап етеді;
– бас тартқаның үшін өзіңді кінәлі сезіндіруге тырысады.

Практикалық жаттығу. «Нық бас тарту»

Педагог білім алушыларға жұппен жұмыс істеуді ұсынады.

Тапсырма: бір білім алушы қауіпті әрекет жасауды ұсынады, екіншісі сабырлы әрі нық түрде бас тартады.

Бас тартудың қарапайым жолдары:

«Жоқ, мен мұны істемеймін».
«Маған бұл әрекет ұнамайды».
«Бұл – қауіпті».
«Мен кетемін».

Жаттығудан кейін педагог мына сұрақтарды талқылайды:

– Қай жауаптар неғұрлым нық әрі сенімді естілді?
– Неліктен сабырлы сөйлеу және өз шешімің үшін ақталмау маңызды?

Педагог

– Әр адамның қорқыныш, күмән немесе қауіп сезімін тудыратын кез келген ұсыныстан бас тартуға құқығы бар.

Шағын кейс. «Кімнен көмек сұрауға болады?»

Педагог жағдаят ұсынады.

Жетінші сынып оқушысынан үнемі ақша талап етеді. Ақша бермесе, оның сырын басқаларға айтып қоямыз деп қорқытып, бұл туралы ешкімге айтпауын талап етеді.

Педагогтің сұрақтары:

– Жасөспірім не істеуі керек?
– Ол кімнен көмек сұрай алады?
– Білім алушылар өз жауаптарын ұсынады.

Педагог толықтырады:

– ата-анасына немесе өзі сенетін басқа ересек адамға;
– сынып жетекшісіне;

– мектеп психологіне;
– мектеп әкімшілігіне;
– 111 байланыс орталығына;
– Балалардың құқықтарын қорғау басқармасына;
– Психологиялық қолдау орталығына;
– Бала құқықтары жөніндегі уәкілге.

Педагог түсіндіреді:

Кейде адам басынан өтіп жатқан жағдайды ата-анасына да, педагогке де, психологке де, тіпті жақын досына да бірден айта алмауы мүмкін. Не істерін білмей, алдымен біреудің ақыл-кеңесін тыңдағысы келетін кездер де болады.

Осындай жағдайда 111 байланыс орталығына хабарласуға болады. Мұнда сені тыңдап, жағдайды түсінуге және әрі қарай не істеуге болатынын анықтауға көмектеседі. Буллинг, қорқыту, зорлық-зомбылық, мәжбүрлеу немесе басқа да қиын жағдайлар бойынша кеңес алуға болады. 111 нөміріне хабарласу тегін.

Ең бастысы – қиындықпен жалғыз қалмау. Кейде көмек сұраудың өзі дұрыс шешімге бастайтын алғашқы қадам болады.

Қажет болған жағдайда Балалардың құқықтарын қорғау басқармасына, Психологиялық қолдау орталығына немесе Бала құқықтары жөніндегі уәкілге де жүгінуге болады.

Педагог білім алушыларға өз өңірінде көмек көрсететін ұйымдардың байланыс деректерін таныстырады.

Педагог білім алушыларға тақырыптық постермен танысуды ұсынады:

https://drive.google.com/file/d/12RshJ_Gze3ts571j0LC5DPiGbtqI5p0p/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

– Әр адамның қауіпті ұсыныстан бас тартуға құқығы бар. «Жоқ» деп нық айта білу және дер кезінде көмек сұрау қауіпсіздікті, денсаулықты және адамның өзіндік қадір-қасиетін сақтауға көмектеседі.

«Егер сені мәжбүрлесе» жаднамасы

– тоқта және қысыммен шешім қабылдама;
– сабырлы әрі нық түрде «жоқ» деп айт;
– қауіпті жағдай орын алған жерден кет;
– өзің сенетін ересек адамға айт;
– қажет болса, **111 байланыс орталығына** не 102-ге хабарлас.

№3 сабақ	**Буллинг кезіндегі әрекет және көмекке жүгіну тәртібі**
Мақсаты	Білім алушылардың буллинг жағдайында өзін қауіпсіз ұстау, дұрыс әрекет ету және қажет кезде көмек сұрау дағдысын қалыптастыру.

Міндеттері:	– буллинг жағдайында не істеу керектігі туралы білімдерін бекіту; – қауіп төнген кезде дұрыс шешім қабылдап, сенімді адамнан көмек сұрай білуге үйрету; – біреудің буллингке ұшырағанын көргенде бейжай қалмай, оған қолдау көрсетуге баулу.

Материалдар мен ресурстар

Жағдаяттар жазылған карточкалар, тақта немесе экран.

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Сендер буллингтің не екенін және оның жай ғана ренжісуден немесе жанжалдан айырмашылығын білесіңдер. Бүгін буллингке тап болғанда не істеу керек және кімнен көмек сұрауға болады деген сұрақтарды талқылаймыз.

Қалай ойлайсыңдар, кейде оқушы буллинг жағдайында өзіне қиын болса да, көмек сұрай алмайды. Оның себебі неде деп ойлайсыңдар?

Білім алушылар өз ойларын айтады.

Педагог:

– Кейде адам қорыққаннан, ұялғаннан немесе қорқытқандықтан болған жағдайды ешкімге айта алмай жүреді. Бірақ болған жағдайды іште сақтап жүру мәселені шешпейді. Сондықтан мұндай кезде кімге айтуға болатынын және қандай әрекет жасау керектігін білу маңызды.

II. Негізгі бөлім

1. «Не істер едің?» жаттығуы

Педагог жағдаяттарды оқиды. Білім алушылар әр жағдайда қалай әрекет ету керектігін айтады.

1-жағдаят

Сені қайта-қайта ренжітіп жүр. Ал ренжіткендер бұл туралы ешкімге айтпауыңды талап етеді.

Жауап: болған жағдайды жасырмай, өзің сенетін ересек адамға айту. 111 байланыс орталығына хабарласып, мәселең бойынша кеңес алу.

2-жағдаят

Сен болған жағдайды ересек адамға айттың, бірақ ештеңе өзгермеді.

Жауап: басқа сенімді ересек адамнан көмек сұрау. Мысалы, сынып жетекшісіне, мектеп психологіне немесе мектеп әкімшілігіне айтуға болады. 111 байланыс орталығына хабарласып, мәселең бойынша кеңес алу.

3-жағдаят

Бір топ оқушы сыныптасыңды күнде мазақтап, кемсітіп жүр.

Жауап: оларға қосылмау, сыныптасыңа қолдау көрсету және болған жағдайды ересек адамға айту. 111 байланыс орталығына хабарласып, мәселең бойынша кеңес алу.

4-жағдаят

Біреу сені әдейі төбелеске шақырып, арандатып жүр.

Жауап: төбелеске бармау, қауіпті жерден кету және ересек адамнан көмек сұрау. 111 байланыс орталығына хабарласып, мәселең бойынша кеңес алу.

5-жағдаят

Біреу саған: «Айтып қойсаң, жағдайың одан да қиындайды», – деп қорқытты.

Жауап: қорқытуға көнбей, бұл туралы мүмкіндігінше тезірек сенетін ересек адамға айту. 111 байланыс орталығына хабарласып, мәселең бойынша кеңес алу.

Педагог қорытындылайды:

– Буллингке тап болғанда бәрін жалғыз шешуге тырыспау керек. Көмек сұрау – дұрыс әрекет.

Есте сақта

Агрессияға агрессиямен жауап берме – қауіпті жерден кет – болған жағдайды айт – көмек сұра – жағдай өзгермесе, басқа ересек адамға қайта айт.

2. Кімнен көмек сұрауға болады?

Педагог:

– Мектепте сынып жетекшісінен, мұғалімнен, мектеп психологінен, әлеуметтік педагогтен немесе мектеп әкімшілігінен көмек сұрауға болады.

– Үйде ата-анаңа, қамқоршыңа немесе өзің сенетін басқа ересек адамға айт.

– Қосымша көмек қажет болса, Психологиялық қолдау орталығына немесе **111** нөміріне хабарласуға болады.

– Егер өміріңе немесе денсаулығыңа қауіп төніп тұрса, дереу ересек адамды шақырып, шұғыл көмекке жүгіну қажет.

3. Егер буллинг оқиғасының куәсі болсаң

Педагог:

– Буллинг жағдайының куәгері болсаң, агрессорды қолдама.

Мұндай кезде:

– жәбірлеуші адамдарға қосылма;

– күлме, келемеждеме, қолпаштама;

– болған жағдайды қызық көріп видеоға түсірме және оны өзгелерге таратпа;

– жәбір көрген адамға қолдау көрсет;

– болған жағдайды сенім артатын ересек адамға, мектеп психологіне айт;

– жағдай қауіпті болса, өзің араласпай, ересек адамды көмекке шақыр.

III. Қорытынды бөлім

«Мен не істеймін?» рефлексиясы

Білім алушылар сөйлемдерді жалғастырады:

– Егер мені қайта-қайта ренжітсе мен ...

– Егер біреуді жәбірлеп жатқанын көрсем, мен ...

– Мектепте көмек керек болса, мен ... айтамын.

– Егер бірінші айтқан адам көмектеспесе, мен ...

– Қосымша көмек қажет болса, мен ...

Педагог қорытындылайды:

– Буллинг жағдайында үндемей қалуға болмайды. Егер өзің немесе басқа біреу осындай жағдайға тап болса, қарсы агрессиямен немесе физикалық күшті қолданып жауап берме. Қауіпті жерден кетіп, болған жағдайды сенетін ересек адамға айт. Егер бір адамнан көмек болмаса, басқа ересек адамға қайта айт. Ең бастысы – жалғыз қалмай, көмек сұрау.

Сабақтың басты ережесі:

«Үндемей қалма – қарсы агрессия танытпа – сенетін ересек адамға айт – көмек сұра».

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

№4 сабақ	Кибербуллингке қарсы қауіпсіз әрекет

Мақсаты	Білім алушыларда кибербуллингке тап болған жағдайда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері:	- білім алушыларды кибербуллингтің белгілерімен және ерекшеліктерімен таныстыру. - цифрлық ортада қауіпсіз әрекет ету және жеке деректерді қорғау дағдыларын дамыту. - жауапкершілікпен әрекет етуге, өзгелермен құрметке негізделген қарым-қатынас жасауға және қажет болған жағдайда көмек сұрауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Тоқта – сақта – бұғатта – хабарла» алгоритмі, «Кибербуллинг кезінде қалай әрекет ету керек?» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

«Әзіл не кибербуллинг» жағдаяты

Педагог білім алушыларға мынадай жағдаят ұсынады.

Білім алушы әлеуметтік желіге фотосуретін жариялағаннан кейін, оның астына келемеждейтін пікірлер жазыла бастады. Фотосуретті басқа чаттарға таратып, жалған аккаунттан қорлайтын хабарламалар жібереді.

Педагогтің сұрақтары:

– Бұл әзіл ме, әлде кибербуллинг пе?

– Неліктен мұндай жағдай тез арада күрделі мәселеге айналуы мүмкін?

Білім алушылар өз пікірлерін айтады.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалмен танысуды ұсынады:

https://drive.google.com/file/d/1P2jq6pUVs8J0Ogc1DvelgJ2piyedvJyx/view?usp=sharing

Педагогтің қорытындысы

– Кибербуллинг цифрлық ортада тез таралуы, тәулік бойы жалғасуы және жасөспірімнің психологиялық жағдайына елеулі зиян келтіруі мүмкін.

II. Негізгі бөлім

«Қалай қауіпсіз әрекет ету керек?» жаттығуы

Педагог білім алушыларға берілген жағдаяттардың кибербуллингке жататынын немесе жатпайтынын анықтап, қауіпсіз әрекет ету жолын таңдауды ұсынады.

1-жағдаят

Жасөспірімге бірнеше күн бойы үнемі қорлайтын хабарламалар жіберіледі.

2-жағдаят

Жасөспірімнің келісімінсіз оның фотосуреті әлеуметтік желіде жарияланып, астына кемсітетін пікірлер жазылған.

3-жағдаят

Белгісіз пайдаланушы жасөспірімді қорқытып, жариялаған жазбасын өшіруді талап етеді.

Педагогтің сұрақтары:

– Неліктен бұл жағдайларды кибербуллингке жатқызуға болады?

– Қандай әрекеттер өзіңді қорғауға көмектеседі?

– Кімнен көмек сұрауға болады?

Талқылаудан кейін педагог қорытынды жасайды.

Кибербуллинг – цифрлық технологияларды пайдалану арқылы адамды кемсітуге, қорқытуға немесе оған зиян келтіруге бағытталған қасақана және қайталанатын әрекеттер. Ол қорлау, жалған ақпарат тарату, адамның келісімінсіз материалдар жариялау, жалған аккаунттар ашу, қорқыту немесе бопсалау түрінде көрінуі мүмкін.

Педагог білім алушылардың назарын аударады:

– «Заң және тәртіп» қағидатын сақтау – шынайы өмірде де, цифрлық ортада да басқа адамдардың құқықтарын құрметтеуді білдіреді. Интернетте адамды қорлау, қорқыту, оның фотосуреттерін келісімінсіз тарату және жәбірлеу заңда көзделген жауаптылыққа әкелуі мүмкін.

Қазақстан Республикасында кәмелетке толмаған адамды жәбірлеу, соның ішінде буллинг пен кибербуллинг құқық бұзушылық болып табылады. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-2-бабында мұндай әрекеттер үшін ескерту жасау немесе әкімшілік айыппұл салу көзделген. Егер осы құқық бұзушылықты 12 жастан 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адам жасаса, заңда белгіленген тәртіппен оның ата-анасына немесе заңды өкілдеріне қатысты жауаптылық көзделеді.

Қауіпсіз әрекет ету алгоритмі

Егер интернетте кибербуллингке, қорқытуға немесе жәбірлеуге тап болсаң, бұл жағдаймен жалғыз қалма.

Қорлайтын хабарламаларға, қоқан-лоқыларға және арандатуға жауап берме.

Хабарламаларды, фотосуреттерді, скриншоттарды және басқа да материалдарды дәлел ретінде сақта.

Сені жәбірлеген пайдаланушыны бұғаттап, платформа әкімшілігіне шағымдан.

Болған жағдайды ата-анаңа немесе өзің сенетін басқа ересек адамға айт.

Сынып жетекшісіне немесе мектеп психологіне жүгін.

Қажет болған жағдайда өз өңіріндегі Психологиялық қолдау орталығынан көмек ал.

Психологиялық көмек және кеңес алу үшін **111 байланыс орталығына** хабарлас.

Егер кибербуллинг қорқытумен, бопсалаумен немесе басқа да құқыққа қайшы әрекеттермен қатар жүрсе, полицияның **102** нөміріне қоңырау шал.

Педагог:

– Кибербуллингті жасыруға болмайды. Ересектер мен мамандарға дер кезінде жүгіну өзіңді қорғауға және қажетті қолдау алуға көмектеседі.

(Педагог білім алушыларға өз өңіріндегі Психологиялық қолдау орталығының телефон нөмірі мен байланыс деректерін ұсынады).

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады.

Егер мен кибербуллингке тап болсам, ең алдымен...

Егер мен кибербуллингтің куәсі болсам, ...

Көмек қажет болса, мен ... жүгіне аламын.

Бірнеше білім алушы өз жауаптарын дауыстап айтады.

Сабақтың қорытындысы

Кибербуллингті елемеуге немесе жасыруға болмайды. Сабыр сақтап, дер кезінде әрекет ету, дәлелдерді сақтау және көмек сұрау өзіңді қорғауға әрі кибербуллингті тоқтатуға көмектеседі.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№5 сабақ	Қауіпті жағдайдың куәсі болсаң, не істеу керек?

Мақсаты	Білім алушылардың қауіпті жағдайға куә болған кезде дұрыс әрі қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеті	- қауіпті жағдайға куә болғанда әрекет ету тәртібін меңгерту; - жағдайды бағалап, көмек көрсетудің қауіпсіз жолын таңдай білуге үйрету; - жауапкершілікке, жанашырлық танытуға және дер кезінде көмек сұрауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Қауіпті жағдайға куә болғанда қалай әрекет ету керек?» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Проблемалық жағдаят

Педагог жағдаятты ұсынады:

Үзіліс кезінде екі оқушының арасында жанжал туындайды. Қастарында тұрған балалардың бірі болған жағдайды телефонға түсіріп жатыр, екіншісі күліп тұр, ал қалғандары сырттай бақылап тұр.

Педагог сұрайды:

– Бұл жағдайда қандай қауіп бар?

– Қауіпті жағдайға әрдайым өзің араласу керек пе?

– Өз басыңды қауіпке тікпей, қалай көмектесуге болады?

Білім алушылар өз ойларын ортаға салады.

Педагог:

– Кез келген адам қауіпті жағдайға куә болуы мүмкін. Мұндай кезде көмектескің келетіні түсінікті. Бірақ ең алдымен өзіңнің және айналадағы адамдардың қауіпсіздігін ойлау керек.

II. Негізгі бөлім

«Қалай қауіпсіз әрекет етуге болады?» шағын жаттығуы

Педагог білім алушыларға жағдаяттарды ұсынады:

– мектеп ауласында екі оқушы төбелесіп жатыр, ал айналасындағылардың кейбірі ересектерге хабарлау орнына телефонға түсіріп тұр;

– дүкен маңында бірнеше жасөспірім бір баланы қоршап алып, ақшасын беруді талап етіп жатыр;

– аулада қоқыс жәшігі өртеніп, оған жақын жерде балалар ойнап жүр.

Білім алушылар әр жағдаятта қандай қауіп бар екенін және куәгер ретінде қалай қауіпсіз әрекет етуге болатынын талқылайды.

Педагог қорытындылайды:

– Қауіпті жағдайды байқасаң, алдымен не болып жатқанын бағала. Өзіңді қауіпке тікпей, көмек көрсетудің ең қауіпсіз жолын таңда.

«Қауіпті жағдайға куә болғанда қалай әрекет ету керек?» жадынамасы

Егер қауіпті жағдайға куә болсаң:

1. Жағдайды бағала. Өзіңе немесе айналадағы адамдарға қауіп төніп тұрғанын анықта.
2. Қауіпті әрекетті қолдама. Күлме, телефонға түсірме, бейнежазбаны таратпа және әлеуметтік желіде бөліспе.
3. Қауіпсіз болса ғана аралас. Жанжалды ушықтырмай, болып жатқан әрекетті қолдамайтыныңды сабырлы түрде айтуға болады.
4. Өзіңді қауіпке тікпе. Көмектесемін деп өз өміріңе немесе денсаулығыңа қатер төндірме.
5. Көмек шақыр. Адамның өміріне немесе денсаулығына қауіп төнсе, дереу ересек адамға хабарла немесе **102 не 112 нөміріне** қоңырау шал.
6. Зардап шеккен адамды жалғыз қалдырма. Оған қолдау көрсетіп, ересек адамнан көмек сұрауды ұсын.
7. Егер психологиялық, құқықтық немесе ақпараттық көмек қажет болса, 111 байланыс орталығына жүгінуге болады.

Есте сақта: көмек көрсету кезінде өз қауіпсіздігіңді де ойлау керек. Кей жағдайда өзің араласпай, ересек адамға хабарлау немесе жедел қызмет шақыру – ең дұрыс шешім.

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

Білім алушылар сөйлемдерді аяқтайды:

– Бүгін мен қауіпті жағдайға куә болғанда ... екенін түсіндім.

– Мұндай жағдайда ең алдымен мен ... .

– Өз өміріңді қауіпке тікпей көмектесу дегеніміз ... .

– Қажет кезде мен ... көмек сұрай аламын.

Сабақтың қорытындысы

Қауіпті жағдайға куә болғанда бейжай қалмау керек, бірақ ойланбай әрекет ету де дұрыс емес. Алдымен жағдайды бағалап, өзіңе және өзгелерге қауіп төндірмейтін көмек жолын таңда. Кейде ең тиімді әрекет – жанжалға өзің араласпай, ересек адамға хабарлау немесе жедел қызмет шақыру. Осылайша сен зардап шеккен адамға да көмектесіп, өз қауіпсіздігіңді де сақтайсың.

№6 сабақ	**Дүрбелең мен қатты күйзеліс кезіндегі қауіпсіз әрекет**
Мақсаты	Білім алушыларда дүрбелең мен қатты күйзеліс жағдайында өзін-өзі ұстай білу және қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:	- білім алушыларды дүрбелең мен қатты күйзелістің белгілерімен таныстыру. - қатты күйзеліс жағдайында өзін-өзі реттеу және қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын, сондай-ақ дер кезінде көмек сұрауға дайындығын дамыту. - өз қауіпсіздігіне және айналасындағылардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Жағдаяттық кейстер жазылған карточкалар, «Тоқта – ойлан – әрекет ет» жадынамасы, сенімді ересектердің байланыс деректері және 111 байланыс орталығының нөмірі көрсетілген жадынама.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Проблемалық жағдаят «Қатты күйзеліс кезінде неге ойланбай әрекет етуіміз мүмкін?»

Педагог білім алушыларға жағдаят ұсынады.

– Қатты жер сілкінісінен кейін жасөспірім үйден шығып, қауіпсіз жерге жетті. Айналада адамдар абыржып, біреулер айқайлап, дабыл дыбыстары естіліп жатты. Жасөспірім ата-анасымен хабарласа алмай, қатты қобалжыды. Телефонының үйде қалып қойғаны есіне түскенде, ол көп ойланбастан үйге қайта кірмек болды.

Педагогтің сұрақтары:

– Жасөспірімнің асығыс шешім қабылдауына не әсер етті?

– Қорқыныш пен дүрбелең адамның шешіміне қалай әсер етуі мүмкін?

– Оның үйге қайта кіруі неліктен қауіпті?

– Осындай жағдайда асығыс әрекет етпеу үшін не істеуге болады?

Білім алушылар өз пікірлерін ортаға салады.

Педагогтің қорытындысы:

– Қатты күйзеліс немесе дүрбелең кезінде адам ойланбай әрекет етіп, қауіпті шешім қабылдауы мүмкін. Сондықтан алдымен сабырға келіп, жағдайды бағалап, содан кейін ғана әрекет ету маңызды.

II. Негізгі бөлім

«Қауіпті не қауіпсіз шешім бе» жаттығуы

Педагог білім алушыларға берілген жағдаяттарға назар аударып, қалай әрекет ету керектігі туралы тапсырма береді.

1-жағдаят

Өрт кезінде адам жеке заттарын алу үшін ғимаратқа қайта кіреді.

2-жағдаят

Жасөспірім көпшілік шара кезінде достарынан көз жазып қалады. Айналада адам көп, байланыс нашар, телефонының қуаты таусылуға жақын. Ол абыржып, достарын тезірек табу үшін адамдардың арасымен асығыс жүріп, қауіпсіз шығу жолдарын елемей кетеді.

3-жағдаят

Маңызды емтихан алдында білім алушы қатты қобалжиды: жүрегі жиі соғады, қолы дірілдейді, зейінін емтихан тапсырмасына аудара алмайды. Ол не істерін және кімнен көмек сұрарын білмейді.

Талқылаудан кейін педагог қорытынды жасайды:

– Дүрбелең мен қатты күйзеліс жағдайды дұрыс бағалауға кедергі келтіріп, қауіпті шешім қабылдауға әкелуі мүмкін.

Практикалық жаттығу. «Тоқта – ойлан – әрекет ет»

Педагог бір әрекетке кіріспес бұрын сабырға келіп, өзін-өзі ұстай білу маңызды екенін түсіндіреді.

Білім алушылар жаттығуды орындайды.

1-қадам. Тоқта.

2-қадам. Екі-үш рет баяу тыныс алып, дем шығар.

3-қадам. Ойлан:

Қазір ең үлкен қауіп неден туындап тұр?

Қандай шешім ең қауіпсіз болады?

Ересек адамның көмегі қажет пе?

Педагог атап өтеді:

– Бірнеше рет баяу әрі бірқалыпты тыныс алу зейінді жинақтап, жағдайды байыппен бағалауға көмектесуі мүмкін.

Шағын кейс. «Қай кезде көмек сұрау қажет?»

Педагог мынадай жағдаят ұсынады:

– Қатты шошынғаннан кейін жасөспірім бірнеше күн бойы дұрыс ұйықтай алмай жүр. Ол үнемі мазасызданады, үйден шығуға қорқады және сабақта зейінін шоғырландыра алмайды.

Педагог:

– Ол бұл жағдайды өз бетімен жеңе ала ма?

– Кімнен көмек сұраған дұрыс?

Білім алушылар өз жауаптарын ұсынады.

Педагог толықтырады:

Егер қатты күйзелісті өз бетіңше жеңу қиын болса,

– ата-анаңнан;

– сынып жетекшісінен;

– мектеп психологінен;

– өзің сенетін басқа ересек адамнан;

– 111 байланыс орталығынан;

– Психологиялық қолдау орталығынан көмек сұрауға болады.

Педагог атап өтеді:

– Кейде адам қатты күйзелгенде не істерін білмей, бәрін ішінде сақтап қалуы мүмкін. Егер мазасыздық ұзақ уақыт басылмаса, ұйқыңа, оқуыңа, күнделікті ісіңе немесе адамдармен қарым-қатынасыңа әсер етсе, бұл туралы біреуге айтқан дұрыс.

Кейде өзіңді мазалаған мәселе туралы біреуге айтып берудің өзі жеңілдеп қалуыңа көмектеседі. Ойынды бөліскенде жағдайға басқа қырынан қарап, не істеуге болатынын түсіну оңайырақ болады. Ал қажет кезде кеңес немесе қолдау алу мәселені шешудің жолын табуға көмектеседі.

Сондықтан қиындықты іште сақтап қалма. Өзің сенетін адаммен сөйлесіп, қажет болса көмек сұра. Кейде мәселенің шешімі дәл осындай әңгімеден басталады.

Педагог білім алушыларға өз өңіріндегі Психологиялық қолдау орталығының телефон нөмірі мен байланыс деректерін ұсынады.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалдармен танысуды ұсынады:

https://www.youtube.com/watch?v=EC4zYl37wNk

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады.

Бүгін мен ... түсіндім.

Егер мен қатты дүрбелеңге түссем, ...

Қауіпсіз шешім қабылдау үшін алдымен...

Көмек қажет болса, мен ... жүгіне аламын.

Бірнеше білім алушы өз жауаптарын дауыстап айтады.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№7 сабақ	Қауіпті заттар мен әрекеттерден сақтану

Мақсаты	Білім алушылардың қысым жасау және айла-тәсіл қолдану жағдайларында қауіпті ұсыныстарды ажырата білу мен олардан қауіпсіз түрде бас тарту дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері:	- білім алушыларды жасөспірімдерді қауіпті әрекеттерге тартудың кең таралған тәсілдерімен таныстыру; - қауіпті ұсыныстарды сыни тұрғыдан бағалау және олардан нық бас тарту дағдыларын дамыту; - өз денсаулығын сақтауға және жеке қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Қалай қауіпсіз бас тартуға болады?» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

«Не нәрсе күмән тудырады?» жаттығуы

Педагог білім алушылардың назарын мына сөздерге аударады:

«Бір рет қана қолданып көр. Ештеңе болмайды».

«Ешкімге айтпа. Бұл екеуіміздің арамызда ғана қалсын».

«Бас тартсаң, қорқақ болғаның».

Педагог:

– Бұл сөздердің қандай ортақ белгісі бар?

– Мұндай ұсыныстар неліктен қауіпті болуы мүмкін?

– Қысым көрсетілген кезде адам өзін қалай сезінуі мүмкін?

Білім алушылар жауаптарын талқылайды.

Педагогтің қорытындысы

– Қауіп кейде заттың өзінде ғана емес, адамды сол әрекетке келісуге итермелейтін тәсілдерде де жасырынуы мүмкін.

II. Негізгі бөлім

«Қауіпсіз бас тартудың үш қадамы» практикалық жаттығуы

Педагог білім алушыларға жұппен жұмыс істеуді ұсынады.

Бір білім алушы қауіпті ұсыныс жасайды, екіншісі одан қауіпсіз түрде бас тартуға жаттығады.

Әрекет алгоритмі

1-қадам. Сабырлы түрде: «Жоқ, рақмет», – деп айт.

2-қадам. Ақталма және дауласпа.

3-қадам. Егер қысым жалғаса берсе, ол жерден кетіп, өзің сенетін ересек адамға хабарла.

Жаттығудан кейін педагог мына сұрақтарды талқылайды:

Қай жауаптар неғұрлым нық әрі сенімді естілді?

Неліктен ұзақ түсініктеме беру немесе ақталу әрдайым көмектесе бермейді?

Педагог атап өтеді:

– Қысқа, сабырлы әрі нық бас тарту ұзақ түсіндіру мен ақталудан тиімдірек болады.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады:

https://www.youtube.com/watch?v=4Xj4VqG7pRo

Педагог толықтырады:

Егер біреу сені қауіпті әрекетке көндіру үшін қысым көрсетсе, қорқытса, мәжбүрлесе немесе соңынан қалмай мазалай берсе, бұл жағдайды жалғыз шешуге тырыспа.

Көмек алу үшін ата-анаңа, өзің сенетін ересек адамға, сынып жетекшісіне, мектеп психологіне, мектеп әкімшілігіне, Психологиялық қолдау орталығына немесе 111 байланыс орталығына жүгіне аласың.

Егер саған тікелей қауіп төніп тұрса, 102 нөміріне хабарлас.

Педагог атап өтеді:

– Кейде адам қысымға тап болғанда не істерін білмей, бәрін өзі шешуге тырысуы мүмкін. Бірақ қауіпті жағдайда жалғыз қалудың қажеті жоқ. Болған жағдайды біреуге айтып, көмек сұрау мәселені қауіпсіз жолмен шешуге көмектеседі. Егер қысым тоқтамаса немесе өзіңді қауіпсіз сезінбесең, міндетті түрде ересек адамға немесе маманға хабарла.

(Педагог білім алушыларға өз өңіріндегі Психологиялық қолдау орталығының телефон нөмірі мен байланыс деректерін ұсынады.)

III. Қорытынды бөлім

Қорытындылау және рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады.

Егер маған күмәнді нәрсені қолданып көруді ұсынса, мен...

Бас тартудың ең сенімді тәсілі...

Көмек қажет болса, мен ... жүгіне аламын.

Бірнеше білім алушы өз жауаптарын дауыстап айтады.

№8 сабақ	Дипфейк пен цифрлық алаяқтықтан сақтану
Мақсаты	Білім алушыларда күмәнді цифрлық контентті тексеру және цифрлық айла-тәсілдерге қарсы тұру арқылы цифрлық ортада қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері:	- білім алушыларды «дипфейк» және «цифрлық айла-тәсіл» ұғымдарымен таныстыру. - күмәнді цифрлық контентті дереккөзі, мәнмәтіні және ақпараттың расталуы бойынша тексеруге үйрету. - цифрлық контентті жасауға, пайдалануға және таратуға жауапкершілікпен қарауды дамыту.

Материалдар мен ресурстар

Жағдаяттық кейстер жазылған карточкалар, «Тоқта – дереккөз – тексеру – шешім» сызбасы, «Цифрлық қауіпсіздік ережелері» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Мәселелі жағдаят

Педагог білім алушыларға мынадай жағдаят ұсынады.

– Мессенджерде белгілі бір адамның маңызды мәлімдеме жасап тұрған бейнежазбасы пайда болды. Бірнеше минуттан кейін досың:

«Бейнежазбаны өшіріп тастамай тұрғанда, тез арада барлығына жібер!» – деп жазды.

Педагогтің сұрақтары:

– Мұндай бейнежазбаға бірден сенуге бола ма?

– Ақпараттың шынайылығына көз жеткізбей, таратуға бола ма?

– Ең алдымен қандай әрекет жасаған қауіпсіз?

Білім алушылар өз пікірлерін айтады.

Педагогтің қорытындысы

– Қазіргі технологиялар суреттер, бейнежазбалар, тіпті адамның дауысын да шынайылыққа жанасатындай жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан көрген немесе естіген ақпаратқа бірден сенбей, алдымен оны тексеру маңызды.

II. Негізгі бөлім

«Қауіпті белгі» шағын жаттығуы

Педагог бірнеше хабарламаны көрсетеді.

«Тез арада барлығына жібер!».

«Бұл бейнежазбаны ешкімге көрсетпе».

«Шындықты бірінші болып тек сен білесің».

«Бұл рас сияқты, тексермей-ақ қояйын».

Тапсырма

Қай сөйлемдер күмән тудыратынын анықтаңыздар.

Талқылаудан кейін педагог түсіндіреді.

Дипфейк – жасанды интеллект көмегімен жасалған немесе өзгертілген, соның нәтижесінде шынайы болып көрінетін не естілетін сурет, бейнежазба немесе аудиожазба.

Педагог атап өтеді:

– Тіпті өте шынайы көрінетін бейнежазба немесе дауыс та ЖИ көмегімен жасалуы мүмкін. Сондықтан ақпараттың мазмұнын ғана емес, оның шығу тегін де тексеру маңызды.

«Тоқта – дереккөз – тексеру – шешім» практикалық жаттығуы

Педагог білім алушыларға қарапайым әрекет алгоритмін есте сақтауды ұсынады.

Тоқта – ақпаратты бірден таратпа.

Дереккөз – материалды алғаш кім және қай жерде жариялағанын анықта.

Тексеру – ақпараттың расталғанын басқа сенімді дереккөздерден немесе ресми хабарламалардан ізде.

Шешім – ақпаратқа сену немесе сенбеу туралы шешімді тек тексергеннен кейін қабылда.

Педагог атап өтеді:

– Дипфейкті сыртқы белгілеріне қарап анықтау әрдайым мүмкін бола бермейді. Сондықтан қорғанудың ең сенімді тәсілі – ақпаратты таратпас бұрын оның дұрыстығын тексеру.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалды көруді ұсынады:

https://www.youtube.com/watch?v=gGAZaFs9DzI

Педагог толықтырады:

Егер күмәнді немесе ЖИ жасалған контент сенің өзіңе қатысты болса, алдау, буллинг, қорқыту немесе бопсалау мақсатында пайдаланылса, бұл мәселемен жалғыз қалма.

Хабарламалар мен скриншоттар сияқты дәлелдерді сақта, күмәнді материалды әрі қарай таратпа және көмек сұра.

Көмек алу үшін ата-анаңа немесе өзің сенетін басқа ересек адамға, сынып жетекшісіне немесе мектеп психологіне, Психологиялық қолдау орталығына, **111 байланыс орталығына** жүгінуге болады.

Егер саған қоқан-лоқы жасалса, бопсаласа немесе қауіпсіздігіңе тікелей қатер төнсе, полицияның **102** нөміріне хабарлас.

Педагог атап өтеді:

– Егер интернетте өз бетіңше шешу қиын жағдай туындаса, көмек сұрау – қауіпсіз әрі жауапты шешім. Қорқыту, бопсалау немесе буллинг фактісін растайтын хабарламалар мен басқа материалдарды өшірмей, оларды ересек адамға немесе маманға көрсету маңызды.

(Педагог білім алушыларға өз өңіріндегі Психологиялық қолдау орталығының телефон нөмірі мен байланыс деректерін ұсынады.)

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады.

Бүгін мен ... білдім.

Ақпаратты басқаларға жібермес бұрын, мен...

Егер ақпарат күмән тудырса, мен...

Бірнеше білім алушы өз жауаптарын дауыстап айтады.

«Цифрлық контентті қалай тексеруге болады?» чек-парағы

Ақпаратты, хабарламаны, аудио немесе бейнежазбаны мессенджерде таратпас бұрын, оның шынайылығын тексер.

Шұғыл әрекет етуге мәжбүрлейтін немесе күшті эмоция тудыратын хабарламаларды бірден таратпа.

Ақпарат жарияланған дереккөзді тексер және оның расталғанын басқа сенімді дереккөздерден ізде.

Егер күмәнді хабарлама танысыңның немесе туысыңның атынан келсе, онымен тікелей байланысып, ақпаратты нақтыла.

Басқа адамдарға зиян келтіруі мүмкін цифрлық контентті жасама және таратпа.

Күмән туындаса, ата-анаңнан, педагогтен немесе өзің сенетін басқа ересек адамнан кеңес сұра.

Сабақтың қорытындысы

Интернеттегі ақпараттың бәрі бірдей шынайы бола бермейді. Дереккөзді тексеру, сыни ойлау және цифрлық контентті таратуға жауапкершілікпен қарау өзіңді де, өзгелерді де цифрлық айла-тәсілдерден қорғауға көмектеседі.

№9 сабақ	Жас ерекшелігіне байланысты шектеулер және қауіпсіздік
Мақсаты	Білім алушыларда жас шектеулерін цифрлық контентті қауіпсіз таңдауға көмектесетін құрал ретінде саналы қабылдау дағдысын қалыптастыру.
Міндеттері:	-білім алушыларды интернеттегі және медиаконтенттегі жас шектеулерінің мақсаты мен маңызымен таныстыру. -цифрлық контентті таңдау кезінде қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын дамыту. -өзінің психологиялық әл-ауқатына және цифрлық қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Жағдаяттар жазылған карточкалар, жас шектеулері көрсетілген белгілердің суреттері (12+, 14+, 16+, 18+), «Цифрлық контентті қауіпсіз таңдау» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Проблемалық сұрақ: «Жас шектеулері жасөспірімді қалай қорғайды?»

Педагог жас шектеулері көрсетілген фильмнің, компьютерлік ойынның, әлеуметтік желінің және бейнеплатформаның суреттерін көрсетеді.

Педагогтің сұрақтары:

– Жас шектеулерін қай жерлерден кездестірдіңіздер?
– Жас шектеулері жасөспірімді қалай қорғайды?

Білім алушылар өз болжамдарын айтады.

Педагогтің қорытындысы

– Жас шектеулері жасөспірімге өз жасына сай контентті таңдауға көмектеседі және қорқыныш, мазасыздық немесе жайсыздық тудыруы мүмкін материалдардан қорғайды.

II. Негізгі бөлім

«Қауіпсіз таңдау» жаттығуы

Педагог білім алушыларға бірнеше жағдаят ұсынады.

1-жағдаят

Жаңа қолданбаға тіркелу кезінде:

«Бұл сервис белгілі 16 жастан асқан пайдаланушыларға арналған», – деген хабарлама шығады.

Досың тезірек тіркелу үшін жасыңды басқаша көрсетуді ұсынады.

2-жағдаят

Қорқынышты көріністері бар бейнероликтерді көргеннен кейін жасөспірім мазасызданып, ұзақ уақыт ұйықтай алмайды.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Әр жағдаятта қандай қауіп бар?

Бұл қауіптерді елемеу қандай салдарға әкелуі мүмкін?

Қандай шешім қауіпсіз болады?

Егер жас шектеулері сақталмаса, жасөспірім:

– қатты қорқыныш, мазасыздық немесе эмоциялық жайсыздық тудыратын контентті көруі;

– қауіпті немесе агрессивті әрекеттерді қалыпты құбылыс ретінде қабылдап, оларға еліктеуге тырысуы;

– цифрлық ортада алаяқтыққа, жағымсыз байланыстарға немесе басқа да қауіпті контентке тап болуы;

– пайдалану үшін көбірек жетілу мен жауапкершілікті қажет ететін цифрлық сервистердің мүмкіндіктеріне қол жеткізуі;

– платформа ережелерін бұзып, соның салдарынан аккаунтына шектеу қойылуы немесе оның бұғатталуы мүмкін.

Педагогтің қорытындысы

– Жас шектеулері жасөспірімді оның психологиялық әл-ауқатына, қауіпсіздігіне және цифрлық ортадағы жауапты мінез-құлқына кері әсер етуі мүмкін келеңсіз жағдайлардан қорғауға көмектеседі.

«Қауіпсіз контентті қалай таңдаймыз?» алгоритмі

Педагог білім алушыларға қарапайым алгоритм ұсынады.

Фильм көру, ойын орнату, қолданбаға тіркелу немесе бейнеконтент таңдау алдында өзіңе мына үш сұрақты қой:

1. Бұл контент менің жасыма сай ма?

2. Оған жас шектеуі неліктен қойылған?

3. Бұл контент қорқыныш, мазасыздық тудыруы немесе қауіпті әрекетке итермелеуі мүмкін бе?

4. Егер күмәндансаң, өз таңдауыңды ата-анаңмен немесе өзің сенетін басқа ересек адаммен талқыла.

Педагог атап өтеді:

– Жас шектеулері жасөспірімнің қызығушылығын шектеу үшін емес, қауіпсіз таңдау жасауына көмектесу үшін белгіленеді.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады.

Фильм немесе бейне көрмес бұрын, ойын орнатпас бұрын мен...

Жас шектеулері маған ... көмектеседі.

Егер контенттің қауіпсіз екеніне күмәндансам, мен...

Бірнеше білім алушы өз жауаптарын дауыстап айтады.

«Менің цифрлық қауіпсіздігім» чек-парағы

Фильмдердің, ойындардың, бейнеконтенттің және цифрлық сервистердің жас шектеулеріне назар аудар.

Жас шектеулерін елемей қойма.

Контентті достарың немесе блогерлердің ұсынғаны оның қауіпсіз екенін білдірмейді.

Егер контент қорқыныш, мазасыздық немесе қатты эмоциялық жайсыздық тудырса, оны көруді тоқтат.

Ата-анаңмен бірге **Қауіпсіз іздеу (SafeSearch)**, ата-ана бақылауы және қауіпсіздік баптауларын пайдалан. Мысалы, **Google** жүйесінде Қауіпсіз іздеуді, **YouTube** платформасында Шектеулі режимді (Restricted Mode), **TikTok** желісінде Отбасылық баптауларды (Family Pairing) және Шектеулі режимді (Restricted Mode), ал **Instagram** желісінде қауіпсіздік параметрлері күшейтілген жасөспірімдер аккаунтын (Teen Account) пайдалануға болады.

Күмән туындаса, контент таңдау туралы ата-анаңмен немесе өзің сенетін басқа ересек адаммен ақылдас.

Педагогке арналған әдістемелік ұсыным

*Сабақтан кейін ата-аналарға сынып чаты арқылы **«Балалар үшін интернетті қалай қауіпсіз етеміз?»** жаднамасын жіберу ұсынылады. Бұл сабақта қарастырылған материалды бекітуге және балалардың үй жағдайында цифрлық сервистерді қауіпсіз пайдалануына ықпал етеді.*

Ата-аналарға арналған жаднама

Бала үшін интернетті қалай қауіпсіз етуге болады?

Құрметті ата-аналар!

Баланың қажетті немесе жасына сай емес контентті тұтыну қаупін азайту үшін цифрлық сервистердегі кіріктірілген қауіпсіздік құралдарын пайдалануды ұсынамыз.

***Google** – **Қауіпсіз іздеуді (SafeSearch)** қосыңыз.*

***YouTube** – **Шектеулі режимді (Restricted Mode)** қосыңыз.*

***TikTok** – **Отбасылық баптауларды (Family Pairing)** және **Шектеулі режимді (Restricted Mode)** пайдаланыңыз.*

***Instagram** – қауіпсіздік параметрлері күшейтілген **жасөспірімдер аккаунтын (Teen Account)** баптаңыз.*

Сондай-ақ:

Баламен интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық ережелерін талқылаңыз.

Қолданбалардың, ойындардың, фильмдердің және басқа медиаконтенттің жас шектеулеріне назар аударыңыз.

Баланың қандай цифрлық контентті көріп, қандай сервистерді пайдаланып жүргеніне жүйелі түрде қызығушылық танытыңыз.

***Есте сақтаңыз:** баланың цифрлық қауіпсіздігі қауіпсіздік баптауларын бірге реттеуден және отбасындағы сенімді қарым-қатынастан басталады.*

№10 сабақ	Менің денем – менің жеке шекарам
Мақсаты	Білім алушыларда жеке басына қол сұғылмау құқығы туралы түсінік қалыптастыру және тәндік шекарасы бұзылған жағдайда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын дамыту.
Міндеттері:	- білім алушыларды «Менің денем – менің ережелерім» қағидасымен және әр адамның жеке басына қол сұғылмау құқығымен таныстыру. - қауіпті жағдайларды ажырата білу және тәндік шекарасы бұзылған жағдайда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын дамыту. - өз денесіне, жеке шекарасына және басқа адамдардың құқықтарына құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Менің қауіпсіздік ережелерім» чек-парағы.

Сабақ барысы

І. Кіріспе бөлім

«Қауіпсіздік бағдаршамы» жаттығуы

Педагог білім алушыларға әр жағдаятты талдап, оның қауіпсіз, күмәнді немесе қауіпті екенін анықтауды ұсынады.

Жағдаяттар:

Дәрігер ата-ананың немесе басқа ересек адамның қатысуымен тексеру жүргізеді.

Досың ойын кезінде сені байқамай итеріп кетіп, бірден кешірім сұрады.

Бейтаныс ересек адам сені үйге жеткізіп салуды ұсынады.

Сыныптасың сенің рұқсатынсыз құшақтап, сәлемдескісі келді.

Әр жағдаяттан кейін білім алушылар өз пікірлерін айтып, таңдауын түсіндіреді.

Педагогтің сұрақтары:

- Қандай жағдаяттарды қауіпсіз деп санауға болады?
- Қандай жағдаяттарда сақ болған жөн?
- Қандай белгілер ықтимал қауіпті білдіреді?

Егер адам «тоқта» деген өтінішке мән бермесе, не істеу керек?

Педагогтің қорытындысы

– «Менің денем – менің ережелерім» қағидасы әр адамның өз тәндік шекарасын белгілеуге және өзіне жағымсыз жанасуға «жоқ» деп айтуға құқығы бар екенін білдіреді. Ешкім бұл шекараны бұзбауы тиіс. Тек медициналық көмек көрсету немесе адамның өмірі мен

денсаулығын сақтау үшін қажетті әрекеттер кезінде тәндік жанасу қажет болуы мүмкін.

II. Негізгі бөлім

«Қауіпті белгі» жаттығуы

Педагог білім алушыларға қандай жағдаяттардың қауіп белгісі болуы мүмкін екенін анықтауды ұсынады.

1-жағдаят

Бейтаныс ересек адам жоғалған күшікті іздеуге көмектесуді сұрап, адам жоқ жерге бірге баруды ұсынады.

2-жағдаят

Ойын кезінде жасөспірімдердің бірі екіншісіне қолымен тисіп, әзілдегісі келді. Екіншісі: «Қойшы, тоқтат», – деді.

3-жағдаят

Таныс ересек адам: «Бұл екеуіміздің құпиямыз болсын. Ата-анаңа айтудың қажеті жоқ», – дейді.

Тапсырма

Не нәрсе алаңдатады?

Неліктен мұндай ұсынысқа келіспеу керек?

Қандай шешім қауіпсіз болады?

Талқылаудан кейін педагог қорытынды жасайды.

Қауіпті жағдайды білдіретін белгілер

Адам сенің бас тартқаныңды елемейді.

Адам жоқ жерге бірге баруды немесе оңаша қалуды ұсынады.

Болған жағдайды құпия сақтауды сұрайды.

Келісімің үшін сыйлық, ақша немесе басқа да нәрсе ұсынады.

Сенде қорқыныш, ұялу, кінәлілік немесе ыңғайсыздық сезімін тудырады.

«Қорықпа», «Ешкімге айтпа», «Мұны бәрі істейді», «Сен маған сенбейсің бе?» деген сөздермен қысым көрсетеді.

Ішкі түйсігің мазасыздық тудырып, болып жатқан жағдайдың дұрыс немесе қауіпсіз емес екенін сезесің.

Педагог атап өтеді:

– Егер жағдай қорқыныш, мазасыздық немесе жайсыздық сезімін тудырса, бұл сезімдерді елемеуге болмайды. Қарым-қатынасты тоқтатып, қауіпсіз жерге барып, өзің сенетін ересек адамнан көмек сұра.

Егер өзіңе қауіп төніп тұрғанын сезсең

1. «Жоқ» деп айт – сабырлы әрі нық түрде бас тарт.

2. Қауіпсіз жерге бар – адамдар көп жерге барып, қажет болса көмек сұра.

3. Болған жағдайды айт – ата-анаңа, педагогке, мектеп психологіне немесе өзің сенетін басқа ересек адамға хабарла.

4. Егер саған тікелей қауіп төніп тұрса немесе құқыққа қайшы әрекет жасалып жатса, дереу 102 немесе 112 нөміріне қоңырау шал.

5. Егер саған психологиялық, ақпараттық немесе құқықтық қолдау қажет болса, 111 байланыс орталығына хабарлас.

6. Егер психологиялық көмек пен қолдау қажет болса, өз өңіріндегі Психологиялық қолдау орталығына да жүгіне аласың.

(Педагог білім алушыларға өз өңіріндегі Психологиялық қолдау орталығының телефон нөмірі мен байланыс деректерін ұсынады.)

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады.

«Менің денем – менің ережелерім» дегеніміз...

Егер мен өзіме қауіп төніп тұрғанын сезсем, ...

Көмек қажет болса, мен ... жүгіне аламын.

Бірнеше білім алушы өз жауаптарын дауыстап айтады.

Сабақтың қорытындысы

Әрбір бала жынысына қарамастан, өз денесіне құрметпен қаралуына және жеке басына қол сұғылмауына құқылы. Қауіпті жағдайларды ажырата білу, «жоқ» деп нық айту, қауіпті жерден кету және дер кезінде көмек сұрау денсаулықты, қадір-қасиетті және қауіпсіздікті қорғауға көмектеседі.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№11 сабақ	**Жасөспірімнің жолдағы қауіпсіздігі: велосипед, самокат, скейтборд**
Мақсаты	Білім алушылардың велосипед, самокат және скейтбордты қауіпсіз пайдалану дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері:	- велосипед, самокат және скейтборд тебу кезінде туындауы мүмкін қауіпті жағдайлар туралы білім алушылардың түсінігін кеңейту; - жол жағдайын бағалау және қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын дамыту; - жол жүрісі қағидаларын сақтауға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Қауіпсіз қозғалыс алгоритмі» жаднамасы, жолдағы түрлі жағдаяттар бейнеленген суреттер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушыларға мынадай жағдаят ұсынады.

– Екі жасөспірім бір электросамокатқа бірге мініп келеді. Олардың бірі телефонына қарап отыр. Жаяу жүргіншілер өткеліне жақындағанда да жылдамдықтарын бәсеңдетпейді.

Педагогтің сұрақтары:

– Қандай қателерді байқадыңыздар? Олардың қайсысы ең қауіпті?

– Әрбір қате қандай салдарға әкелуі мүмкін?

– Ал велосипед немесе скейтборд тепкенде қандай кедергілер алдымыздан шығады?

Білім алушылар жіберген қателерге тоқталады.

Педагогтің қорытындысы

– Жолда асығыстық, зейіннің басқа нәрсеге аударылуы, өз мүмкіндігін шамадан тыс бағалау және «ештеңе болмайды» деген ой қауіпті жағдайға әкелуі мүмкін. Сондықтан жол жүрісі қағидаларын білу ғана емес, оларды әрдайым сақтау маңызды.

II. Негізгі бөлім

Жағдаяттық тапсырма

Әр топқа бір жағдаят беріледі.

1-жағдаят

Жасөспірім велосипедтен түспей, жаяу жүргіншілер өткелі арқылы жолды кесіп өтеді.

2-жағдаят

Жасөспірім электросамокатпен келе жатып, телефондағы хабарламаны оқиды да, тұрақта тұрған автокөлікті байқамай қалды.

3-жағдаят

Жасөспірім велосипедпен жаяу жүргіншілер көп жерде жоғары жылдамдықпен келе жатыр.

4-жағдаят

Велосипедші ауладан жолдың жүріс бөлігіне шығар алдында көліктердің жоқ екеніне көз жеткізбестен жолға шығады.

5-жағдаят

Жасөспірім құлаққаппен скейтборд теуіп келе жатып, бағдаршамда 7 секунд қалғанын көрді. «Үлгеремін» деп жылдамдығын арттырды. Бірақ жолға шыға бергенде бұрылып келе жатқан көлікті байқап қалды.

Тапсырма

Қауіпті жағдайға қандай қате себеп болды?

Оның салдары қандай болуы мүмкін?

Қандай қауіпсіздік ережесі жол-көлік оқиғасының алдын алуға көмектесер еді?

Талқылаудан кейін топ өкілдері өз жауаптарын таныстырады.

Педагогтің қорытындысы

– Бір ғана қателіктің өзі ауыр салдарға әкелуі мүмкін. Жолда ережелерді білу ғана емес, айналадағы жағдайды үнемі бағалап отыру маңызды.

«Тоқта – бағала – жалғастыр» алгоритмі

Жолдан өтер алдында немесе жолдың жүру бөлігіне шығар алдында:

1. Тоқта.

2. Жол жағдайын бағала – жан-жағыңа қарап, көлік жүргізушілерінің сені байқағанына көз жеткіз.

3. Велосипедпен немесе электросамокатпен жаяу жүргіншілер өткелінен өтетін болсаң, көлік құралынан түс. Скейтбордпен келе жатсаң, одан түсіп, жолдан жаяу өт.

4. Қозғалысты қауіпсіз екеніне толық көз жеткізгеннен кейін ғана жалғастыр.

Педагог білім алушылардың назарын аударады

Мына жағдайлар қауіпті:

- тым жоғары жылдамдықпен жүру;
- қозғалыс кезінде телефонға алаңдау;
- құлаққаптан айналадағы дыбыстарды естімеу;
- тұрақта тұрған көліктердің арасынан жолға кенеттен шығу;
- бір электросамокатқа екі адамның бірге мінгесуі;
- скейтбордпен көлік жүретін жолға немесе оған тым жақын жерге шығу;
- скейтбордпен жаяу жүргіншілер көп жерде жоғары жылдамдықпен сырғанау;
- тұрақта тұрған автокөліктердің арасынан скейтбордпен кенеттен шығу;
- қорғаныш құралдарынсыз скейтборд тебу.
- тәуліктің қараңғы уақытында жарық қайтарғыш элементтерсіз немесе жарықсыз жүру.

Педагог білім алушылардың назарын жол жүрісі қағидаларына аударады

Велосипедті, электросамокатты және басқа да жеке мобильділік құралдарын пайдаланғанда Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидаларын сақтау қажет.

Есте сақтау маңызды:

Жолдың жүру бөлігімен велосипед немесе электросамокат басқарған кезде белгіленген талаптарға сәйкес қорғаныш дулығасын пайдалану қажет.

Көлік құралы жолаушы тасымалдауға арналмаған болса, жолаушы алып жүруге болмайды.

Велосипедпен немесе электросамокатпен жаяу жүргіншілер өткелінен өтерде одан түсіп, көлік құралын жетектеп өту қажет.

Тәуліктің қараңғы уақытында жарық қайтарғыш элементтерді пайдалану, ал көлік құралында жарық беру құрылғысы болса, оны қосу қажет.

Қозғалыс кезінде телефонға алаңдауға болмайды. Жол жағдайын үнемі бақылап отыру қажет.

Қауіпсіз жылдамдықты таңдап, жаяу жүргіншілер өткелдері, аулалар және тұрақта тұрған автокөліктер маңында ерекше мұқият болу керек.

Электросамокатпен тротуарлар мен жаяу жүргіншілер жолдарында жүруге болмайды. Велосипед жолы немесе велосипед жолағы бар болса, электросамокатпен солардың бойымен жүру қажет.

Олар болмаған жағдайда заң талаптарын сақтай отырып, жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетімен немесе жол жиегімен қозғалуға болады.

18 жасқа толмағандарға электросамокатпен жолдың жүру бөлігіне шығуға болмайды. Жолдың жүру бөлігімен электросамокат басқаруға 18 жасқа толған, тиісті жүргізуші куәлігі бар және қорғаныш дулығасын таққан адамдарға ғана рұқсат етіледі.

Жалға берілетін электросамокаттарды пайдалану үшін пайдаланушы 18 жасқа толған және жарамды жүргізуші куәлігі бар болуы тиіс.

Скейтборд тепкенде есте сақтау маңызды:

– скейтбордты көлік қозғалысынан оқшауланған, қауіпсіз жерде немесе арнайы алаңда тепкен дұрыс;

– жолдың жүру бөлігіне скейтбордпен кенеттен шығуға болмайды;

– жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігіне кедергі келтірмей, айналадағы жағдайды үнемі бақылау қажет;

– жолдан өтерде скейтбордтан түсіп, оны қолмен алып өткен қауіпсіз;

– дулыға, тізелік және шынтаққап сияқты қорғаныш құралдарын пайдаланған жөн;

– қараңғыда, көріну нашар болғанда немесе жол жабыны тайғақ кезде скейтборд теппеген дұрыс.

Педагог атап өтеді

– Жол жүрісі қағидаларын сақтау – **«Заң және тәртіп»** қағидатын ұстанудың көрінісі. Заң талаптарын орындай отырып, әрбір жол қозғалысына қатысушы өзінің өмірі мен денсаулығын ғана емес, айналасындағы адамдардың қауіпсіздігін де қорғайды. Жолдағы жауапты мінез-құлық жол-көлік оқиғаларының алдын алуға және адам өмірін сақтауға көмектеседі.

III. Қорытынды бөлім

«Өмірді сақтайтын бір ереже» жаттығуы

Педагог әр білім алушыға жолдағы өз қауіпсіздігі үшін ең маңызды деп санайтын бір ережені атап, оның неліктен маңызды екенін қысқаша түсіндіруді ұсынады.

Білім алушылардың жауаптарынан кейін педагог қорытынды жасайды.

– Жолдағы қауіпсіздік дұрыс шешім қабылдаудан басталады. Кейде бірнеше секундқа тоқтап, айналадағы жағдайды бағалаудың өзі жол-көлік оқиғасының алдын алуға көмектеседі.

Рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады.

Бүгін мен ... түсіндім.

Велосипедпен немесе самокатпен жолға шығар алдында мен міндетті түрде...

Жолда мен жол бермеуге тырысатын ең қауіпті қателік...

Өмірім мен денсаулығымды сақтау үшін мен...

8-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН «ҚАУІПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР ТОПТАМАСЫ



№	Тақырыптар
1.	Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері
2.	Агрессия кезіндегі қауіпсіз әрекет
3.	Қиын жағдайда сенімді ересекке жүгіну
4.	«Жеңіл ақша» ұсынатын алаяқтардан сақтану
5.	Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік ережелері
6.	Өз бетінше емделу мен дәрі-дәрмекті бақылаусыз қолданудың қаупі
7.	Буллинг пен кибербуллинг кезіндегі әрекет және көмекке жүгіну
8.	Көмек келгенге дейінгі алғашқы әрекеттер
9.	Көпшілік іс-шаралар кезіндегі қауіпсіздік
10.	Көшеде біреу соңынан ергендегі қауіпсіздік ережелері
11.	Су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік ережелері

№1 сабақ	**Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері**
Мақсаты	Білім алушылардың төтенше және қиын жағдайда тиісті қызметке дұрыс хабарласу дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– жедел қызметтердің телефон нөмірлері мен міндеттері туралы білімдерін бекіту; – қауіпті жағдайда дұрыс шешім қабылдап, қажетті көмекке жүгіну дағдыларын дамыту; – жедел қызметтерге жауапкершілікпен жүгінуге тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Жедел көмек шақыру алгоритмі» жаднамасы, «Егер көмек қажет болса» чек-парағы, ватман, маркерлер, стикерлер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушыларға өмірлік жағдайды елестетуді ұсынады:

- Сабақтан кейін достарыңмен үйге қайтып келе жатырсыңдар. Автобус аялдамасында қарт адам кенеттен өзін нашар сезінді. Айналадағы адамдар абдырап қалды. Сендердің әрекеттерің қандай болмақ? Кімге қоңырау шалассыңдар?

Білім алушылар өз жауаптарын айтады.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалды көруді ұсынады

https://www.youtube.com/watch?v=glwBLiDftak&list=PLA5eCSY2FeoT00B3gyDuskOvkalEx7TmU&index=28

Педагог қорытындылайды:

- Төтенше жағдайда дұрыс шешімді тез қабылдау маңызды. Төтенше жағдайлар қызметтерінің телефон нөмірлерін және көмекке жүгіну ережелерін білу адамның өмірі мен денсаулығын сақтауға көмектеседі. Бүгін біз қайда және қалай көмек сұрау керектігін еске түсіреміз.

II. Негізгі бөлім

«Қазақстанның төтенше жағдайлар қызметтері» ақпаратпен жұмыс

Педагог білім алушыларға Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар қызметтерінің телефон нөмірлері көрсетілген презентацияны немесе плакатты ұсынады және оларды талқылауды ұйымдастырады.

Нөмір / Байланыс нөмірі	Қызмет	Қай кезде жүгіну керек
112	Бірыңғай жедел көмек қызметі	Кез келген төтенше жағдайда немесе қай қызметке жүгіну керектігі белгісіз болған кезде
101	Өрт сөндіру қызметі	Өрт, түтін басу
102	Полиция	Қылмыс, төбелес, қорқыту, өмір мен денсаулыққа қауіп төнген жағдайда
103	Жедел медициналық жәрдем қызметі	Жарақат алу, есінен тану, денсаулық жағдайының күрт нашарлауы
104	Апаттық газ қызметі	Газдың иісі сезілгенде, газдың шығуы
111	Отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «111» байланыс орталығы (тәулік бойы, 24/7)	Буллинг, кибербуллинг, қорқыту, зорлық-зомбылық және көмек пен қолдауды қажет ететін басқа да қиын өмірлік жағдайларда
Өз өңіріңіздегі ПҚО-ның байланыс нөмірлері	Психологиялық қолдау орталығы	Психологиялық қиындықтар, қатты күйзеліс, алаңдаушылық, буллинг, психологиялық көмек пен қолдауды қажет ететін жағдайларда
Өз өңіріңіздегі БҚҚБ-ның байланыс нөмірлері	Балалардың құқықтарын қорғау басқармасы	Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы, қорғау мен көмекті қажет ететін жағдайларда

Педагог білім алушыларға өз өңіріндегі Психологиялық қолдау орталығы мен Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының қолданыстағы телефон нөмірлері мен байланыс деректерін ұсынады.

Педагог білім алушыларға қиын жағдайда мәселені жалғыз шешуге тырыспау керектігін түсіндіреді. Қажет кезде көмек сұрау – дұрыс шешім.

Көмекке ата-анаңа, сынып жетекшісіне, мектеп психологіне немесе өзің сенетін басқа ересек адамға жүгіне аласың. Ал кімге жүгінеріңді білмесең немесе қосымша кеңес қажет болса, 111 байланыс орталығына хабарласуға болады.

Жағдаяттық кейстерді талдау

Білім алушылар жұптарға бірігеді. Әр жұпқа талқылау үшін бір жағдаят беріледі.

1-жағдаят. Дене шынықтыру сабағында сыныптасы ауыр жарақат алды.

2-жағдаят. Үйге қайтып келе жатқанда пәтердің терезесінен түтін шығып жатқанын байқадыңыз.

3-жағдаят. Мектептің чатында бірнеше жасөспірім сыныптасын үнемі қорлап, оған қоқан-лоқы көрсетіп, ол туралы жалған ақпарат таратады.

4-жағдаят. Кіреберістің маңында газдың қатты иісі сезіледі.

5-жағдаят. Сауда орталығының жанында төбелес болды.

6-жағдаят. Жасөспірім ұзақ уақыт бойы қатты мазасыздық сезінеді, өз уайымымен күресу оған қиын және психологиялық көмек алу үшін кімге жүгіну керектігін білмейді.

Әр жұпқа арналған тапсырма:

- көмек алу үшін қайда жүгіну керектігін анықтау;
- өз таңдауын түсіндіру;
- жүгінген кезде қандай ақпаратты хабарлау қажет екенін атау.

Талқылаудан кейін білім алушылар өз шешімдерін жариялайды, ал педагог қажет болған жағдайда жауаптарды түзетіп, толықтырады.

Педагог атап өтеді:

– Кейде адам қиын жағдайға тап болғанда не істеу керектігін бірден түсіне алмайды. Буллинг, кибербуллинг, қысым, қорқыныш, мазасыздық немесе басқа да қиындықтар туындаса, мәселені жалғыз шешуге тырыспау керек.

Мұндай жағдайда 111 байланыс орталығына немесе Психологиялық қолдау орталығына хабарласып, кеңес пен көмек алуға болады. Мамандар жағдайды түсінуге, әрі қарай не істеуге болатынын анықтауға және қажет болған жағдайда тиісті көмекке жүгінуге бағыт береді.

Кейде өзіңді мазалаған мәселе туралы біреумен сөйлесудің өзі жеңілдік әкеліп, шешім табуға көмектеседі. Сондықтан қиындықты іште сақтап қалмай, қажет кезде көмекке жүгінген дұрыс.

Жедел қызметке жүгіну алгоритмі

1. Сабыр сақтаңыз.
2. Не болғанын қысқаша әрі нақты хабарлаңыз.
3. Оқиға болған жердің нақты мекенжайын немесе жақын жердегі бағдарды атаңыз.
4. Оператордың сұрақтарына жауап беріп, қажетті ақпаратты хабарлаңыз.
5. Оператордың нұсқауларын орындаңыз.
6. Оператор қоңырауды аяқтауға болатынын айтқанға дейін телефон тұтқасын қоймаңыз.

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия:

- Бүгін мен білдім…
- Енді мен білемін…
- Егер қауіпті жағдай туындаса, мен…

Педагог сабақтың қорытындысын шығарады:

«Қауіпсіздіктің ең маңызды ережесі – өз мәселеңмен жалғыз қалмау. Егер сізді бір нәрсе алаңдатса, мазасыздансаңыз немесе әділетсіздікке тап болсаңыз, дер кезінде көмек сұрау маңызды. Жаныңызда әрдайым сізді тыңдауға, қолдауға және көмектесуге дайын адамдар бар: ата-анаңыз, сынып жетекшіңіз, мектеп психологі немесе сенім артуға болатын басқа да ересектер. Егер оларға жүгіну мүмкін болмаса немесе қосымша қолдау қажет болса, «111» бірыңғай байланыс орталығына қоңырау шалуға болады».

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№2 сабақ	Агрессия кезіндегі қауіпсіз әрекет
Мақсаты	Білім алушылардың жанжал, агрессивті және құқыққа қайшы мінез-құлық арасындағы айырмашылықтарды түсінуін, сондай-ақ жанжал ушыққандағы қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- жанжалды жағдайларды бағалауға және агрессивті әрі құқыққа қайшы мінез-құлықтың белгілерін анықтауға үйрету; - жанжал қауіпті жағдайға ұласқан кезде қауіпсіз әрекет ету алгоритмін меңгерту; - агрессия мен зорлық-зомбылық жағдайында дер кезінде көмекке жүгіну дағдыларын қалыптастыру.

Материалдар мен ресурстар

Жағдаяттар жазылған карточкалар, «Жанжал ушығып кеткен жағдайда қалай қауіпсіз әрекет ету керек» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушыларға өмірлік жағдаятты қарастыруды ұсынады.

- Екі сегізінші сынып оқушысы мектеп чатында сөзге келіп қалды. Олардың бірі балағат чатта сөздер жазылған пікір қалдырды, екіншісі оған одан да дөрекі түрде жауап берді. Келесі күні жанжал мектепте жалғасып, төбелеспен аяқталды.

Педагог сұрақтар қояды:

- Жанжал қай сәтте қауіпті бола бастады?
- Жағдайдың қауіпті бола бастағанын қандай белгілер көрсетті?
- Төбелестің алдын алу үшін не істеуге болатын еді?

Педагог қорытындылайды:

- Жанжал әрдайым агрессияға немесе зорлық-зомбылыққа ұласа бермейді. Бірақ жағдай ушыға бастаса, оны дер кезінде байқап, жанжалдан шеттетіліп, агрессияға агрессиямен жауап бермей және қажет болса көмек сұрау керек.

II. Негізгі бөлім

Жағдаяттық кейстерді талдау

Білім алушылар шағын топтарда жұмыс істейді. Әр топқа бір жағдаят беріледі.

1-жағдаят. Дауласқаннан кейін екі жасөспірім бір-бірін балағаттай бастайды.

2-жағдаят. Ұрыс-керістен кейін бір жасөспірім екіншісін әдейі итеріп, оған қоқан-лоқы көрсете отырып, бопсалай бастады.

3-жағдаят. Жасөспірімге үнемі жәбірлеу сипатындағы хабарламалар келіп тұрады, сондықтан ол мектепке баруға қорқады.

Талқылап, сұрақтарға жауап беріңіздер:

- Жағдайды қауіпті ететін не?
- Жанжалға, агрессияға немесе құқыққа қайшы мінез-құлыққа тән қандай белгілерді байқадыңыздар?
- Бұл жағдайда қандай әрекет қауіпсіз болады?
- Көмек алу үшін кімге жүгінуге болады?

Талқылаудан кейін топ өкілдері өз жауаптарын ұсынады.

Педагог білім алушылардың назарын жаднамаларға аударады.

https://cloud.mail.ru/public/dHRB/58bQrEgcp/B%20работе/Чек-листы/КАЗ/Чек-листы%20БУЛЛИНГ%20каз9.jpg

«Жанжал қауіпті жағдайға ұласқан кезде» алгоритмі

- Агрессияға агрессиямен жауап бермеңіз, дауды тоқтатыңыз.
- Қауіпсіз жерге, ересектер немесе басқа адамдар бар жерге шегініңіз.
- Ата-анаңыздан, педагогтен немесе өзіңіз сенім артатын басқа ересек адамнан көмек сұраңыз.
- Егер қорқыту, бопсалау немесе буллинг интернетте орын алса, дәлелдерді сақтап қойыңыз.
- Буллинг немесе зорлық-зомбылық, өмір мен денсаулыққа тікелей қауіп төнген жағдайда 102 нөміріне қоңырау шалыңыз.
- Кеңес алу және психологиялық қолдау қажет болса, «111» байланыс орталығына жүгініңіз.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады.

- Егер жанжал қауіпті жағдайға ұласса, мен…
- Егер маған қоқан-лоқы көрсетілсе, мен…

Педагог сабақтың қорытындысын шығарады.

Сабақтың басты ережесі:

Жанжалды ушықтырмаңыз. Жәбірлеу немесе зорлық-зомбылық жағдайында 111 байланыс орталығы мен 102 нөміріне хабарласып көмек сұраңыз.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) материалдары негізінде әзірленген қауіпсіздік сабағы

№3 сабақ	**Қиын жағдайда сенімді ересекке жүгіну**
Мақсаты	Білім алушылардың қиын немесе қауіпті жағдайда кімнен және қайдан көмек сұрауға болатынын анықтап, дер кезінде көмекке жүгіну дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– қиын жағдайда көмек көрсете алатын адамдар мен қызметтер туралы білімдерін кеңейту; – жағдайға қарай кімге немесе қай қызметке жүгіну керектігін анықтай білуге үйрету; – өмірге, денсаулыққа немесе қауіпсіздікке қатер төнген жағдайда дұрыс әрекет ету дағдыларын бекіту.

Материалдар мен ресурстар

Үш түсті карточкалар, жағдаяттар жазылған карточкалар, «Көмек алу үшін кімге жүгінуге болады?» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушыларға келесі жағдаятты елестетуді ұсынады.

- Жасөспірімге бірнеше күн қатарынан әлеуметтік желі арқылы қорқыту, бопсалау сипатындағы хабарламалар келіп тұрады. Бейтаныс адам болған жағдайды ешкімге айтпауды талап етеді. Жасөспірім алаңдайды, бірақ мәселені өзі шешуі керек деп ойлайды.

Педагог сұрақтар қояды:

– Жасөспірім неге ересектерге бұл туралы айтпады?

– Мәселені әрдайым өз бетімізше шеше аламыз ба?

– Жасөспірімге қолдау мен қорғаныс алуға не көмектесуі мүмкін?

Талқылаудан кейін педагог қорытынды жасайды.

– Күрделі немесе қауіпті жағдайда жасөспірім мәселені өз бетінше шешуге міндетті емес. Көмекке жүгіну қиын жағдайда жалғыз қалмай, қажетті көмек пен қолдауды алуға мүмкіндік береді.

II. Негізгі бөлім

«Жағдаятты бағала» практикалық жаттығуы

Педагог білім алушыларға әр жағдаяттың қауіпсіздік деңгейін анықтауды ұсынады:

Жасыл деңгей – жағдаятты өз бетіңше қауіпсіз шешуге болады. Қажет болса, көмек сұрауға да болады.

Сары деңгей – жағдаят алаңдаушылық туғызады, қысым көрсетумен байланысты немесе қайталанып тұрады. Сенім артатын ересек адамнан көмек сұрау қажет.

Қызыл деңгей – өмірге, денсаулыққа немесе қауіпсіздікке тікелей қауіп төнеді. Дереу ересек адамға және/немесе жедел қызметке жүгіну қажет.

Педагог жағдаяттарды оқып береді:

1. Түсініспеушіліктің салдарынан досыңмен сөзге келіп қалдың.
2. Сыныптастарың мектеп чатында саған үнемі әзілдеп тиіседі.
3. Интернетте бейтаныс адам сені жеке кездесуге шақырады.
4. Досың үйіне қайтуға қорқатынын айтып, бұл туралы ешкімге айтпауыңды өтінеді.
5. Аулада төбелес болып, зардап шеккен адам бар.

Әр жағдаяттан кейін білім алушылар қауіпсіздік деңгейін анықтап, қалай әрекет ету керектігін және көмек алу үшін кімге жүгінуге болатынын түсіндіреді.

Егер білім алушылар бір жағдаятты әртүрлі бағаласа, педагог қауіп деңгейі нақты жағдайларға байланысты өзгеруі мүмкін екенін түсіндіреді. Мазасыздық немесе жайсыздықтың кез келген деңгейінде көмек сұрауға болады.

Педагог қорытынды жасайды:

- Жағдаяттың қаншалықты қауіпсіз немесе қауіпті екенін анықтап қана қоймай, дұрыс әрекет таңдау да маңызды. Егер мәселені қауіпсіз түрде шешуге болатын болса – сабыр сақтап әрекет ет. Егер жағдаят алаңдаушылық туғызса, қайталана берсе немесе саған қысым көрсетілсе – сенім артатын ересек адамға жүгін. Егер өмірге, денсаулыққа немесе қауіпсіздікке қауіп төнсе – мәселені өз бетіңше шешуге тырыспа, қауіпсіз жерге барып, дереу көмек сұра.

Егер жағдаяттың қаншалықты қауіпті екеніне күмәндансаң, оны ересек адамға айтып, көмек сұраған дұрыс.

Кейде мазасыздыққа тек қауіпті жағдайлар емес, отбасындағы қиындықтар, оқу, достармен қарым-қатынас немесе адамның ішкі уайымы да себеп болуы мүмкін. Егер өзіңді жалғыз, сені ешкім түсінбейтіндей немесе ешкімге керек емес сияқты сезінсең, бұл сезімді іште сақтап қалма. Ата-анаңмен, досыңмен, өзің сенетін ересек адаммен немесе мектеп психологімен сөйлесудің өзі жеңілдеп, жағдайды түсінуге көмектесуі мүмкін. Кейде біз уайымдап жүргенде мәселе шешілмейтіндей көрінеді. Ал біреумен сөйлескеннен кейін жағдайға басқа қырынан қарап, шығатын жол бар екенін ұғасың

Көмек алу үшін кімге жүгінуге болады?

Педагог білім алушыларға әр жағдаятқа сәйкес келетін көмек көзін таңдап, кестені толтыруды ұсынады.

Егер…	Кімге жүгінуге болады?
Саған кеңес немесе қолдау қажет немесе қалай әрекет ету керектігін білмесең	
Мазасыздықты, қорқынышты немесе басқа да уайымдарды жеңу қиындаса	
Құқықтарың бұзылса және қорғау қажет болса	
Кеңестік, психологиялық, құқықтық немесе ақпараттық қолдау қажет болса	
Қоқан-лоқы көрсетілсе немесе құқыққа қайшы әрекеттер жасалса	
Өмірге немесе денсаулыққа тікелей қауіп төнсе	

Таңдау нұсқалары:

- ата-ана, педагог, мектеп психологі, әлеуметтік педагог, жаттықтырушы немесе сенім артатын басқа да ересек адам;
- Психологиялық қолдау орталығы (ПҚО);
- Балалардың құқықтарын қорғау басқармасы (БҚҚБ);
- Бала құқықтары жөніндегі уәкіл (БҚУ);
- «111» байланыс орталығы;
- полиция – 102;
- бірыңғай жедел қызмет нөмірі – 112.

Педагог кейбір жағдайларда көмек алудың бірнеше нұсқасын таңдауға болатынына назар аударады. *Педагог білім алушыларға өз өңіріндегі Психологиялық қолдау орталығының өзекті телефон нөмірлері мен байланыс деректерін ұсынады.*

Педагог білім алушыларға тақырыптық постермен танысуды ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/12RshJ_Gze3ts571j0LC5DPiGbtqI5p0p/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

«Мен жалғыз емеспін» рефлексиясы

- Егер менде мәселе туындаса, мен…
- Егер маған қиын болса немесе қорықсам, мен жалғыз емеспін, өйткені…
- Мен …-дан көмек сұрай аламын.

Педагог қорытынды жасайды:

Егер сенде қиын немесе қауіпті жағдай туындаса, есіңде болсын: сен – жалғыз емессің. Мәселені жасырмай, сенім артатын ересек адамға немесе тиісті көмек көрсету қызметіне жүгін.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) материалдары негізінде әзірленген қауіпсіздік сабағы

№4 сабақ	**«Жеңіл ақша» ұсынатын алаяқтардан сақтану**
Мақсаты	Білім алушылардың интернетте және шынайы өмірде «жеңіл ақша табу» туралы ұсыныстар алған кезде қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– білім алушыларды күмәнді ақша табу туралы ұсыныстардың белгілерімен таныстыру; – алаяқтық белгілерін тану және ықтимал тәуекелдерді бағалау дағдыларын дамыту; – күмәнді ақша табу туралы ұсыныстар алған кезде қауіпсіз әрекет ету алгоритмін бекіту.

Материалдар мен ресурстар

«Қауіпсіз ақша табу ережелері» жаднамасы, интерактивті тақта (қолда бар болса), ватман, маркерлер, стикерлер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушыларға келесі жағдаятты елестетуді ұсынады.

- Әлеуметтік желіде сегізінші сынып оқушысына мынадай хабарлама келеді: «Бір күнде 30 000 теңге табуға болады. Ешқандай қиын нәрсе жасаудың қажеті жоқ: тек ақша аудару үшін банк картаңды пайдалан немесе көрсетілген мекенжайға сәлемдеме жеткіз. Жұмыс мүлдем қауіпсіз және жұмыс барысында құпиялылықты сақтау қажет.

Педагог сұрақтар қояды:

- Бұл ұсыныста қандай нәрсе күдік тудырады?
- Жұмысқа қатысты «құпиялылық» сендерде күмән туырмайды ма?
- Егер келіссе, қандай салдар туындауы мүмкін?

Педагог білім алушылардың назарын жаднамаға аударады.

https://drive.google.com/file/d/1KPFqMu6qSv-CKAKbx_VTPu98Ahb82x8H/view?usp=sharing

- Тым тиімді ұсыныс, міндеттердің нақты көрсетілмеуі, банк картасын пайдалануды, белгісіз сәлемдемені жеткізуді немесе «жұмысты» құпия сақтауды сұрау – қауіптің белгілері. Келісуге асықпаңыз: алдымен ұсынысты өзіңіз сенім артатын ересек адаммен бірге тексеріңіз.

II. Негізгі бөлім

«Қауіп белгілерін тап» жаттығуы

Педагог кіріспе бөлімде көрсетілген хабарламаны қайтадан көрсетіп, білім алушыларға оны тағы бір рет мұқият оқуды ұсынады.

Тапсырма

Жұппен жұмыс істей отырып, күдік тудыратын сөздер мен сөз тіркестерінің астын сызыңыздар немесе оларды атаңыздар.

Талқылаудан кейін білім алушылар анықталған белгілерді атайды, ал педагог оларды тақтаға жазып отырады.

Білім алушылардың ықтимал жауаптары:

- күш жұмсамай-ақ жоғары табыс табуға уәде береді;
- жұмыстың мәні неде екенін түсіндірмейді;
- банк картасын пайдалануды немесе күмәнді тапсырманы орындауды сұрайды;
- белгісіз сәлемдемені жеткізуді ұсынады;
- құпиялылықты талап етеді;
- шешімді тез қабылдауға итермелейді.

Педагог білім алушылардың назарын аударады:

«Заң және тәртіп» қағидаты күмәнді ақша табу схемаларынан бас тартуды көздейді. Банк картаңызды, шот деректеріңізді немесе SMS арқылы келген кодтарды басқа адамдарға бермеңіз. Бейтаныс адамдардың ақшасын аударуға немесе күмәнді тапсырмаларды орындауға келіспеңіз. Мұндай әрекеттер алаяқтықпен байланысты болуы және құқықтық салдарға әкеп соғуы мүмкін. Күмәнданған жағдайда өзіңіз сенім артатын ересек адамға жүгініңіз.

«Тоқта немесе тексер» практикалық жаттығуы

Педагог жағдаяттарды оқып береді және білім алушыларға төмендегі нұсқалардың бірін анықтауды ұсынады:

- «Тексеру қажет» – қауіптіліктің айқын белгілері жоқ, бірақ ақпаратты тексеру қажет;
- «Тоқта!» – қауіпті немесе күмәнді ұсыныстың белгілері бар.

Жағдаяттар:

1. Кітап дүкеніне көмекші қажет. Ресми түрде жұмысқа қабылдау және жұмыс берушімен әңгімелесу ұсынылады.
2. Бір күнде 30 000 теңге ұсынады, бұл ретте іс жүзінде ештеңе істеудің қажеті жоқ екенін айтады.
3. Басқа адамдардың ақшасын аудару үшін өз банк картаңды пайдалануды ұсынады.
4. «Жұмыс» туралы ақпаратты құпияда ұстауды сұрайды.

5. Бүгін бір сайтқа ақша салып, ертесіне екі есе қылып шығарып алуға уәде етеді.

Әр жағдаяттан кейін білім алушылар ұсыныстың тексеруді жалғастыру немесе тоқтату керектігін анықтап, өз таңдауын түсіндіреді.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалмен танысуды ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1H8lfT5i-MiI9cgvzPPkydlb2imhaLVA9/view?usp=sharing

Дропперлік – «оңай ақша табу» тәсілдерінің бірі. Бұл жағдайда адам сыйақы үшін өз банк картасын, шотын немесе банк деректемелерін басқа адамдарға ақша аудару немесе қолма-қол ақшаға айналдыру мақсатында береді. Мұндай жолмен ақша табуға әрекет жасау шоттардың бұғатталуына, жеке деректердің жоғалуына және ҚР Қылмыстық кодексінің 232-1-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке әкелуі мүмкін.

Егер сізге «оңай ақша» ұсынса, банк картаңызды немесе шотыңызды пайдалануды, басқа біреудің ақшасын алуды немесе аударуды, белгісіз сәлемдемені жеткізуді сұраса немесе «жұмысты» құпия сақтауды талап етсе – тоқтаңыз және тапсырманы орындамаңыз. Банк деректеріңіз бен кодтарыңызды ешкімге бермеңіз. Ұсынысты ата-анаңызға немесе басқа да сенім артатын ересек адамға көрсетіңіз. Қосымша кеңес пен қолдау қажет болса, «111» байланыс орталығына жүгінуге болады.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады.

- Бүгін мен … түсіндім.
- Егер маған «оңай ақша табуды» ұсынса, мен…
- Мен үшін қаржылық қауіпсіздіктің басты ережесі – …

Сабақтың басты ережесі:

«Оңай ақша табу» туралы ұсынысқа келісуге асықпаңыз. Жұмысты кім ұсынып отырғанын және не істеу керектігін тексеріңіз. Банк картаңызды, шот деректеріңізді және кодтарды ешкімге бермеңіз, күмәнді тапсырмаларды орындамаңыз. Күмәндансаңыз, тоқтап, сенім артатын ересек адамға немесе кеңес алу үшін «111» байланыс орталығына жүгініңіз.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№5 сабақ	**Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік ережелері**
Мақсаты	Білім алушылардың төтенше жағдайлар туындаған кезде қауіпсіз әрекет ету және дұрыс шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін бекіту және оларды нақты жағдайда қолдануға үйрету; – қауіп деңгейін бағалап, жағдайға сай қауіпсіз әрекет ету дағдыларын дамыту; – төтенше жағдайда сабыр сақтауға, нұсқауларды орындауға және қажет кезде дер кезінде көмекке жүгінуге дағдыландыру.

Материалдар мен ресурстар

Төтенше жағдай кезіндегі әрекет ету алгоритмі, «Тоқта – Бағала – Әрекет ет» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Білім алушыларға келесі жағдаят ұсынылады.

Сабақ барысында кенеттен дабыл сигналы беріледі. Бір білім алушы заттарын асығыс жинай бастайды, екіншілері болып жатқан жағдайды телефонға түсіреді, ал үшіншілері абдырап, әрі қарай не болатынын күтеді.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- Ең бірінші қандай әрекет жасау керек?
- Қандай әрекеттер қауіпті күшейтуі мүмкін?
- Төтенше жағдайда сабыр сақтау неліктен маңызды?

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалмен танысуды ұсынады.

https://www.youtube.com/watch?v=fJE2xBJNPHY&list=PLA5eCSY2FeoT00B3gyDuskOvkalEx7TmU&index=2

Педагог:

– Төтенше жағдайда «Заң және тәртіп» қағидатын сақтау белгіленген ережелерге сәйкес әрекет етуді және тиісті қызметтердің нұсқауларын орындауды білдіреді. Педагогтердің, құтқарушылардың

және полиция қызметкерлерінің талаптарын орындау, эвакуацияға және жедел қызметтердің жұмысына кедергі келтірмеу, тексерілмеген ақпаратты таратпау, өзіңізге және айналаңыздағыларға қосымша қауіп төндірмеу маңызды.

II. Негізгі бөлім

«Алғашқы қауіпсіз әрекеттер» практикалық жаттығуы

Педагог білім алушыларға топпен төтенше жағдайларды қарастыруды ұсынады. Әр топтың міндеті – алғашқы үш қауіпсіз әрекетті анықтап, өз таңдауын түсіндіру.

1-жағдаят. Мектептегі өрт

Сабақ барысында өрт дабылы іске қосылып, дәлізде түтіннің иісі сезілді.

2-жағдаят. Газ иісі

Бөлмеде газдың қатты иісі сезілді.

3-жағдаят. Күдікті зат

Сауда орталығында қараусыз қалған сөмкені байқадыңыз, оның жанында ешкім жоқ.

Ықтимал жауаптар

Өрт: педагогтің нұсқауларын орындау, белгіленген эвакуация бағытымен қауіпсіз шығу жолына қарай қозғалу, заттарды алу үшін кері қайтпау.

Газдың шығуы: электр құрылғыларын қоспау, ашық отты пайдаланбау, қауіпті жерден кету және ересек адамға немесе 104 нөмірі бойынша авариялық газ қызметіне хабарлау.

Күдікті зат: оны ұстамау және орнынан қозғалтпау, қауіпсіз қашықтыққа шегіну, ересек адамға, нысан қызметкеріне немесе 112 нөміріне хабарлау.

Тапсырманы орындағаннан кейін топтар өз шешімдерін ұсынады.

Педагог сұрақтар қояды:

- Неліктен дәл осы әрекеттерді таңдадыңыздар?
- Ең алдымен қандай әрекетті орындау қажет?
- Қандай қате әрекеттер қауіпті арттыруы мүмкін?

Педагог қорытындысы:

Төтенше жағдайда сабыр сақтау, қауіпсіздік ережелерін сақтау және жауапты ересектер мен жедел қызмет қызметкерлерінің нұсқауларын орындау маңызды. Өмірге немесе денсаулыққа қауіп төнген жағдайда 112 нөмірі арқылы жедел көмекке жүгіну қажет.

«Тоқта – Бағала – Әрекет ет» алгоритмі

Білім алушыларға қауіпсіз әрекет етудің әмбебап алгоритмі ұсынылады.

Тоқта

- дүрбелеңге берілме;
- хабарлау сигналдарын және ересектердің нұсқауларын мұқият тыңда.

Бағала

- не болғанын анықта;
- қауіпсіз жолдың немесе қауіпсіз жердің қайда екенін анықта;
- өмір мен денсаулыққа тікелей қауіп бар-жоғын бағала;
- көмекке мұқтаж адам туралы ересек адамға немесе жедел қызмет қызметкеріне хабарла.

Әрекет ет

- жеке заттарыңды алу үшін кері қайтпа;
- өзіңе немесе басқа адамдарға қауіп төндіруі мүмкін әрекеттерді жасама;
- қажет болған жағдайда оқиға туралы 112 нөміріне хабарла.

III. Қорытынды бөлім

Білім алушыларға сөйлемдерді аяқтау ұсынылады.

- Бүгін мен … түсіндім.
- Төтенше жағдайда ең алдымен … қажет.
- Мен есте сақтаған қауіпсіздіктің ең маңызды ережесі – …

Сабақтың басты ережесі

Төтенше жағдайда қауіпсіз әрекеттерге назар аудар: жауапты ересектер мен жедел қызметтердің нұсқауларын орында, қауіпті аймақтан белгіленген жолмен шық, заттарыңды алу үшін ғимаратқа кері кірме және оқиғаны түсіру немесе өз бетіңше көмек көрсету үшін өзіңді қауіпке төндірме. Қажет болған жағдайда оқиға туралы 112 нөміріне хабарла.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№6 сабақ	**Өз бетінше емделу мен дәрі-дәрмекті бақылаусыз қолданудың қаупі**
Мақсаты	Білім алушылардың дәрілік заттарды пайдалану кезінде қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	өз бетінше емделудің және дәрі-дәрмекті сенімсіз интернет ресурстарынан сатып алудың қауіптерін түсіндіру; дәрілік заттарға қатысты күмәнді ақпарат пен ұсыныстарды ажырата білу дағдысын дамыту; өзін жайсыз сезінген кезде және дәрілік заттарға қатысты күмәнді кеңестер алған жағдайда қауіпсіз әрекет ету алгоритмін бекіту.

Материалдар мен ресурстар

«Дәрілік заттарды қауіпсіз қолдану ережелері» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Білім алушыларға келесі жағдаят ұсынылады.

Сегізінші сынып білім алушысының тамағы ауырып, дене қызуы көтерілді. Әлеуметтік желіден ол блогердің «бір күнде емдейтін дәріні» ұсынған бейнеролигін көрді. Пікірлерде көптеген адам бұл дәрінің шынымен көмектесетінін жазған. Ата-анасымен және дәрігермен кеңеспестен, жасөспірім дәріні интернет арқылы тапсырыс беріп, өз бетінше ем қабылдауды шешті.

Талқылауға арналған сұрақтар:

– Бұл жағдаятта қандай тәуекелдерді байқадыңыздар?

– Блогердің ұсынысындағы қандай ақпаратты тексеру қажет?

– Қандай шешім қауіпсіз болар еді?

Қорытынды

– Интернеттен алынған дәрі-дәрмек туралы ақпарат дәрігердің кеңесін алмастыра алмайды. Өзіңізді жайсыз сезінген жағдайда ата-анаңызға немесе басқа да сенім артатын ересек адамға хабарлап, қажет болған жағдайда 103 нөмірі арқылы жедел жәрдемге жүгініңіз.

II. Негізгі бөлім

«Не болуы мүмкін?» ақпаратпен жұмыс

Жағдаятты талқылағаннан кейін педагог сұрақ қояды:

– Жасөспірім дәрігермен кеңеспей, белгісіз дәріні қабылдаса, қандай қауіп туындауы мүмкін?

Білім алушылар өз жауаптарын ұсынады. Педагог оларды толықтырып, ықтимал салдарды қорытындылайды:

- емнің нәтижесіз болуы;
- аллергиялық реакция;
- денсаулық жағдайының нашарлауы;
- медициналық көмек алуға қажетті уақытты жоғалту;
- жалған дәрілік затты пайдалану.

Маңызды

Бейтаныс дәрілік заттарды, сондай-ақ блогерлер, таныстар немесе интернет пайдаланушылары ұсынған дәрілерді қабылдамаңыз. Дәрігер тағайындаған дәрінің дозасын және қолдану тәсілін өз бетінше өзгертпеңіз. Өзіңізді жайсыз сезінген жағдайда ата-анаңызға немесе басқа жауапты ересек адамға хабарлап, медицина қызметкерінің ұсынымдарын орындаңыз. Дәрілік заттарды заңды және сенімді сату арналары арқылы сатып алу қажет. Денсаулық жағдайы күрт нашарлаған кезде 103 немесе 112 нөміріне хабарласып, жедел медициналық көмекке жүгіну қажет.

Жағдаяттық тапсырма

Білім алушылар жұппен жұмыс істейді.

Тапсырма. Жағдаятты оқып, екі сұраққа жауап беріңіздер:

- Жағдаятта қандай нәрсеге сақтықпен қарау қажет?
- Қандай әрекет қауіпсіз болады?

1-жағдаят. Блогер арнайы таблеткалар жаттығусыз-ақ бұлшықет массасын тез арттыруға көмектесетінін айтып, сатып алуға сілтеме қалдырады.

2-жағдаят. Досың: «Мен бұл таблеткаларды суық тигенде іштім, маған көмектесті. Сен де байқап көр», – деп жазады.

3-жағдаят. Белгісіз сайтта «ғажайып дәрі» 80% жеңілдікпен сатылатыны, оның кез келген дерлік ауруды емдейтіні жазылған.

4-жағдаят. Дене қызуың көтерілді. Ата-анаң дәрігерге қаралуды ұсынады. Дәрігер тексеруден кейін ем тағайындайды.

Талқылаудан кейін білім алушылар өз жауаптарын түсіндіреді.

Қорытынды

Егер сізге белгісіз дәрілік затты ұсынса немесе ересек адаммен не медицина қызметкерімен кеңеспей дәрі қабылдауға кеңес берсе, бұл кеңесті орындауға асықпаңыз. Тоқтаңыз – ақпарат көзін тексеріңіз – ересек адамға немесе медицина қызметкеріне жүгініңіз – қауіпсіз ұсынымға сәйкес әрекет етіңіз.

III. Қорытынды бөлім

Білім алушыларға сөйлемді аяқтау ұсынылады:

«Егер өзімді жайсыз сезінсем, мен…»

Бірнеше білім алушы өз жауаптарын оқып береді.

Сабақтың басты ережесі

Белгісіз дәрілік заттарды қабылдамаңыз және тексерілмеген интернеттегі медициналық кеңестерге сүйенбеңіз. Өзіңізді жайсыз сезінсеңіз, ересек адамға хабарлап, медициналық көмекке жүгініңіз. Денсаулық жағдайыңызға күмәндансаңыз – 103 нөміріне хабарласыңыз.

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№7 сабақ	**Буллинг пен кибербуллинг кезіндегі әрекет және көмекке жүгіну**
Мақсаты	Білім алушылардың буллинг пен кибербуллинг жағдайында көмекке жүгіну, өзін және өзгелерді қауіпсіз қорғау тәсілдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– буллинг пен кибербуллинг жағдайында қауіпсіз әрекет ету тәсілдерін бекіту; – туындаған мәселе туралы ашық айту және ересектер мен мамандардан көмек сұрау дағдыларын дамыту; – қиын жағдайға тап болған адамға жанашырлық танытып, қолдау көрсетуге тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Жағдаяттар жазылған карточкалар, тақта немесе экран, «Кімнен көмек сұрауға болады?» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Біз буллинг пен кибер буллинг ұғымымен жақсы таныспыз. Бүгін мұндай жағдай өзіңізге немесе жаныңыздағы адамға қатысты болса, не істеу керектігі туралы сөйлесеміз.

Педагог мынадай жағдаят ұсынады:

- Бірнеше аптадан бері сыныптастары бір жасөспірімді келемеждеп жүр. Ортақ чатта ол туралы жағымсыз хабарламалар жазады. Ал жасөспірім: «Біреуге айтсам, жағдай одан сайын қиындап кетеді» деп ойлап, бұл туралы ешкімге айтпайды.

Педагогтің сұрақтары:

– Жасөспірім неліктен бұл туралы айтпай жүруі мүмкін?

– Оның көмек сұрауына не кедергі болуы мүмкін?

– Ол бұл жағдайды өз бетімен шешуге тиіс пе?

Білім алушылар өз ойларын айтады.

Педагог:

– Кейде адамға басынан өтіп жатқан жағдай туралы айту қиын болады. Ол қорқуы, ұялуы, не істерін білмей абдырауы немесе өзіне

ешкім сенбейді деп ойлауы мүмкін. Бірақ қиын жағдайда жалғыз қалмау керек. Көмекке жүгіну – өзіңді қорғаудың бір жолы.

II. Негізгі бөлім

1. «Әрі қарай не істеу керек?» жаттығуы

Педагог жағдаяттарды оқиды. Білім алушылар қауіпсіз әрекет ету жолдарын ұсынады.

1-жағдаят

Мектепте сені үнемі кемсітіп, жанжалға итермелейді. Сені: «Біреуге айтып көрші!» деп қорқытады.

Жауап**:** жәбірлеуге берілмеу, қауіпті жерден кету және сенетін ересек адамға болған жағдайды айту.

2-жағдаят

Чатта сен туралы қорлайтын хабарламалар мен суреттер жарияланып жүр.

Жауап**:** жауап ретінде жанжалға араласпау, хабарламаларды сақтап қою немесе скриншот жасау, пайдаланушыны бұғаттау, шағымдану мүмкіндігін пайдалану және ересек адамнан көмек сұрау.

3-жағдаят

Сен буллинг туралы бір ересек адамға айттың, бірақ жағдай әлі де жалғасып жатыр.

Жауап: көмек іздеуді тоқтатпау. Басқа сенімді ересек адамға, сынып жетекшісіне, мектеп психологіне, мектеп әкімшілігіне немесе көмек көрсететін мамандарға жүгіну.

4-жағдаят

Досың өзіне әлімжеттік жасалып жүргенін айтып: «Тек ешкімге айтпа», – деп өтінді.

Жауап: досыңды мұқият тыңдап, оған қолдау көрсету. Егер жағдай оның қауіпсіздігіне қатер төндірсе, бірге сенімді ересек адамға немесе маманға жүгіну.

Педагог қорытындылайды:

– Көмек сұрау адамның әлсіз екенін білдірмейді. Кейде ересек адаммен немесе маманмен сөйлесудің өзі қиын жағдайды тоқтатуға көмектеседі.

2. «Мен кімнен көмек сұрай аламын?»

Педагог:

– Қиын жағдай туындағанда кімге хабарласуға болатынын алдын ала білген маңызды.

Мектепте:

– сынып жетекшісіне;

– сенетін педагогке;

– мектеп психологіне;

– әлеуметтік педагогке;
– мектеп әкімшілігіне жүгін.

Мектептен тыс жерде:

– сенетін ересек адамға;
– Психологиялық қолдау орталығының мамандарына;
– **111** байланыс орталығына жүгін.

Педагог білім алушылардың назарын аударады:

– Егер саған қиын болса, мазасыздансаң, қорықсаң немесе әңгімені неден бастарыңды білмесең, мектеп психологіне жүгінуге болады. Мәселенің күрделеніп кетуін күтудің қажеті жоқ.

Қосымша көмек қажет болса, Психологиялық қолдау орталығына немесе **111** байланыс орталығына хабарласуға болады.

Барлық қиындықты жалғыз еңсеруге міндетті емессің. Басыңнан өтіп жатқан жағдай туралы айту және көмек сұрау – қалыпты әрекет.

3. Мәселең туралы әңгімені қалай бастауға болады?

Педагог:

– Кейде ең қиыны – әңгімені бастау. Бірден бәрін айтып шығу міндетті емес. Әңгімені қарапайым сөздерден бастауға болады:

«Маған көмек керек».

«Мен өзім шеше алмай жүрген жағдайға тап болдым».

«Бұл туралы айту маған қиынға соғып тұр, бірақ мен болған жағдайды айтқым келеді».

«Мені ренжітіп жүр. Не істерімді білмеймін».

«Қазір маған қиын болып жүр. Сізбен сөйлессем бола ма?»

Педагог:

– Егер бұл туралы дауыстап айту қиын болса, сенетін ересек адамға немесе маманға хабарлама жазуға болады. Сондай-ақ, 111 байланыс орталығына жазып, мәселең бойынша нақты кеңес ал.

4. Егер сен буллингтің куәгері болсаң

Педагог:

– Буллинг жағдайында айналадағы адамдардың қалай әрекет ететіні де маңызды.

Егер біреуге әлімжеттік жасалып жатқанын көрсең:

– келемеждеу мен мазақтауға қосылма;
– адамды қорлайтын жазбаларға «лайк» баспа және оларды өзгелерге таратпа;
– жәбір көрген адамға қолдау көрсет;
– бірге көмек сұрауды ұсын;
– жағдай қауіпті болса, дереу ересек адамды шақыр.

III. Қорытынды бөлім

«Мен кімге жүгіну керектігін білемін» рефлексиясы

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

«Егер мәселені өзім шеше алмасам, мен...».

«Мектепте мен ... жүгіне аламын».

«Егер досым буллингке тап болса, мен...».

«Егер әңгімені бастау маған қиын болса, мен ... деп айта аламын».

Педагог қорытындылайды:

– Буллингке төзуге немесе мәселемен жалғыз қалуға болмайды. Болып жатқан жағдай туралы міндетті түрде айтыңдар. Сенетін ересек адамға, мектеп психологіне немесе Психологиялық қолдау орталығының мамандарына жүгініңдер. Қосымша көмек қажет болса, **111** байланыс орталығына хабарласуға болады.

– Есте сақта: сен жалғыз емессің. Саған көмектесуге және қиын жағдайдан шығудың жолын табуға көмектесетін адамдар мен мамандар бар.

Сабақтың негізгі қағидасы

«Мәселемен жалғыз қалма – болып жатқан жағдай туралы айт – көмек сұра».

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№8 сабақ	Көмек келгенге дейінгі алғашқы әрекеттер
Мақсаты	Мамандар келгенге дейін алғашқы көмек көрсету кезінде жасөспірімдердің қауіпсіз әрекет етуі бойынша негізгі білімдері мен дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– төтенше жағдайда ең алдымен өз қауіпсіздігін және зардап шеккен адамның жағдайын бағалай білуге үйрету; – мамандар келгенге дейін көрсетуге болатын қарапайым алғашқы көмек әрекеттерін дұрыс орындау дағдыларын дамыту; – қажет жағдайда 103 немесе 112 нөміріне хабарласып, жағдай туралы нақты ақпарат беруге дағдыландыру.

Материалдар мен ресурстар

«Алғашқы көмек көрсетудің 4 қадамы» жаднамасы; қауіпті жағдаяттардың иллюстрациялары.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушыларға келесі жағдаятты елестетуді ұсынады:

– Әлихан досының құлап қалғанын және оған көмек қажет екенін байқайды. Оның жанында зақымданған электр сымы жатыр.

Педагог сұрақтар қояды:

1. Ең алдымен не істейсің?
2. Бірден жақындауға бола ма?
3. Кімді көмекке шақыру керек?
4. Қай нөмірге хабарласып, көмек шақыру қажет?

Білім алушылардың жауаптарынан кейін педагог негізгі ережеге назар аударады:

«Алдымен қауіпсіздік – содан кейін көмек»

Егер зардап шеккен адамның жанында электр сымы, өрт, түтін немесе басқа қауіп көзі болса, оған бірден жақындауға болмайды. Алдымен өз қауіпсіздігіңді қамтамасыз етіп, ересек адамды көмекке шақыр және қажет болса 112 немесе 103 нөміріне хабарлас. Қауіп

жойылмайынша, зақымданған сымға да, оның жанындағы адамға да қол тигізбе.

II. Негізгі бөлім

Практикалық тапсырма «Сен не істер едің?»

Жағдаят:

Спорт алаңында оқушы кенет өзін жайсыз сезініп, құлап басын соғып алады. Оның басы қатты айналып, көмек қажет болды.

Сұрақ:

Мұндай жағдайда қандай ретпен әрекет ету керек?

Дұрыс әрекет реті:

1. Оқиға орнының қауіпсіз екеніне көз жеткіз.
2. Ересек адамды көмекке шақыр.
3. Қажет болса, 103 нөміріне хабарлас.
4. Зардап шеккен адамның есін және тынысын бақыла.
5. Диспетчердің нұсқауларын орында.
6. Оған диспетчер не дәрігер рұқсатынсыз су, тамақ немесе дәрі берме. Қажет болмаса, орнынан қозғама.

«Алғашқы көмектің 4 қадамы»

Педагог білім алушыларға қарапайым әрекет ретін түсіндіреді.

1. БАҒАЛА

Алдымен оқиға орнының қауіпсіз екенін анықта.

Мынадай қауіптердің бар-жоғына назар аудар:

– электр сымдары;
– өрт немесе түтін;
– көлік қозғалысы;
– су;
– басқа да қауіп көздері.

2. КӨМЕККЕ ШАҚЫР

Ересек адамға немесе қасыңдағы адамға хабар беріп, көмек сұра.

Оқиға мектепте орын алса, кезекші әкімшіні, сынып жетекшіңді және бастысы мектеп медбикесіне жүгін.

3. ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТКЕ ХАБАРЛАС

Қажет жағдайда:

– **103** – медициналық жедел көмек қажет болса;
– **112** – төтенше жағдай туындаса, өмірге қауіп төнсе немесе қай қызметке хабарласу керектігін білмесең.

Қоңырау шалғанда:

– не болғанын;
– оқиға болған жерді;
– зардап шеккендер санын;
– олардың жағдайы туралы білетініңді айт.

4. КӨМЕКТЕС

Егер айнала қауіпсіз болса, ересек адам немесе мамандар келгенше зардап шеккен адамның жанында бол.

Оның жағдайын бақылап, ересек адамның немесе жедел қызмет диспетчерінің нұсқауларын орында. Өзің білмейтін немесе дағдыланбаған алғашқы көмек әрекеттерін жасауға тырыспа.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалмен танысуды ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1WvB65-fQwf0pTejx5v0PdLD4t6Cur2Y3/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

Педагог:

Балалар, бүгін біз жанымыздағы адам өзін жайсыз сезінгенде немесе жарақат алған кезде қалай әрекет ету керектігін білдік. Ең бастысы – дүрбелеңге берілмей, жағдаятты бағалау және өзіңізге қауіп төндірмеу. Егер жағдай күрделі болса, дереу көмекке жүгініп, 103 нөміріне хабарласу қажет.

Естеріңізде болсын: алғашқы көмек медициналық көмектің орнын алмастырмайды.

Біздің міндетіміз – зардап шеккен адамға қауіпсіз түрде көмек көрсету және мамандардың келуін күту.

Рефлексия

- Бүгін мен алғашқы көмек … басталатынын түсіндім.
- Жанымдағы адам өзін жайсыз сезінсе, мен…
- Оқиға болған жер қауіпті болса, мен…
- Егер жедел көмек қажет болса, мен … нөміріне хабарласамын.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№9 сабақ	Көпшілік іс-шаралар кезіндегі қауіпсіздік
Мақсаты	Білім алушылардың бұқаралық іс-шаралар кезінде тәуекелдерді бағалау және қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	- білім алушыларды бұқаралық іс-шаралар кезінде туындауы мүмкін негізгі тәуекелдермен таныстыру; - жағдайды бағалау және әрекет етудің қауіпсіз тәсілін таңдау дағдысын дамыту; - қауіпті жағдай туындаған кезде және көмекке жүгіну қажет болған жағдайда әрекет ету алгоритмін бекіту.

Материалдар мен ресурстар

«Бұқаралық іс-шаралардағы қауіпсіздік» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

«Мен дайынмын ба?» шағын квесті

Педагог білім алушыларға достарымен концертке немесе спорттық жарысқа бара жатқанын елестетіп, төмендегі сұрақтарға ойша «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруді ұсынады:

- Бір-бірімізден адасып қалсақ, алдын ала қай жерде кездесетінімізді келістік пе?
- Телефонымның қуаты жеткілікті ме?
- Негізгі және эвакуациялық шығу жолдарының қай жерде орналасқанын білемін бе?
- Көмек қажет болған жағдайда кімге жүгіну керектігін білемін бе?

Тапсырманы орындағаннан кейін педагог сұрақтар қояды:

- Іс-шара басталғанға дейін тағы не істеу қажет?
- Іс-шара өтетін жерде неге назар аудару маңызды?
- Мұндай дайындық қауіпсіздікті неліктен арттырады?

Педагог қорытындылайды:

Бұқаралық іс-шара кезіндегі қауіпсіздік дайындықтан басталады. Жақын адамдармен байланыс орнату тәртібін және кездесетін орынды алдын ала белгілеп алған маңызды. Ал іс-шара өтетін жерде шығу жолдарына назар аударып, көмек қажет болған жағдайда кімге жүгіну керектігін білу қажет.

Есіңде болсын: адам көп жиналған іс-шараларда телефон байланысы әлсіреп, интернетке қосылу қиындауы мүмкін.

II. Негізгі бөлім

«Неге назар аудару керек?» шағын талқылауы

Педагог білім алушыларға жағдаяттың қауіпті бола бастағанын білдіретін белгілерді атауды ұсынады.

Талқылаудан кейін негізгі белгілер тұжырымдалады.

Жағдайдың өзгеру белгілері:

- адамдардың тығыздығы күрт артты;
- адамдар тобы тез қозғала бастады немесе адамдар арасында қысылыс пайда болды;
- адамдар құлап жатыр, айқай-шу естіледі;
- төбелес немесе басқа да қауіпті әрекеттер басталды;
- қараусыз қалған күдікті зат анықталды;
- эвакуация жарияланды немесе қызметкерлер аумақтан шығу туралы нұсқау берді.

«Заң және тәртіп» қағидаты. Бұқаралық іс-шаралар кезіндегі қауіпсіздік барлық қатысушылардың белгіленген ережелерді сақтауына байланысты. Полиция қызметкерлері мен басқа да уәкілетті тұлғалардың заңды талаптарын орындау, қоғамдық тәртіпті сақтау, жанжалға арандатпау, эвакуацияға және жедел қызметтердің жұмысына кедергі келтірмеу қажет.

«Шешім қабылдауға 30 секунд» тренингтік жаттығуы

Педагог түсіндіреді:

Төтенше жағдайда ұзақ ойланып отыруға уақыт бола бермейді. Қазір әр топқа шешім қабылдауға 30 секунд беріледі.

Әр топқа карточка беріледі.

1-карточка. Концерт кезінде адамдар тобы күтпеген жерден алға қарай жылдам қозғала бастады.

Тапсырма. 30 секунд ішінде алғашқы қауіпсіз әрекетті анықтаңыздар.

Талқылау. Сабыр сақта, адамдардың қозғалысына қарсы жүрме және кенет қимыл жасама. Мүмкіндік болса, біртіндеп адам аз жерге қарай жылжып, қауіпсіздік қызметкерлерінің нұсқауларын орында.

Егер адамдар тым тығыз жиналып, қозғалу қиындаса, тепе-теңдікті сақтауға тырыс. Кенет тоқтама және жерге түсіп кеткен затты алу үшін еңкейме.

2-карточка. Фестиваль кезінде қараусыз қалған рюкзакты байқадыңыз.

Тапсырма. Ең алдымен не істеу қажет?

Талқылау. Затқа қол тигізбеу, полиция қызметкеріне, күзет қызметкеріне немесе іс-шара ұйымдастырушысына хабарлау және қауіпсіз қашықтыққа шегіну қажет.

3-карточка. Іс-шара кезінде достарыңыздан адасып қалдыңыз, ал телефоныңыздың қуаты таусылды.

Тапсырма. Қандай шешім ең қауіпсіз болады?

Талқылау. Достарыңызды адамдар тығыз жиналған жерден өз бетіңізше іздемеу, алдын ала келісілген кездесу орнына бару немесе іс-шара қызметкерлеріне жүгіну қажет.

4-карточка. Спорттық жарыс кезінде жаныңызда төбелес басталды.

Тапсырма. Ең алдымен не істеу қажет?

Талқылау. Төбелеске араласпау, қауіпсіз қашықтыққа шегіну және қауіпсіздік қызметкерлеріне немесе полицияға хабарлау қажет.

Тапсырманы орындағаннан кейін педагог білім алушыларға ортақ әрекет ету алгоритмін тұжырымдауды ұсынады.

«Бағала – Шегін – Хабарла – Орында» алгоритмі

1. Бағала – не болып жатқанын және қауіп көзі қай жерде орналасқанын анықта.
2. Шегін – қауіп көзінен арақашықтықты ұлғайт.
3. Хабарла – күзет қызметкеріне, іс-шара ұйымдастырушысына, полицияға немесе басқа да жауапты ересек адамға жүгін.
4. Нұсқауларды орында – эвакуация кезінде көрсетілген бағыт бойынша сабырлы түрде қозғал.
5. Өмірге немесе денсаулыққа тікелей қауіп төнген жағдайда – 112 нөміріне хабарлас.

III. Қорытынды бөлім

«Қауіптің алдын алатын бір шешім» жаттығуы

Педагог әр білім алушыға бұқаралық іс-шаралар кезінде міндетті түрде сақтайтын бір ережені атауды ұсынады.

Мысалы:

- алдын ала кездесетін орынды белгілеймін;
- дүрбелең туғызбаймын;
- қараусыз қалған заттарды көтермеймін;
- қауіпсіздік қызметкерлерінің нұсқауларын орындаймын;
- қажет болған жағдайда 112 нөміріне хабарласамын.

Жауаптардан кейін педагог қорытынды жасайды:

Жағдаятты бағала, қауіп көзінен аулақ бол, жауапты қызметкерлердің нұсқауларын орында және өмірге немесе денсаулыққа қауіп төнген жағдайда 112 нөміріне хабарлас.

№10 сабақ	**Көшеде біреу соңынан ергендегі қауіпсіздік ережелері**
Мақсаты	Білім алушылардың көшеде аңду немесе қудалау белгілері байқалған жағдайда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	- ықтимал қауіпті жағдаяттың белгілерін танып-білуге үйрету; - аңду немесе қудалау күдігі туындаған жағдайда қауіпсіз әрекет ету алгоритмін пысықтау; - ересектерден және қажет болған жағдайда жедел қызметтерден дер кезінде көмек сұрау дағдыларын бекіту.

Материалдар мен ресурстар

«Егер сені аңдып келе жатса» жаднамасы, жағдаяттық тапсырмалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушыларға келесі жағдаятты қарастыруды ұсынады:

Сабақтан кейін сегізінші сынып оқушысы үйіне бара жатып, бейтаныс адамның біраз уақыт бойы артынан еріп келе жатқанын байқайды. Білім алушы қозғалыс бағытын өзгертеді, алайда әлгі адам оның соңынан еруін жалғастырады.

Педагог сұрақтар қояды:

Бұл жағдаятта қандай белгілер сақ болуға себеп болуы тиіс?

Адамның не үшін артынан еріп келе жатқанын өз бетіңше анықтауға тырысу керек пе?

Қандай әрекет қауіпсіз болады?

Білім алушылардың жауаптарынан кейін педагог негізгі ережеге назар аударады:

- Егер сені біреу аңдып келе жатқандай көрінсе, оның ниетін өз бетіңше анықтауға тырыспа. Сенің басты міндетің – қауіпсіз жерге барып, көмекке жүгіну.

II. Негізгі бөлім

«Қауіпсіз әрекетті қалай таңдауға болады?» практикалық жаттығуы

Педагог білім алушыларға бірнеше жағдаятты қарастырып, қауіпсіз әрекет нұсқаларын анықтауды ұсынады.

1-жағдаят. Подъезде

Сен подъезге жақындағанда, жанында бейтаныс адам тұрғанын байқадың. Бұл жағдаят сені алаңдатып, подъезге жалғыз кіргің келмейді.

Сұрақ: Қалай қауіпсіз әрекет етуге болады?

2-жағдаят. Лифтте

Сен бейтаныс адаммен бірге лифтке кіргелі тұрсың, бірақ өзіңді жайсыз сезінесің.

Сұрақ: Лифтке міндетті түрде кіру керек пе? Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қандай нұсқаны таңдауға болады?

3-жағдаят. Жарықтандырылуы нашар көшеде

Сен үйіңе қайтып келе жатырсың. Әдеттегідей сен жүретін жолдың бір бөлігі нашар жарықтандырылған және адам аз жүреді.

Сұрақ: Тәуекелді азайту үшін бағытыңды немесе әрекетіңді қалай өзгертуге болады?

4-жағдаят. Артыңнан біреу еріп келе жатқандай көрінеді

Бір адамның біраз уақыт бойы сенімен бір бағытта келе жатқанын байқадың. Оның әдейі еріп келе жатқанына сенімді емессің, алайда бұл жағдаят сені алаңдатады.

Сұрақ: Ол адаммен байланысқа түспей, не істеуге болады?

Талқылаудан кейін педагог білім алушылармен бірге қауіпсіз әрекет ету алгоритмін тұжырымдайды.

Қауіпсіз әрекет ету алгоритмі

1. Жағдайды бағала – өзіңді алаңдатып тұрған жағдайға назар аудар.
2. Қауіпсіз нұсқаны таңда – жарық әрі адам көп жерге бар, қажет болса, бағытыңды өзгерт немесе келесі лифтіні күт.
3. Өзің сенетін ересек адамға хабарла – қай жерде екеніңді және не болып жатқанын айт.
4. Смартфонда геолокацияны жіберу функциясы болса, орналасқан жеріңді ата-анаңмен немесе өзің сенетін басқа ересек адаммен бөліс.
5. Жанжалдаспа және бейтаныс адамның ниетін өз бетіңше анықтауға тырыспа.
6. Егер нақты қауіп төнсе, адам сені аңдып, қорқытып немесе ұстап қалуға әрекет жасаса – 102 нөміріне хабарлас. Мүмкіндігің босла, ата-анаң мен ересек адамға сені күтіп алуын сұра.

Егер осындай жағдаяттан кейін де бойыңда алаңдаушылық немесе қорқыныш сезімі сақталса, не тыныштала алмай жүрсең, өз уайымыңмен жалғыз қалма. Бұл туралы ата-анаңа немесе өзің сенетін басқа ересек адамға айт, мектеп психологіне, Психологиялық қолдау орталығына немесе **«111» байланыс орталығына** жүгін.

Педагог атап өтеді:

Сақтық таныту – бейтаныс адамдардан қорқу керек дегенді білдірмейді. Ең бастысы – айналадағы жағдайға назар аударып, барынша қауіпсіз әрекет нұсқасын таңдай білу. Егер бір жағдаят алаңдатса, бағытыңды өзгертуге, адам көп жерге баруға немесе көмек сұрауға болады.

Педагог білім алушыларға тақырыптық бейнематериалмен танысуды ұсынады.

https://www.youtube.com/watch?v=gHTw7u8zr6A

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- Егер көшедегі жағдаят мені алаңдатса, мен…
- Егер мені біреу аңдып келе жатқандай көрінсе, мен…
- Көмек сұрау үшін мен … адамға жүгінуіме болады.
- Егер қауіпті жағдайдан кейін де бойымда алаңдаушылық немесе қорқыныш сақталса, мен…

Бірнеше білім алушы өз жауаптарын қалауы бойынша оқып береді.

Педагог қорытынды жасайды:

Егер бір жағдай сені алаңдатса, адам көп әрі қауіпсіз жерге бар, өзің сенетін ересек адамға хабарла және қажет болса көмек сұра. Қауіп төнген жағдайда 102 немесе 112 нөміріне хабарлас. Егер болған оқиғадан кейін алаңдаушылық немесе қорқыныш сақталса, мектеп психологіне, Психологиялық қолдау орталығына немесе «111» байланыс орталығына жүгінуге болады.

№ 11 сабақ	Су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік ережелері
Мақсаты	Білім алушылардың су тасқыны кезіндегі қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– білім алушыларды су тасқыны кезіндегі қауіпсіз мінез-құлықтың негізгі ережелерімен таныстыру; – жағдайды жылдам бағалау және қауіпсіз әрекет ету алгоритмін таңдау дағдысын дамыту; – өз қауіпсіздігіне және айналасындағы адамдардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Су тасқыны кезінде және одан кейін әрекет ету алгоритмі, жағдаяттық тапсырмалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушыларға келесі жағдаятты елестетуді ұсынады:

– Сабақ кезінде су деңгейінің күрт көтерілгені және аумақты су басу қаупі бар екені туралы хабарлама келіп түсті. Білім алушылар ең алдымен қандай әрекеттерді орындау керектігін анықтауы қажет.

Талқылауға арналған сұрақтар:

– Ең алдымен қандай әрекет жасау қажет?

– Қандай әрекеттер қауіпті күшейтуі мүмкін?

– Төтенше жағдайда неліктен сабыр сақтау маңызды?

Педагог қорытынды жасайды:

Төтенше жағдайда, соның ішінде су тасқыны кезінде, ең бастысы – дүрбелеңге берілмеу. Сабыр сақтау, мұқият болу және дұрыс әрекет ету өмір мен денсаулықты сақтауға көмектеседі.

II. Негізгі бөлім

Педагог білім алушыларды **су тасқыны кезіндегі әрекет ету алгоритмімен** таныстырады**:**

- Қажет болған жағдайда қауіпті аумақтан дереу кету.
- Эвакуациялау мүмкін болмаған жағдайда жоғарғы қабатқа немесе басқа да биіктеу жерге көтерілу.
- Егер адам қауіпсіз аумаққа шыға алмай, оқшауланып қалса, көмек шақыру белгісін беру.
- Қатты ағып жатқан судан өтпеу.
- Су басқан аумақтан жаяу өтуге тырыспау.
- Үзіліп қалған электр сымдарына жақындамау.
- Ақау бар электр құрылғыларын пайдаланбау.

- Су деңгейі көтеріліп жатса, су басқан жолмен көлікпен жүруге болмайды. Құтқарушылардың нұсқауларын орында.

Маңызды ереже

Тіпті таяз, бірақ ағысы қатты су адамды ағызып әкетуі мүмкін. Сондықтан су басу қаупін елемеуге және жағдайды қауіпсіз деп бағалауға болмайды.

Су тасқынынан кейінгі әрекет ету алгоритмі

Су қайтқаннан кейін үйге бірден оралуға болмайды.

Мыналарды орындау қажет:

- үйге қайтуға ресми рұқсат берілгенін күту;
- ғимараттың қауіпсіздігін тексеру;
- электр жабдықтары су астында қалған болса, электр қуатын өз бетінше қоспау;
- зақымданған немесе ластанған көздерден алынған суды ішуге пайдаланбау;
- үзілген электр сымдарынан аулақ болу;
- жолдардың, көпірлердің және ғимараттардың зақымдануына байланысты сақтық шараларын сақтау;
- анықталған қауіпті жағдайлар туралы ересектерге немесе құтқарушыларға хабарлау.

Педагог сыныпты топтарға бөліп, әр топқа жағдаяттар ұсынады:

1-жағдаят: «Радиодан су тасқыны қаупі бар екені және эвакуациялау қажеттігі туралы хабарлады. Сіз не істейсіз?».

2-жағдаят: «Үйге су тез кіре бастады, ал қауіпсіз жолмен сыртқа шығу мүмкін емес. Сіз қалай әрекет етесіз?».

3-жағдаят: «Су тасқынынан кейін су тартылды, бірақ үйдің жанында зақымдалған электр сымы жатыр. Не істеу керек?».

Білім алушылар жағдаяттарды талқылап, әрекет ету нұсқаларын ұсынады.

Педагог қорытынды жасайды:

Су тасқыны кезінде сабыр сақтау, дер кезінде эвакуациялану, қатты ағып жатқан судан және зақымданған электр желілерінен аулақ болу қажет.

III. Қорытынды бөлім

Білім алушыларға сөйлемдерді аяқтау ұсынылады:

- Бүгін мен … түсіндім.
- Төтенше жағдайда ең алдымен … қажет.
- Мен есте сақтаған ең маңызды қауіпсіздік ережесі – …

Педагог:

Естеріңде болсын! Төтенше жағдайда жағдайды жылдам бағалап, сабыр сақтап, қауіпсіздік ережелеріне сәйкес әрекет ету маңызды. Егер жағдай өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндірсе, ересектер мен жедел қызмет мамандарының нұсқауларын орындау, қажет болған жағдайда оқиға туралы 112 нөміріне хабарлау қажет.

Сабақтың басты ережесі

Заттар үшін өміріңді қатерге тікпе және құтқару қызметтерінің нұсқауларын қатаң орында.

9-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН «ҚАУІПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР ТОПТАМАСЫ



№	Сабақ тақырыбы
1	Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері
2	Бір қателіктің салдары
3	Жеке шекара және қысымнан қорғану
4	Төбелес пен жанжал кезіндегі қауіпсіз әрекет
5	Табиғат аясындағы қауіпсіз демалыс
6	Денсаулыққа зиян келтіретін әрекеттерден сақтану
7	Цифрлық ортада қауіпсіз әрі жауапты әрекет ету
8	Бейтаныс адамнан төнетін қауіптен сақтану
9	Жұмысқа орналасудағы алаяқтықтан сақтану
10	Қорқыту мен бопсалау кезінде қауіпсіз әрекет ету
11	Мектепте қауіпті жағдай туындағанда қауіпсіз әрекет ету
12	Қауіпті әуестіктер және олардың салдары

№1 сабақ	Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері
Мақсаты	Білім алушылардың тиісті көмек көрсету қызметін дұрыс таңдау және көмекке сауатты жүгіну дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– білім алушылардың төтенше жағдайлар қызметтері мен 111 байланыс орталығы туралы білімдерін бекіту; – қауіп-қатер деңгейін бағалау және тиісті көмек алу көзін дұрыс таңдау дағдыларын дамыту; – төтенше жағдайлар қызметіне жүгінген кезде жауапкершілікпен әрекет етуге тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

101, 102, 103, 104, 111, 112 нөмірлері жазылған карточкалар, жағдаяттар жазылған карточкалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

«Диспетчер түсіне ала ма?» шағын тапсырмасы

Педагог білім алушыларға жүгінеді.

Өзіңіздің 112 нөміріне қоңырау шалып:

«Көмектесіңіз! Мұнда бір адамның жағдайы нашар!», – деп айтқаныңызды елестетіңіз.

Сыныпқа сұрақ:

Диспетчер бірден қажетті көмекті жібере ала ма? Неліктен?

Білім алушылардың екі-үш жауабын тыңдағаннан кейін педагог қорытынды жасайды.

II. Негізгі бөлім

«Диспетчер шешім қабылдайды» практикалық симуляциясы

Педагог:

– Бүгін сіздер тек оқиғаның куәгері ғана емес, сонымен қатар көмек көрсету қызметінің диспетчері боласыздар. Сіздердің міндеттеріңіз – көмек көрсету үшін берілген ақпараттың жеткілікті анықтау.

Педагог жағдаяттарды бір-бірден ұсынады.

1-жағдаят

Аулада бір адам есінен танып қалды.

Білім алушылардың бірі телефонмен болған жағдай туралы хабарлайтынын айтады.

Оның жауабынан кейін педагог сыныпқа сұрақ қояды:

– Көмек көрсету қызметін жіберу үшін берілген ақпарат жеткілікті ме?

Егер ақпарат жеткіліксіз болса, білім алушылар қандай мәліметтерді нақтылау қажет екенін ұсынады.

2-жағдаят

Кіреберісте газдың өткір иісі сезіледі.

3-жағдаят

Аулада автокөлік өртеніп жатыр.

4-жағдаят

Интернетте бейтаныс адам ақша талап етіп, жеке фотосуреттерді таратамын деп қорқытуда. Ол:

«Егер біреуге айтып қойсаң, өкінесің», – деп ескертті.

Білім алушылар:

- қайда жүгіну керектігін;
- қандай ақпаратты хабарлау қажет екенін анықтайды.

Барлық жағдаяттарды талқылап болғаннан кейін педагог қорытынды жасайды.

Есте сақтаңыз!

«Заң және тәртіп» қағидатын сақтау – жедел қызметтердің мүмкіндіктерін жауапкершілікпен пайдалануды білдіреді. Жалған қоңыраулар мамандардың шын мәнінде көмекке мұқтаж адамдарға жедел көмек көрсетуіне кедергі келтіреді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін.

III. Қорытынды бөлім

«Бір ереже» жаттығуы

Педагог әр білім алушыға өзі ең маңызды деп санайтын бір ережені атауды ұсынады.

Мысалы:

- дүрбелеңге берілмеу;
- нақты мекенжайды хабарлау;
- диспетчердің сұрақтарына жауап беру;
- қай қызметке хабарласу керектігін білмесеңіз, 112 нөміріне қоңырау шалу;
- егер досыңыз эмоционалдық дағдарысты бастан өткеріп жатса, сенім білдіретін ересек адамға немесе 111 нөміріне хабарласу.

Педагог сабақты қорытындылайды.

Қиын немесе қауіпті жағдайда бәрін өз бетіңше шешуге тырыспа. Кейде ең дұрыс қадам – ата-анаңа, өзің сенетін ересек адамға немесе мектеп психологіне болған жағдайды айтып, көмек сұрау.

Егер кімге жүгінеріңді білмесең, өзіңді жалғыз сезінсең немесе мәселені біреуге айту қиын болса, 111 байланыс орталығына хабарласуға болады. Кейде өзіңді мазалаған нәрсені біреумен бөлісудің өзі жеңілдік әкеліп, жағдайға басқа қырынан қарауға көмектеседі.

Ал өміріңе немесе денсаулығыңа тікелей қауіп төнсе, уақыт жоғалтпай жедел көмек шақыр. Есіңде болсын: қиын сәтте жалғыз қалудың қажеті жоқ – көмек сұрау мәселені шешуге бастайтын алғашқы қадам болуы мүмкін.

Қосымша ақпарат

Нөмірі / байланыс нөмірі	Қызмет түрі	Қай кезде жүгіну керек
112	Бірыңғай жедел көмек көрсету қызметі	Кез келген төтенше жағдайда немесе қай қызметке хабарласу керектігі белгісіз болған кезде
101	Өрт сөндіру қызметі	Өрт, өрттің шығуы, түтін байқалған кезде
102	Полиция қызметі	Қылмыс, төбелес, қорқыту, өмірге немесе денсаулыққа қауіп төнген жағдайда
103	Жедел медициналық көмек қызметі	Жарақат алған кезде, есінен танып қалған жағдайда немесе денсаулық жағдайы күрт нашарлағанда
104	Апаттық газ қызметі	Газдың иісі сезілгенде немесе газдың шығуы байқалған кезде
111	Отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі «111» байланыс орталығы (тәулік бойы, 24/7)	Буллинг, кибербуллинг, қорқыту, зорлық-зомбылық және көмек пен қолдауды қажет ететін басқа да қиын өмірлік жағдайларда
Өңіріңіздегі байланыс нөмірлері	Психологиялық қолдау орталығы	Психологиялық қиындықтар, қатты күйзеліс, мазасыздық, буллинг, психологиялық көмек пен қолдауды қажет ететін жағдайларда
Өңіріңіздегі байланыс нөмірлері	Балалардың құқықтарын қорғау басқармасы	Балалардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, сондай-ақ қорғау мен көмекті қажет ететін жағдайларда

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№2 сабақ	Бір қателіктің салдары
Мақсаты	Білім алушылардың тәуекел жағдайларда өз әрекеттерінің ықтимал салдарын ескере отырып, қауіпсіз шешімдерді саналы түрде қабылдау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	• тәуекелді жағдайды танып, қауіпсіз әрекет ету нұсқасын анықтау дағдысын бекіту; • қабылданатын шешімдердің ықтимал салдарын алдын ала болжай білу қабілетін дамыту; • эмоционалдық қысым, құрдастарының ықпалы немесе күмәнді ұсыныс жағдайында қауіпсіз шешім қабылдау алгоритмін іс жүзінде қолдану дағдысын қалыптастыру.

Материалдар мен ресурстар

Жағдаяттар жазылған карточкалар, «ТОҚТА» жаднама-карточкасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Бір сәттік шешімнің салдары қандай болуы мүмкін?

Педагог үш жағдаятты ұсынады:

– жасөспірім ақша табамын деп күмәнді тапсырманы орындауға келіседі;

– мектептегі сөз таласы төбелеске ұласады;

– біреу төтенше жағдай туралы жалған ақпарат таратып, соның салдарынан жедел қызметтер шақырылады.

Педагог сұрайды:

– Осы жағдайлардың әрқайсысы неден басталды?

– Қай сәтте басқа шешім қабылдауға болатын еді?

– Бір ғана асығыс немесе ойланбай жасалған әрекет қандай салдарға әкелуі мүмкін?

Білім алушылар өз пікірлерін айтады.

Педагог қорытындылайды:

– Кейде үлкен мәселе бір ғана асығыс шешімнен басталады. Бірақ шешім қабылдамас бұрын тоқтап, оның салдарын ойласаң, жағдайдың әрі қарай қалай өрбитінін өзгертуге болады.

Бүгін біз бір әрекеттің қандай салдарға әкелуі мүмкін екенін және қателіктің алдын алу үшін қай сәтте тоқтап, басқа шешім таңдауға болатынын талқылаймыз.

II. Негізгі бөлім

«Таңдау нүктесі» шағын тренингтік жаттығуы

Педагог түсіндіреді:

Қазір сіздердің міндеттеріңіз – таңдау нүктесін, яғни адамның басқа шешім қабылдауына әлі де мүмкіндік болған сәтті анықтау.

1-жағдаят

Жасөспірімге тәжірибесінің жоқтығына қарамастан, ақысы жоғары қосымша жұмыс ұсынылды.

Ол не істейді?

- Бас тартады.
- Ата-анасымен немесе басқа да сенім артатын ересек адаммен кеңеседі.
- Бірден келіседі.

Таңдау жасалғаннан кейін педагог жағдаяттың жалғасын көрсетеді.

Жасөспірім келісім берді. Біраз уақыттан кейін оның заңсыз әрекетке тартылғаны анықталды.

Сыныпқа сұрақ:

Таңдау нүктесі қай жерде болды?

2-жағдаят

Жанжал кезінде достары:

«Осал болма! Оны итеріп жібер!» – дейді.

Қалай әрекет ету керек?

- Жанжалдан аулақ болу.
- Жағдайды сабырға келтіруге тырысу.
- Эмоцияға беріліп кету.

Таңдау жасалғаннан кейін педагог жағдаяттың жалғасын көрсетеді.

Итеріп жібергеннен кейін екінші жасөспірім ауыр жарақат алды.

Сыныпқа сұрақ:

Таңдау нүктесі қай жерде болды?

Барлық жағдаяттардың қандай ортақ тұсы болды?

Жауаптарды тыңдағаннан кейін педагог қорытынды жасайды.

Барлық жағдайда да зардап бір ғана ойланбай қабылданған шешімнен кейін туындады.

«ТОҚТА» ережесі

Маңызды шешім қабылдар алдында:

Т – тоқта және эмоцияның жетегінде кетпе.

О – ойлан және шешімнің ықтимал салдарын байыппен бағала.

Қ – күмәндансаң, сенім артатын ересек адаммен жағдайды талқыла.

Т – таңдау жаса және жауапкершілікпен шешім қабылда.

А – ақылмен әрекет ет және қабылдаған шешіміңе сай қадам жаса.

Маңызды ескерту

«Заң және тәртіп» қағидаты жеке жауапкершіліктен басталады. Эмоцияға берілу, айналадағы адамдардың қысымына ұшырау немесе тез пайда табуға ұмтылу адамды ауыр зардаптарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

Маңызды: Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (ҚР ӘҚБтК) сәйкес, әкімшілік жауаптылық, жалпы ереже бойынша, **16 жастан** басталады, ал **ұсақ бұзақылық үшін – 14 жастан** туындайды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (ҚР ҚК) сәйкес, қылмыстық жауаптылық жалпы ереже бойынша **16 жастан**, ал жекелеген ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін **14 жастан** басталады.

III. Қорытынды бөлім

«Бір минут бұрын» жаттығуы

Педагог сұрақ қояды:

Егер осы жағдаяттардағы кейіпкерлер бір минут бұрынғы сәтке қайта орала алса, олардың қай шешімін өзгертуге кеңес берер едіңіздер?

Бірнеше білім алушы өз жауаптарын айтады.

Педагог сабақты қорытындылайды:

– Қателіктің құны тек оның салдарымен ғана өлшенбейді. Ең маңыздысы – таңдау сәтін дер кезінде байқап, жауапкершілікпен шешім қабылдай білу.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) материалдары негізінде әзірленген қауіпсіздік сабағы

№3 сабақ	Жеке шекара және қысымнан қорғану
Мақсаты	Білім алушылардың психологиялық қысымды тану, жеке шекараларын қорғау және қысым мен манипуляция жағдайларында қауіпсіз әрекет ету стратегиясын таңдау дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	• психологиялық қысым мен манипуляцияның негізгі белгілерімен таныстыру; • сыйластыққа негізделген қарым-қатынасты қысым көрсету мен жеке шекараны бұзудан ажырата білу дағдысын дамыту; • жеке шекараның бұзылуы, қорқыту немесе бопсалау жағдайларында қауіпсіз әрекет ету алгоритмін бекіту.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог екі жағдаятты көрсетеді.

1-жағдаят

«Бірге түскен суретімізді жарияласам қалай қарайсың? Қарсы болсаң, жарияламаймын».

2-жағдаят

«Егер маған сенсең, телефоныңның құпиясөзін бер. Жасыратын ештеңең жоқ қой».

Педагог:

– Қай жағдаятта адамға деген құрмет байқалады, ал қай жағдаятта қысым көрсету әрекеті байқалады? Неліктен?

Білім алушылар өз жауаптарын айтады.

Педагог қорытынды жасайды:

- Жеке шекараларды бұзу әрекеті қысым көрсету, манипуляция жасау, бақылау, қорқыту немесе адамның бас тартуын елемеу арқылы көрінуі мүмкін. Бұл белгілерді дер кезінде байқап, қауіпсіз әрекет ету жолын таңдай білу маңызды.

Педагог білім алушылардың назарын тақырыпқа қатысты бейнематериалға аударады.

https://www.youtube.com/watch?v=H9AZlpy1eZ4

II. Негізгі бөлім

«Қауіпсіз шешімді таңда» практикалық жаттығуы

Педагог үш жағдаят ұсынады. Әр жағдаяттан кейін білім алушылар тек бір сұраққа жауап береді:

Қай шешім қауіпсіз болады?

1-жағдаят

Достары түнде қараусыз қалған ғимаратқа барып, видео түсіруді ұсынады.

Олар:

«Бәрі барады».

«Қорықпа, бәріміз бірге боламыз».

«Егер бармасаң, сені енді бізбен бірге шақырмаймыз», – дейді.

Қауіпсіз шешім:

Барудан бас тартып, қауіпті жерге бармау. Егер қысым жалғаса берсе, жасөспірім өзін қауіпсіз сезінбесе, ата-анасына немесе басқа да сенім артатын ересек адамға жүгіну.

2-жағдаят

Жаңа танысы:

«Жеке суретіңді жібер. Оны ешкім көрмейді», – деп жазады.

Жасөспірім бас тартқаннан кейін де ол адам өз талабын қайталап, суретті жіберуді талап ете береді.

Қауіпсіз шешім:

Суретті жібермеу. Егер адам талап етуін жалғастырса, хат алмасуды тоқтату, хабарламаларды сақтап қою, пайдаланушыны бұғаттау және сенім артатын ересек адамға жүгіну. Қорқыту немесе бопсалау жағдайында қойылған талаптарды орындамай, бұл туралы міндетті түрде ересек адамға хабарлау.

3-жағдаят

Жасөспірімге:

«Ешкімге айтпа. Егер ересектер біліп қойса, өкінесің», – дейді.

Қауіпсіз шешім:

Қауіпті құпияны іште сақтамау. Бұл туралы ата-анаңа, сынып жетекшісіне, мектеп психологіне немесе басқа да сенім артатын ересек адамға айту.

Маңызды ескерту

«ТОҚТА – АЛШАҚТА – АЙТ» алгоритмі

ТОҚТА – өзіңе жайсыздық, қорқыныш тудыратын немесе қауіпті болып көрінетін әрекетке келіспе.

АЛШЫҚТА – мүмкіндік болса, қарым-қатынасты тоқтат немесе қауіпсіз жерге кет.

АЙТ – сенім артатын ересек адамға хабарла. Қорқыту, бопсалау немесе қауіп төнген жағдайда қосымша көмекке жүгін.

Педагог білім алушылардың назарын тақырыпқа қатысты жаднамаға аударады.

https://drive.google.com/file/d/11zhIKd_g_4kARmILL79tQ4SyRTok3UbY/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

«Менің қауіпсіз таңдауым» жаттығуы

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

- «Енді мен қысымның ... кезде басталатынын түсіндім».
- «Егер менің жеке шекараларым бұзылса, мен ...».
- «Көмек сұрап, ... жүгіне аламын».

Бірнеше білім алушы өз жауаптарын дауыстап айтады.

Педагог қорытынды жасайды:

Жеке шекаралар адамның қауіпсіздігі мен қадір-қасиетін қорғауға көмектеседі. Егер сіздің бас тарту туралы шешіміңізді қабылдамаса, сізге қысым көрсетілсе, қорқытса немесе бопсаласа, жағдайды өз бетіңізше шешуге тырыспаңыз: қауіпті қарым-қатынасты тоқтатып, сенім артатын ересек адамға жүгініңіз. Қауіпсіздікке қатер төнген жағдайда 102 немесе 112 нөмірлеріне хабарласуға, ал кеңес пен қолдау алу үшін 111 байланыс орталығына жүгінуге болады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№4 сабақ	Төбелес пен жанжал кезіндегі қауіпсіз әрекет
Мақсаты	Білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және олардың төбелес пен көшедегі жанжалдарға араласуының алдын алу.
Міндеттері	• жанжалдың туындау және шиеленісу белгілерімен таныстыру; • құрдастарының қысымына қауіпсіз түрде жауап беру және төбелеске араласпау дағдыларын дамыту; • өміріне, денсаулығына немесе қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайда өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Араласу немесе қауіпсіз шешім жасау.

Педагог жағдаят ұсынады:

Мектептен кейін екі жасөспірімнің арасында сөз таласы басталып, жағдай біртіндеп ушығады. Айналаға басқа оқушылар жиналады. Біреулері оларды одан әрі арандатып, енді біреулер болған жағдайды телефонға түсіре бастайды. Сол кезде танысың саған:

– Сен де бізге болыс. Әйтпесе қорқып тұр деп ойлайды, – дейді.

Педагог сұрайды:

– Мұндай жағдайда қандай қысым болуы мүмкін?

– Қай әрекет жанжалды одан әрі ушықтыруы мүмкін?

– Төбелеске араласпай-ақ қалай дұрыс әрекет етуге болады?

– Қай сәтте ересектерден немесе басқалардан көмек сұрау қажет?

Білім алушылар өз пікірлерін ортаға салады.

Педагог қорытындылайды:

– Жанжал кезінде эмоцияға немесе құрдастардың қысымына еріп, асығыс әрекет ету жағдайды одан әрі ушықтыруы мүмкін. Сондықтан ең дұрыс шешім – жанжалға қосылмай, қауіп деңгейін бағалап, өзіне және өзгелерге қауіп төндірмейтін әрекетті таңдау.

II. Негізгі бөлім

«Қауіпсіз таңдау нүктесі» практикалық жаттығуы

Педагог жағдаятты кезең-кезеңімен оқиды. Әр кезеңнен кейін білім алушылар сұраққа жауап береді:

Осы кезеңде жанжалдың төбелеске ұласып кетуіне жол бермеу үшін не істеуге болады?

1-қадам

Екі жасөспірім мектептің жанында кездейсоқ соқтығысып қалады.

2-қадам

Бір-біріммен сөзге келіп қалды.

3-қадам

Достары арандатуға кіріседі:

– Үндемей қалма!

– Оған жауап бер!

- Қарымтасын бер!

4-қадам

Біреу телефонын шығарып, болып жатқан жағдайды түсіре бастайды.

5-қадам

Қатысушылардың бірі төбелесуге дайындалып, алға қарай қадам басады.

Педагогтің сұрақтары

- Жанжалды қай кезеңде тоқтатуға болатын еді?
- Жанжалдың күшеюіне не көбірек әсер етті?

Педагог қорытынды жасайды:

Жанжал өзара тіл тигізу, құрдастар тарапынан қысым көрсету, арандату және бақылаушылардың әрекеті салдарынан күшеюі мүмкін. Адам бұл белгілерді неғұрлым ерте байқаса, соғұрлым қауіпсіз әрекет ету жолын таңдауға мүмкіндігі артады.

Қауіпсіз түрде қалай әрекет ету керек?

Педагог білім алушылармен бірге қауіпсіз әрекет ету ережелерін тұжырымдайды:

- төбелеске араласпау және жанжалға қатысушыларды арандатпау;
- болып жатқан жағдайды жариялау немесе тарату мақсатында бейнежазбаға түсірмеу;
- қауіпсіз қашықтыққа шегіну;
- жанында жүрген ересек адамға, педагогке, күзет қызметкеріне немесе полицияға хабарлау;
- егер жанжал немесе қоқан-лоқы жалғаса берсе, ата-анаға, сынып жетекшісіне немесе өзіңіз сенім білдіретін басқа ересек адамға айту;
- өмірге немесе денсаулыққа тікелей қауіп төнген жағдайда – **102** нөміріне хабарласу.

Есте сақтаңыз! **«Заң және тәртіп»** қағидаты өз іс-әрекеті үшін жеке жауапкершіліктен басталады. Тіпті бір ғана соққы адамның денсаулығына ауыр зардап келтіруі және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін.

Жалпы заңнамалық талаптар бойынша қылмыстық жауаптылық 16 жастан басталады. Алайда 14 жастан бастап жекелеген ауыр қылмыстар үшін, оның ішінде денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені үшін (ҚР Қылмыстық кодексінің 106-бабы), денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіргені үшін (ҚР Қылмыстық кодексінің 107-бабы), сондай-ақ ауырлататын мән-жайлардағы бұзақылық үшін қылмыстық жауаптылық туындауы мүмкін.

Егер төбелеске қатысушы қылмыстық жауаптылық жасына толмаған болса, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жекелеген құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті оның ата-анасы немесе заңды өкілдері көтеруі мүмкін.

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

«Менің қауіпсіз таңдауым» жаттығуы

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

- «Егер мені төбелеске араласуға мәжбүрлесе, мен...»
- «Жанжал кезіндегі қауіпсіздіктің ең басты ережесі – ...»

Бірнеше білім алушы өз жауаптарын айтады.

Педагог қорытынды жасайды:

- Әрбір жанжал төбелеске ұласа бермейді, алайда төбелестердің басым бөлігінің алдын алуға болады. Жанжалға қатысудан бас тарта білу, топтың қысымына берілмеу және дер кезінде көмекке жүгіну денсаулықты сақтауға, заң алдындағы жауапкершілікке әкелетін жағдайлардың алдын алуға және өзіңді қорғауға көмектеседі.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№5 сабақ	Табиғат аясындағы қауіпсіз демалыс
Мақсаты	Білім алушылардың табиғат аясында қауіпсіз демалу, ықтимал қауіптерді бағалау және дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– табиғат аясында демалу кезінде туындауы мүмкін негізгі қауіп-қатерлермен таныстыру; – жағдайды дұрыс бағалауға және қауіпсіз әрекет ету тәсілін таңдауға үйрету; – қауіпті жағдайда дер кезінде көмекке жүгіну алгоритмін бекіту.

Материалдар мен ресурстар

жағдаяттық кейс, «Табиғат аясында қауіпсіз демалу» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог жағдаят ұсынады:

Тоғызыншы сыныпта оқитын төрт оқушы тауға демалуға барды. Олар ата-аналарына тек «табиғат аясына барамыз» деп айтып, нақты қай бағытпен жүретіндерін хабарламады. Серуендеу кезінде достарының бірі:

- Туристік соқпақтан шығып, жоғарыға шығайық. Онда суретке түсуге әдемі жер бар екен. Сосын тез қайтып келеміз, – деп ұсыныс жасады.

Достар бұл ұсыныспен келісті.

Педагогтің сұрақтары:

- Бірінші қандай қателік жіберілді?
- Неліктен ойланбай қабылданған бір шешім қауіпті жағдайға әкелуі мүмкін?

Оқушылардың жауаптарын тыңдағаннан кейін педагог қорытынды жасайды.

Педагог атап көрсетеді:

- Табиғат аясындағы қауіпті жағдайдың туындау қаупі жеткілікті дайындықтың болмауы, белгіленген бағыттан ауытқу және басқа да ойланбай жасалған әрекеттер салдарынан артуы мүмкін. Алдын ала дайындалып, қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы

көптеген қауіптің алдын алуға немесе олардың деңгейін төмендетуге болады.

II. Негізгі бөлім

«Қауіпсіздікке әсер ететін үш шешім» практикалық кейсі

1-жағдаят

Біраз уақыттан кейін жасөспірімдер туристік соқпақтан адасып кеткендерін түсінеді.

Олардың бірі:

- Уайымдамаңдар, телефон жолды көрсетеді, – дейді.

Алайда ұялы байланыс жоқ, ал навигатор жұмыс істемейді.

Сұрақ:

Ең қауіпсіз шешім қандай?

Білім алушылар өз жауаптарын ұсынады.

Педагог қорытынды жасайды:

Белгісіз бағытта әрі қарай жүре беруге болмайды. Тоқтап, сабыр сақтап, өздерінің қай жерде тұрғанын және қолда бар байланыс құралдарын бағалау қажет. Егер кері қайтатын жол нақты белгілі болса, соңғы белгілі бағдарға дейін қайтуға болады. Ал жолға қатысты күмән болса, бағытты ретсіз іздеуге тырыспау керек. Байланыс пайда болған жағдайда, дереу көмекке жүгіну қажет.

2-жағдаят

Күн күркірей бастайды.

Телефонның қуаты таусылуға жақын.

Достарының бірі:

- Мен жалғыз өзім көмек іздеуге барамын. Осылай тезірек болады, – деп ұсыныс айтады.

Сұрақ:

Қалай әрекет ету керек?

Білім алушылар өз жауаптарын ұсынады.

Педагог қорытынды жасайды:

Топтан бөлінуге және бір адамды жалғыз өзін көмек іздеуге жіберуге болмайды. Мүмкіндігінше ашық әрі биік жерден кету керек. Жеке тұрған ағаштың астына жасырынуға болмайды. Судан және металл заттардан алшақ болған жөн. Телефон қуатын үнемдеп, байланыс пайда болған жағдайда көмекке жүгіну қажет.

3-жағдаят

Біраз уақыттан кейін ұялы байланыс пайда болады.

Педагог:

112 операторына қандай ақпаратты хабарлау қажет?

Білім алушылар өз нұсқаларын айтады.

Педагог:

112 операторына

- не болғанын;
- шамамен орналасқан жерін;
- адамдардың санын;
- зардап шеккендердің бар-жоғын;
- кері байланыс үшін телефон нөмірін хабарлау қажет.

Педагог:

Бұл жағдайдың алдын алу үшін балалар сапарға шықпас бұрын не істеуі керек еді?

Білім алушылар өз жауаптарын ұсынады.

Педагог қорытынды жасайды:

Сапарға шығар алдында:

- жақындарына баратын бағытын, баратын жерін және қай уақытта оралуды жоспарлап отырғанын хабарлау;
- қажетті мөлшерде су, ауа райына сай киім және алғашқы қажетті заттарды өзімен бірге алу;
- ауа райы болжамын алдын ала тексеру;
- телефонды толық қуаттап алу;
- белгіленген бағытты өзгертпеу қажет.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1Kn6xET32yGKl33px3ZJkgBS_lbDf1ajx/view?usp=sharing

Есте сақтаңыз!

Педагог білім алушылардың назарын аударады:

Сапарға шығар алдында қажетті мөлшерде су, ауа райына сай киім және алғашқы қажетті заттарды өзімен бірге алу қажет**.**

Педагог атап көрсетеді:

Табиғат аясында қауіпсіз әрі жауапты демалу тек өз қауіпсіздігіне қамқорлық жасауды ғана емес, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды да білдіреді: қоқыс қалдырмау, өсімдіктерге зиян келтірмеу, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау және су айдындарын ластамау қажет. Мұндай жауапты мінез-құлық **«Таза Қазақстан» бастамасының** құндылықтарына сәйкес келеді.

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

«Негізгі ереже» жаттығуы

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

- Бүгін мен қауіпсіз демалудың ең маңызды ережесі – ... екенін түсіндім.
- Табиғат аясына шығар алдында мен міндетті түрде ...
- Егер қауіпті жағдай туындаса, мен ...

Бірнеше білім алушының жауаптарын тыңдағаннан кейін педагог сабақты қорытындылайды.

- Табиғат аясындағы қауіпсіздік сапарға алдын ала дайындықтан басталады. Маршрутты алдын ала жоспарлау, ауа райы жағдайын бағалау, қауіпсіздік ережелерін сақтау, дер кезінде көмекке жүгіну қауіп-қатерді азайтуға және дұрыс әрекет етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№6 сабақ	Денсаулыққа зиян келтіретін әрекеттерден сақтану
Мақсаты	Білім алушылардың денсаулыққа қауіп төндіретін әрекеттерді ажыратып, қысымға ермей, қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін заттар мен әрекеттердің қауіптерін түсіндіру; – қауіпті ұсыныс, қысым және манипуляция белгілерін ажырата білуге үйрету; – қауіпті ұсыныстан бас тарту және қажет жағдайда дер кезінде көмекке жүгіну дағдыларын дамыту.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

«Шын мәнінде не болып жатыр?» диалогын талдау

Педагог диалогты ұсынады:

– Байқап көрші. Бір мәрте қолданғаннан ештеңе болмайды.

– Жоқ, қаламаймын.

– Бәрі де байқап көрді ғой. Тек сен қалдың.

– Қорқып тұрсың ба?

– Онда ешкімге айтпа.

Педагогтің сұрақтары:

- Бұл әңгімеде не болып жатыр?
- Қай сәтте ұсыныс қысым көрсетуге айналады?
- Соңғы сөздер неліктен сақ болуға себеп болуы керек?

Білім алушылар өз болжамдарын айтады.

Педагог атап көрсетеді:

- Белгісіз затты немесе құрамында никотин бар өнімді байқап көру туралы ұсыныстың өзі денсаулыққа қауіп төндіруі мүмкін. Ал «бәрі байқап көрген», «бір реттен ештеңе болмайды», «қорқып тұрсың ба?» және «ешкімге айтпа» деген сөздер қысым көрсету мен манипуляцияның белгісі болуы мүмкін.

II. Негізгі бөлім

«Қауіпсіз әрекетті қалай тануға болады?» жағдаятын талдау

Педагог оқиғаны жалғастырады.

Күмәнданғанына қарамастан, жасөспірім белгісіз затты байқап көруге келіседі.

Педагог:

– Қалай ойлайсыңдар, одан әрі не болуы мүмкін?

Білім алушылар өз нұсқаларын ұсынады.

Педагог:

– Бірнеше минуттан кейін жасөспірістің жағдайы нашарлайды: басы айналып, әлсіздік пайда болады, тыныс алуы қиындайды.

Педагог:

– Достары бірінші кезекте не істеуі керек?

Білім алушылар жауап береді.

Педагог қорытынды жасайды:

– Егер белгісіз затты қолданғаннан кейін адамның жағдайы нашарласа, әсіресе тыныс алуы қиындаса, есі ауысып немесе жағдайы күрт нашарласа, дереу 103 нөмірі арқылы жедел медициналық көмек шақыру қажет. Егер адам қандай затты қолданғаны белгілі болса, бұл ақпаратты жасыруға болмайды.

Педагог оқиғаны жалғастырады.

Достарының бірі:

- Ешкімге айтпаңдар, әйтпесе бәріміздің басымыз дауға қалады, – дейді.

Педагог:

- Бұл сөз неліктен қауіпті?
- Қандай шешім дұрыс болады?

Білім алушылар жауап бергеннен кейін педагог қорытынды жасайды.

Педагог:

- Қауіпті жағдайды жасыруға болмайды. Ересектер болған жағдайдан неғұрлым тез хабардар болса, адамға соғұрлым тез көмек көрсетіледі.

Педагог:

- Қай кезеңде осы жағдайдың алдын алуға болаты еді? Сабақтың басындағы диалогты еске түсірейік.

Білім алушылар жауап береді.

Педагог атап көрсетеді:

- Күмәнді ұсыныстан бірден бас тарту – қауіпсіздіктің ең дұрыс жолы. Егер адам ұсынысқа келісіп, белгісіз затты қолданып қойған болса, болған жағдайды жасырмай, дер кезінде көмекке жүгіну маңызды.

Есте сақтаңыз!

Денсаулыққа қауіпті тәжірибелерге вейптерді және құрамында никотин бар басқа да өнімдерді пайдалану, белгісіз таблеткаларды, дәрілік препараттарды немесе заттарды қабылдау, сондай-ақ қауіпті интернет-челлендждерге қатысу жатады. Әсіресе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айналымына толық тыйым салынған есірткі құралдары, психотроптық заттар және олардың аналогтары – аса қауіпті. Оларды сатып алу, сақтау, тасымалдау, дайындау және өткізу Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 296 және 297-баптарына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

«Заң және тәртіп» қағидаты өз шешімдері үшін жауапкершіліктен басталады. Қауіпсіз шешім – белгісіз заттан бас тарту, қысымға берілмеу және қауіпті жағдайдан шығу. Қысым көрсету жалғасқан жағдайда сенім артатын ересек адамнан көмек сұрау қажет.

Педагог білім алушылардың назарын жаднамаға аударады:

https://drive.google.com/file/d/106psd8xHuCLdUx3ufmskrn6iazwE4sph/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

«Менің таңдауым» жаттығуы

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

- Бүгін айтылған ең қауіпті сөз – ...
- Егер маған белгісіз затты байқап көруді ұсынса, мен ...
- Егер жанымдағы адамның жағдайы нашарласа, мен ...

Бірнеше білім алушы өз жауаптарын дауыстап айтады.

Педагог сабақтың қорытындысын шығарады.

- Қауіпсіз шешім – белгісіз заттан бас тарту. Егер оны қолданғаннан кейін адамның жағдайы нашарласа, болған жағдайды жасыруға болмайды – дереу көмекке жүгіну қажет.

Егер жасөспірімді үнемі бір нәрсеге мәжбүрлесе, қорқытса немесе қауіпті әрекеттерге тартуға тырысса, бұл туралы сенім артатын ересек адамға айту қажет. Кеңес пен қолдау алу үшін 111 байланыс орталығына жүгінуге болады.

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№7 сабақ	**Цифрлық ортада қауіпсіз әрі жауапты әрекет ету**
Мақсаты	Білім алушылардың цифрлық ортада өз әрекеттерінің ықтимал салдарын ескере отырып, қауіпсіз әрі жауапты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері:	– білім алушыларды цифрлық ортадағы әрекеттері мен жарияланымдарының ықтимал салдарымен таныстыру; – цифрлық контентті жарияламас немесе таратпас бұрын тәуекелдерді бағалай білу дағдысын дамыту; – цифрлық ортада қауіпсіз әрі жауапты мінез-құлық қалыптастыру.

Материалдар мен ресурстар

Жағдаяттар жазылған карточкалар, «Жарияламас бұрын бір сәт тоқта» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагогтің сұрақтары:

- Көбірек қаралым, лайк немесе назарға ие болуға деген ұмтылыс адамды неліктен қауіпті әрекеттерге итермелеуі мүмкін?
- Интернет кеңістігін ережесіз орта деп санауға бола ма?
- Цифрлық ортада жауапты мінез-құлық таныту дегенді қалай түсінесіңдер?

Білім алушылар өз пікірлерін білдіреді.

Педагог қорытынды жасайды:

- Интернеттегі кез келген әрекеттің салдары болуы мүмкін. Цифрлық ортадағы жауапты мінез-құлық адамның өз беделін сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын құрметтеуге және заң талаптарын сақтауға көмектеседі.

II. Негізгі бөлім

«Жариялау немесе бас тарту?» практикалық тапсырмасы

Педагог жағдаят ұсынады:

- Тоғызыншы сынып оқушысы досымен бірге әлеуметтік желіге арналған пранк-видео түсірді. Видео барысында

қатысушылардың бірі жарақат алып қалуы мүмкін қауіпті әрекет жасады. Видео көп қаралым жинау мақсатында жарияланды. Бірнеше сағаттан кейін видео басқа аккаунттарда да тарала бастады. Автор бастапқы жарияланымды өшірді, алайда қолданушылар видеоны сақтап үлгеріп, басқа адамдарға жіберіп қойған болатын.

Педагогтің сұрақтары:

1. Осы жағдайда қандай шешімдер қауіпті болды?
2. Бұл әрекеттің өзіне және видеодағы басқа адамдарға қандай салдары болуы мүмкін?
3. Бұл жағдайда қалай әрекет ету керек еді?

Білім алушылар жағдаятты талқылап, өз ұсыныстарын білдіреді.

Педагог түсіндіреді:

- Жарияланған цифрлық контент бастапқы жарияланым өшірілгеннен кейін де сақталып, таралады. Скриншоттар, көшірмелер және қайта жарияланған материалдар адамның цифрлық ізінің бір бөлігіне айналып, оның цифрлық беделіне әсер етеді..

Есте сақтаңыз!

Интернеттегі әрекеттердің құқықтық салдары бар. Қорқыту, буллинг, басқа адамдардың материалдарын олардың келісімінсіз тарату және заңға қайшы өзге де контент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

Педагог білім алушылардың назарын тақырыпқа қатысты бейнематериалға аударады:

https://www.youtube.com/watch?v=vMmVSwGYo5U

Есте сақтаңыз!

«Заң және тәртіп» қағидаты цифрлық ортада да қолданылады. Интернет ережесіз кеңістік емес. Желідегі жауапты мінез-құлық – басқа адамдарды құрметтеу, заң талаптарын сақтау және әрбір хабарламаға, фотосуретке, бейнежазбаға немесе пікірге саналы түрде қарау дегенді білдіреді.

Әлеуметтік желіге пранк, челлендж немесе трендтік видео түсіру үшін қоғамдық тәртіпті бұзуға, адамдарға кедергі келтіруге, оларды әдейі қорқытуға немесе мазалауға болмайды. Контент түсіру басқа адамдардың құқығы мен қауіпсіздігін елемеуге себеп болмауы тиіс.

Педагог білім алушылардың назарын тақырыпқа қатысты жаднамаға (2–3-беттер) аударады.

https://drive.google.com/file/d/14LiP77Sye62FajsmC6wY1ueYp9DGPzwW/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

- Жарияламас бұрын мен міндетті түрде ...

- Бүгінгі сабақтан кейін мен ... екенін түсіндім.
- Цифрлық ортадағы жауапты мінез-құлықтың ең маңызды ережесі – ...

Бірнеше білім алушы өз жауаптарымен бөліседі.

Педагог қорытынды жасайды:

Интернетте контент жариялау – адамның өзіне де, айналасындағыларға да әсер етуі мүмкін салдары бар шешім. Контентті жарияламас немесе басқаға жібермес бұрын үш маңызды аспектіні бағалау қажет: қауіпсіздік, заңдылық және оның салдары. Цифрлық ортада әр әрекетіңе абай бол және кез-келген түсініксіз жағдайда ересектерден көмек сұра.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) материалдары негізінде әзірленген қауіпсіздік сабағы

№8 сабақ	Бейтаныс адамнан төнетін қауіптен сақтану
Мақсаты	Білім алушылардың интернетте және күнделікті өмірде бейтаныс адамның тарапынан қауіп төнген жағдайда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	–бейтаныс адамның ықтимал қауіпті мінез-құлқының белгілерін ажырата білуге үйрету; –сенім артатын ересектерден және шұғыл қызметтерден дер кезінде көмек сұрауға дайын болу дағдысын дамыту; –интернетте және күнделікті өмірде бейтаныс адамның тарапынан қауіп төнген жағдайда қауіпсіз әрекет ету алгоритмін бекіту.

Материалдар мен ресурстар

«Бейтаныс адам тарапынан қауіп төнген жағдайда қалай әрекет ету керек?» жаднамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

«Қауіп қай кезде туындайды?» тапсырмасы

Педагог екі қысқа мысал ұсынады:

Интернетте

Бейтаныс адам әлеуметтік желі арқылы хат жазып, танысуды ұсынады, сурет жіберуді сұрайды және кездесуге шақырады. Сонымен қатар: «Тек бұл туралы ешкімге айтпа», – дейді.

Көшеде

Жасөспірім бейтаныс адамның соңынан еріп келе жатқанын байқайды. Ол жасөспіріммен сөйлесуге тырысып, үйіне дейін жеткізіп салуды ұсынады.

Педагогтің сұрақтары

- Бұл жағдайларда қандай әрекеттер күдік тудыруы керек?
- Осы екі жағдайдың қандай ортақ белгілері бар?

Білім алушылар өз болжамдарын айтады.

Педагог атап көрсетеді:

Адамның қауіпті екенін оның таныс не бейтаныс болуы емес, іс-әрекеті анықтайды. Егер біреу қысым жасаса, қарым-қатынасты құпия ұстауды талап етсе, жеке мәліметтеріңді немесе фотосуреттеріңді қайта-қайта сұраса, ересектерге айтпай кездесуге шақырса, соңынан қалмай мазаласа, қорқытса немесе сенің бас тартқаныңды қабылдамаса, мұндай әрекеттерге бей-жай қарама.

II. Негізгі бөлім

«Қауіпсіз шешім» жаттығуы

1-жағдаят. Интернеттегі бейтаныс адам

Педагог сұрайды:

– Егер бейтаныс адам кездесуді ұсынса, жеке суреттерді жіберуді сұраса немесе сіз бас тартқаннан кейін қорқыта бастаса, не істеу керек?

Білім алушылар өз нұсқаларын ұсынады.

Педагог толықтырады:

Дұрыс әрекеттер:

- бейтаныс адамның талабымен жеке суреттерді немесе бейнежазбаларды жібермеу;
- мекенжайды, оқу орнын, күнделікті жүретін бағытты және орналасқан жеріңізді анықтауға мүмкіндік беретін басқа да мәліметтерді хабарламау;
- ата-ананың немесе басқа да сенім артатын ересек адамның хабарынсыз кездесуге келіспеу;
- қысым көрсету немесе буллинг жағдайында қарым-қатынасты тоқтату, дәлелдерді сақтап қою, пайдаланушыны бұғаттау және болған жағдай туралы ересек адамға хабарлау.

2-жағдаят. Көшедегі бейтаныс адам

Педагог сұрайды:

- Егер бейтаныс адам артыңыздан еріп келе жатса, жолыңызды бөгеп, тоқтатуға тырысса немесе көлігіне отыруды ұсынса, не істеу керек?

Білім алушылар өз нұсқаларын ұсынады.

Педагог толықтырады.

Дұрыс әрекеттер:

- адам көп әрі қауіпсіз жерге – дүкенге, дәріханаға, мектепке немесе басқа да мекемеге кіру;
- сол жердегі қызметкерге, күзет қызметіне, полицияға немесе жақын маңдағы басқа адамдарға жүгініп, көмек қажет екенін нақты айту;
- ата-анамен немесе басқа да сенім артатын ересек адаммен байланысу;

• тікелей қауіп төнген жағдайда 102 немесе 112 нөміріне қоңырау шалу.

«Бас тарт – қауіптен алыста/бұғатта – хабарла» алгоритмі

Педагог білім алушыларға үш қарапайым ережені есте сақтауды ұсынады.

• **Бас тарт.** Кездесуге баруға, жеке мәліметтерді немесе фотосуреттерді беруге, сондай-ақ алаңдаушылық туғызатын немесе қауіпті болып көрінетін өтінішті орындауға келіспе.

• **Қауіптен алыста/бұғатта.** Интернеттегі қарым-қатынасты тоқтат және пайдаланушыны бұғатта. Егер жағдай шынайы өмірде орын алса, дауласпай, адам көп әрі қауіпсіз жерге бар.

• **Хабарла.** Ата-анаңа немесе басқа да сенім артатын ересек адамға айт. Интернеттегі қауіп-қатер жағдайында хабарламалар мен скриншоттарды сақтап қой. Егер саған қауіп төндірсе, аңдыса, бопсаласа немесе зиян келтіруге әрекет жасаса, 102 нөмірі арқылы полицияға немесе отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша 111 байланыс орталығына хабарлас.

Педагог білім алушылардың назарын жаднамаға аударады.

https://drive.google.com/file/d/12RshJ_Gze3ts571j0LC5DPiGbtqI5p0p/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

• Егер интернеттегі бейтаныс адам мені кездесуге шақырса, мен ...

• Егер бейтаныс адамның артымнан еріп келе жатқанын байқасам, мен ...

• Қауіпті жағдайда мен ... адамнан көмек сұраймын.

• Егер тікелей қауіп төнсе, мен ... нөміріне қоңырау шаламын.

Бірнеше білім алушы өз жауаптарын дауыстап айтады.

Педагог қорытынды жасайды:

- Егер адамның әрекеті алаңдаушылық туғызса немесе қауіп төндірсе, қауіпті қарым-қатынасты жалғастырмау маңызды: бас тарту, қарым-қатынасты тоқтату, қауіпсіз жерге бару және сенім артатын ересек адамға хабарлау қажет. Тікелей қауіп төнген жағдайда шұғыл көмекке жүгіну керек.

Көмек сұрау – қауіпсіз мінез-құлықтың маңызды бөлігі.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) материалдары негізінде әзірленген қауіпсіздік сабағы

№9 сабақ	Жұмысқа орналасудағы алаяқтықтан сақтану
Мақсаты	Білім алушылардың жұмысқа орналасу кезінде алаяқтық белгілерін ажыратып, ұсыныстың сенімділігін тексеру және қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– күмәнді жұмыс ұсыныстары мен алаяқтықтың негізгі белгілерін анықтай білуге үйрету; – жұмыс беруші туралы ақпаратты, ұсыныс шарттарын және байланыс деректерін тексеру дағдыларын дамыту; – жеке мәліметтері мен ақшасын қорғауға, күмәнді жағдайда асығыс шешім қабылдамай, көмекке жүгінуге дағдыландыру.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

«Келісуге бола ма?» тапсырмасы

Педагог хабарландыруды көрсетеді.

«14 жастан асқан жасөспірімдерге арналған қосымша жұмыс.

Күніне 20 000 теңгеге дейін табыс.

Тәжірибе қажет емес.

Жұмыс күніне 1–2 сағатты құрайды.

Жұмысты бастау үшін 5 000 теңге көлемінде тіркеу ақысын төлеу қажет.

Толық ақпарат тек жеке хабарламада беріледі».

Педагогтің сұрақтары:

- Хабарландыруда қандай ұсыныстар тартымды көрінеді?
- Қандай белгілер күмән тудырады?
- «Тіркелу үшін» алдын ала ақша төлеу талабы неліктен қауіптенуге себеп болуы керек?

Білім алушылар өз пікірлерін білдіреді.

Педагог қорытынды жасайды:

Егер жұмысқа орналасу үшін алдын ала ақша талап етсе немесе нақты еңбек міндеттері көрсетілмей, тым жоғары табыс уәде етілсе, бұл еңбек саласындағы алаяқтықтың кең таралған белгілерінің бірі болуы мүмкін.

II. Негізгі бөлім

«Қауіпсіз жұмыс ұсынысы» практикалық тапсырмасы

Педагог қосымша жұмыстың қауіпсіз белгілермен таныстырады:

- жұмыс міндеттері, еңбек жағдайлары және еңбекақы мөлшері алдын ала нақты көрсетілген;
- жұмыс берушінің кім екені және оның байланыс деректерін тексеруге болады;
- еңбек заңнамасына сәйкес ресми түрде жұмысқа орналасу ұсынылады;
- жұмыс жасөспірімнің жасына сәйкес келеді;
- жұмысқа орналасу үшін алдын ала ақша төлеу талап етілмейді;
- банк картасын, PIN-кодты, SMS-кодтарды, парольдерді немесе банк қосымшасына кіру деректерін беруді талап етпейді;
- басқа адамдардың ақшасын қабылдап, оны басқа шоттарға аударуды ұсынбайды;
- жұмысты ата-анадан немесе заңды өкілдерден жасыруды талап етпейді.

Педагог білім алушылардың назарын бейнематериалға аударады:

https://www.youtube.com/watch?v=Dae8gdyA1OY

«Заң және тәртіп» қағидаты жұмысқа орналасқанда заң талаптарын сақтап, өз құқығың мен қауіпсіздігіңді қорғауды білдіреді. Жұмыс ресми рәсімделіп, жасөспірімнің жасына сай болуы керек.

Егер жұмыс беруші жұмысқа алу үшін алдын ала ақша сұраса, банк картасының деректерін беруді талап етсе немесе күмәнді ақша аударымдарын жасауды ұсынса, мұндай ұсынысқа келіспе. Бұл туралы ата-анаңа, сынып жетекшісіне немесе өзің сенетін ересек адамға айт.

Егер алаяқтық, қорқыту немесе заңсыз әрекет белгілері байқалса, құқық қорғау органдарына немесе 102 нөміріне хабарлап, көмек сұрауға болады. Ал еңбек құқықтары бұзылса немесе жұмысқа ресімдеу талаптары сақталмаса, еңбек инспекциясына жүгін.

Кәмелетке толмағандардың қауіпсіз еңбек ету құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалады.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес:

- жалпы ереже бойынша еңбек шарты 15 жастан бастап жасалады;
- 14 жастан бастап жасөспірім оқудан тыс бос уақытында еңбек заңнамасының талаптарын сақтай отырып, жеңіл жұмыс атқара алады;
- 14 жастан 16 жасқа дейінгі қызметкерлер үшін жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 24 сағаттан аспауға тиіс;

- 16 жастан 18 жасқа дейінгі қызметкерлер үшін жұмыс уақыты аптасына 36 сағаттан аспауға тиіс;
- кәмелетке толмағандарды ауыр жұмыстарға, зиянды және қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстарға, түнгі уақыттағы жұмысқа, үстеме жұмысқа және вахталық әдіспен орындалатын жұмыстарға тартуға тыйым салынады.

Педагог білім алушыларға жаднама ұсынады:

https://drive.google.com/file/d/1KPFqMu6qSv-CKAKbx_VTPu98Ahb82x8H/view?usp=sharing

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

- Жұмысқа келісім бермес бұрын, мен ...
- Егер жұмыс беруші ақша немесе банк деректерін талап етсе, мен ...
- Егер ұсыныс күмән тудырса, мен ... адамнан кеңес сұраймын.

Білім алушылар өз жауаптарын айтады.

Педагог қорытынды жасайды:

Егер қосымша жұмыс туралы ұсыныс күмән тудырса, оны ата-анаңызбен немесе басқа да сенім артатын ересек адаммен талқылаңыз. Егер сіз ақшаңызды немесе жеке деректеріңізді беріп қойған болсаңыз не алаяқтық белгілеріне тап болсаңыз, бұл туралы дереу ересек адамға хабарлап, қажет болған жағдайда 102 нөмірі арқылы полицияға жүгіну маңызды.

Баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша кеңес алу үшін 111 байланыс орталығына хабарласуға болады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№10 сабақ	**Қорқыту мен бопсалау кезінде қауіпсіз әрекет ету**
Мақсаты	Білім алушылардың қорқыту, бопсалау және қысым көрсету жағдайларын бағалап, қауіпсіз әрі жауапты шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– қорқыту, бопсалау және психологиялық қысымның негізгі белгілерін ажырата білуге үйрету; – қысым жағдайында тәуекелді бағалап, өз қауіпсіздігін сақтай отырып әрекет ету дағдыларын дамыту; – құқықтары бұзылған жағдайда сенімді ересек адамға, маманға немесе тиісті қызметке дер кезінде жүгінуге дағдыландыру.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушыларға үш сөйлемді оқиды:

– «Ақша бермесең, сен туралы жағымсыз ақпарат таратамын».

– «Суретті жібермесең, хат-хабарларыңды басқаларға көрсетемін».

– «Бұл туралы біреуге айтсаң, өзің өкінетін боласың».

Педагог сұрайды:

– Бұл үш жағдайда қандай ортақ белгі бар?

– Мұндай сөздер адамның шешіміне қалай әсер етуі мүмкін?

– Қорқыту мен бопсалауды қарапайым өтініштен қалай ажыратуға болады?

Білім алушылар өз пікірлерін айтады.

Педагог қорытындылайды:

– Бұл мысалдардың барлығында адамды қорқыту немесе қысым көрсету арқылы өзі қаламайтын әрекетке көндіруге тырысады. Ақша, зат, фотосурет, жеке ақпарат немесе басқа бір әрекетті талап етіп, оны орындамаған жағдайда зиян келтіремін деп қорқыту – бопсалау мен қысымның белгісі.

Бүгін біз осындай жағдайларды қалай тануға, қауіп деңгейін бағалауға және өз қауіпсіздігімізді сақтай отырып қалай әрекет етуге болатынын талқылаймыз.

II. Негізгі бөлім

«Қалай дұрыс әрекет ету керек?» практикалық тапсырмасы

Педагог жағдаят ұсынады.

Тоғызыншы сынып оқушысына ақша аударуды талап етіп, хабарламалар жаза бастады. Оны жеке хат-хабарларын көпшілікке таратып жібереміз деп қорқытып, болған жағдайды ешкімге айтпауын талап етуде.

Педагогтің сұрақтары:

- Қандай қауіпті белгілерді байқадыңдар?
- Қандай әрекеттер жағдайды одан әрі қауіпті етуі мүмкін?
- Қалай дұрыс әрекет ету керек?

Талқылаудан кейін педагог қорытынды жасайды.

«Орындама – сақта – хабарла – көмекке жүгін» алгоритмі

Талаптарды орындама

Қорқытып немесе бопсалап отырған адамның талабымен ақша, банк деректерін, парольдерді, жеке материалдарды немесе басқа да ақпаратты берме.

Дәлелдерді сақта

Хабарламаларды өшірме. Қауіпсіз болса, хат-хабарларды, аккаунт туралы деректерді сақтап, скриншоттар жаса.

Ересек адамға хабарла

Ата-анаңа немесе басқа да сенім артатын ересек адамға айт. Егер бірінші жүгінген ересек адам көмектесе алмаса немесе қолжетімсіз болса, басқа ересек адамға хабарлас.

Көмекке жүгін

Қорқыту, бопсалау немесе басқа да тікелей қауіп жағдайында 102 нөмірі арқылы полицияға, ал өмірге немесе денсаулыққа шұғыл қауіп төнген жағдайда 103 нөміріне хабарлас. Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша кеңес пен қолдау алу үшін 111 байланыс орталығына жүгінуге болады.

Сенім артатын ересек адамнан көмек сұра.

«Заң және тәртіп» қағидаты әр адамның құқықтарын, қадір-қасиетін және қауіпсіздігін құрметтеуді білдіреді. Қорқыту, бопсалау немесе мәжбүрлеу арқылы ақша, мүлік, жеке деректер, фотосуреттер беруді немесе басқа да әрекеттерді талап етуге жол берілмейді. Мұндай жағдайда қауіпсіз шешім – талаптарды орындамау, дәлелдерді сақтау және көмекке жүгіну.

Қазақстан Республикасында бопсалау, қорқыту және заңға қайшы әрекеттерге мәжбүрлеу құқыққа қайшы әрекеттер болып табылады және заңнамаға сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

Қорқыту немесе бопсалау кезінде адам қорқып, ұялып немесе «айтсам, жағдай одан әрі қиындайды» деп үндемей қалуы мүмкін. Бірақ мұндай мәселені жалғыз шешуге тырысу қауіпті күшейтуі

ықтимал. Болған жағдайды ата-анаңа, өзің сенетін ересек адамға, педагогке немесе маманға айту – қауіпсіздікті қалпына келтіруге жасалған алғашқы қадам. Кейде мәселені біреуге айтудың өзі жағдайға басқа қырынан қарап, әрі қарай не істеу керектігін түсінуге көмектеседі. Есіңде болсын: қорқыту мен бопсалауға тап болсаң, сен жалғыз емессің және көмек сұрауға толық құқығың бар.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сұрақтарды өздері үшін анықтауды ұсынады, жауаптарын міндетті түрде жариялау талап етілмейді:

- қиын жағдайға тап болғанда мен қай ересек адамға жүгіне аламын;
- егер бірінші адамға хабарласу мүмкін болмаса, тағы кімнен көмек сұрай аламын;
- қандай көмек көрсету қызметтеріне жүгіне аламын: 111, 102, 112.

Педагог қорытынды жасайды:

- Қорқыту мен бопсалау жағдайында талаптарды орындауға және мәселені жалғыз өзі шешуге тырысуға болмайды. Қауіпсіз әрекет ету алгоритмі – талаптарды орындамау, дәлелдерді сақтау, сенім артатын ересек адамға хабарлау және көмекке жүгіну. Адам көмекке неғұрлым ертерек жүгінсе, қауіпті жағдайды тоқтатуға және өз құқықтарын қорғауға соғұрлым көп мүмкіндік болады.

№11 сабақ	Мектепте қауіпті жағдай туындағанда қауіпсіз әрекет ету
Мақсаты	Білім алушылардың мектепте қауіпті жағдай туындаған кезде қауіпсіз әрекет ету және дұрыс шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	–мектепте қауіпті жағдай туындаған кезде қауіпсіз әрекет ету алгоритмін бекіту; –өз қауіпсіздігі мен айналасындағы адамдардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілік сезімін дамыту; –қауіп-қатер туындаған жағдайда жауапты әрі қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыру.

Материалдар мен ресурстар

«Мектептегі қауіпсіздік» жадынамасы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушылардың назарын тақырыпқа қатысты бейнематериалға аударады:

https://www.youtube.com/watch?v=0GNBf656hjI

Талқылауға арналған сұрақ

– Қауіпті жағдай туындағанда ережелер мен нұсқауларды білу не үшін қажет?

– Дүрбелең адамның дұрыс шешім қабылдауына қалай әсер етуі мүмкін?

Білім алушылар өз пікірлерін айтады.

Педагог қорытындылайды:

– Мектепте қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін арнайы ережелер мен әрекет ету тәртібі белгіленген. Олар күнделікті тәртіпті сақтау үшін ғана емес, күтпеген жағдай туындағанда адамдардың қауіпсіздігін қорғау үшін қажет.

Қауіпті жағдайда асығыс шешім қабылдамай, не болып жатқанын дұрыс бағалау, педагогтер мен қауіпсіздік қызметкерлерінің нұсқауларын орындау және өз бетіңше тәуекелге бармау қажет.

Бүгін біз мектепте қауіпті жағдай туындаса, қалай сабыр сақтап, қауіпсіз әрі дұрыс әрекет ету керектігін қарастырамыз.

II. Негізгі бөлім

Қауіпті жағдайлардың түрі әртүрлі болғандықтан, әрқайсысында әрекет ету тәртібі де өзгеше болады. Бірақ ортақ ережелер бар: сабыр сақтау, қауіп көзіне жақындамау, болған жағдай туралы дереу ересектерге хабарлау және педагогтер мен жедел қызмет мамандарының нұсқауларын орындау.

«Дұрыс шешім» практикалық тапсырмасы

Педагог жағдаят ұсынады:

- Сабақ барысында мектеп әкімшілігі төтенше жағдай туындағанын хабарлап, барлығынан педагогтердің нұсқауларын орындауды сұрады. Кейбір білім алушылар дәлізге шығып, не болғанын өз көздерімен көріп келуді ұсынды, ал басқалары болып жатқан жағдайды телефонға түсіріп, достарына хабарламалар жібере бастады.

Педагог:

- Ең алдымен не істеу қажет?
- Қандай әрекеттер өзіңізге және айналаңыздағы адамдарға төнетін қауіпті арттыруы мүмкін?
- Болған жағдайды өз бетінше анықтауға тырысу неліктен қауіпті болуы мүмкін?

Талқылаудан кейін педагог қорытынды жасайды.

«Тыңда – бағала – хабарла – әрекет ет» алгоритмі

Тыңда – ресми хабарламалар мен педагогтің нұсқауларын мұқият тыңда.

Бағала – қауіп көзіне жақындама және өзіңе де, айналаңдағы адамдарға да қауіп төндірме.

Хабарла – қауіпті жағдайдың белгілерін бірінші болып байқасаң, педагогке немесе мектеп әкімшілігіне хабарла.

Әрекет ет – педагогтер мен шұғыл қызметтер қызметкерлерінің нұсқауларын орында, жалған ақпарат таратпа және болып жатқан жағдайды жариялау мақсатында видеоға түсірме.

Күдікті затты өз бетінше тексеруге, қауіп көзін іздеуге немесе не болғанын анықтауға тырыспа.

«Заң және тәртіп» қағидаты

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында қауіпсіздік ережелері қолданылады. Мектеп ортасында бұл белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтау, басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу, сондай-ақ педагогтердің, мектеп әкімшілігінің және шұғыл қызметтер қызметкерлерінің заңды талаптарын орындау арқылы көрініс табады.

Әр адамның жауапты мінез-құлқы қауіпті азайтуға және айналасындағы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Мектеп аумағына

- оқу процесінде пайдаланылмайтын пышақтар мен басқа да қауіпті заттарды;
- жарылғыш, тез тұтанатын, химиялық және уытты заттарды;

- пиротехникалық бұйымдарды;
- темекі өнімдерін, электрондық темекілерді (вейптерді) және құрамында никотин бар басқа да өнімдерді алып кіруге тыйым салынады.

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығы «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына алып кіруге тыйым салынған, пайдаланылуы шектелген заттар мен заттардың тізбесін бекіту туралы».*

Егер білім алушы күдікті немесе тыйым салынған затты байқаса, оны ұстауға, ашуға немесе орнынан қозғауға болмайды. Бұл туралы дереу мұғалімге немесе мектеп әкімшілігіне хабарлау қажет.

Өмірге немесе денсаулыққа тікелей қауіп төнген жағдайда – 102 немесе 103 нөміріне хабарласу қажет.

Егер қауіпті жағдайдан кейін жасөспірімге өз құқықтарын қорғау мәселелері бойынша кеңес пен қолдау қажет болса, сенім артатын ересек адамға, мектеп психологіне немесе 111 байланыс орталығына жүгінуге болады.

Педагог білім алушылардың назарын тақырыпқа қатысты бейнероликке аударады.

https://www.youtube.com/watch?v=lIWt0hR1EB8&list=PLA5eCSY2FeoT00B3gyDuskOvkalEx7TmU&index=18

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- Егер мектепте қауіпті жағдай туындаса, менің бірінші әрекетім – ...
- Егер қауіпті жағдайдың белгілерін бірінші болып байқасам, мен ...
- Егер шұғыл көмек қажет болса, мен ... екенін білемін.

Бірнеше білім алушы өз қалауы бойынша жауап береді.

Педагог қорытынды жасайды:

- Мектептегі қауіпсіздік әр адамның жауапты мінез-құлқына байланысты. Ережелерді сақтау, сабырлық таныту және педагогтерге дер кезінде хабарлау өзіңді және айналаңдағы адамдарды қорғауға көмектеседі.

Негізгі ереже

Қауіпті жағдай туындаған кезде сабыр сақта, қауіп көзіне жақындама және сынып жетекшісіне, кезекші әкімшіге немесе мектептің басқа да қызметкеріне хабарла. Педагогтер мен шұғыл қызметтер қызметкерлерінің нұсқауларын орында және қауіпті өз бетіңше жоюға тырыспа.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№12 сабақ	Қауіпті әуестіктер және олардың салдары
Мақсаты	Білім алушылардың қауіпті әуестіктердің себептері мен ықтимал салдарын бағалап, қысым мен қызығушылыққа ермей, қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– қауіпті әуестіктердің негізгі белгілерін және жасөспірімдерді оған итермелейтін себептерді анықтай білуге үйрету; – мұндай әрекеттердің денсаулыққа, қауіпсіздікке және күнделікті өмірге ықтимал салдарын талдау дағдыларын дамыту; – өз өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен қарап, тәуекелді әрекеттерден саналы түрде бас тартуға дағдыландыру.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог сұрақ қояды:

– Неліктен кейбір жасөспірімдер әлеуметтік желіде танымал болу үшін қауіпті әрекеттерге барады?

Білім алушылар өз пікірлерін білдіреді.

Педагог қорытынды жасайды:

– Танымал болуға ұмтылу, батылдығын дәлелдеуге тырысу немесе достарынан қалмау кейде жасөспірімдерді қауіпті әрекетке итермелеуі мүмкін. Бірақ қысқа сәттік қызығушылықтың салдары денсаулыққа да, болашаққа да ұзақ уақыт әсер етуі ықтимал.

II. Негізгі бөлім

«Мұны дәлелдеудің қажеті бар ма?» практикалық жаттығуы

Педагог жағдаят ұсынады:

Достары тоғызыншы сынып оқушысына қараусыз қалған ғимараттың төбесіне шығып, әлеуметтік желіге видео түсіруді ұсынды.

Достары:

- «Қорықпа, біз ол жерде болдық».
- «Егер бас тартсаң – демек, сен қорқақсың».
- «Барлық танымал блогерлер осылай жасайды».

- «Бірнеше минут қана уақыт алады», – дейді.

Педагог:

1. Жасөспірім не себепті келісуі мүмкін?

Білім алушылар себептерін атайды:

- өзінің батылдығын дәлелдеуге деген ұмтылыс;
- мазаққа қалудан қорқу;
- «бәрі сияқты» болуға деген ұмтылыс;
- лайк жинап, танымал болуға ұмтылу;
- «ештеңе болмайды» деген сенім.

2. Жасөспірім шын мәнінде нені дәлелдеуге тырысады?

Білім алушылар талқылайды.

Педагог қорытынды жасайды:

- Көбінесе адам өзінің батылдығын басқа адамдарға дәлелдеуге тырысады. Бұл жағдайда ең бастысы – қысымға берілмеу және өмір мен денсаулыққа қауіп төндіретін әрекеттен бас тарту.

Әлеуметтік желідегі трендтер

Педагог сұрақ қояды:

- Егер блогер қауіпті трюк жасап, жарақат алмаса, бұл оны қайталауға болады дегенді білдіре ме?

Білім алушылар жауап береді.

Педагог түсіндіреді:

Қысқа бейнероликте көрермен көбіне тек соңғы нәтижені көреді.

Кадр сыртында:

- түсірілімге дайындық;
- қорғаныс құралдары мен сақтандыру жүйесі;
- мамандардың көмегі;
- монтаж және бірнеше дубль;
- қажет болған жағдайда түсірілім жүргізуге берілген рұқсаттың бар екенін естен шығармаған жөн.

Кейде авторлар шынымен де қауіпті тәуекелге барады. Видеода әрекет толық бақылауда тұрғандай көрінгенімен, көрермен түсірілімнің барлық жағдайын және нақты қауіп деңгейін білмейді.

Бейнероликтің танымалдылығы әрекеттің қауіпсіз екенін дәлелдемейді. Сондықтан лайк пен қаралым саны да қауіпсіздіктің көрсеткіші болып саналмайды.

Қауіпті әрекеттер мен трендтерді қайталаудан бұрын өзіңе үш сұрақ қой

Көрген әрекетіңді қайталаудан бұрын өзіңнен сұра:

- Бұл қауіпсіз бе?
- Бұл заңды ма?

- Бұл әрекет мен үшін және айналамдағы адамдар үшін қандай тәуекелдер мен салдарға әкелуі мүмкін?

«Заң және тәртіп» қағидаты өз өміріңді және айналаңдағы адамдардың қауіпсіздігін құрметтеуді, сондай-ақ заң талаптарын сақтауды білдіреді. Кейбір тәуекелді әрекеттер бір мезгілде қауіпсіздік ережелерін, нысандарға кіру тәртібін немесе заңнама талаптарын бұзуы мүмкін. Оларға күзетілетін нысандарға заңсыз кіру, теміржол инфрақұрылымында қауіпті әрекеттер жасау және адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін әрекеттер жатады.

Кейбір экстремалды әуестіктер қауіпті болып қана қоймай, заң талаптарын да бұзады.

Мысалы:

- пойыздың сыртқы бөліктеріне жабысып жүру (зацепинг);
- ғимараттардың шатырларына, құрылыс алаңдарына және басқа да күзетілетін нысандарға заңсыз кіру;
- теміржол жолдарын белгіленбеген жерден кесіп өту;
- адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін әрекеттер.

Өмірге немесе денсаулыққа тікелей қауіп төнген жағдайда – 112 нөміріне хабарласыңыз.

Қорқыту, зорлық-зомбылық, аңду немесе полицияның араласуын қажет ететін басқа да жағдайларда – 102 нөміріне хабарласыңыз.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалмен танысуды ұсынады.

https://www.youtube.com/watch?v=uRT_GTJKn_g&list=PLA5eCSY2FeoT00B3gyDuskOvkalEx7TmU&index=22

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

- Егер маған қауіпті челленджерге қатысуды ұсынса, мен ...
- Бүгінгі сабақтан шығарған ең маңызды қорытынды – ...

2–3 білім алушы өз жауаптарын айтады.

Педагог қорытынды жасайды:

- Есте сақта: шынайы батылдық – қауіпті әрекетті қайталау емес, оның салдарын алдын ала бағалап, қысымға ермей дұрыс шешім қабылдай білу. Лайк, қаралым немесе біреуге өзіңді дәлелдеу үшін өмірің мен денсаулығыңды қатерге тікпе. Егер әрекет қауіпсіз емес, заңға қайшы немесе саған және өзгелерге зиян келтіруі мүмкін болса – одан бас тарт.

10-СЫНЫП ЖӘНЕ ТЖКБ-НЫҢ 1-КУРС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН «ҚАУІПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР ТОПТАМАСЫ



№	Тақырыптар
1	Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері
2	Күмәнді табыс ұсыныстарынан сақтану
3	Дағдарыс кезінде көмекке жүгіну
4	Есірткі және есірткі тасымалынан сақтану
5	Қоғамдық орындар мен көліктегі қауіпсіздік
6	Жарақаттану кезіндегі алғашқы көмек
7	Дипфейктер, ЖИ арқылы жасалатын алаяқтық және цифрлық бедел
8	Интернеттегі таныстықтан туындайтын қауіптер
9	Қаржылық алаяқтықтан сақтану
10	Жұмысқа орналасудағы құқықтар мен қауіпсіздік
11	Суда және табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері
12	Қысым мен бопсалаудан сақтану

№1 сабақ	Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері
Мақсаты	Білім алушылардың қауіпті жағдайды бағалау, қажетті көмек көрсету қызметін дұрыс таңдау және шұғыл әрі консультациялық қолдауға сауатты түрде жүгіну дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	-қауіпті жағдайдың сипатын анықтап, тиісті көмек көрсету қызметін дұрыс таңдауға үйрету; -шұғыл және консультациялық көмекке сауатты әрі нақты жүгіну дағдыларын дамыту; -өз қауіпсіздігі мен айналасындағы адамдардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Шұғыл көмек шақыру алгоритмі» жаднамасы, «Диспетчер – куәгер» рөлдік ойынына арналған карточкалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

«Шешім қабылдауға бір минут» проблемалық жағдаяты

Педагог:

– Төтенше жағдайдың куәгері болғаныңызды елестетіңіз. Қолыңызда телефон бар, бірақ шешім қабылдауға бар болғаны бір минут уақыт берілді. Ең алдымен не істейсіз?

Экранда (немесе тақтада) үш жағдаят көрсетіледі:

- Пәтерде газдың өткір иісі сезіледі;
- Көшеде адамның жағдайы нашарлап, есінен танып қалды;
- Көрші кіреберісте өрт басталды.

Педагог:

– Неліктен әр қауіпті жағдайда әрекет ету тәртібі әртүрлі болуы мүмкін?

– Өз басыңды қауіпке тікпей, қалай әрекет етуге болады?

– Төтенше жағдайда тиісті жедел қызметті дұрыс таңдау неліктен маңызды?

Педагог қорытынды жасайды:

- Төтенше жағдайда ең алдымен өз қауіпсіздігіңді қамтамасыз ету, қауіптің айқын белгілерін тез бағалау, тиісті қызметті шақыру және диспетчерге өзіңе белгілі ақпаратты нақты әрі анық хабарлау маңызды.

II. Негізгі бөлім

Көмекке жүгіну алгоритмі

1. Қауіпсіздікті қамтамасыз ет – қауіп көзіне жақындама және өзіңді қауіпке ұшыратпа.

2. Жағдайды анықта – не болғанын және өмірге немесе денсаулыққа тікелей қаупі бар-жоғын бағала.

3. Қажетті қызметті таңда – қай шұғыл қызметке хабарласу керектігіне сенімді болмасаң, 112 нөміріне қоңырау шал.

4. Негізгі ақпаратты хабарла – не болғанын, қай жерде болғанын, зардап шеккендер бар-жоғын және қауіптің әлі де сақталып тұрғанын айт.

5. Диспетчердің сұрақтарына жауап бер және оның нұсқауларын орында.

Есте сақта!

«Заң және тәртіп» қағидаты шұғыл қызметтерді жауапкершілікпен пайдалануды көздейді. Көрінеу жалған қоңыраулар мен хабарламалар мамандардың назарын нақты оқиғалардан бұрып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін.

Төтенше жағдайда диспетчерге өзіңе белгілі нақты фактілерді ғана хабарлау, жағдайды әсірелемеу және тексерілмеген ақпаратты хабарламау қажет.

«Шұғыл қызмет диспетчері» практикумы

Педагог білім алушыларға өздерін құтқару қызметінің қызметкерлері ретінде елестетуді ұсынады.

Жұппен жұмыс:

- бір білім алушы – диспетчер, ал екіншісі– оқиғаның куәгері.

Әр жұпқа жағдаят жазылған карточка беріледі.

- Сауда орталығында өрт шықты.
- Аялдамада адам есінен танып қалды.
- Аулада төбелес болды.
- Пәтерде газдың өткір иісі сезіледі.
- Жасөспірім қараусыз қалған күдікті сөмкені байқап қалды.
- Досы «Маған өте қиын, өзімнің уайымдарымды жеңе алмай жүрмін, ешкімге айтпа» деп хабарлама жазды.

Тапсырма

30–40 секунд ішінде куәгер диспетчерге қажетті ақпаратты дұрыс әрі нақты хабарлауы тиіс.

Әр жұптың жауабынан кейін сынып талқылайды:

- Барлық қажетті ақпарат айтылды ма?
- Қандай ақпаратты атау ұмыт қалды?
- Нені нақтырақ айтуға болар еді?

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалмен танысуды ұсынады.

https://www.youtube.com/watch?v=glwBLiDftak&list=PLA5eCSY2FeoT00B3gyDuskOvkalEx7TmU&index=28

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

- Бүгін мен ... түсіндім.
- Төтенше жағдайда ең бастысы – ...
- Енді мен қоңырау шалмас бұрын ... керектігін білемін.

Педагог қорытынды жасайды:

- Қауіпті жағдайда уақытты жоғалтпау маңызды: алдымен өз қауіпсіздігіңді қамтамасыз ету, қауіптің сипатын анықтау, тиісті қызметке хабарласу және өзіңе белгілі ақпаратты нақты жеткізу қажет. Егер қай шұғыл қызметке хабарласу керектігін білмесеңіз, 112 нөміріне қоңырау шалыңыз.

Қосымша ақпарат

Байланыс нөмірі	Қызмет	Қашан жүгіну керек
112	Бірыңғай шұғыл көмек көрсету қызметі	Кез келген төтенше жағдайда немесе қай қызметке хабарласу керектігі белгісіз болған кезде
101	Өрт сөндіру қызметі	Өрт, жану, түтін байқалған жағдайда 1
102	Полиция	Қылмыс, төбелес, қорқыту, өмірге немесе денсаулыққа қауіп төнген жағдайда
103	Жедел медициналық жәрдем қызметі	Жарақат алу, есінен тану, денсаулық жағдайының күрт нашарлауы кезінде
104	Апаттық газ қызметі	Газдың иісі сезілгенде немесе газдың таралуы байқалған жағдайда
111	Отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «111» байланыс орталығы – (тәулік бойы, аптасына 7 күн)	Буллинг, кибербуллинг, қорқыту, зорлық-зомбылық және көмек пен қолдауды қажет ететін басқа да қиын өмірлік жағдайлар – 111
Өз өніріңіздегі байланыс деректері	Психологиялық қолдау орталығы	Психологиялық қиындықтар, қатты күйзеліс, мазасыздық, буллинг, психологиялық көмек пен қолдаудың қажеттілігі – Психологиялық қолдау орталығы
Өз өніріңіздегі байланыс деректері	Балалардың құқықтарын қорғау басқармасы	Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы, қорғау мен көмекті қажет ететін жағдайлар – Балалардың құқықтарын қорғау басқармасы

Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) материалдары негізінде әзірленген қауіпсіздік сабағы

№2 сабақ	**Күмәнді табыс ұсыныстарынан сақтану**
Мақсаты	Білім алушылардың күмәнді қаржылық ұсыныстарды ажырату, олардың тәуекелдерін бағалау және қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– алаяқтық белгілерін және ықтимал құқыққа қайшы қаржылық схемаларды анықтауға үйрету; – күмәнді ұсыныстарға қатысудың қаржылық, цифрлық және құқықтық салдарын бағалай білу дағдысын дамыту; – өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«Жеңіл табыс» туралы хабарландырулары бар талдауға арналған карточкалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

Өзіңізге мынадай хабарлама келгенін елестетіңіз:

«Көмекші іздеймін. Жұмыс күніне небәрі 20 минутты алады. Табыс – аптасына 50 000 теңгеден бастап. Тәжірибе қажет емес. Тек банк картасы мен телефон болса жеткілікті».

Педагог білім алушыларға сұрақ қояды:

- Неліктен мұндай хабарландырулар назар аудартады?
- Бұл ұсыныста қандай жайттар күдік тудырады?

Білім алушылар жауап береді.

Педагог қорытынды жасайды:

– Алаяқтыққа қатысты бос жұмыс орындары көбіне тартымды қосымша жұмыс немесе тез ақша табу мүмкіндігі ретінде ұсынылады. Сондықтан уәде етілген табыс мөлшеріне емес, ұсыныстың шарттарына, заңдылығына және оның ықтимал салдарына баға беру маңызды.

II. Негізгі бөлім

«Нені ескеріп, сақ болған жөн?» жаттығуы

Педагог білім алушыларға ықтимал алаяқтық белгілерімен танысуды ұсынады:

- күш жұмсамай-ақ жоғары табыс табуға уәде береді;
- алдын ала ақша аударуды талап етеді;
- банк картасының деректерін беруді сұрайды;
- өз банк картасы арқылы басқа адамдардың ақшасын қабылдауды немесе аударуды ұсынады;
- шешім қабылдауға асықтырады;
- ақшаның қайдан түсетінін және оны кейін не үшін басқа адамдарға аудару қажет екенін түсіндірмейді;
- барлығын құпия сақтауды сұрайды.

Тапсырма: әр белгіні талқылап, оның неліктен күдік тудыруы тиіс екенін түсіндіріңіздер. Әр жағдайдағы қауіпсіз әрекет ету тәсілін ұсыныңыздар.

Педагог қорытынды жасайды:

– Егер ұсыныс күмән тудырса: ақшаңызды, банк картаңызды немесе оның деректерін ешкімге бермеңіз, сондай-ақ басқа адамдардың ақшасын аударуға келіспеңіз. Ата-анаңызға, педагогке немесе басқа да сенім артатын ересек адамға жүгініңіз.

«Заң және тәртіп» қағидаты цифрлық ортадағы қаржылық әрекеттерге де қатысты. Бөтен адамдардың ақшасын өзіңіздің банк шотыңызға қабылдау, оны басқа адамдарға аудару, шотқа немесе банк картасына қолжетімділікті беру құқыққа қайшы қаржылық схеманың бір бөлігі болуы мүмкін.

Ақшаның қайдан шыққанын білмеу мұндай әрекетті қауіпсіз етпейді. Сондықтан банк картаңызды, банк деректемелеріңізді, PIN-кодты, CVV-кодты, SMS-кодтарды немесе банк қосымшасына қолжетімділікті басқа адамдарға беруге болмайды.

Педагог білім алушылардың назарын тақырыпқа қатысты жаднамаға аударады.

https://drive.google.com/file/d/1KPFqMu6qSv-CKAKbx_VTPu98Ahb82x8H/view?usp=sharing

«ТОҚТА – ТЕКСЕР – БАС ТАРТ – ХАБАРЛА» алгоритмі

Тоқта – қысыммен шешім қабылдама және күдікті сілтемелерге өтпе.

Тексер – жұмысты кім ұсынып отырғанын, қандай міндеттер бар екенін, ақша қайдан түсетінін және ресми шарттардың бар-жоғын анықта.

Бас тарт – ақша, банк деректері, шотқа қолжетімділік немесе мағынасы түсініксіз ақша аударымдарына қатысуды талап етсе, ұсыныстан бас тарт.

Хабарла – ата-анаңа немесе басқа да сенім артатын ересек адамға айт; алаяқтық белгілері байқалса, көмекке жүгін.

Егер жасөспірім банк деректерімен екінші тұлғамен бөліссе, күдікті операцияларды байқаған болса, бұл туралы дереу ата-анасына немесе басқа да сенім артатын ересек адамға хабарлап, банкке жүгіну қажет. Алаяқтық белгілері байқалған жағдайда 102 нөмірі арқылы полицияға хабарласу қажет. Жасөспірімнің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша кеңес алу үшін 111 байланыс орталығына жүгінуге болады.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- Бүгін мен ... түсіндім.
- Енді мен оңай табыс туралы ұсынысты ... .
- Егер маған күш жұмсамай-ақ көп ақша табуды ұсынса, мен ...
- Мен үшін қаржылық қауіпсіздіктің ең маңызды ережесі – ...

Педагог қорытынды жасайды:

– Жоғары табыс, жеңіл жұмыс және тез ақша табу туралы уәде бірден алаяқтықты білдірмейді. Бірақ мұндай ұсынысты міндетті түрде мұқият тексеру керек.

Ақшаңды, банк деректеріңді немесе шотыңа кіруге мүмкіндік беретін ақпаратты ешкімге берме. Өзіңе қатысы жоқ әрі күмәнді ақша аударымдарына немесе басқа қаржылық операцияларға келіспе.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) материалдары негізінде әзірленген қауіпсіздік сабағы

№3 сабақ	**Дағдарыс кезінде көмекке жүгіну**
Мақсаты	Білім алушылардың шынайы өмірде және цифрлық ортада дағдарысты жағдайларда көмекке уақытылы әрі сауатты жүгіну дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	• білім алушыларды «дағдарысты жағдай» ұғымымен және оның негізгі белгілерімен таныстыру; • қолжетімді қолдауға жүгінуге үйрету; • өзіне деген сенімділік пен сабырлылықты қалыптастыру.

Материалдар мен ресурстар

«Көмек шеңбері» карточкалары (ата-ана, педагог, мектеп психологі, әлеуметтік педагог, достар, шұғыл қызметтер).

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Кейде адам қиын жағдайға тап болғанда не істеу керектігін бірден түсіне алмайды. Қорқыныш, күйзеліс немесе абыржу дұрыс шешім қабылдауға кедергі келтіруі мүмкін. Осындай кезде мәселені жалғыз шешуге тырыспай, дер кезінде көмекке жүгіну қажет.

Педагог сұрайды:

– Неліктен кейбір адамдар қиын жағдайға тап болғанын біле тұра көмек сұрауға асықпайды?

Білім алушылар ықтимал себептерді атайды: қорқу, ұялу, жағдайды жасыруға тырысу, мәселені өз бетімен шешемін деп ойлау, кімге жүгінерін білмеу немесе айналасындағылар түсінбейді деп қауіптену.

Педагог қорытындылайды:

– Дағдарысты жағдайда үндемей қалу немесе мәселенің өздігінен шешілуін күту кейде жағдайды қиындатуы мүмкін. Ал дер кезінде көмек сұрау қауіптің алдын алуға, дұрыс шешім табуға және қажетті қолдау алуға мүмкіндік береді.

Бүгін біз қандай жағдайда өз бетімізше әрекет етпей, кімге және қалай көмекке жүгінуге болатынын талқылаймыз.

II. Негізгі бөлім

Педагог түсіндіреді:

– Дағдарысты жағдай – адамның болып жатқан жағдайды өз бетімен шешуі немесе еңсеруі қиынға соғатын кезең. Мұндай кезде қатты қорқыныш, мазасыздық, абыржу, қысым сезіліп, әрі қарай не істеу керектігін түсіну қиындауы мүмкін. Бұған жанжал, қауіп-қатер, зорлық-зомбылық, буллинг, жақын адамынан айырылу немесе басқа да ауыр жағдайлар себеп болуы мүмкін.

Осындай сәтте бәрін жалғыз шешуге тырыспау керек. Өзің сенетін ересек адамға, психологке немесе тиісті көмек қызметіне жүгіну жағдайды түсінуге және одан шығудың қауіпсіз жолын табуға көмектеседі.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты постермен танысуды ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/12RshJ_Gze3ts571j0LC5DPiGbtqI5p0p/view?usp=sharing

«Менің әрекетім» жаттығуы

Педагог білім алушыларға төмендегі жағдаяттарды қарастырып, өз әрекеттерін анықтауды ұсынады.

1-жағдаят. Сыныптасың саған өзін шарасыз сезініп тұрғанын, бұл туралы ешкімге айтпауыңды өтінді.

2-жағдаят. Әлеуметтік желіде саған қорқыту сипатындағы хабарламалар келіп жатыр. Хабарлама жіберуші бұл туралы ешкімге айтпауды талап етеді.

3-жағдаят. Үйдегі күрделі жанжалдан кейін досың үйіне қайтуға қорқатынын айтып, сенен көмек сұрады.

Сұрақтар:

- Қауіп бар ма?
- Кімнен көмек сұрайсың?
- Егер көмек көрсетілмесе, не істейсің?

Педагог қорытынды жасайды:

– Дағдарысты жағдайда мәселемен жалғыз қалмау және сенім артатын ересек адамнан көмек сұрау маңызды. Өмірге немесе денсаулыққа тікелей қауіп төнген жағдайда 112 нөміріне хабарласу қажет.

«Бағала – Жүгін – Хабарла – Көмек іздеуді жалғастыр» алгоритмі

1. Бағала. Өмірге немесе денсаулыққа тікелей қауіп бар ма? Тікелей қауіп болған жағдайда қауіпсіздік ережелерін сақтап, шұғыл қызметтерге хабарлас (102, 103, 111).

2. Жүгін. Жағдай туралы өзің сенетін ересек адамға: ата-анаңа, педагогке, мектеп психологіне, әлеуметтік педагогке немесе басқа жауапты ересек адамға айт.

3. Хабарла. Не болғанын, қай жерде екеніңді, қазіргі уақытта қауіптің бар-жоғын және қандай көмек қажет екенін қысқаша әрі нақты түсіндір.

4. Ақпаратты сақта. Қорқыту, бопсалау немесе кибербуллинг жағдайында (егер мұны қауіпсіз түрде жасауға болса), хабарламалар мен басқа да материалдарды сақтап қой.

5. Көмек іздеуді жалғастыр. Егер бірінші жүгінген адам қолжетімсіз болса немесе қажетті көмек көрсете алмаса, басқа ересек адамға немесе тиісті қызметке жүгін.

Қолдау қызметтеріне жүгін

Қазақстанда балалар мен отбасыларға көмек көрсетудің бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығының 111 нөміріне қоңырау шалуға болады.

Өмірге немесе денсаулыққа қауіп төнген жағдайда – 102 және 103 нөмірлеріне хабарласу қажет.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Адамға көмек қажет екенін көрсететін белгілердің бірі – ...»
- «Егер бірінші жүгінген адам көмектесе алмаса, келесі қадам – ...»
- «Енді мен дағдарысты жағдайда ... жүгінуге болатынын білемін».

Педагог:

- Дағдарысты жағдайда бәрін өз бетіңше шешуге тырыспау керек. Өзің сенетін ересек адамға, психологке немесе тиісті маманға дер кезінде жүгіну жағдайды жеңілдетіп, дұрыс шешім табуға көмектеседі.

Егер өмірге немесе денсаулыққа тікелей қауіп төнсе, уақыт жоғалтпай жедел қызметке хабарласу қажет. Ал бірінші жүгінген адам көмектесе алмаса, көмек сұрауды тоқтатпа – басқа ересек адамға немесе тиісті қызметке жүгін.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№4 сабақ	**Есірткі және есірткі тасымалынан сақтану**
Мақсаты	Білім алушылардың есірткі қылмыстарына тарту әрекеттерін танып-білу және оның алдын алу дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– жасөспірімдерді есірткі тасымалдауға тарту кезінде қолданылатын алдау мен арбау тәсілдерін ажырата білуге үйрету; – құқыққа қайшы ұсыныстардан нық бас тарту және ересектерден көмек сұрау дағдыларын дамыту; – өз қауіпсіздігіне саналы түрде қарауға, құрдастарының қысымына қарсы тұруға және жеке шекарасын сақтауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі «оңай табыс» туралы хабарландырулар мен бос жұмыс орындарының мысалдары берілген карточкалар, ұсыныстарды талдауға арналған «Қауіпсіз» және «Қауіпті» карточкалары.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушыларға сұрақ қояды:

– «Оңай табыс» туралы ұсыныстың қандай белгілері жасөспірімге күмән тудыруы керек?

Білім алушылар жауап береді: ақшаға деген қызығушылық, аңғалдық, тәжірибенің аздығы, өз бетінше әрекет етуге деген ұмтылыс.

Педагог қорытынды жасайды:

– Кейде жасөспірім жұмыс жасауға келіскенде, ол жұмыстың артында алаяқтықпен ақша табу мүмкіндігі тұрғанын біле бермейді. Сондықтан ұсыныстың қанша табыс әкелетініне ғана емес, жұмыстың заңды, ашық және қауіпсіз екеніне де назар аудару керек.

II. Негізгі бөлім

«Тоқтау белгілері» жаттығуы

Педагог «жұмыс» туралы ұсыныстың белгілерін атайды. Білім алушылар олардың қандай тәуекелдерді жасыруы мүмкін екенін анықтайды:

- жұмыс беруші өзінің кім екенін және қай ұйымның атынан әрекет ететінін айтпайды;
- қарапайым әрекеттерді орындағаны үшін жоғары табысқа уәде береді;
- нақты міндеттер мен жұмыс шарттарын түсіндірмейді;
- «жұмыс» туралы ешкімге айтпауды сұрайды;
- белгісіз заттарды алып кетуді, сақтауды немесе басқа адамдарға жеткізуді ұсынады;
- шешімді дереу қабылдауды талап етеді.

Педагог сұрақ қояды:

– Осы белгілердің қайсысы сізді ұсыныстан бірден бас тартуға мәжбүр етеді және неліктен?

Педагог қорытынды жасайды:

«Заң және тәртіп» қағидаты бұл жағдайда заңсыз немесе күмәнді ұсыныстан тани білу, оған қатысудан бас тарту және дер кезінде көмекке жүгіну дағдысын білдіреді.

Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады. Жасөспірімнің белгісіз заттарды сыйақы үшін қабылдауы, сақтауы, тасымалдауы немесе басқа адамға беруі оны заңсыз әрекетке тартуы мүмкін.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалмен танысуды ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1sFZDk8NvsXWTkRR6Kps2stm1fuIepGVR/view?usp=sharing

«ТОҚТА» алгоритмі

Келіспе – ұсынысты қабылдама және күмәнді тапсырмаларды орындама.

Байланысты тоқтат – әңгімені жалғастырма және жеке немесе банк деректерін берме.

Ақпаратты сақта – қорқыту немесе құқыққа қайшы әрекетке тарту әрекеті болған жағдайда, егер бұл қауіпсіз болса, хабарламаларды сақтап қой.

Хабарла – ата-анаңа немесе өзің сенетін басқа ересек адамға айт.

Көмекке қайда жүгінуге болады?

- Ата-анаға, сынып жетекшісіне, мектеп психологіне немесе өзің сенетін басқа ересек адамға.
- 111 – балалар мен отбасыларға көмек көрсетудің бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығы.
- 102 – қауіп төнген немесе қылмыс туралы ақпарат болған жағдайда полицияға.

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Қауіпті ұсыныстарды ... белгілерінен тануға болады».
- «Егер маған «оңай табыс» ұсынса, мен ...»
- «Бүгін мен қауіпсіздік дегеніміз ... екенін түсіндім».

Педагог:

– Күмәнді «оңай табыс» туралы ұсыныс құқыққа қайшы әрекетке тартудың тәсілі болуы мүмкін. Қауіпсіз шешім – белгісіз тапсырмаларды орындамау, белгісіз заттарды алмау және тасымалдамау, байланысты тоқтату және жағдай туралы сенім артатын ересек адамға хабарлау.

Қорқыту немесе қылмысқа тарту әрекеті болған жағдайда дер кезінде көмекке жүгіну қажет.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№5 сабақ	**Қоғамдық орындар мен көліктегі қауіпсіздік**
Мақсаты	Білім алушылардың қоғамдық көлікте және қоғамдық орындарда қауіп-қатерді бағалау және қауіпсіз әрекет ету стратегиясын таңдау дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– білім алушыларды қоғамдық көліктегі және қоғамдық орындардағы ықтимал қауіпті жағдайларды тануға үйрету; – қауіп деңгейін бағалау және қауіпсіз әрекет ету тәсілін таңдау қабілетін дамыту; – өз әрекеттері мен олардың салдарына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Сабақ барысында толтыруға арналған «Жеке қауіпсіздік ережелері» кестесі, топтық жұмысқа арналған «Қауіпсіздік детекторы» карточкалары.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Күн сайын біз қоғамдық көлікпен жүреміз, дүкенге, саябаққа, сауда орталығына және басқа да қоғамдық орындарға барамыз. Көп жағдайда біз еш кедергісіз өз жұмысымызды орындаймыз. Кейде күмән тудыратын немесе қауіп белгісі байқалатын жағдайлар кездесуі мүмкін.

Осындай сәтте абыржымай, жағдайды дұрыс бағалап, өз қауіпсіздігіңді сақтай отырып әрекет ету қажет.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалмен танысуды ұсынады.

https://www.youtube.com/watch?v=HmkW6QsNb1k&list=PLA5eCSY2FeoT00B3gyDuskOvkalEx7TmU&index=19

II. Негізгі бөлім

Кейс-тапсырма

Педагог білім алушыларға келесі жағдайды елестетуді ұсынады:

– Білім алушы автобуспен үйіне қайтып келе жатыр. Салон біртіндеп адамға тола бастайды. Жанына бейтаныс адам отырады. Ол сені әңгімеге тартуға тырысып, кейін жеке сұрақтар қоя бастайды және

білім алушыдан телефонын көрсетуді сұрайды. Бұл кезде білім алушы өзін жайсыз сезінеді.

Педагог сұрақтары:

- Жағдайдың қай тұстары алаңдаушылық тудырады?
- Қалай қауіпсіз әрекет етуге болады?
- Ішкі жайсыздық сезімін елемеуге бола ма?

Білім алушылар өз болжамдарын айтады.

Педагог атап көрсетеді:

– Жайсыздық сезімі жағдайға назар аударып, ықтимал қауіпті бағалаудың белгісі болуы мүмкін. Егер адам жеке шекараны бұзса, жеке ақпаратты табанды түрде талап етсе, ұстап қалуға, аңдуға немесе қорқытуға тырысса, арақашықтықты ұлғайтып, көмекке жүгіну маңызды.

«Жеке қауіпсіздік ережелері» жаттығуы

Педагог білім алушыларға кестені толтыруды ұсынады. Мысалы

Көлікте	Қоғамдық орындарда
▪ жеке заттарыңды бақылауда ұста; ▪ қозғалыс кезінде тұтқадан берік ұста, әсіресе көлік кенет тоқтағанда немесе бұрылғанда тепе-теңдікті сақта; ▪ көлікке кіргенде апаттық шығу жолдарының және төтенше жағдайда терезені сындыруға арналған арнайы балғаның қай жерде орналасқанына назар аудар; ▪ мүмкіндік болса, қауіпсіз әрі өзіңе жайлы арақашықтық сақта; ▪ адам өзін агрессивті түрде ұстаса, басқа жолаушыларға немесе жүргізушіге жақынырақ жерге бар; ▪ жанжалды ушықтырма және қақтығысқа араласпа; ▪ қауіп төнген жағдайда көмекке жүгін.	▪ бағытты және бейтаныс жерден шығу жолдарын алдын ала бағдарлай білу; ▪ қажет болған жағдайда жақын адамдармен байланыста болу; ▪ қауіп төнуі мүмкін екенін сезсең, адам көп әрі қауіпсіз жерге бару; ▪ нысан қызметкерлеріне, күзет қызметіне, полицияға немесе басқа жауапты ересектерге жүгіну.

Білім алушылар өз болжамдарын айтып, жауаптарын толықтырады.

«Бағала – Алыста – Хабарла» алгоритмі

Бағала – не болып жатқанын және өмірге, денсаулыққа тікелей қауіп бар-жоғын анықта.

Алыста – арақашықтықты ұлғайт, адам көп немесе қауіпсіз жерге бар, жанжалға араласпа.

Хабарла – көлік қызметкеріне, күзет қызметіне, полицияға, жақын адамыңа немесе көмектесе алатын басқа адамға жүгін.

- Өмірге немесе денсаулыққа тікелей қауіп төнген жағдайда – 102/103/112-ге хабарлас.
- Құқыққа қайшы әрекет немесе басқа адамның тарапынан қауіп болған жағдайда – 102-ге хабарлас..
- Күрделі жағдайда кеңес пен қолдау алу үшін – 111 байланыс орталығына хабарлас.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтап, өз пікірін айтуды ұсынады:

- «Бүгін мен қоғамдық орындарда ... маңызды екенін түсіндім».
- «Егер мен өзімді жайсыз сезінсем, мен ...».
- «Мен үшін қауіпсіздіктің ең маңызды ережесі – ...».

Педагог атап көрсетеді:

– Жеке қауіпсіздік жағдайдың өзгергенін дер кезінде байқап, қауіпті азайтатын әрекетті таңдаудан басталады. Егер басқа адамның әрекеті алаңдаушылық туғызса, жеке шекараңды бұзса немесе қауіп төндіре бастаса, арақашықтықты ұлғайтып, қауіпсіз жерге барып, көмекке жүгіну қажет.

Өмірге немесе денсаулыққа тікелей қауіп төнген жағдайда жағдайды өз бетіңше шешуге тырыспа.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№6 сабақ	Жарақаттану кезіндегі алғашқы көмек
Мақсаты	Білім алушылардың мамандар келгенге дейін алғашқы көмек көрсету қажеттілігі туындаған жағдайда дұрыс әрекет етуге дайындығын қалыптастыру
Міндеттері	• білім алушыларды алғашқы көмек көрсету қажеттілігі туындаған кездегі жалпы әрекет ету алгоритмімен таныстыру; • шұғыл медициналық көмекке дереу жүгінуді қажет ететін жағдайларды тануға үйрету; • өз қауіпсіздігіне саналы түрде жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Алғашқы көмек көрсету тәсілдерін көрсетуге арналған манекен (тренажер, бар болса), бинт, стерильді майлықтар, эластикалық бинт, бір рет қолданылатын қолғаптар.

Ескерту. Осы тақырыптағы қауіпсіздік сабағын білім беру ұйымының медицина қызметкерінің қатысуымен өткізу ұсынылады (білім беру ұйымының мүмкіндігіне қарай).

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Жағдайды елестетіп көріңдер. Мектептегі іс-шара кезінде бір оқушы тамақ ішіп отырып кенет қақалып қалады. Алғашында ол жөтелуге тырысады, бірақ біраздан кейін сөйлей алмай, тыныс алуы қиындай бастайды. Қасындағы оқушылардың бірі абдырап қалады, екіншісі көмекке ересек адамды шақырады, ал тағы біреуі 103 нөміріне хабарласу керек екенін айтады.

Білім алушыларға сұрақтар:

– Бұл жағдайда қандай белгілер қауіптің күшейгенін көрсетеді?

– Ең алдымен не істеу керек?

– Кімді көмекке шақыру қажет?

– Қандай жағдайда жедел медициналық көмекке хабарласу керек?

Талқылаудан кейін педагог қорытынды жасайды:

– Мамандар келгенге дейін қасындағы адамдар ағлашқы көмек көрсете алады: жағдайдың қауіпті екенін дер кезінде байқап, ересек адамды шақыру, жедел қызметке хабарласу және өздері білетін қауіпсіз алғашқы көмек әрекеттерін орындау қажет.

Ең бастысы – өзіңді де, зардап шеккен адамды да қосымша қауіпке тікпей, мамандардың көмегіне тез жүгін.

II. Негізгі бөлім

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалмен танысуды ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1WvB65-fQwf0pTejx5v0PdLD4t6Cur2Y3/view?usp=sharing

Ақпараттық блок

Медицина қызметкері алғашқы көмек қажет болатын жағдайларды түсіндіреді. Атап айтқанда, адам:

- есінен айырылса;
- тамаққа қақалып, дем алуы қиындаса;
- қатты қан кетсе;
- күйік немесе ауыр жарақат алса;
- оған айтылған сөздерге немесе үндеуге жауап бермесе.

Медицина қызметкері ерекше атап көрсетеді:

Алғашқы көмек – бұл медицина қызметкерлері келгенге дейін зардап шеккен адамға көрсетілетін қолдау.

«Адам тамаққа қақалған жағдайда» практикалық демонстрациясы

Медицина қызметкері білім алушыларды тыныс алу жолдарының бітелу белгілерімен таныстырып, бөгде заттың тыныс алу жолына түсуі кезіндегі алғашқы көмектің қолданыстағы алгоритмін манекенде (тренажерде) көрсетеді.

Білім алушыларға қақалған адамның жөтеліп, сөйлеп, тыныс ала алуы мен тыныс алуының қатты қиындауы немесе мүлде тоқтауы арасындағы айырмашылық түсіндіріледі.

Алғашқы көмек көрсету тәсілдерін практикалық түрде орындау медицина қызметкерінің немесе тиісті даярлықтан өткен маманның жетекшілігімен жүргізіледі. Манекен немесе тренажер болмаған жағдайда педагог әрекет ету ретін түсіндіреді, көрнекі материал немесе бейнематериал қолданады.

Маңызды!

Алғашқы көмек көрсету тәсілдерін дайындықтан өткен маманның жетекшілігімен меңгеріп, тренажерде пысықтау қажет. Нақты жағдайда ең алдымен қауіпсіздікті бағалап, ересектерді дереу көмекке шақырып, 103 немесе 112 нөміріне хабарласу керек. Әрі

қарайғы әрекеттерді меңгерілген алғашқы көмек алгоритміне және шұғыл қызмет диспетчерінің нұсқауларына сәйкес орындау қажет.

Жалпы алгоритм

Қауіпсіздікті бағала – оқиға болған жер өзіңе және зардап шеккен адам үшін қауіпсіз екеніне көз жеткіз.

Жағдайды бағала – адамның есін білгенін, қалыпты тыныс алып жатқанын және өміріне анық қауіп бар-жоғын анықта.

Көмекке шақыр – ересек адамды, медицина қызметкерін немесе жақын маңдағы басқа адамдарды көмекке тарт.

Шұғыл көмек шақыр – адамның жағдайы өміріне немесе денсаулығына қауіп төнсе, 103 нөміріне хабарлас.

Өз дағдыларың шегінде әрекет ет – тек өзің үйренген алғашқы көмек тәсілдерін орында.

Қауіпсіз болса, көмек келгенге дейін зардап шеккен адамның жанында бол.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Бүгін мен алғашқы көмек – бұл ... екенін түсіндім».
- «Егер жанымдағы адам өзін нашар сезінсе, мен ...».
- «Алғашқы көмектің ең маңызды ережесі – ...».
- «Енді мен алдымен ... жасау керектігін білемін».

Педагог қорытынды жасайды:

– Алғашқы көмек жағдайды қауіпсіз бағалаудан және мамандарды дер кезінде шақырудан басталады. Өзіңді қауіпке төндірме, мүмкіндігінше тез ересектерді және шұғыл қызметтерді көмекке шақыр, тек өзің меңгерген әрекеттерді орында.

Көмекке қарапайым әрі дер кезінде қоңырау шалудың өзі – маңызды және жауапты әрекет.

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№7 сабақ	**Дипфейктер, ЖИ арқылы жасалатын алаяқтық және цифрлық бедел**
Мақсаты	Білім алушылардың цифрлық манипуляциялар мен жасанды интеллект арқылы жасалатын алаяқтықты тану, ақпаратты тексеру және цифрлық ортада қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	- білім алушыларды «дипфейк», «жасанды интеллект арқылы жасалатын алаяқтық», «цифрлық бедел» ұғымдарымен таныстыру; - цифрлық контентті тарату немесе пайдалану алдында оның мазмұнын талдау, сыни ойлау және ақпараттың дұрыстығын бағалау қабілетін дамыту; - ақпаратты таратуға және цифрлық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект құралдарын пайдалануға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Цифрлық жағдайлардың мысалдары берілген карточкалар (дипфейктер, жалған хабарламалар, күдікті сілтемелер, әлеуметтік желілердегі жарияланымдар).

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

«Бұл шынымен өзі ме?» кейс-тапсырмасы

Педагог білім алушыларға келесі жағдайды ұсынады:

– Мектептің чатында жасөспірімдердің бірі қорлайтын сөздер айтып тұрғандай көрінетін бейнежазба пайда болады. Бейне тез тарала бастайды. Кейін бұл бейненің жасанды интеллект технологиялары арқылы жасанды түрде жасалғаны немесе өзгертілгені анықталады.

Педагог:

- Бейнежазбада бейнеленген адам үшін қандай салдар туындауы мүмкін?
- Мұндай бейнені тексермей тарату қауіпсіз деп санауға бола ма?
- Егер сіз осындай бейнеролик алсаңыз, не істер едіңіз?

Білім алушылар өз болжамдарын айтады.

Педагог:

– Заманауи технологиялар шынайы көрінетін суреттерді, аудио және бейнежазбаларды жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан эмоция ақпаратты тексеруден бұрын әрекетке итермелемеуі керек. Егер мазмұн күмән тудырса немесе біреуге зиян келтіруі мүмкін болса, оны тексермей тұрып таратуға болмайды.

II. Негізгі бөлім

Ақпараттық блок

Педагог түсіндіреді:

- Дипфейк – жасанды интеллект технологияларының көмегімен жасалған немесе өзгертілген сурет, аудио немесе бейне. Ол шынайы адамның іс жүзінде айтпаған сөзді айтқанын немесе жасамаған әрекетті жасағанын көрсетіп, жалған әсер қалдыруы мүмкін.

Цифрлық бедел – адамның интернеттегі әрекеттері негізінде қалыптасатын ол туралы пікір. Цифрлық беделге мыналар әсер етеді:

- жарияланымдар;
- пікірлер мен комментарийлер;
- фотосуреттер;
- бейнематериалдар;
- әлеуметтік желілердегі цифрлық із.

«Цифрлық тергеу» ойыны

Сынып топтарға бөлінеді. Әр топқа цифрлық жағдай сипатталған карточка беріледі.

1-карточка. Бейтаныс нөмірден досыңның даусына ұқсас дауыстық хабарлама келеді. Хабарламада шұғыл түрде басқа адамның банк картасына ақша аудару және кері қоңырау шалмау сұралады.

2-карточка. Әлеуметтік желіде дереккөзі көрсетілмеген белгілі блогердің беделіне нұқсан келтіретін бейне пайда болады.

3-карточка. Әлеуметтік желіде сыныптасыңның күмәнді бейнежазбасы пайда болады. Оның шынайы жазба екені немесе жасанды интеллект көмегімен жасалғаны белгісіз. Достарың оны дереу мектеп чатына жіберуді ұсынады.

Тапсырма

Топ 2 минут ішінде төмендегі сұрақтарға жауап дайындайды:

1. Қандай қауіптер бар?
2. Ақпаратты қалай тексеруге болады?
3. Қандай салдар туындауы мүмкін?
4. Қандай қауіпсіз шешім қабылдау қажет?

Талқылаудан кейін топтар өз болжамдарын таныстырады.

«Біздің цифрлық қорытындымыз»:

- сенуге болмайды;

- алдымен тексеру қажет;
- тексерілгеннен кейін қауіпсіз.

«ТОҚТА – ТЕКСЕР – РАСТА – ӘРЕКЕТ ЕТ» алгоритмі

Тоқта – күдікті сілтемеге өтпе, ақша аударма және күмәнді контентті қайта жіберме.

Тексер – хабарламаның дереккөзін және оның мәнмәтінін анықта.

Раста – ақпаратты ресми дереккөз немесе басқа байланыс арнасы арқылы қайта тексер. Егер «танысың» ақша сұраса, онымен бұрын пайдаланған байланыс тәсілі арқылы хабарлас.

Әрекет ет – ақпарат расталмаса, оны таратпа. Алаяқтық әрекет байқалса, байланысты тоқтат, қажетті дәлелдерді сақта және көмекке жүгін.

Маңызды!

«Заң және тәртіп» қағидаты. Жасанды интеллект технологияларын пайдалану адамның өз әрекеттері үшін жауапкершілігін жоймайды. Жалған контент жасау немесе тарату басқа адамдардың құқықтарын бұзуы мүмкін. Ал жалған аудио, бейне, аккаунттар немесе хабарламаларды алдау, қорқыту, бопсалау немесе ақша алу мақсатында пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық салдарға әкелуі мүмкін.

Егер цифрлық жағдай қорқытуға, бопсалауға немесе алаяқтыққа байланысты болса, ақпаратты сақтап, сенімді ересек адамға хабарласу маңызды. Құқыққа қайшы әрекет белгілері болған жағдайда 102 нөмірі бойынша полицияға, ал кеңес пен қолдау алу үшін 111 байланыс орталығына жүгінуге болады.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтап, өз пікірін айтуды ұсынады:

«Бүгін мен дипфейк ... мүмкін екенін түсіндім».

«Бейне немесе хабарламаны қайта жібермес бұрын, мен ...».

«Менің цифрлық беделім үшін ... маңызды».

Педагог атап көрсетеді:

– Жасанды интеллект шынайылыққа жанасатын контент жасай алады. Сондықтан ақпараттың дереккөзін және мазмұнын тексер. Күмәнді контентті таратпа. Ақша немесе жеке деректерді сұрайтын күдікті өтініштерді орындама.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) материалдары негізінде әзірленген қауіпсіздік сабағы

№8 сабақ	**Интернеттегі таныстықтан туындайтын қауіптер**
Мақсаты	Білім алушылардың интернеттегі қауіпсіз қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– білім алушыларды интернеттегі таныстықтардың негізгі қауіптерімен таныстыру; – қауіпті қарым-қатынас пен интернеттегі айла-тәсілді тану қабілетін дамыту; – интернетте қарым-қатынас жасауға жауапкершілікпен және сақтықпен қарауға, жеке шекараны құрметтеуге тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

«ОЙЛАН – ТЕКСЕР – ӨЗІҢДІ ҚОРҒА» алгоритмі жазылған карточка.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

- Әлеуметтік желіде сізге шамамен өзіңізбен құрдас адам хабарласады. Сіз бірнеше апта бойы сөйлесіп жүрсіз. Әңгімелесуші сыпайы, сізді үнемі қолдайды, өміріңізге қызығушылық танытады. Біраз уақыттан кейін ол сізбен жеке кездесуді ұсынады және хат алмасуларыңыз туралы ешкімге айтпауыңызды сұрайды.

Білім алушыларға сұрақтар:

– Адаммен ұзақ уақыт хат алмасқаныңыз үшін ғана оған толықтай сенуге бола ма?

– Қарым-қатынасты құпия сақтауды сұрау неліктен сақ болуға себеп болуы керек?

– Мұндай таныстық кезінде қандай қауіптер туындауы мүмкін?

Білім алушылар өз жауаптарын айтады.

Педагог қорытынды жасайды:

– Интернетте адам өзі туралы шындыққа сәйкес келмейтін немесе бірден тексеру қиын ақпарат беруі мүмкін. Сондықтан интернеттегі таныстықты адамның қаншалықты сыпайы не мейірімді көрінетініне немесе қанша уақыттан бері сөйлесіп жүргендеріңе қарап бағаламау керек.

Ең алдымен оның әрекетіне назар аудар: жеке шекараңды құрметтемеу, қарым-қатынасты құпия ұстауды талап ету, жеке мәліметтеріңді, фотосуреттеріңді немесе ақша сұрау, күмән тудыратын кездесуге шақыру. Осындай белгілер байқалса, сақтық танытып, өзің сенетін ересек адамнан кеңес сұраған дұрыс.

II. Негізгі бөлім

«Қауіпті белгілерді анықтау» жаттығуы

Педагог білім алушыларға интернеттегі әңгімелесушінің қандай әрекеттері күмәндануға себеп болуы мүмкін екенін, ал қайсысы қауіпсіз екенін анықтауды ұсынады:

- ортақ қызығушылықтар туралы сөйлеседі;
- қарым-қатынасты құпия сақтауды сұрайды;
- мерекемен құттықтайды;
- өте қысқа уақытта «ең жақын дос» болуға тырысады;
- жеке фотосуреттерді жіберуді сұрайды;
- бірге онлайн ойын ойнауды ұсынады;
- мекенжайың мен күн тәртібіңе қызығушылық танытады;
- сенің бас тартуыңды сабырлы түрде қабылдайды;
- ересектерден жасырын кездесуді ұсынады;
- құпиясөзді немесе растау кодын хабарлауды сұрайды;
- өтінішін орындаудан бас тартсаң, қорқытады немесе бопсалайды.

Сұрақтар:

- Қандай әрекеттер сізді алаңдатты және неліктен?
- Мұндай жағдайда қалай әрекет ету керек?

Педагог атап көрсетеді:

Егер қарым-қатынас алаңдаушылық немесе қорқыныш тудырса, әсіресе әңгімелесуші қысым көрсетсе, құпия сақтауды талап етсе, бас тартуды қабылдамаса, қорқытса немесе бопсаласа. бұл белгілерді елемеуге болмайды. Қауіпті қарым-қатынасты тоқтатып, көмекке жүгіну қажет. Құпия кездесуге келіспе. Ата-анаңа немесе басқа сенімді ересек адамға кіммен, қай жерде және қашан кездесуді жоспарлап отырғаныңды айт. Пәтерде, автокөлікте, адам аз немесе бейтаныс жерде кездесуге келіспе. Егер кездесу туралы ұсыныс қысыммен, қорқытумен немесе оны жақындарыңнан жасыру талабымен бірге айтылса – бас тарт және қарым-қатынасты тоқтат.

«ОЙЛАН – ТЕКСЕР – ӨЗІҢДІ ҚОРҒА» алгоритмі

ОЙЛАН

Асықпа және жеке деректеріңді, құпиясөздерді, растау кодтарын немесе банк ақпаратын ешкімге хабарлама.

ТЕКСЕР

Тек профильге, фотосуретке, дауысқа немесе бейнеге қарап сенбе. Ақпаратты тексер және алдау немесе қысым көрсету белгілеріне назар аудар.

ӨЗІҢДІ ҚОРҒА

Қорқыту, бопсалау немесе қысым көрсету жағдайында қарым-қатынасты тоқтат, қажетті дәлелдерді сақта, пайдаланушыны бұғатта және сенімді ересек адамға хабарла. Қажет болған жағдайда 102 нөміріне, ал кеңес пен қолдау алу үшін 111 байланыс орталығына жүгін.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты ақпараттық постермен танысуды ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1ks4dDioHbCyR0uX1AKutz71qg6SNfsrT/view?usp=drive_link

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға сөйлемді аяқтауды ұсынады:

– «Осы сабақтан кейін интернетте бейтаныс адаммен қарым-қатынас жасағанда мен ...»

Бірнеше білім алушы өз жауаптарын айтады.

Педагог қорытынды жасайды:

– Интернеттегі қарым-қатынаста жеке шекараны сақтау, ақпаратты тексеру және қысымға берілмеу маңызды. Егер жағдай алаңдаушылық немесе күмән тудырса – қарым-қатынасты тоқтатып, сенімді ересек адамнан көмек сұраңыз.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№9 сабақ	**Қаржылық алаяқтықтан сақтану**
Мақсаты	Білім алушылардың қаржылық алаяқтықтың заманауи түрлері туралы білімдерін және қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	-білім алушыларды қаржылық алаяқтықтың кең таралған схемаларымен таныстыру; -ақшаға, банк карталарына және цифрлық сервистерге қатысты қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту; -қаржылық сауаттылыққа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

Жағдайларды талдауға арналған «Қауіпсіз» және «Қауіпті» карточкалары.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Сізге бір адам қоңырау шалып, өзін банк қызметкері ретінде таныстырды деп елестетіңіз. Ол:

«Сіздің банк картаңыздан күдікті операциялар байқалды. Қаражатыңызды қорғау үшін операцияның күшін жоюды шұғыл растауыңыз қажет. Қазір сізге код келеді – оны маған айтыңыз. Егер мұны жасамасаңыз, ақшаңыз есептен шығарылуы мүмкін», – дейді.

Педагог:

- Мұндай хабарлама неліктен алаңдаушылық тудыруы мүмкін?
- Қандай белгілер сақ болуға себеп болуы керек?
- Мұндай жағдайда қалай әрекет ету қажет?

Білім алушылар жауап береді.

Педагог қорытынды жасайды:

– Алаяқтар адамдардың қорқынышын, асығыстығын және сенімін жиі пайдаланады. Олардың негізгі мақсаты – ақшаға немесе жеке деректерге қол жеткізу. Бүгін біз осындай схемаларды қалай тануға және өзімізді қалай қорғауға болатынын қарастырамыз.

II. Негізгі бөлім

«Алаяқты таны» жаттығуы

Педагог білім алушыларға төмендегі ұсыныстардың қайсысы алаяқтық болуы мүмкін екенін анықтауды ұсынады.

1-хабарлама

«Құттықтаймыз! Сіз смартфон ұтып алдыңыз. Сыйлықты алу үшін 15 минут ішінде жеткізу қызметінің комиссиясын төлеу қажет».

2-хабарлама

«Сәлеметсіз бе, бұл банктің қауіпсіздік қызметі. Қаражатыңызды есептен шығаруға әрекет жасалғаны анықталды. Қазір операцияны жою үшін сізге код келеді. Оны қызметкерге айтыңыз».

3-хабарлама

«Сіздің аккаунтыңыз бұғатталады. Жеке басыңызды растау үшін шұғыл түрде сілтеме арқылы өтіп, жеке кабинетіңізге кіріңіз».

4-хабарлама

«Досың жаңа аккаунттан жазды: «Мен мәселеге тап болдым. Дереу ақша қажет болып тұр. Кейін бәрін түсіндіремін».

5-хабарлама

«Интернет-дүкенде тауар әдеттегі бағадан әлдеқайда арзан сатылып жатыр. Сатушы сатып алу ақысын жеке банк картасына аударуды сұрайды».

Талқылаудан кейін педагог сұрақ қояды:

Педагог:

– Алаяқтық хабарламаларды не біріктіреді?

– Қандай белгілер сақ болуға себеп болуы керек?

Алаяқтар әртүрлі сценарийлерді қолдануы мүмкін, бірақ көбіне ұқсас тәсілдерге жүгінеді:

- асығыстық сезімін тудырады: «дәл қазір», «соңғы мүмкіндік», «шот бұғатталады»;
- қорқыныш немесе қатты қобалжу сезімін туындатады;
- күтпеген пайда, сыйлық немесе оңай табыс уәде етеді;
- өзін банк, мемлекеттік орган, жеткізу қызметінің қызметкері ретінде таныстырады;
- растау кодын, құпиясөзді немесе басқа да құпия ақпаратты хабарлауды сұрайды;
- сілтемеге өтуді немесе белгісіз қосымшаны орнатуды ұсынады;
- ақшаны басқа шотқа немесе картаға аударуды талап етеді;
- болып жатқан жағдайды ешкімге айтпауға көндіреді.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалмен танысуды ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1H8lfT5i-MiI9cgvzPPkydlb2imhaLVA9/view?usp=drive_link

«ТОҚТА – ТЕКСЕР – ХАБАРЛА» алгоритмі

ТОҚТА

Қысыммен және асығыс жағдайда қаржылық әрекеттер жасама. Растау кодтарын, құпиясөздерді және басқа да құпия ақпаратты ешкімге айтпа. Күмәнді сілтемелерге өтпе.

ТЕКСЕР

Банкпен немесе ұйыммен ресми байланыс арнасы арқылы өзің хабарлас. Егер хабарлама танысыңнан келгендей көрінсе, онымен басқа байланыс тәсілі арқылы хабарласып, оның шынымен саған хабарласқанын анықта.

ХАБАРЛА

Алаяқтық әрекетке тап болсаң, ата-анаңа немесе басқа сенімді ересек адамға хабарла. Қажет болған жағдайда банкке және тиісті органдарға жүгін.

Егер жеке деректеріңді беріп қойсаң немесе ақша аударсаң

1. Қорқып немесе ұялып, болған жағдайды жасырма. Алаяқпен өз бетіңше келісуге немесе мәселені жалғыз шешуге тырыспа.
2. Мүмкіндігінше тезірек ата-анаңа немесе өзің сенетін ересек адамға айт. Егер банк картасына немесе шотыңа қатысты деректерді беріп қойсаң, банкке ресми байланыс арналары арқылы дереу хабарлас. Шотыңды бұғатта.
3. Егер алаяқтық жасалса немесе ақшаңды жоғалтсаң, полицияға жүгін. Неғұрлым ертерек әрекет етсең, келтірілетін зиянды азайту мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

II. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Бүгін мен қаржылық алаяқтықтың ... екенін түсіндім».
- «Егер мені ақша аударуға немесе кодты айтуға асықтырса, мен ...».
- «Күмәнді хабарламаны тексеру үшін мен ...».
- «Егер деректерімді айтып қойсам немесе ақша аударып қойсам, мен ...».

Білім алушылардың жауаптарын тыңдағаннан кейін педагог сабақтың негізгі қорытындысын жасайды.

№10 сабақ	Жұмысқа орналасудағы құқықтар мен қауіпсіздік
Мақсаты	Білім алушылардың қауіпсіз жұмысқа орналасу, кәмелетке толмаған жұмыскерлердің құқықтары және алғашқы жұмысын іздеу кезіндегі ықтимал қауіптер туралы түсініктерін қалыптастыру.
Міндеттері	– білім алушыларды жұмысқа орналасу кезінде кәмелетке толмағандардың негізгі құқықтарымен таныстыру; – қауіпті немесе заңсыз жұмыстың белгілерін тану дағдыларын дамыту; – қаржылық сауаттылыққа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

«Жұмысты таңдаймын» жаттығуы

Педагог үш жұмыс туралы хабарландыруды ұсынады:

№1 вакансия

Курьер. Жұмыс – сабақтан кейін және күніне 4 сағат. Әр жеткізген тауарың үшін төлем. Сынақ мерзімінен кейін ресми түрде жұмысқа қабылдау. Толық ақпарат сұхбат барысында беріледі.

№2 вакансия

Кітап дүкеніне көмекші. Міндеттері, жұмыс кестесі және еңбекақы мөлшері көрсетілген. Ресми түрде жұмысқа қабылдау қарастырылған.

№3 вакансия

Қашықтан жұмыс. Жоғары табыс. Өзінің банк картасына ақша аударымдарын қабылдап, оларды көрсетілген реквизиттер бойынша басқа тұлғаларға аудару қажет.

Педагог:

– Жұмысқа орналасу туралы шешім қабылдау үшін сізге қандай ақпарат жетіспейді?

Талқылаудан кейін педагог қорытынды жасайды:

– Кез келген тартымды ұсыныс қауіпсіз бола бермейді. Жұмысқа келісім бермес бұрын оның шарттарын тексеру, жұмыс беруші туралы ақпаратты анықтау және өз құқықтарыңды білу маңызды.

II. Негізгі бөлім

«Жұмысты бастамас бұрын нені тексеру керек?» шағын әңгіме

Педагог түсіндіреді:

– Жұмысқа орналасуға келісім бермес бұрын мыналарды анықтау маңызды:

- жұмыс беруші кім екенін;
- қандай міндеттерді орындау қажет екенін;
- еңбек қатынастарының қалай рәсімделетінін;
- жұмыс кестесі қандай екенін;
- еңбекақы мөлшері және оны төлеу тәртібі қандай екенін;
- жұмыс жағдайларының жас ерекшелігіне сәйкес келетінін;
- еңбек жағдайларының қауіпсіз екенін;
- нақты жұмыс жағдайлары уәде етілген шарттардан өзгеше болған жағдайда кімге жүгінуге болатынын.

Маңызды:

Кәмелетке толмаған жұмыскерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген еңбек құқықтары мен қосымша кепілдіктері бар. Жұмыс денсаулыққа зиян келтірмеуі, оқу процесіне кедергі келтірмеуі және кәмелетке толмағандарға тыйым салынған қызмет түрлерін қамтымауы тиіс.

«БІЛ – ТЕКСЕР – ТАЛҚЫЛА – ШЕШІМ ҚАБЫЛДА» алгоритмі

БІЛ

Жұмыс міндеттерін, жұмыс кестесін, еңбекақыны және еңбек жағдайларын нақтыла.

ТЕКСЕР

Жұмыс берушінің кім екенін және ұсыныстың заңдылығын тексер.

ТАЛҚЫЛА

Ұсынысты ата-анаңмен, заңды өкіліңмен немесе басқа сенімді ересек адаммен талқыла.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДА

Тек түсінікті, заңды және қауіпсіз жұмысқа келіс. Егер елеулі күмән қалса – бас тарт.

Егер жұмысқа орналасу кезінде алдансаң...

Егер саған уәде етілген еңбекақы төленбесе, жұмыс жағдайлары өзгертілсе немесе сені қауіпті не заңсыз әрекеттерді орындауға мәжбүрлесе, қорқыныштан немесе ұяттан бұл жағдайды жасырма.

Көмек алу үшін қайда жүгінуге болады?

- Ата-анаңа, заңды өкіліңе немесе басқа сенімді ересек адамға – күрделі жағдайды жалғыз шешуге тырыспа.
- Мемлекеттік еңбек инспекциясына – еңбек құқықтары бұзылған жағдайда, соның ішінде еңбекақының уақытында төленбеуі

немесе қауіпсіз еңбек жағдайларының қамтамасыз етілмеуі бойынша аумақтық мемлекеттік еңбек инспекциясы органына жүгінуге болады.

- 111 – кәмелетке толмаған баланың құқықтары бұзылып, кеңес немесе көмек қажет болған жағдайда. Байланыс орталығы тәулік бойы жұмыс істейді және балалардың құқықтарын қорғауға қатысты өтініштерді қабылдайды.
- 102 – жасөспірімді заңға қайшы әрекетке тартса, қорқытса, бопсаласа немесе қылмыс белгілері болса.
- 112 – өмірге немесе денсаулыққа тікелей қауіп төнген жағдайда.

Маңызды: Кәмелетке толмағандардың қауіпсіз еңбек ету құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалады.

Педагог білім алушылардың назарын тақырыптық бейнероликке аударады.

https://www.youtube.com/watch?v=p_T2yVlgtBY&list=PLA5eCSY2FeoTMEec8T451Um4EJpuikdqk&index=12

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия. «Менің алғашқы жұмыс күнім»

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Алғашқы жұмысымның алдында мен міндетті түрде ...»
- «Енді мен қауіпсіз жұмыстың ... екенін білемін».
- «Егер жұмыс туралы ұсыныс күмәнді болып көрінсе, мен ...»
- «Жұмыскердің ең маңызды құқықтарының бірі – ...»

Бірнеше білім алушы өз жауаптарын айтады.

Педагог қорытынды жасайды:

– Алғашқы жұмыс – тәжірибе жинауға, ақша табуға және өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік береді. Бірақ қауіпсіз жұмыс заңды, түсінікті және жас ерекшелігіне сай болуы керек.

Жұмысқа орналасар алдында жұмыс берушіні, міндеттерді, еңбек жағдайларын, жұмыс кестесін және еңбекақыны тексеру маңызды.

Егер жұмыс жағдайлары күтпеген жерден өзгерсе, қауіпті бола бастаса немесе сізді алдын ала келісілмеген әрекеттерді орындауға мәжбүрлесе, үндемей қалмаңыз – қауіпті әрекетті тоқтатып, көмекке жүгініңіз.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№11 сабақ	**Суда және табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері**
Мақсаты	Білім алушылардың суда және табиғат аясында демалу кезінде өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	- білім алушыларда суда және табиғат аясында қауіпсіз демалудың негізгі ережелерін бекіту; - қауіп-қатерді бағалау және қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын дамыту; - өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға және қауіпсіз шешім қабылдай білуге тәрбиелеу.

Материалдар мен ресурстар

әртүрлі қауіпті жағдайлар бейнеленген карточкалар;

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Жағдаят

Достар тобы демалыс күнін көл жағасында өткізуді шешті. Олар суға түсуді, сапбордпен жүзуді, от жағып тамақ дайындауды және кешке үйлеріне қайтуды жоспарлап отыр.

Педагог сұрақ қояды:

- Сіздің ойыңызша, демалыстың қай сәтінде жағдай қауіпті болуы мүмкін?
- Қандай қауіптер табиғи жағдайларға байланысты, ал қандай қауіптерді өз әрекеттеріміз арқылы азайтуға болады?

Білім алушылардың жауаптарын тыңдағаннан кейін педагог қорытынды жасайды:

– Қауіпті жағдай күтпеген жерден туындауы мүмкін, алайда көптеген қауіптің алдын ала белгілерін байқап, олардың әсерін азайтуға болады. Сондықтан су айдынының жағдайын, ауа райын, баратын бағытты, өз мүмкіндіктеріңді ескеріп, қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды.

II. Негізгі бөлім

«Сапар алдында нені ұмыттық?» практикалық жаттығуы

Педагог жағдайды ұсынады:

– Кіріспе бөлімдегі жағдаятты жалғастырайық. Сөйтіп достар таңертең кездесіп, бірден жолға шығуға келісті. Ауа райы болжамын тексермеді, нақты маршрут туралы жақындарына хабарламады. Қатысушылардың бірінің телефонының қуаты небәрі 20%. Достар суға түсетін орынды және қайту бағытын барғаннан кейін анықтауды жоспарлап отыр.

Тапсырма:

2 минут ішінде анықтаңдар:

- сапар басталғанға дейін қандай қауіптерді байқауға болады;
- жолға шықпас бұрын не істеу қажет;
- жағдай өзгерген кезде қандай шешімдер қауіпті азайтуға көмектеседі.

Жауаптарды талқылағаннан кейін педагог білім алушылармен бірге «Сапар алдындағы чек-парақ» құрастырады:

- ауа райы болжамын тексеру;
- демалуға арналған қауіпсіз және рұқсат етілген орынды таңдау;
- маршрут пен жоспарланған қайту уақытын жақын адамдарға хабарлау;
- телефонды толық қуаттау;
- су, ауа райына сай киім және қажетті қорғаныс құралдарын алу;
- қажетсіз жағдайда маршрутты өзгертпеу және жалғыз кетпеу;
- көмек қажет болған жағдайда кімге және қайда жүгіну керектігін алдын ала білу.

Педагог қорытынды жасайды:

– Қауіпсіздік қауіп туындаған кезде ғана емес, демалысқа дайындық кезеңінен басталады. Жолға шығар алдында жасалған бірнеше қарапайым әрекет көптеген қауіптің алдын ала азайтуға мүмкіндік береді.

Суда маңызды қауіпсіздік ережелері

- тек рұқсат етілген және арнайы жабдықталған орындарда шомылу;
- бейтаныс жерде суға түспеу;
- тереңдігі мен түбінің жағдайы белгісіз жерде суға сүңгіп секірмеу;
- адамды су астында ұстап тұруға байланысты қауіпті ойындар ойнамау;

- су айдынында «бәстесіп» жүзу және өз мүмкіндігіңді асыра бағаламау;
- ауа райы мен судың жағдайын ескеру;
- сапбордты, қайықты және басқа да жүзу құралдарын пайдаланған кезде белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтау және қажетті құтқару жабдықтарын пайдалану.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалдармен танысуды ұсынады.

https://www.youtube.com/watch?v=WhnGWpaeZcQ&list=PLA5eCSY2FeoT00B3gyDuskOvkalEx7TmU&index=46

Педагогтің қорытынды сөзі

– Қауіпсіз демалыс – бұл өзіңе, айналаңдағы адамдарға және табиғатқа жауапкершілікпен қарау. Қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз, демалған жеріңізде қоқыс қалдырмаңыз, су айдындары мен демалыс орындарын қорғаңыз.

«Таза Қазақстан» бастамасының қағидаларын ұстану әрқайсымыздың қарапайым әрекеттерімізден басталады: тазалықты сақтау және қоршаған ортаға ұқыпты қарау. Сапар барысында табиғат аясын қоқыспен ластама және от жақпа.

Егер қауіпті жағдай туындаса, жақын жердегі ересектерге, құтқарушыларға немесе басқа жауапты адамдарға хабарлаңыз. Өмірге немесе денсаулыққа тікелей қауіп төнген жағдайда – 112, ал шұғыл медициналық көмек қажет болса – 103 немесе 112 нөміріне қоңырау шалыңыз.

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия. «Менің басты ережем»

Педагог білім алушыларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- «Бүгін мен тәуекел ... кезінде туындайтынын түсіндім».
- «Демалыс кезінде мен әрдайым ...».
- «Мен үшін ең маңызды қауіпсіздік ережесі – ...».
- «Жауапты демалыс – бұл ...».

Білім алушылар өз жауаптарын айтады.

Педагог қорытынды жасайды:

– Демалыс жағымды эмоциялар сыйлауы керек, бірақ қауіп көзіне айналмауы тиіс. Өз шешімдеріне жауапкершілікпен қарау, мұқият болу және қауіпсіздік ережелерін сақтау өз денсаулығың мен өміріңді, сондай-ақ айналаңдағы адамдардың қауіпсіздігін сақтауға көмектеседі.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№12 сабақ	**Қысым мен бопсалаудан сақтану**
Мақсаты	Білім алушылардың құрдастар тарапынан болатын қысымы мен бопсалауды ажыратып, дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– психологиялық қысым, қорқыту және бопсалаудың негізгі белгілерін анықтай білуге үйрету; – қысымға ермей, жеке шекарасын қорғау және қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын дамыту; – қауіпті жағдайда мәселені жасырмай, сенім артатын ересек адамға немесе тиісті қызметке дер кезінде жүгінуге дағдыландыру.

Материалдар мен ресурстар

өмірлік жағдаяттар сипатталған карточкалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

«Шекара қай жерден басталады?» жаттығуы

Педагог бірнеше тұжырым ұсынады. Әр тұжырымнан кейін білім алушылар оның «өтініш» немесе «қысым» екенін анықтап, жауап береді.

Мысалы:

- «Қолыңнан келсе, үй тапсырмасын орындауға көмектесші».
- «Егер сен менің досым болсаң, маған ақша беруге міндеттісің».
- «Бірге барайық. Егер барғың келмесе, ештеңе етпейді».
- «Бұл туралы ешкімге айтпа, әйтпесе өкінесің».

Талқылаудан кейін педагог қорытынды жасайды:

- Кез келген ұсыныс немесе өтініш қауіпті бола бермейді. Алайда адам қорқыту, бопсалау немесе кемсіту арқылы өз дегеніне жеткісі келсе, не сізді өзіңіз қаламайтын әрекетті жасауға мәжбүрлесе, бұл – психологиялық қысым немесе бопсалау болып табылады.

II. Негізгі бөлім

Ақпараттық блок

Құрдастардың қысымы – адамды өз еркіне қарсы әрекет жасауға көндіру, мазақ ету, қорқыту немесе түрлі айла-тәсілдер арқылы мәжбүрлеу әрекеті.

Бопсалау – адамнан қорқыту, үрей туғызу арқылы ақша, мүлік беруді немесе белгілі бір әрекетті орындауды талап ету жағдайы. Мұндай талаптарды өз бетіңше орындауға немесе мәселені жалғыз өзің «шешуге» тырысуға болмайды. Міндетті түрде ересек адамнан көмек сұрап, қажет болған жағдайда полицияға жүгіну керек.

Психологиялық қысымның белгілері:

- бас тартқаннан кейін де қайта-қайта көндіруге тырысу;
- қорқыту немесе үрей туғызу;
- кемсіту және мазақ ету;
- достықты пайдаланып қысым жасау («Егер сен менің досым болсаң, онда міндеттісің...»);
- жеке ақпаратпен бопсалау;
- болған жағдайды ешкімге айтпауға мәжбүрлеу.

Педагог:

- Егер адам сіздің таңдауыңызды құрметтесе, сіздің бас тартқаныңызды қабылдайды. Ал бас тартқаныңыздан кейін де қорқыту немесе мәжбүрлеу жалғаса берсе, бұл – қауіпті жағдайдың белгісі.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалды көруді ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1zSXqhB19iMYg24enCPqrBI4xTN9GUcHe/view?usp=sharing

Практикалық жаттығу

Педагог білім алушыларға қай жағдаятта қысым жасалып тұрғанын анықтап, қауіпсіз әрекет түрін таңдауды ұсынады.

1-жағдаят

«Досым болсаң өтінішімді орындашы. Ертеңге дейін маған ақша берші».

2-жағдаят

«Егер бұл туралы біреуге айтсаң, қиындыққа тап боласың».

3-жағдаят

«Бәрі келісіп қойды, тек сен ғана қалдың».

4-жағдаят

«Ақшаны аудар, әйтпесе сенің суреттеріңді жариялап жіберемін».

Әр жағдаяттан кейін білім алушылар екі сұраққа жауап береді:

1. Қысымның қандай белгісін байқадыңыз?
2. Қандай әрекет қауіпсіз болады?

Педагог білім алушыларды мынадай қорытындыға жетелейді:

- Қысым, қорқыту немесе бопсалау күшейе түссе, мәселені өз бетіңше шешуге тырыспай, міндетті түрде көмек сұра.

«БЕРІЛМЕ – САҚТА – ХАБАРЛА» алгоритмі

БЕРІЛМЕ

Ақшаңды, заттарыңды, банк деректеріңді, фотосуреттеріңді берме және қауіпті немесе заңға қайшы талаптарды орындама. Агрессияға агрессиямен жауап беруге немесе мәселені өз бетіңше шешуге тырыспа.

САҚТА

Егер қысым немесе қорқыту цифрлық ортада орын алса, хабарламаларды өшірме. Хат-хабарларды, скриншоттарды және жағдайды анықтауға көмектесетін басқа да материалдарды сақтап қой.

ХАБАРЛА

Ата-анаңа, сынып жетекшісіне, мектеп психологіне, әлеуметтік педагогке немесе өзің сенетін басқа ересек адамға айт.

Егер сенен ақша немесе мүлік талап етсе, күш қолданумен қорқытса немесе басқа да заңға қайшы әрекеттер жасалса, 102 нөмірі арқылы полицияға хабарласу қажет. Өмірге немесе денсаулыққа тікелей қауіп төнген жағдайда 112 нөміріне қоңырау шал.

Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша кеңес пен қолдау алу үшін 111 байланыс орталығына жүгінуге болады.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

Бүгін мен қысымның ... кезде басталатынын түсіндім.

Егер маған қысым жасалса,...

Менің қауіпсіздігіме қатысты ең маңызды ереже...

Көмек алу үшін ... жүгінуге болады.

Жауаптардан кейін педагог қорытынды жасайды:

Әр жасөспірім қауіпсіз ортада өмір сүруге, қысым мен бопсалаудан қорғалуға құқылы. Егер саған қысым көрсетсе, қорқытса немесе бір нәрсені мәжбүрлеп талап етсе, мұны жасырма және мәселені жалғыз шешуге тырыспа. Дәлелдерді сақтап, өзің сенетін ересек адамнан көмек сұра. Қажет болса, 111 байланыс орталығына, ал тікелей қауіп немесе құқық бұзушылық жағдайында 102 нөміріне хабарлас.

11-СЫНЫП ЖӘНЕ ТЖКБ-НЫҢ 2-КУРС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН «ҚАУІПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР ТОПТАМАСЫ



№	Тақырыптар
1.	Төтенше жағдайлар қызметтері мен байланыс орталығының телефон нөмірлері
2.	Қиын жағдайда көмекке жүгіну жолдары
3.	Жеке қарым-қатынастағы қауіпсіздік: груминг пен сталкингті тану
4.	Қауіпті жағдайдағы әрекет пен жауапкершілік
5.	Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіз әрекет
6.	Қажу мен күйзелістің алдын алу
7.	Жасанды интеллект және цифрлық шешімдер үшін жауапкершілік
8.	Қылмыстық әрекетке тартудан сақтану
9.	Өрт кезіндегі қауіпсіздік
10.	Күмәнді табыс пен дропперліктен сақтану
11.	Жұмысқа орналасудағы алаяқтықтан сақтану
12.	Өз әрекетіңе жауапкершілікпен қарау

№1 сабақ	Төтенше жағдайлар қызметтері мен бірыңғай байланыс орталығының телефон нөмірлері
Мақсаты	Білім алушылардың дағдарыстық және төтенше жағдайларда сауатты әрекет етуге, шұғыл қызметтер мен қолдау қызметтеріне көмек сұрап жүгінуге дайындығын қалыптастыру.
Міндеттері	• Қазақстандағы шұғыл қызметтер мен байланыс орталығы туралы білімдерін өзектендіру; • көмек сұрап жүгінудің дұрыс алгоритмін таңдауға үйрету; • жағдайды жедел бағалау, қауіп-қатерлердің басымдығын анықтау және көмекке жауапкершілікпен жүгіну дағдыларын дамыту.

Материалдар мен ресурстар

«Дағдарыс штабы» іскерлік ойынына арналған төтенше және дағдарыстық жағдайлар сипатталған карточкалар, Қазақстан Республикасының шұғыл қызметтерінің телефон нөмірлері көрсетілген карточкалар: 101, 102, 103, 104, 111, 112; топтық жұмысқа арналған практикалық кейстері бар үлестірмелі материалдар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

1. «Бір минутта шешім қабылда» кейс-тапсырмасы

Мектеп түлегі кешкі уақытта үйіне қайтып келе жатады. Автобус аялдамасында бір адам кенеттен есінен танып қалады. Бірнеше метр жерде екі адамның арасында жанжал басталады. Ал басқа жолаушылар болып жатқан жағдайды ұялы телефондарына түсіріп жатыр.

Педагогтің сұрақтары:

– Бір уақытта қандай қауіп-қатерлер туындап тұр?
– Шұғыл көмек кімге қажет екенін қалай анықтауға болады?
– Қандай қызметтердің көмегі қажет болуы мүмкін?
– Өзіңізге және айналаңыздағы адамдарға қауіп төндірмей, қалай әрекет етуге болады?

Білім алушылар өз болжамдары мен жауаптарын ұсынады.

Педагог атап көрсетеді:

Күрделі жағдайда уақыт шешуші рөл атқарады. Кейде бір ғана қоңырау қайғылы жағдайдың алдын алуға мүмкіндік береді.

II. Негізгі бөлім

Педагог Қазақстандағы шұғыл қызметтердің телефон нөмірлерін түсіндіреді:

- 101 – өрт сөндіру қызметі;

- 102 – полиция;
- 103 – жедел медициналық көмек;
- 104 – газдың авариялық қызметі;
- 112 – бірыңғай құтқару және шұғыл көмек қызметі.

Педагог 111 бірыңғай байланыс орталығының нөмірі туралы түсіндіреді:

- 111 – отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша байланыс орталығы. Балалардың құқықтарын қорғауға, отбасындағы қиындықтарға, зорлық-зомбылыққа, буллингке және басқа да дағдарыстық жағдайларға қатысты кеңес пен қолдау алу үшін осы нөмірге жүгінуге болады.

Сондай-ақ, білім алушы ата-анасына немесе өзге де сенімді ересек адамға, сынып жетекшісіне, мектеп психологіне немесе әлеуметтік педагогке көмек сұрап жүгіне алады.

2. «Дағдарыс штабы» іскерлік ойыны

Сынып 3-4 топқа бөлінеді. Әр топқа төтенше жағдай сипатталған карточка беріледі.

1-жағдаят. Мектептегі іс-шара кезінде қатысушылардың бірінің жағдайы күрт нашарлап, ол есінен танып қалды.

2-жағдаят. Көпқабатты үйде газдың өткір иісі сезілді.

3-жағдаят. Досыңа әлеуметтік желіде бейтаныс адам қорқытып жазады. Ол досыңның қай мектепте оқитынын білетінін де айтты.

4-жағдаят. Көшеде велосипедші қатысқан жол-көлік оқиғасы болды.

Топтарға арналған тапсырма: 2 минут ішінде төмендегі сұрақтарға жауап дайындаңыздар:

- Қандай қызметке қоңырау шалу қажет?
- Ақпаратты кім хабарлауы тиіс?
- Қандай мәліметтерді хабарлау қажет?
- Мамандар келгенге дейін өзіңізге және басқа адамдарға қауіп төндірмей, қандай қауіпсіз әрекеттер жасауға болады?

Талқылаудан кейін топтар өз шешімдерін ұсынады.

«Біздің топтың әрекет ету алгоритмі: қызмет – ..., хабарлаймыз – ..., көмек келгенге дейін – ...»

Педагог атап көрсетеді:

Шұғыл қызметтердің телефон нөмірлерін білу маңызды. Алайда одан да маңыздысы – жағдайды жылдам бағалап, көмекті дұрыс ұйымдастыра білу.

Кейде қиын жағдайға тап болғанда, бәрін жалғыз шешуге тырыспай, көмек сұраған дұрыс. Осындай кезде ата-анаңа, педагогке, мектеп психологіне немесе өзің сенетін ересек адамға жүгіну

жағдайды басқа қырынан бағалап, қауіпсіз шешім табуға көмектеседі. Ал кімге хабарласарыңды білмесең немесе қосымша кеңес қажет болса, 111 байланыс орталығына жүгінуге болады. Мұнда қиын өмірлік жағдай, буллинг, зорлық-зомбылық, құқықтардың бұзылуы және басқа да мәселелер бойынша кеңес пен көмек алуға болады

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтап, өз пікірін білдіруді ұсынады:

- Төтенше жағдайда мен ең алдымен...
- Шұғыл қызметке хабарласқанда, маңызды ақпарат ретінде...
- Егер қандай қызметтің көмегі қажет екенін білмесем, мен...
- Мамандар келгенге дейін...

Педагог қорытынды жасайды:

– Төтенше немесе дағдарыстық жағдайда қызметтің телефон нөмірін білу ғана жеткіліксіз. Жағдайды дұрыс бағалай білу, өзіңе және айналаңдағы адамдарға қосымша қауіп төндірмеу, қажетті ақпаратты нақты жеткізу және маманның нұсқауларын орындау маңызды. Көмекке дер кезінде әрі жауапкершілікпен жүгіну – жеке және қоғамдық қауіпсіздіктің маңызды дағдысы.

Қосымша ақпарат

Байланыс нөмірі	Қызмет	Қашан жүгіну керек
112	Қосымша ақпарат	Кез келген төтенше жағдайда немесе қандай қызметке хабарласу керектігі белгісіз болған кезде
101	Бірыңғай шұғыл көмек көрсету қызметі	Өрт, өрттің шығуы, түтін басу
102	Өрт сөндіру қызметі	Қылмыс, төбелес, қорқыту, өмірге және денсаулыққа қауіп төнуі
103	Полиция	Жарақат алу, есінен тану, денсаулық жағдайының күрт нашарлауы
104	Жедел медициналық көмек қызметі	Газдың иісі шығуы, газдың таралуы
111	Газдың авариялық қызметі –	Буллинг, кибербуллинг, қорқыту, зорлық-зомбылық және көмек пен қолдауды қажет ететін басқа да күрделі өмірлік жағдайлар
Өз өңіріңіздегі байланыс деректері	«111» отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша байланыс орталығы (тәулік бойы, 24/7)	Психологиялық қиындықтар, қатты күйзеліс, мазасыздық, буллинг, психологиялық көмек пен қолдауға қажеттілік
Өз өңіріңіздегі байланыс деректері	Психологиялық қолдау орталығы	Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы, қорғау мен көмекті қажет ететін жағдайлар

Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) материалдары негізінде әзірленген қауіпсіздік сабағы

№2 сабақ	**Қиын жағдайда көмекке жүгіну жолдары**
Мақсаты	Білім алушылардың қиын жағдайда көмекке дер кезінде жүгіну және тиісті көмек көзін таңдай білу дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– қиын жағдайда көмек көрсете алатын адамдар мен қызметтер туралы білімдерін кеңейту; – жағдайға қарай кімге және қай қызметке жүгіну керектігін анықтай білуге үйрету; – өз қауіпсіздігі мен әл-ауқатына жауапкершілікпен қарап, қажет кезде көмек сұрауға дағдыландыру.

Материалдар мен ресурстар

Ұйымдар мен мамандардың атаулары көрсетілген карточкалар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

«Сенім шеңбері» жаттығуы

Педагог білім алушыларға төмендегі сұраққа жауап беруді ұсынады:

– Адам мәселені өз бетінше шеше алмаған кезде көбіне кімнен көмек сұрайды?

Білім алушылардың жауаптары тақтаға жазылады.

Мысалы:

- ата-аналар;
- достар;
- мұғалімдер;
- психолог;
- медицина қызметкерлері;
- полиция;
- шұғыл қызметтер.

Талқылаудан кейін педагог сұрақ қояды:

– Неліктен кей балалар қиын жағдайда басқалрдан көмек сұрауға қиналады?

Білім алушылар өз пікірлерін білдіреді.

Педагог қорытынды жасайды:

- Көмекке дер кезінде жүгіну – жауапкершіліктің белгісі. Көмек сұрауға шешім қабылдау ғана емес, нақты жағдайда кімнің көмек көрсете алатынын білу де маңызды.

II. Негізгі бөлім

«Қайда жүгінер едің?» практикалық тапсырмасы

Педагог білім алушыларға бірнеше жағдаят ұсынады:

– Досың соңғы уақытта қатты күйзеліп жүргенін айтып, бұл туралы ешкімге айтпауынды сұрайды.

– Танысыңа әлеуметтік желі арқылы қорқытып, ақша талап етіп жүр.

– Қоғамдық орында адамның жағдайы кенет нашарлап, оған медициналық көмек қажет болады.

– Жасөспірім отбасындағы қиын жағдайға байланысты кімнен кеңес сұрарын білмейді.

Педагог сұрайды:

– Қай жағдайда шұғыл әрекет ету қажет?

– Әр жағдайда кімнен немесе қай қызметтен көмек сұрауға болады?

– Көмек түрін таңдағанда нені ескеру керек?

– Егер кімге жүгіну керектігін білмесең, қандай әрекет жасар едің?

Білім алушылар әр жағдаятты талдап, «жағдай – алғашқы әрекет – кімге жүгіну керек» ретімен өз шешімдерін ұсынады.

Педагог қорытындылайды:

– Көмекке жүгінудің бірнеше жолы бар. Бір жағдайда өзің сенетін адаммен сөйлесу жеткілікті болуы мүмкін, ал басқа жағдайда психологтің, құқық қорғау органының немесе жедел қызметтің көмегі қажет болады. Ең бастысы – жағдайдың қаншалықты қауіпті екенін бағалап, көмекті дер кезінде және дұрыс жерден сұрай білу.

Психологиялық қолдау орталығы – егер сен қатты күйзелісті немесе мазасыздықты бастан өткерсең, буллингке, кибербуллингке, зорлық-зомбылыққа немесе басқа да күрделі жағдайға тап болсаң және психологиялық көмек қажет болса, осы орталыққа жүгінуге болады.

Мекенжайы: _____

Телефоны: _____

Балалардың құқықтарын қорғау басқармасы – егер сенің құқықтарың бұзылса, зорлық-зомбылыққа немесе қатыгез қарым-қатынасқа тап болсаң не құқықтарың мен заңды мүдделеріңді қорғау қажет болған жағдайда жүгінуге болады.

Мекенжайы: _____

Телефоны: _____

Ескерту: *педагог білім алушыларға тиісті өңірдегі Психологиялық қолдау орталығы мен Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының өзекті мекенжайлары мен телефон нөмірлерін хабарлайды.*

«БАҒАЛА – ТАҢДА – ЖҮГІН» алгоритмі

Бағала – өмірге, денсаулыққа немесе қауіпсіздікке тікелей қауіп бар ма?

Таңда – бұл жағдайда кім көмек көрсете алады: шұғыл қызмет, полиция, медицина қызметкері, мектеп маманы, **111** байланыс орталығы немесе сенімді ересек адам?

Жүгін – не болғанын және қандай көмек қажет екенін қысқа әрі нақты түсіндір.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты постермен танысуды ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/12RshJ_Gze3ts571j0LC5DPiGbtqI5p0p/view?usp=sharing

Маңызды!

Егер алғаш көмек сұраған адамың көмектесе алмаса немесе жағдайды маңызды деп қабылдамаса, басқа ересек адамға, маманға немесе 111 байланыс орталығына жүгін. Қауіп әлі де сақталса, қажетті көмек алғанға дейін көмек сұрауды тоқтатпа.

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия

– Бүгін мен қиын жағдайда көмекке жүгіну туралы ... түсіндім.

– Егер кімге жүгіну керектігін білмесем, мен ... .

– Егер алғашқы көмек сұраған адамым көмектесе алмаса, мен ... .

– Қажет жағдайда мен көмек сұрай алатын адамдар мен қызметтер: ... .

Педагог қорытынды жасайды:

– Әр адамның өмірінде қиын жағдайлар туындауы мүмкін. Жанында әрдайым көмектесуге дайын адамдар мен қызметтер бар екенін есте сақтау маңызды. Қолдауға дер кезінде жүгіну денсаулық пен қауіпсіздікті сақтауға және жағдайдан дұрыс жол табуға көмектеседі.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№3 сабақ	**Жеке қарым-қатынастағы қауіпсіздік: груминг пен сталкингті тану**
Мақсаты	Білім алушылардың жеке қарым-қатынастағы қауіпті мінез-құлықты тану, жеке шекараларын қорғау және дер кезінде көмек сұрап жүгіну дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– білім алушыларды «груминг» және «сталкинг» ұғымдарымен таныстыру; – қауіпсіз қарым-қатынас жасау және жеке шекараларды қорғау дағдыларын дамыту; – жеке қарым-қатынаста жауапты әрі қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыру.

Материалдар мен ресурстар

«Құрмет» / «Бақылау» карточкалары, «Қарым-қатынастағы қауіпті белгілер» кестесі.

Сабақ барысы

І. Кіріспе бөлім

«Құрмет шекарасы» жаттығуы

Педагог білім алушыларға төмендегі сұраққа жауап беруді ұсынады:

– Адамдар арасындағы дұрыс қарым-қатынас қандай болуы керек?

Білім алушылардың жауаптары тақтаға жазылады. Мысалы:

- сенім;
- құрмет;
- адалдық;
- таңдау еркіндігі;
- қолдау;
- қауіпсіздік.

Талқылаудан кейін педагог келесі сұрақты қояды:

– Қай сәтте қамқорлық шектен тыс бақылауға айналады?

Білім алушылар өз пікірлерін білдіреді.

Педагог қорытынды жасайды:

- Кез келген қарым-қатынас өзара құрметке негізделуі керек. Егер адам бақылауға алып, қорқытып, аңдып немесе айла-шарғы жасай бастаса, бұл – алаңдататын белгі.

II. Негізгі бөлім

Ақпараттық блок «Груминг және сталкинг: қауіптілігі неде?»

Груминг – ересек адамның балаға немесе жасөспірімге біртіндеп сеніміне кіріп, кейін оны өз мақсатына пайдалануға тырысуы. Мысалы, ол ерекше көңіл бөліп, сыйлық ұсынуы, құпия сақтауды сұрауы, жеке ақпарат немесе фотосурет талап етуі мүмкін. Груминг интернетте де, күнделікті өмірде де кездеседі.

Сталкинг – адамның қаламағанына қарамастан, оны қайта-қайта аңду немесе мазалау. Бұл үздіксіз хабарлама жіберу, қоңырау шалу, жүрген жеріне әдейі бару, кіммен араласатынын бақылау немесе жеке өміріне араласуға тырысу түрінде көрінуі мүмкін.

Практикалық жаттығу «Құрмет, бақылау немесе қауіп?»

Педагог білім алушыларға берілген әрекеттің сипатын анықтауды ұсынады:

«Үйге аман-есен жеткенде, мен уайымдамас үшін, хабарлашы».

«Сен үнемі маған геолокацияңды жіберіп отыруға міндеттісің. Әйтпесе, менен жасыратын бір нәрсең бар деген сөз».

«Бұл туралы сөйлескің келмейтінін түсінемін».

«Егер менімен сөйлесуді тоқтатсаң, жеке хат-хабарларыңды жариялап жіберемін».

«Сенің бас тартқаның маған ұнамайды, бірақ мен оны қабылдаймын».

Білім алушылар жағдаяттарды анықтайды:

құрмет → бақылау/қысым → қорқыту

Өз шешіміне қандай нақты белгі әсер еткенін түсіндіреді.

Педагог білім алушыларға бейнематериал ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1VaeewGnO-LcajVQGXYPY-LvKn160Eh6m/view?usp=sharing

Қорқыту, аңду немесе басқа да заңға қайшы әрекеттер орын алған жағдайда 102 нөмірі арқылы полицияға хабарлас. Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша кеңес пен қолдау алу үшін 111 байланыс орталығына жүгінуге болады.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға өз қалауы бойынша төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

- Жеке шекараларды құрметтеу дегеніміз – ...
- Қауіпті бақылаудың белгілерінің бірі – ...

- Егер адам аңдуға немесе қорқытуға тап болса, қауіпсіз әрекет – ...
- Осы сабақтан кейін есте сақтау маңызды нәрсе – ...

Қауіпсіз қарым-қатынас өзара құрметке, еркіндікке және әр адамның жеке шекараларын белгілеу құқығына негізделеді. Егер адамның бас тартуы қабылданбай, бақылау, қысым, қорқыту немесе аңду күшейе түссе, жағдайды жалғыз шешуге тырыспау, дәлелдерді сақтап қою және дер кезінде көмекке жүгіну маңызды.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№4 сабақ	**Қауіпті жағдайдағы әрекет пен жауапкершілік**
Мақсаты	Білім алушылардың қауіпті және құқыққа қайшы жағдайлардағы жауапкершілігін түсінуін қалыптастыру және азаматтық ұстанымын дамыту.
Міндеттері	- қауіпті немесе құқыққа қайшы жағдайдағы куәгердің рөлін ажырата білуге үйрету; - қауіпсіз араласу және дер кезінде көмекке жүгіну дағдыларын дамыту; - саналы әрі қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыру.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Мектептің чатында бірнеше білім алушы сыныптасын жүйелі түрде қорлап, кемсітіп жүр. Басқа қатысушылар бұл хабарламаларды көріп отыр. Кейбіреулері қолдау білдіретін реакциялар қояды, енді біреулері хабарламаларды басқа адамдарға жібереді, ал үшіншілері ештеңе жазбайды және болып жатқан жағдай туралы ешкімге хабарламайды.

Педагогтің сұрақтары:

- Бұл қатысушылардың әрекеттері бір-бірінен несімен ерекшеленеді?
- Қандай әрекеттер буллингті күшейтеді?
- Куәгердің әрекеті қандай болмақ?
- Куәгер кибербуллинг қатысушыларымен өзі жанжалға түсуі қажет пе?

Білім алушылар өз болжамдары мен пікірлерін білдіреді.

Педагог атап көрсетеді:

- Куәгер жағдаяттың әрі қарай өрбуіне ықпал ете алады, алайда көмек көрсету барысында өзі қауіпке ұшырамауы керек. Егер жағдайға тікелей араласу қауіпсіз болмаса, дұрыс әрекет – қауіпсіз жерге шегініп, болған жағдай туралы ересектерге, білім беру ұйымының әкімшілігіне немесе тиісті қызметтердің мамандарына хабарлау, қажет болған жағдайда шұғыл көмек шақыру.

II. Негізгі бөлім

«Куәгердің үш шешімі» жаттығуы

Әр жағдаят бойынша топ үш түрлі әрекет нұсқасын талдайды:

А нұсқасы – жағдайды ушықтырады

Арандату, қорлайтын материалдарды қайта жіберу, қауесет тарату, болып жатқан жағдайды кейін жариялау мақсатында видеоға түсіру.

Б нұсқасы – өзіне қауіп төндіреді

Қауіпті жанжалға өз бетімен араласу, төбелесіп жатқан адамдарды күш қолдану арқылы ажыратуға тырысу.

В нұсқасы – қауіпсіз түрде көмек көрсетеді

Болып жатқан жағдайды қолдамау, цифрлық ортадағы жағдайға қатысты қажетті дәлелдерді сақтау, жауапты ересек адамға немесе маманға хабарлау, қажет болған жағдайда тиісті қызметке жүгіну.

Тапсырма:

1. Әр нұсқа жағдайдың әрі қарай өрбуіне қалай әсер етеді?
2. Қандай әрекет қосымша қауіп төндіреді?
3. Өзіңе және басқа адамдарға қауіп төндірмей, қалай көмек көрсетуге болады?

Педагог атап көрсетеді:

– Кез келген жағдайда тек қатысушылар мен зардап шеккен адамдар ғана емес, куәгерлер де болады. Олардың таңдаған әрекеті жағдайдың әрі қарай қалай өрбитініне әсер етуі мүмкін.

«БАЙҚА – БАҒАЛА – ХАБАРЛА – ҚОЛДА» алгоритмі

Байқа – қауіп-қатер, зорлық-зомбылық, буллинг немесе басқа да қауіпті жағдайлардың белгілерін елеусіз қалдырма.

Бағала – өзіңе және айналаңдағы адамдарға қауіп төндірмей әрекет етуге бола ма, соны анықта.

Хабарла – жауапты ересек адамға, білім беру ұйымының әкімшілігіне, қауіпсіздік қызметінің қызметкеріне немесе тиісті қызметке хабарлас. Өмірге немесе денсаулыққа тікелей қауіп төнген жағдайда – 112, ал құқыққа қайшы әрекеттер орын алған жағдайда – 102 нөміріне хабарлас.

Қолда – егер бұл қауіпсіз әрі орынды болса, зардап шеккен адамға көмек сұрай алатынын түсіндір. Оқиғаға қатысты фотосуреттерді, бейнематериалдарды және басқа да мәліметтерді таратпа.

Куәгер басқа адамға көмектесу үшін өзін қауіпке төндіруге міндетті емес. Төбелес, қарумен қорқыту, өрт, жол-көлік оқиғасы немесе басқа да қауіпті жағдайда, егер бұл қауіпті болса, жағдайға өз бетінше араласуға болмайды. Қауіпсіз түрде көмек сұрау да – әрекет етудің бір жолы.

Есіңде сақта! Кез-келген жағдайда не мәселеде сен жалғыз емессің. Мәселең күрделі әрі мүлдем шешілмейтіндей болса,

ересектермен, достарыңмен және мектеп психологімен жай ғана әңгімелес. Кейде өзіңді мазалаған уайыммен сенім артатын адамыңмен бөлісу жеңілдеп қалуыңа көмектеседі.

Егер сенің жағдайыңда мәселе мүлдем шешілмейтіндей көрінсе 111 байланыс орталығына жаз. Мәселеңмен бөліс. Орталық 24/7 тәулік бойы үзіліссіз жұмыс жасайды, анонимді түрде кеңес береді.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

- Куәгер қауіпсіз түрде көмек көрсете алады, егер...
- Жағдайға тікелей араласуға болмайды, егер...
- Куәгердің әрекеті қауіпті жағдайды ушықтыруы мүмкін, егер...
- Көмек сұрап жүгіну маңызды, себебі...

Педагог қорытынды жасайды:

Куәгердің әрекеті жағдайдың әрі қарай қалай өрбитініне әсер етуі мүмкін. Бірақ көмектесемін деп өзіңді қауіпке тігуге болмайды. Қауіпті әрекетті қолдама, агрессорды қолдама, жанжалды ушықтырма, қорлайтын фото не видеоны таратпа.

Жауапты куәгер алдымен жағдайды бағалайды, қауіпсіз әрекет етеді және қажет болса ересек адамға немесе тиісті қызметке дереу хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№5 сабақ	**Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіз әрекет**
Мақсаты	Білім алушылардың төтенше жағдайлар кезінде дұрыс әрі қауіпсіз әрекет етуге дайындығын қалыптастыру.
Міндеттері	– төтенше жағдайлардың негізгі түрлері туралы түсінік қалыптастыру; – төтенше жағдай кезіндегі алғашқы әрекет ету алгоритмін бекіту; – қауіп-қатерді бағалау, белгіленген қауіпсіздік ережелерін сақтау және шұғыл көмекке дер кезінде жүгіну дағдыларын дамыту.

Материалдар мен ресурстар

«Төтенше жағдайлардың негізгі түрлері» атты плакат немесе инфографика.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

«Әр секунд маңызды болатын жағдай» кейс-тапсырмасы

Оқу іс-шарасы өтіп жатқан кезде ғимаратта дабыл сигналы іске қосылады. Білім алушылардың бір тобы дүрбелеңге түсіп, бірден ғимараттан шығуға тырысады, басқалары орнында қалып, нұсқауларды күтеді, ал кейбірі болып жатқан жағдайды ұялы телефонына түсіре бастайды. Бұл ретте дабылдың шығу себебі туралы нақты ақпарат жоқ.

Педагогтің сұрақтары:

- Жағдайдың қаншалықты қауіпті екенін қалай анықтауға болады?
- Қандай әрекеттер қате болуы мүмкін?
- Неліктен абдырап қалу және ойланбай әрекет ету қауіпті жағдайды ушықтыруы мүмкін?

Төтенше жағдайда адам қорқыныш пен алаңдаушылықты сезінуі мүмкін – бұл табиғи реакция. Ең бастысы – асығыс әрекет етпеу, қауіпсіздік ережелерін, хабарлау сигналдарын және жауапты тұлғалардың нұсқауларын басшылыққа алу.

II. Негізгі бөлім

«Төтенше жағдай дегеніміз не?» жаттығуы

Педагог түсіндіреді:

– Төтенше жағдай – адамдардың өмірі мен денсаулығына, мүлікке немесе қоршаған ортаға қауіп төндіретін, қауіп төнуі мүмкін болатын және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен тиісті шараларды қабылдауды талап ететін қауіпті жағдай.

Қандай қауіпті жағдайларға тап болуымыз мүмкін?

- өрт, түтін басу;
- апат немесе ғимараттың қирауы;
- қауіпті табиғи құбылыстар;
- күдікті заттың табылуы;
- эвакуациялауды қажет ететін жағдай;
- адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін басқа да жағдайлар.

Білім алушылар өз болжамдары мен пікірлерін білдіреді.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалды көруді ұсынады.

«БАҒАЛА – ӨЗІҢДІ ҚОРҒА – ӘРЕКЕТ ЕТ – ХАБАРЛА» алгоритмі

Бағала – қауіпті жағдайдың белгілеріне және ресми хабарлау сигналдарына назар аудар. Не болғанын анықтау үшін қауіп көзіне жақындама.

Өзіңді қорға – қауіпті аймақтан шық немесе нақты жағдайға арналған белгіленген әрекет ету алгоритміне сәйкес әрекет ет.

Әрекет ет – педагогтердің, білім беру ұйымы әкімшілігінің, нысан қызметкерлерінің және шұғыл қызметтердің нұсқауларын орында. Өзіңе және айналаңдағы адамдарға қосымша қауіп төндірме.

Хабарла – егер қауіп туралы жауапты тұлғалар әлі білмесе, ересектерге немесе тиісті қызметке хабарла. Өмірге және денсаулыққа тікелей қауіп төнген жағдайда 112 нөміріне хабарлас.

Ескерту: әмбебап алгоритм арнайы қауіпсіздік ережелерінің орнын алмастырмайды. Өрт, жер сілкінісі, ғимараттың опырылу қаупі, күдікті заттың табылуы және басқа да жағдайларда әрекет ету тәртібі әртүрлі болуы мүмкін.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтап, өз пікірін білдіруді ұсынады:

- Бүгін мен төтенше жағдайда ең маңыздысы... екенін түсіндім.
- Егер қауіп туындаса, мен...
- Қауіпті күшейтуі мүмкін әрекеттер – бұл...
- Мен ... есте сақтаймын.

Педагог атап көрсетеді:

- Төтенше жағдайда адам қорқыныш, алаңдаушылық немесе абдырау сезімін бастан өткеруі мүмкін. Мұндай кезде асығыс әрекет етпеу маңызды: тікелей төнген қауіпті бағалау, белгіленген қауіпсіздік ережелерін сақтау, ресми нұсқауларды орындау және дер кезінде көмекке жүгіну қажет. Қауіп көзін өз бетіңше тексеруге немесе өзіңе және айналаңдағы адамдарға қауіп төндіруі мүмкін әрекеттерді жасауға болмайды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№6 сабақ	**Қажу мен күйзелістің алдын алу**
Мақсаты	Білім алушылардың шамадан тыс қажу мен күйзелістің белгілерін байқап, оқу мен демалыс тепе-теңдігін сақтай отырып, өз әл-ауқатына жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– қажу мен күйзелістің негізгі белгілерін және олардың алдын алу жолдарын түсіндіру; – оқу жүктемесін жоспарлау, демалыс пен ұйқы режимін сақтау дағдыларын дамыту; – ұзақ уақыт бойы мазасыздық немесе шаршау басылмаса, дер кезінде көмекке жүгінуге дағдыландыру.

Материалдар мен ресурстар

«Эмоционалдық күйзелістің алдын алудың 5 тәсілі» жаднамасы; шамадан тыс шаршау мен эмоционалдық күйзелістің белгілері жазылған карточкалар; «Менің ресурстарым» жаттығуына арналған парақтар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

«Күш-қуатың сарқылғанда» кейс-тапсырмасы

Педагог:

– Он бірінші сынып білім алушысы қорытынды емтихандарға дайындалып жүр. Соңғы уақытта ол түнжарымға дейін сабақ оқиды, аз демалады, дайындыққа көбірек уақыт бөлу үшін бұрын айналысқан істері мен достарымен кездесуден бас тартқан. Бірнеше аптадан кейін ол өзінің тез шаршайтынын, тапсырмаларды орындауға зейін қою қиындағанын және әдеттегіге қарағанда жиі ашуланшақ болатынын байқайды.

Қалай ойлайсыздар:

– Оның күн тәртібінде қандай өзгерістер болды?

– Қай әдеттері қажуды күшейтіп отыр?

– Оқу мен демалысты тең ұстау үшін нені өзгертуге болады?

Білім алушылар өз болжамдары мен пікірлерін білдіреді.

Педагог қорытынды жасайды:

– Ұзақ уақыт бойы демалыссыз оқу адамның көңіл күйіне, зейініне және жұмыс қабілетіне әсер етуі мүмкін. Сондықтан шаршау

мен күйзелістің алғашқы белгілерін елемей, күн тәртібін дер кезінде өзгерткен дұрыс.

Бүгін біз оқу мен демалыс арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болатынын және қандай жағдайда көмекке жүгіну керектігін қарастырамыз.

II. Негізгі бөлім

Ақпараттық блок

Кейде адам көп оқып, ұзақ уақыт демалмай немесе бірнеше міндетті қатар орындап жүргенде шаршағанын бірден байқамауы мүмкін. Ал ағза мен көңіл күйі біртіндеп белгі бере бастайды.

Мысалы:

– демалғаннан кейін де шаршау басылмайды;
– зейін қою қиындайды;
– бұрын оңай орындалған іске көбірек уақыт кетеді;
– ұйқы режимі өзгереді;
– ашулану немесе мазасыздану жиілейді;
– бұрын қызық болған істерге ынта азаяды.

Мұндай белгілердің біреуі байқалды екен деп өзіңе диагноз қоюға болмайды. Бірақ олар ұзақ уақыт сақталса, күн тәртібің мен жүктемеңе назар аударған дұрыс.

Есте сақта: демалыс – уақытты бос өткізу емес. Ұйқы, үзіліс, қозғалыс, таза ауада серуендеу, қызығушылыққа уақыт бөлу және жақын адамдармен араласу күш жинауға көмектеседі.

«Белгіні байқа – шешім таңда» жаттығуы

Педагог жағдаяттарды оқиды. Білім алушылар әр жағдайда адамның нені өзгерте алатынын ұсынады.

1-жағдаят

Оқушы бірнеше апта бойы кеш ұйықтап жүр. Таңертең тұруы қиындап, сабақта зейіні жиі бөлінеді.

2-жағдаят

Оқушы сабақтан, үй тапсырмасынан және қосымша сабақтардан босамайды. Соңғы уақытта достарымен кездесуге де, өзі ұнататын істерге де уақыт бөлмейді.

3-жағдаят

Оқушы демалғаннан кейін де өзін шаршаңқы сезінеді. Ашулануы жиілеп, бұрын қызық болған істерге ынтасы төмендеген.

Педагог сұрайды:

– Қандай белгілерді байқадыңдар?
– Жүктемеде нені өзгертуге болады?
– Қалпына келу үшін не қосу керек?
– Қай кезде көмек сұраған дұрыс?

«Жүктеме – қалпына келу – қолдау» ережесі

Жүктеменді бағала – оқу, қосымша сабақтар және басқа міндеттерің қанша уақыт пен күш алатынына назар аудар.

Демалысты жоспарла – ұйқыға, үзіліске, қозғалысқа және өзіңе ұнайтын істерге уақыт қалдыр.

Өзгерістерді байқа – шаршау, ұйқының бұзылуы, ашушаңдық немесе зейін қоюдың қиындауы ұзақ уақыт сақталса, оны елемеуге болмайды.

Көмек сұра – егер өзіңді ұзақ уақыт жайсыз сезінсең немесе шаршау күнделікті өміріңе кедергі келтіре бастаса, ата-анаңа, өзің сенетін ересек адамға, мектеп психологіне немесе медицина қызметкеріне айт.

Сондай-ақ Психологиялық қолдау орталығына немесе 111 байланыс орталығына жүгініп, кеңес пен көмек алуға болады. Кейде өзіңді мазалаған мәселе туралы біреумен сөйлесудің өзі жағдайды түсінуге және одан шығудың жолын табуға көмектеседі.

Педагог білім алушыларға өз өңіріндегі Психологиялық қолдау орталығының байланыс деректерін қосымша береді.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты постермен танысуды ұсынады.

https://thumb.cloud.mail.ru/weblink/thumb/xw1/dHRB/58bQrEgcp/2026г/Материалы%20по%20УЛБ/Чек%20-%20листы/WhatsApp%20Image%202026-08-28%20at%2015.20.29%20%282%29.jpeg?mt=1787912859000

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға өз қалауы бойынша төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

- «Бүгін мен қалпына келудің ... екенін түсіндім».
- «Шамадан тыс шаршау қаупін азайту үшін ... маңызды».
- «Егер ұзақ уақыт бойы шаршау оқуым мен күнделікті өміріме кедергі келтірсе, мен ...».
- «Күш-қуатты қалпына келтірудің бір тәсілі – ...».

Педагог:

– Жүктеме мен демалысты кезектестіру, жеткілікті ұйқы және дер кезінде қалпына келу жұмысқа қабілеттілікті сақтауға көмектеседі. Егер ұзақ уақытқа созылған шаршау немесе эмоционалдық ширығу күнделікті өмірге кедергі келтірсе, бұл жағдаймен жалғыз қалмау маңызды: өз жағдайың туралы сенімді ересек адамға айтып, мектеп психологіне немесе кеңес пен қолдау алу үшін 111 байланыс орталығына жүгінген дұрыс.

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№7 сабақ	**Жасанды интеллект және цифрлық шешімдер үшін жауапкершілік**
Мақсаты	Білім алушылардың жасанды интеллект құралдарын қауіпсіз, сыни тұрғыдан және жауапкершілікпен пайдалану дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– жасанды интеллект арқылы жасалған жалған немесе манипуляциялық контенттің негізгі белгілері мен қауіптерін ажырата білуге үйрету; – цифрлық ақпаратты тексеру, жеке деректерді қорғау және ЖИ құралдарын жауапкершілікпен пайдалану дағдыларын дамыту; – ЖИ көмегімен жасалған немесе таратылған контент үшін өзінің жауапкершілігін түсінуге және өзгенің құқықтарын құрметтеуге дағдыландыру.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог:

– Бұрын алаяқтық сипаттағы хабарламаларды мәтіндегі қателерден, сапасыз фотосуреттерден немесе нашар өңделген бейнематериалдардан ажыратуға болатын. Бүгінде жасанды интеллект көмегімен шынайылыққа жанасатын суреттер, бейнематериалдар, дауыстық хабарламалар мен мәтіндер жасауға болады. Оларды қосымша тексерусіз түпнұсқадан ажырату тіпті қиын.

Педагогтің сұрағы:

– Неліктен қазіргі кезде интернеттегі ақпараттың шынайылығын тексеру бұрынғыдан да маңызды?

Білім алушылар өз нұсқаларын ұсынады.

Педагог қорытынды жасайды:

– Жасанды интеллектінің өзі – құрал. Алайда оның көмегімен жасалған контент адамдарды адастыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Сондықтан ақпараттың қаншалықты нанымды көрінетініне ғана мән бермей, шешім қабылдамас бұрын оның дереккөзін және шынайылығын тексеру керек.

II. Негізгі бөлім

«Сенуге бола ма?» жаттығуы

Педагог білім алушыларға төмендегі тұжырымдарды бағалауды (дұрыс не бұрыс тұжырым) ұсынады:

- Егер дауысы таныс адамның даусына толық ұқсаса, хабарламаны дәл сол адам жіберді деген сөз.
- Егер бейнематериал шынайы көрінсе, онда оқиға расымен болды деуге болады.
- Егер мәтінде көптеген нақты мәліметтер болса, ақпарат шынайы деген сөз.
- Жасанды интеллект шындыққа сәйкес келмейтін, бірақ өте нанымды контент жасай алады.
- Маңызды ақпаратты тәуелсіз әрі сенімді дереккөз арқылы тексеру қажет.

Тапсырма: қай тұжырымдармен келісетініңізді, ал қайсысымен келіспейтініңізді анықтап, өз жауабыңызды түсіндіріңіздер.

Педагог қорытынды жасайды:

– Жасанды интеллект қарқынды дамып жатқан кезде контенттің шынайы көрінуі оның сенімді екенін білдірмейді. Негізгі ереже – асықпау, ақпараттың дереккөзін тексеру және маңызды мәліметтерді басқа сенімді дереккөз арқылы растау.

«ТОҚТА – ТЕКСЕР – ӘРЕКЕТ ЕТ» алгоритмі

Тоқта – асығыстыққа, қорқынышқа байланысты әрекет етпе.

Тексер – ақпараттың дереккөзін анықтап, оны басқа сенімді арна арқылы раста.

Әрекет ет – тек тексеруден кейін ғана шешім қабылда: сілтемеге өту, деректерді жіберу, ақша аудару немесе контентті қайта тарату қажет пе, жоқ па – соны анықта.

Педагог білім алушыларға:

«Заң және тәртіп» қағидаты цифрлық ортада да қолданылады. Жасанды интеллектіні пайдалану адамның өз әрекеттері үшін жауапкершілігінен босатпайды. Егер технологиялар алаяқтық жасау, қорқыту, басқа адамдардың құқықтарын бұзу немесе өзге де құқыққа қайшы әрекеттер үшін пайдаланылса, жауапкершілік нақты жағдайларды ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Сондықтан цифрлық технологияларды жауапкершілікпен пайдалан, маңызды шешім қабылдамас бұрын ақпаратты тексер, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтарын бұзуы мүмкін контентті жасама және таратпа.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемді аяқтауды ұсынады:

«Қауіпсіз цифрлық шешім дегеніміз – ... екенін түсіндім».

2–3 білім алушы өз жауаптарын ортаға салады.

Педагог қорытындысы:

– Жасанды интеллект көптеген жаңа мүмкіндік береді. Бірақ оны жалған ақпарат жасауға немесе адамдарды алдауға да қолдануы мүмкін. Сондықтан цифрлық ортада ақпараттың шынайылығын тексеріп, жеке деректеріңді қорғап, әр әрекетіңе жауапкершілікпен қара.

№8 сабақ	Қылмыстық әрекетке тартудан сақтану
Мақсаты	Білім алушылардың манипуляцияны және құқыққа қайшы әрекетке тартуды ажырата білу дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	– қылмыстық әрекетке тарту кезінде қолданылатын алдау, қысым және манипуляция тәсілдерін анықтай білуге үйрету; – күмәнді ұсыныстарды бағалап, олардан қауіпсіз бас тарту дағдыларын дамыту; – құқыққа қайшы әрекетке тарту қаупі туындағанда сенім артатын ересек адамға немесе тиісті қызметке дер кезінде жүгінуге дағдыландыру.

Сабақтың барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог білім алушыларға:

- Адамдардың көпшілігі құқыққа қайшы әрекеттерге қатысуды мақсат етпейді. Алайда қаскөйлер өз ұсыныстарының шынайы мақсатын бірден ашып айтпауы мүмкін. Олар пайда табуға уәде беру, асықтыру, қорқыту, сенімге кіру, қысым көрсету немесе адамды әртүрлі әрекеттерді орындауға біртіндеп тарту арқылы ықпал етеді.

Педагогтің сұрақтары:

- Адам күмәнді ұсынысқа не себепті келісуі мүмкін?
- Оның шешіміне қандай факторлар әсер етеді?

Білім алушылар ықтимал себептерді атайды:

- тез ақша табуға деген ұмтылыс;
- қорқыныш;
- таныс адамға сену;
- біреуге көмектескісі келу;
- қызығушылық;
- айналасындағылардың қысымы.

Педагог қорытынды жасайды:

– Қаскөйлер адамның шешіміне әсер ету үшін қорқынышты, сенімді, ақша табуға деген ұмтылысты, басқа адамға көмектесу ниетін немесе мақұлдауға деген қажеттілікті пайдалана алады. Сондықтан ұсыныстың мазмұнына ғана емес, адамды асығыс әрі тексермей әрекет етуге итермелейтін қысым жасау тәсілдеріне де назар аудара білу маңызды.

II. Негізгі бөлім

«Жағдаятты талдап көрейік» практикалық жаттығуы

Сынып үш топқа бөлінеді. Әр топқа бір жағдайдан ұсынылады.

1-жағдай. «Оңай табыс»

Мессенджерде мынадай хабарландыру пайда болады:

«Аптасына 100 000 теңгеден бастап табыс тап! Тәжірибе қажет емес. Барлығы заңды. Орын саны шектеулі. Дәл қазір жаз!»

Хабарландыруға жауап бергеннен кейін әкімші:

«Толық ақпаратты кейін айтамыз. Алдымен жабық чатқа қосыл», – деп жауап береді.

Ұсыныстың ашық әрі қауіпсіз екеніне көз жеткізу үшін қандай ақпарат жетіспейді?

2-жағдаят. Телефон арқылы жасалатын алаяқтық

Жоғары сынып оқушысына бейтаныс адам қоңырау шалады.

«Әкең жол апатына ұшырады. Қазір түсіндіруге уақыт жоқ. Шұғыл түрде ақша аудар, әйтпесе салдары ауыр болады. Уақыт жоғалтпау үшін ешкімге қоңырау шалма».

3-жағдаят. Қаржылық пирамида

Танысы қосымша жұмыс істеуді ұсынады:

«Еш қиындығы жоқ. Әртүрлі жерден бірнеше сәлемдемені алып, оларды басқа адамдарға жеткізу керек. Ішінде не бар екенін білудің қажеті жоқ. Жақсы ақша төлейді. Ең бастысы – бұл жұмыс туралы ешкімге айтпа».

Топтарға арналған тапсырма

Бір минут ішінде талқылап, сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Нелер күдік туғызуы керек?
2. Мақсаты өзіңнен жасырылған әрекеттерді орындауға неге келісуге болмайды?
3. Қандай шешім қауіпсіз болады?

Талқылаудан кейін топ өкілдері өз жауаптарын жариялайды.

Педагог жауаптарды тақтаға жазып отырады.

Педагог қорытынды жасайды

Манипуляция – басқа адамның мүддесі үшін оның шешіміне ықпал ету мақсатында адамға жасырын немесе ашық түрде әсер ету. Мысалы, қорқыныш, қысым, кінә сезімін тудыру, пайдаға уәде беру немесе әдейі асығыстық жағдайын жасау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Құқыққа қайшы әрекетке тарту әрекеті бір қарағанда зиянсыз көрінетін қарым-қатынастан немесе қарапайым тапсырмадан басталуы мүмкін. Ұсыныстың шынайы мақсаты жасырылуы мүмкін, кейін адамды қызықтыру үшін пайдаға уәде беру, қысым көрсету, қорқыту немесе болған жағдайды құпия сақтауды талап ету сияқты тәсілдер қолданылуы ықтимал.

«ТОҚТА – ТЕКСЕР – ХАБАРЛА» алгоритмі

ТОҚТА

Бірден келіспе және қорқыныш, асығыстық немесе тез ақша табу туралы уәденің әсерімен ешқандай әрекет жасама.

ТЕКСЕР

Ұсынысты кім жасап отырғанын, тапсырманың мәні неде екенін және оның заңды немесе заңсыз екенін анықта. Ақшаңды, құжаттарыңды, банк деректеріңді және жеке аккаунттарыңа кіру мүмкіндігін ешкімге берме.

ХАБАРЛА

Егер ұсыныс қорқытуға, құпиялылық талабына, күмәнді әрекеттерге немесе заңды бұзуы мүмкін әрекеттерге байланысты болса, қарым-қатынасты тоқтат, хабарламаларды сақтап қой және сенімді ересек адамға жүгін. Құқық бұзушылық белгілері байқалса, полицияға (102) хабарла.

Заң және тәртіп

Педагог білім алушыларға жүгінеді:

«Заң және тәртіп» қағидаты заң талаптарын сақтау және өз шешімдеріне жауапкершілікпен қарауды көздейді. Құқыққа қайшы әрекетке тартуға тырысқан кезде қаскөйлер тапсырманың шынайы мақсатын жасыруы, пайдаға уәде беруі, асығыстық сезімін туғызуы, қысым көрсетуі немесе қорқытуы мүмкін.

Егер тапсырманың мазмұны түсініксіз болса, сізден құпия сақтауды талап етсе немесе күмәнді әрекеттерді сыйақы үшін орындауды ұсынса, қауіпсіз шешім – бас тарту және ақпаратты тексеру.

Егер көмек, кеңес немесе қолдау қажет болса, 111 байланыс орталығына жүгінуге болады.

Құқық бұзушылық немесе қылмыс белгілері болған жағдайда, 102 нөмірі арқылы полицияға хабарлаңыз.

III. Қорытынды бөлім

Педагог қорытынды жасайды:

- Қауіпті ұсыныс әрдайым бастапқыда қауіпті болып көрінбейді. Тапсырманың жасырын мақсаты, оңай ақша табуға уәде беру, құпия сақтауды талап ету, қысым көрсету, қорқыту және тексермей әрекет етуге мәжбүрлеу – сақ болуға негіз болатын белгілер.

Қауіпсіз шешім – тоқтау, ақпаратты тексеру, күмәнді әрекеттерден бас тарту және дер кезінде көмекке жүгіну.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№9 сабақ	**Өрт кезіндегі қауіпсіздік**
Мақсаты	Өрт жағдайында қауіпсіз шешім қабылдауға дайын болу дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	• тұрмыста және қоғамдық орындарда өрттің шығу себептері туралы білімді жаңғырту; • өрт пен түтін байқалған жағдайда әрекет ету алгоритмін бекіту; • өрт қаупін бағалау және әрекет етудің қауіпсіз тәсілін таңдау дағдыларын дамыту.

Материалдар мен ресурстар:

Жағдаяттар жазылған карточкалар, «Өрт кезіндегі әрекет ету алгоритмі» жаднамасы, өрт қауіпсіздігі тақырыбындағы постер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог жағдаят ұсынады:

– Сабақтан кейін бірнеше білім алушы кабинетте қалады. Олар алдымен күйік иісін сезеді, содан кейін бірнеше құрылғы қосылған розетканың маңынан түтін шыққанын байқайды.

Сұрақтар:

– Жағдай қай сәтте қауіпті болады?

– Алғашқы әрекетіңіз қандай болуы керек?

– Қандай әрекеттер қауіпті арттыруы мүмкін?

Білім алушылар өз нұсқаларын ұсынады.

Педагог қорытынды жасайды:

– Өрт кезінде алғашқыда дұрыс әрекет ету керек. Қауіпті жағдайды жылдам бағалап, ол туралы хабарлау және өзіңіз бен айналаңыздағы адамдарға қауіп төндіруі мүмкін әрекеттерді жасамау маңызды. Бүгін осы әрекеттерге тоқталамыз.

II. Негізгі бөлім

«ХАБАРЛА – ЭВАКУАЦИЯЛАН – ТӘУЕКЕЛГЕ БАРМА» алгоритмі

ХАБАРЛА

Түтін немесе от байқағанда айналадағы адамдарға ескертіңіз: педагогке, кезекші әкімшіге немесе басқа қызметкерге хабарлаңыз.

Қажет болған жағдайда қолмен іске қосылатын өрт хабарлағышын (өрт дабылын) іске қосыңыз. 101 немесе 112 нөміріне қоңырау шалыңыз.

ЭВАКУАЦИЯЛАН

Кідірмей, ең жақын қауіпсіз шығу жолына қарай қозғалыңыз. Эвакуация жоспарын және жасыл түсті «Шығу» белгілерін басшылыққа алыңыз. Лифтіні пайдаланбаңыз, заттарыңызды алу үшін кері қайтпаңыз. Педагогтердің, эвакуацияға жауапты тұлғалардың және төтенше жағдайлар қызметі қызметкерлерінің нұсқауларын орындаңыз.

ТӘУЕКЕЛГЕ БАРМА

Отқа және қою түтінді жерлерге жақындамаңыз. Өміріңізге қауіп төнуі мүмкін болса, жеке басыңызға қауіп төндіретін әрекеттерге бармаңыз немесе өртті жалаң қолмен сөндіруге тырыспаңыз. Басқаларға өзіңізге қауіп төндірмейтін жағдайда ғана көмектесіңіз. Біреуге көмек қажет болса, бұл туралы ересектерге немесе құтқарушыларға хабарлаңыз.

«Бір минутта шешім қабылда» жаттығуы

Педагог білім алушыларға дұрыс және қауіпті әрекеттерді ажыратуды ұсынады:

- қою түтіннің шығу көзін өз бетінше іздеу;
- айналадағы адамдарға ескерту;
- жауапты ересек адамға хабарлау;
- болып жатқан жағдайды телефонға түсіру;
- ғимараттан тезірек шығу үшін лифтіні пайдалану;
- эвакуациялық шығу жолына қарай қозғалу;
- қалып қойған заттарды алу үшін кері қайту;
- егер өрт туралы әлі хабарланбаған болса, 101 немесе 112 нөміріне қоңырау шалу.

Білім алушылар өз таңдауын түсіндіреді.

Педагог атап көрсетеді:

– Өрт кезінде басты басымдық – адамдардың өмірі мен қауіпсіздігі. Өртті видеоға түсіруге, заттарды алуға немесе өрттің шығу себебін өз бетіңізше анықтауға уақыт жұмсамаңыз.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалмен танысуды ұсынады.

https://www.youtube.com/watch?v=hH_WhoDXIzU&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=25

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға сөйлемді аяқтауды ұсынады:

– Егер мен өрт белгілерін бірінші болып байқасам,...

– Өрт жағдайындағы менің әрекетім...

2–3 білім алушы өз жауаптарын айтады.

Педагог қорытынды жасайды:

- Өрттің алдын алу үшін отты, электр құралдарын қауіпсіз пайдаланып, ақау белгілерін елемеуге болмайды. Өрт шықса, алдымен қауіпті бағала, дереу хабарла және қауіпсіз жерге шық. Заттарыңды алу, видеоға түсіру немесе өртті өз бетіңше сөндіру үшін өмірің мен денсаулығыңды қатерге тікпе.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№10 сабақ	**Күмәнді табыс пен дропперліктен сақтану**
Мақсаты	Білім алушылардың күмәнді қаржылық ұсыныстар мен дропперлік белгілерін ажыратып, банк деректерін қорғау және қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– дропперлік пен күмәнді ақша аударымдарына тартудың негізгі белгілерін анықтай білуге үйрету; – банк картасы, шот деректері мен құпия ақпаратты қауіпсіз пайдалану дағдыларын дамыту; – күмәнді қаржылық ұсыныстардан бас тартып, қажет жағдайда ересек адамға, банкке немесе тиісті қызметке дер кезінде жүгінуге дағдыландыру.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

Педагог жағдаят ұсынады:

- Түлекке қосымша жұмыс істеу туралы ұсыныс түседі. Оған өз банк шотының деректемелерін ақша қабылдау үшін беріп, кейін түскен соманы басқа шотқа аударғаны үшін тез арада сыйақы төленетіні уәде етіледі. Оған: «Ешқандай қиындық та, заңсыздық та жоқ, сен тек төлем жасауға көмектесесің», – деп сендіреді.

Педагогтің сұрақтары:

- Бұл ұсыныстың қандай тұстары күдік туғызуы керек?
- Жас адам не себепті келісуі мүмкін?
- Қай сәтте бас тарту қажет?

Білім алушылар өз болжамдарын айтады.

Педагог қорытынды жасайды:

- Алаяқтар қаржылық схемаға қатысуды қарапайым қосымша жұмыс ретінде көрсетуі мүмкін. Олар тез ақша табуға уәде беріп, тәуекелдерді елеусіз етіп көрсетуі және адамды одан тек ақша қабылдау, аудару немесе қолма-қол ақша шешіп алу талап етілетініне сендіруі мүмкін. Сондықтан сізге сыйақының нақты қандай әрекет үшін ұсынылып отырғанын түсіну маңызды.

II. Негізгі бөлім

Қаржылық алаяқтық схемаларға тартудың ең көп таралған тәсілдері:

- оңай ақша табуға уәде беру;
- асығыстық сезімін туғызу («дәл қазір шешім қабылда»);
- «бұл – заңды» деп сендіру;
- «мұны көп адам жасайды» деген сөздерді қолдану;
- жұмыс туралы ешкімге айтпауды өтіну;
- өзіңіздің банк шотыңызды немесе төлем құралыңызды пайдаланып, басқа біреудің ақшасын қабылдауды, қолма-қол ақшаға айналдыруды, аударуды ұсыну.

Педагог атап көрсетеді:

- Егер сізге сыйақы үшін өзіңіздің банк шотыңызды немесе төлем құралыңызды басқа адамдардың ақшасына қатысты операциялар жасау үшін пайдалануды ұсынса, бас тартып, ұсыныстың заңдылығы анықталғанға дейін ешқандай операция жасамау қажет.

«Келісім бермес бұрын қойылатын үш сұрақ» практикалық ережесі

1. Жұмысты кім ұсынып отырғанын және маған нақты не үшін ақы төленетінін түсінемін бе?

2. Маған өз шотым немесе төлем құралым арқылы басқа біреудің ақшасын қабылдауды, қолма-қол ақшаға айналдыруды немесе аударуды ұсынбай ма?

3. Бұл жұмыстың заңдылығын тексере аламын ба және оны ата-анаммен немесе басқа сенімді ересек адаммен ашық талқылай аламын ба?

Егер жұмыстың мазмұны жасырылса, өз банк шотыңызды немесе төлем құралыңызды басқа адамдардың қаржылық операциялары үшін пайдалануды талап етсе немесе бұл жұмысты басқа адамдармен талқылауға тыйым салса, мұндай ұсынысқа келісуге болмайды.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалмен танысуды ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1H8lfT5i-MiI9cgvzPPkydlb2imhaLVA9/view?usp=sharing

Педагог білім алушыларға жүгінеді:

– Адам алаяқтыққа қатысуды жоспарламаған болса да, өзінің банк картасын немесе шотын басқа біреудің ақшасын аудару үшін пайдалану ауыр құқықтық салдарға әкеп соғуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде банк шотына, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралына қолжетімділікті үшінші тұлғаларға заңсыз беру, сондай-ақ сыйақы үшін немесе сыйақы алу мақсатында үшінші тұлғалардың мүддесі үшін төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырғаны үшін қылмыстық

жауаптылық көзделген. Қылмыстық әрекеттің сипаты мен ауырлығына қарай мүлікті тәркілей отырып, 7 жылға дейін бас бостандығынан айыруға дейінгі жаза көзделуі мүмкін.

Сондықтан **«Заң және тәртіп» қағидатын сақтау** маңызды: банк картаңызды, шот деректемелеріңізді, PIN-кодты, CVV-кодты және SMS-кодтарды басқа адамдарға бермеңіз әрі күмәнді қаржылық операцияларды жасауға келіспеңіз.

III. Қорытынды бөлім

Педагог сұрақ қояды:

– Егер сізге осындай ұсыныс түссе, не істеу керек?

Білім алушылар өз болжамдарын айтады.

Педагог қорытындылайды:

Егер ұсыныс күмән туғызса, мына әрекеттерді орындау қажет:

- ұсынысқа қатысудан бас тарту;
- банк картасын, шот деректемелерін, PIN-кодты, CVV-кодты және SMS-кодтарды басқа адамдарға бермеу;
- жағдайды ата-анамен немесе басқа сенімді ересек адаммен талқылау;
- қажет болған жағдайда кеңес және көмек алу үшін 111 байланыс орталығына жүгіну;
- алаяқтық белгілері байқалса, 102 нөмірі арқылы полицияға хабарлау.

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

- Бүгін мен қауіпті табысты ... белгілерінен тануға болатынын түсіндім.
- Егер маған өз банк шотымды басқа біреудің ақша аударымдары үшін пайдалануды ұсынса, мен...
- Қосымша жұмысқа келісім бермес бұрын, мен міндетті түрде...

2–3 білім алушы (қалауы бойынша) өз жауаптарын айтады.

Педагог қорытынды жасайды:

– Қауіпті табыс қарапайым әрі тиімді қосымша жұмыс сияқты көрінуі мүмкін. Тәуекелдің негізгі белгісі – өзіңіздің банк шотыңызды немесе төлем құралыңызды басқа адамдардың ақшасына қатысты операциялар жасау үшін пайдалануды ұсыну. Мәнін түсінбейтін әрекеттерді жасауға келіспеңіз. Ұсынысты тексеріңіз, төлем деректеріңізді қорғаңыз және өз шотыңызды пайдаланып жасалған қаржылық әрекеттердің ауыр құқықтық салдарға әкеп соғуы мүмкін екенін есте сақтаңыз.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ұсынған қауіпсіздік сабағы

№11 сабақ	Жұмысқа орналасудағы алаяқтықтан сақтану
Мақсаты	Білім алушылардың жұмысқа орналасу кезінде алаяқтық пен күмәнді ұсыныстарды ажыратып, өз еңбек құқықтарын ескере отырып қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– күмәнді бос жұмыс орындары мен күмәнді жұмыс берушінің негізгі белгілерін анықтай білуге үйрету; – жұмыс шарттарын, жұмыс беруші туралы ақпаратты және ұсыныстың заңдылығын тексеру дағдыларын дамыту; – жеке деректерін, ақшасын және еңбек құқықтарын қорғап, күмәнді жағдайда дер кезінде көмекке жүгінуге дағдыландыру.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

1. «Мен армандаған жұмыс» кейс-тапсырмасы

Педагог білім алушыларға жағдаят ұсынады.

Түлекке әлеуметтік желі арқылы мынадай хабарлама келеді:

«Айына 200 000 теңгеден бастап табыс. Тәжірибе қажет емес. Икемді жұмыс кестесі. Екі бос орын ғана қалды! Алдымен тіркеу жарнасын төлеу, жеке куәліктің фотосын жіберу және бүгін келісіміңізді растау қажет».

Педагогтің сұрақтары:

- Бұл ұсыныстың қандай тұсы тартымды көрінеді?
- Қандай жайттар күмән тудырады?
- Жұмыс беруші шешім қабылдауға неге асықтырады?
- Бірден келісуге бола ма? Неліктен?

Білім алушылар өз болжамдарын айтады.

Педагог қорытынды жасайды.

Жоғары табыс уәдесі, асықтыру, «тіркеу» үшін ақы төлеуді немесе жеке құжаттарды ұсынуды сұрау – алаяқтық сипаттағы бос жұмыс орындарының кең таралған белгілері. Қауіпсіз қосымша жұмыс әрдайым жұмыс берушіні тексеруден басталады.

II. Негізгі бөлім

Педагог:

– Егер жұмыс беруші ақша төлеуді талап етсе, жұмыс шарттарын жасырса немесе өзіңіздің банк картаңызды пайдалануды ұсынса, мұндай ұсыныстан бас тарт.

«Бос жұмыс орындарын сараптау» іскерлік ойыны

Сынып 3–4 шағын топқа бөлінеді.

Әр топқа бір карточкадан беріледі.

№1 бос жұмыс орны

Курьер

Ресми түрде жұмысқа қабылдау. Ақша орындалған жұмыстан кейін төленеді. Әңгімелесу компания кеңсесінде өткізіледі.

№2 бос жұмыс орны

Қашықтан жұмыс

Табысқа кепілдік беріледі. Жұмысты бастау үшін тіркеу ақысын төлеу қажет.

№3 бос жұмыс орны

Әкімшінің көмекшісі

Жұмыс беруші еңбек шартын жасайды, нұсқама жүргізеді және міндеттерді егжей-тегжейлі түсіндіреді.

№4 бос жұмыс орны

Қаржылық көмекші

Үлкен табыс. Клиенттердің ақша қаражатын аудару үшін жеке банк картасын пайдалану қажет.

Тапсырма

Қорытынды дайындаңыздар.

- Бұл бос жұмыс орны қауіпсіз бе?
- Қандай тәуекел белгілерін байқадыңыздар?
- Жұмыс берушіге қандай сұрақтар қойған жөн?
- Сіздің қорытындыңыз қандай?

Әр топ өз жауабын мына сөздермен аяқтайды:

«Біздің қорытындымыз: қауіпсіз / тексеруді қажет етеді / тәуекелі жоғары».

Педагог қорытынды жасайды.

– Жалақысы жоғары кез келген бос жұмыс орны қауіпсіз бола бермейді. Сенімді жұмыс беруші жұмысқа орналасу үшін ақша талап етпейді, жұмыс шарттарын жасырмайды және күмәнді қаржылық операцияларды орындауды ұсынбайды.

Педагог білім алушыларға тақырыпқа қатысты бейнематериалмен танысуды ұсынады.

https://drive.google.com/file/d/1MWXo7_JNDjaF0E09n5rXehgMAjVOYfcO/view?usp=sharing

Педагог білім алушыларға Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіндегі нормаларды еске түсіруді ұсынады.

Сыныпқа арналған сұрақтар:

- Әдетте, неше жастан бастап ресми түрде жұмыс істеуге болады?
- 14–16 жастағы жасөспірімдер аптасына қанша сағат жұмыс істей алады?
- Ал 16–18 жастағылар ше?
- Кәмелетке толмағандарды түнгі немесе үстеме жұмысқа тартуға бола ма?

Білім алушылар жауап береді.

Педагог толықтырады:

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде:

- жалпы ереже бойынша, еңбек шарты 16 жастан бастап жасалады;
- 14 жастан бастап оқудан бос уақытта жеңіл жұмыс істеуге рұқсат етіледі;
- жұмыс уақытының ұзақтығы:
- 14–16 жастағы жұмыскерлер үшін – аптасына 24 сағатқа дейін;
- 16–18 жастағы жұмыскерлер үшін – аптасына 36 сағатқа дейін;
- кәмелетке толмағандарды ауыр, зиянды, қауіпті, түнгі және үстеме жұмыстарға тартуға тыйым салынады.

Педагог:

Егер жұмыс беруші сіздің құқықтарыңызды бұзса немесе заңсыз жұмыс ұсынса, қайда жүгінуге болады?

Білім алушылар өз жауаптарын ұсынады.

Педагог толықтырады:

Мына орындарға жүгінуге болады:

- ата-анаңызға немесе басқа сенімді ересек адамға;
- сынып жетекшісіне;
- балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша **111 байланыс орталығына**;
- алаяқтық, бопсалау немесе басқа да құқыққа қайшы әрекеттер белгілері болған жағдайда, **102 нөмірі арқылы полицияға**.

Педагог атап көрсетеді:

«Заң және тәртіп» қағидаты қауіпсіз қосымша жұмыстың заңды, ресми түрде рәсімделген және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес болуын білдіреді.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

- Бүгін мен жұмысқа орналасар алдында ... маңызды екенін түсіндім.
- Егер жұмыс туралы ұсыныс тым күмәнді болып көрінсе, мен...
- Енді мен міндетті түрде ... тексеремін.
- Көмек қажет болса, мен ... жүгінемін.

2–3 білім алушы (қалауы бойынша) өз жауаптарын айтады.

Педагог қорытынды жасайды:

Қосымша жұмыс – алғашқы кәсіби тәжірибе жинақтауға, дербестікті арттыруға және қаржылық сауаттылықты дамытуға мүмкіндік береді. Алайда кез келген жұмыс ұсынысын сыни тұрғыдан бағалау қажет. Өз еңбек құқықтарыңызды білу, жұмысқа орналасу шарттарына мұқият қарау және алаяқтық белгілерін ажырата білу өзіңізді қорғауға және елеулі салдардың алдын алуға көмектеседі.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ұсынған қауіпсіздік сабағы

№12 сабақ Өз әрекетіңе жауапкершілікпен қарау

Мақсаты	Білім алушылардың әртүрлі өмірлік жағдайда өз әрекеттерінің ықтимал салдарын бағалап, қауіпсіз әрі жауапты шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	– жеке, психологиялық, цифрлық және қаржылық қауіпсіздік бойынша алған білімдерін жүйелеу; – әрекет етпес бұрын тәуекел мен ықтимал салдарды бағалап, қауіпсіз шешім таңдау дағдыларын дамыту; – өз әрекетінің салдарына жауапкершілікпен қарап, қажет жағдайда дер кезінде көмекке жүгінуге дағдыландыру.

Сабақ барысы

I. Кіріспе бөлім

«Бұл оқиғалардың арасында қандай байланыс бар?» проблемалық жағдаяты

Педагог жағдаят ұсынады:

Бір күннің ішінде төрт түрлі оқиға орын алды:

- бір жасөспірім алаяқтарға SMS арқылы келген кодты бейтаныс адамға хабарлады;
- екіншісі интернеттегі қауіпті челленджге қатысуға келісті;
- үшіншісі сыныптасының буллингке ұшырағанын көрсе де, үндемей қалды;
- төртіншісі эвакуацияның басталғаны туралы дабылды әзілдеп іске қосты.

Педагогтің сұрақтары:

- Бұл жағдаяттарды не біріктіреді?
- Әр жағдаятта қандай шешім тәуекелді арттырды?
- Басқаша қалай әрекет етуге болар еді?
- Жауапты шешім қандай салдардың алдын алуы мүмкін еді?

Білім алушылар өз болжамдарын айтады.

Педагог қорытынды жасайды:

Бұл жағдаяттар қауіпсіздіктің әртүрлі салаларына қатысты, алайда олардың барлығында адамның қабылдаған шешімі оқиғаның

одан әрі өрбуіне әсер етеді. Жауапкершілік жағдайды бағалай білуден, ықтимал салдарлар туралы ойланудан және әрекет етудің қауіпсіз тәсілін таңдаудан басталады.

II. Негізгі бөлім

«Қауіпсіздік бағыты» қорытынды практикумы

Педагог тақтаға немесе экранға кесте орналастырады.

Қауіпсіздік саласы	Ықтимал жағдаят	Жауапты шешім	Ол қандай жағдайдың алдын алуға көмектеседі?
Жеке қауіпсіздік	?	?	?
Психологиялық қауіпсіздік	?	?	?
Цифрлық қауіпсіздік	?	?	?
Қаржылық қауіпсіздік	?	?	?
Төтенше жағдайлар	?	?	?

Сынып бес шағын топқа бөлінеді. Әр топқа қауіпсіздіктің бір саласы беріледі.

Топтарға арналған тапсырма

2 минут ішінде талқылаңыздар:

1. Сіздердің салаларыңызда қандай қауіпті жағдаят туындауы мүмкін?
2. Қандай шешім жауапты әрі қауіпсіз болады?
3. Бұл шешім қандай салдардың алдын алуға көмектеседі?

Талқылаудан кейін топ өкілдері кезекпен кестені толтырады.

Ықтимал жауаптар

Жеке қауіпсіздік

Қауіпті танып-білу, қысымға берілмеу, тәуекелді әрекеттерден бас тарту және дер кезінде көмекке жүгіну.

Психологиялық қауіпсіздік

Жеке шекараны құрметтеу, буллинг пен қысым көрсетуді қолдамау, басқа адамға көмек қажет болған жағдайда бейжай қалмау.

Цифрлық қауіпсіздік

Ақпаратты жарияламас немесе қайта жібермес бұрын тексеру, жеке деректерді қорғау, асығыстықтың немесе қысымның әсерімен әрекет етпеу.

Қаржылық қауіпсіздік

Төлем деректері мен банк қосымшасына қолжетімділік деректерін бермеу, күмәнді қаржылық операцияларға қатыспау, табыс табуға қатысты ұсыныстарды тексеру.

Төтенше жағдайлар

Сабыр сақтау, жағдайды бағалау, жауапты тұлғалар мен төтенше жағдайлар қызметі қызметкерлерінің нұсқауларын орындау және дер кезінде көмекке жүгіну.

Педагог қорытынды жасайды:

Қауіпсіздіктің барлық саласында жауапты мінез-құлық үш қарапайым әрекеттен басталады:

- жағдайды бағалау;
- салдары туралы ойлану;
- қауіпсіз шешім таңдау.

Дәл осы әрекеттер көптеген қауіпті жағдайлардың алдын алуға көмектеседі.

«БАҒАЛА – ОЙЛАН – ӘРЕКЕТ ЕТ – ХАБАРЛА» алгоритмі

БАҒАЛА – не болып жатқанын және қандай қауіп бар екенін анықта.

ОЙЛАН – сенің шешімің қандай салдарға әкелуі мүмкін екенін ойла.

ӘРЕКЕТ ЕТ – әрекет етудің қауіпсіз әрі заңды тәсілін таңда.

ХАБАРЛА – жағдайды өз бетіңше шеше алмасаң немесе қауіп төнсе, дер кезінде көмекке жүгін.

Жауапкершілік жағдайды бағалай білу, өз шешіміңнің ықтимал салдарын алдын ала болжай білу, қауіпсіз әрекет ету және қажет болған жағдайда дер кезінде көмекке жүгінуден басталады.

Педагог білім алушыларға жүгінеді:

«Заң және тәртіп» қағидаты адамның өз шешімдері мен іс-әрекеттері үшін жеке жауапкершілігінен басталады. Жауапты мінез-құлық заң талаптарын сақтауды, басқа адамдардың құқықтарын құрметтеуді, өз әрекеттерінің ықтимал салдарын бағалауды және қауіпсіздікке қатер төнген жағдайда көмекке жүгінуге дайын болуды білдіреді.

Жауапты адам қауіпті жағдайға бейжай қарамайды, белгіленген ережелерді сақтайды және дер кезінде көмекке жүгінеді.

Педагогтің сұрағы:

– Егер жауапты адам қауіпті жағдайға тап болса немесе оқиғаның куәгері болса, не істеуі керек?

Білім алушылар өз болжамдарын айтады.

Педагог қорытынды жасайды:

Егер балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша кеңес пен қолдау қажет болса – **111 байланыс орталығына** жүгінуге болады.

Буллинг, зорлық-зомбылық, алаяқтық немесе басқа да құқық бұзушылық белгілері болған жағдайда – **102 нөмірі арқылы полицияға** хабарласыңыз.

Төтенше жағдай немесе өмір мен денсаулыққа тікелей қауіп төнген жағдайда – **112 бірыңғай жедел көмек нөміріне** хабарласыңыз.

III. Қорытынды бөлім

Педагог білім алушыларға төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтауды ұсынады:

- Мен үшін жауапкершілік – бұл...
- Маңызды шешім қабылдар алдында мен...
- Егер менің шешімім басқа адамның қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін болса, мен...
- Қауіпсіздік ережелерінің ішінен ересек өмірде міндетті түрде ұстанатыным...

Ересек өмір адамға көбірек дербестік береді, алайда онымен бірге өз шешімдері үшін жауапкершілік те арта түседі. Әрбір қауіпті жағдайды алдын ала болжау мүмкін емес, бірақ жауапкершілікпен әрекет етуді үйренуге болады: тәуекелді бағалау, салдары туралы ойлану, заңды сақтау, қауіпсіз шешім таңдау және дер кезінде көмекке жүгіну.

Өз іс-әрекеті үшін жауапкершілік – адамның өзі жасайтын таңдауынан басталады.

АЛҒЫС

Әдістемелік ұсынымдардың авторлары осы әдістемелік ұсынымдардың мазмұнын талқылауға және материалдарын әзірлеуге қатысқан мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, сарапшылар мен мамандарға кәсіби қолдауы, сараптамалық ұсынымдары және осы әдістемелік ұсынымдардың мазмұнын жетілдіруге қосқан үлесі үшін шынайы алғысын білдіреді.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілдігі

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығы» РМК

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «С. Қайырбекова атындағы Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығы» ШЖҚ РМК

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ

Ұсынылатын әдебиеттер мен электрондық ресурстар тізімі

1. SAQ жобасы: мектеп оқушыларының қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін дамыту: мұғалімдерге арналған оқу құралы. – Caravan of Knowledge; Ұлттық волонтерлік желі, 2024. – 143 б.

2. «Заң және тәртіп» идеологемасы аясында 5–11 сынып оқушыларының құқықтық сауаттылығы. 1-шығарылым. Буллинг: қалай анықтауға, өзіңді қорғауға және көмек алуға болады: көрнекі оқу құралы. – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы.

3. Балалардың қауіпсіздігі және кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлқының алдын алу мәселелеріне арналған ата-аналар жиналыстарын өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Алматы: «Өркен» балалардың әл-ауқаты ұлттық ғылыми-практикалық институты» КЕАҚ, 2026. – 128 б.

4. Білім алушылар арасындағы зорлық-зомбылық пен өзіне-өзі зиян келтіру мінез-құлқын анықтау және алдын алу. Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналған әдістемелік ұсынымдар. – Алматы: «Өркен» балалардың әл-ауқаты ұлттық ғылыми-практикалық институты, 2026.

5. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің YouTube арнасы.
https://www.youtube.com/channel/UC9Lk8S70ytRKyV2zahIHUSg

6. Instagram-страницы НАО «ННПИБД «Өркен» БӘАҰҒПИ КеАҚ Instagram-парақшалары
orken_qauipsizdik_sabaktary - https://www.instagram.com/orken_qauipsizdik_sabaktary/
orken_instituty
https://www.instagram.com/orken_instituty/

7. https://orken-instituty.kz/kz



«ӨРКЕН» БӘАҰҒПИ» КеАҚ